

**Ўзбекистан Республикасы жоғары және орта арнаулы
білім беру уәзірлігі**

**Низами атындағы Ташкент мемлекеттік
педагогикалық университеті**

Қалдыбекова Анаргүл Сотбаровна

ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКА ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ПРАКТИКАСЫ

I. ПЕДАГОГИКА ТЕОРИЯСЫ

*Ўзбекистан Республикасы жоғары және орта арнаулы білім беру
уәзірлігі жоғары оқу орындарында білім берудің 110000 –
Педагогика саласы, бакалавриат бағытында оқитын
студенттеріне арналған оқу құралы ретінде ұсынады*

Ташкент – 2013

Пікір жазғандар:

Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеттің жалпы педагогика кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы **М.Х.Тохтаходжаева**

Қары Ниязи атындағы Өзбек педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтының ақпарат-ресурс орталығы бастығы, педагогика ғылымдарының кандидаты, аға ғылыми қызметкер **Р.М.Медетова**

Педагогикалық жоғары оқу орындарының бакалавриат бағыты үшін дайындалған бұл оқу құралында Өзбекстан Республикасында білім беру системасы; педагогика пәнінің методологиялық негіздері, предметі, мақсаты мен міндеттері; оқыту мен тәрбие процесінің мақсаты, міндеттері, заңдылықтары, принциптері, формалары, методдары мен тәсілдері; оқу орнының менеджменті және коррекциялық педагогика негіздері мәселелері қарастырылды.

Оқу құралы Өзбекстан Республикасы Жоғары және орта арнаулы білім беру уәзірлігі бекіткен «Жалпы педагогика теориясы және практикасы» оқу пәні программасының талаптары негізінде жазылды.

Бұл оқу құралынан жоғары педагогикалық оқу орындарының студенттері мен оқытушылары, педагогикалық қызметпен шұғылданып жүрген барлық мамандар пайдалануы мүмкін.

Педагогика олий таълим муассасаларининг бакалавриат йуналиши учун тайёрланган мазкур ўқув қўлланмада Ўзбекистон Республикасида таълим тизими; педагогика фанининг методологик асослари, предмети, мақсад ва вазифалари; таълим ва тарбия жараенининг мақсади, вазифалари, қонуниятлари, тамойиллари, шакллари, метод ва усуллари; таълим муассасасининг менежменти ва коррекцион педагогика асослари каби масалалар ёритиб берилди.

Ўқув қўлланма Ўзбекистон Республикаси Олий ва ўрта махсус таълим вазирлиги томонидан тасдиқлаган “Умумий педагогика назарияси ва амалиёти” ўқув фан дастури талаблари асосида ёзилди.

Ўқув қўлланмадан педагогика олий таълим муассасасиларининг талабалари ва ўқитувчилари, педагогик фаолият билан шўғулланувчи барча мутахассислар фойдаланиши мумкин.

В этом учебном пособии, подготовленном для направления бакалавриатов высших педагогических учебных заведений, рассматриваются проблемы системы образования в Республики Узбекистан; методологические основы, предмет, цель и задачи педагогической науки; цель и задачи, закономерности, принципы, формы, методы и средства процесса обучения и воспитания; менеджмент образовательного учреждения и основы коррекционной педагогики.

Учебное пособие написано по требованиям учебной программы «Теория и практика общей педагогики», утвержденная Министерством высшего и среднего специального образования Республики Узбекистан.

Это учебное пособие могут использовать студенты и преподаватели высших педагогических учебных заведений и все специалисты занимающиеся педагогической деятельностью.

In this scholastic allowance, prepared for direction bacheleur high pedagogical educational institutions, are considered problems of the system of the education in Republics Uzbekistan; the methodological bases, subject, purpose and problems of the pedagogical science; the purpose and problems, rules, principles, the forms, methods and facility of the process of the education and education; management of the educational institution and bases correctional pedagogics.

The Scholastic allowance is written on requirements of the scholastic program "Theory and practice general pedagogics", confirmed by Ministry high and average special forming the Republic Uzbekistan.

This scholastic allowance can use the students and teachers high pedagogical educational institutions and all specialists concerning with pedagogical activity.

КІРІСПЕ

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2011 жылы 20-майдағы ПҚ – 1533-санды және 2011 жылы 4-июндегі «2011-2012 оқу жылында Өзбекстан Республикасы жоғары оқу орындарына қабылдау туралы» ПҚ – 1564-санды қаулылары негізінде жаңаланған жоғары білім беру бағыттары мен мамандықтары классификаторына сай 2011 жылы 12-сентябрде Өзбекстан Республикасы жоғары және орта арнаулы білім беру уәзірлігі тарабынан модернизацияланған мемлекеттік білім беру стандарттары мен оқу жоспарлары бекітілді. Жаңа мемлекеттік білім беру стандарттары мен оқу жоспарлары негізінде барлық оқу курстары, пән программалары қайта жетілдірілді. Дәл осылай, педагогика пәнін унификациялау және модернизациялау негізінде оқу жоспарына жаңа пән енгізілді. Педагогикалық жоғары оқу орындарының бакалавриат бағыты оқу жоспарына жалпы кәсіптік пәндер циклінде бұл пән «**Жалпы педагогика теориясы және практикасы**» деп аталады. Бұл оқу пәні қазіргі жағдайда педагогика пәнін оқытудың халықаралық моделдеріне сәйкес келіп, теориялық оқу материалдары практикамен үйлесуі қамтамасыз етіледі. «Жалпы педагогика теориясы және практикасы» пәні өзінде *«Педагогика теориясы»*, *«Педагогика тарихы»* және *«Педагогикалық шеберлік»* атты үш үлкен бөлімді қамтиды.

Бұл оқу құралы «Жалпы педагогика теориясы және практикасы» пәнінің бірінші – «Педагогика теориясы» бөліміне кіретін тақырыптарды өзінде көрсетіп, әрбір тақырып заманауи педагогика ғылымының соңғы жетістіктері негізінде қайта істелініп шыққан және жетілдірілген. Оқу құралының «Педагогиканың жалпы мәселелері» тарауында, ең алдымен Өзбекстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңы мен кадрларды даярлаудың ұлттық программасының маңызы түсінікті және анық көрсетіп берілген. Мұнда студенттерге білім беру саласындағы негізгі нормативті құжаттар туралы кең мәлімет алуына мүмкіндік жаратылады.

Дәл солай, оқу құралында педагогика ғылымының методологиялық негіздері, предметі, мақсаты, міндеттері, ғылыми-зерттеу методтары терең талқыланған болып, ғылыми дәлелденген сипаттамалар негізінде баяндалған.

Оқу құралының «Дидактика» тарауында оқыту процесі, оқытудың мақсаты мен міндеттері, оқытудың заңдылықтары мен принциптері, оқытудың мазмұны мен методтары, оқытуды ұйымдастырудың формалары мен білім алғанын диагностикалау мәселелері оқу программасының мазмұнына сай тәрізде көрініс тапқан. Кітаптың мәні де ондағы педагогикалық түсініктердің анық сипаттамасы берілгенінде. Студент кітапты оқу арқылы педагогикалық түсініктердің ережелерін оңай және тез меңгеріп алады.

Бұл оқу кітабының басқа оқу әдебиеттерінен өзгешелігі сонда, «Тәрбие теориясы» тарауында күрделі педагогикалық мәселе болып есептелетін тәрбиенің түрлері, мақсаты мен міндеттері, оны ұйымдастыру формалары мен методтары бірізділікте және бөлек-бөлек бейнеленген.

Оқу құралының 4-тарауында оқу орындарын басқарудың теориялық және практикалық жақтары, ал 5-тарауында коррекциялық педагогиканың негізгі түсініктері, принциптері, методтары және аномал балаларды коррекциялық оқыту туралы сөз жүргізілген.

Жалпы алғанда, бұл оқу құралы педагогикалық жоғары оқу орындарының бакалавриат бағытының мемлекеттік білім беру стандарты, оқу жоспары және оқу программасы мазмұнына толық сай келеді және студенттер үшін педагогика пәнінен негізгі әдебиет болып қызмет етеді.

І БӨЛІМ
ПЕДАГОГИКА ТЕОРИЯСЫ

1-тарау. ПЕДАГОГИКАНЫҢ ЖАЛПЫ НЕГІЗДЕРІ.

1.1. Өзбекстан Республикасында білім беру системасы.

Кадрларды даярлаудың ұлттық моделі.

1.1.1. Өзбекстан Республикасында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері.

Өзбекстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында (1997) білім беру саласындағы мемлекеттік саясат принциптерін былайша белгілейді:

- оқыту мен тәрбиенің гуманистік, демократиялық сипатта болуы;
- білім берудің үздіксіздігі және бірізділігі;
- жалпы орта, сондай-ақ орта арнаулы, кәсіптік білімнің міндеттілігі;
- орта арнаулы, кәсіптік білімнің бағытын академиялық лицейде яки кәсіптік коллежде таңдаудың ерекшелігі;
- білім беру системасының зиялылық сипаты;
- білім берудің мемлекеттік стандарты шегінде білім алудың жалпыға ашықтығы;
- білім беру программаларын таңдаудың бірлігі және дифференциялылығы;
- білімділікті және дарындылықты көтермелеу;
- білім беру системасында мемлекеттік және қоғамдық басқаруды үйлестіру.

Өзбекстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңының 3-бабында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басты принципі **оқыту мен тәрбиенің гуманистік, демократиялық сипатта болуы** деп көрсетілген. Оқыту мен тәрбиенің гуманистік сипаты жеке адамды интеллектуал және рухани-адамгершілік жағынан тәрбиелеумен байланысты болған үздіксіз білім беру арқылы жан-жақты жетілген азаматты қалыптастыруды мақсат етеді.

Оқытудың гуманистік сипатта болуы жеке адамның творчестволық қабілеттерін көрсетуге жағдай жаратады. Оқыту процесінде оның рухани қажетті-

ліктері, талап-тілектері, қызығулары есепке алынуын, жеке адамға құрметпен қарауды көрсетеді.

Оқыту мен тәрбиені демократиялаудың мазмұны оқыту мен тәрбиенің барша үшін ашық екенін, оқыту формалары мен методтарының әртүрлілігін, ұлттық және аймақтық ерекшеліктердің есепке алынуын, баршаның және әркімнің мәдени жағынан биік нәтижелерге жетуін қамтамасыз етеді. Бұл принцип оқушылардың қалауымен сабақ кестесіне қосымша пәндерді енгізуін, жоғары кластарда кейбір пәндерді тереңдетіп оқытуын, факультатив сабақтардың көлемін кеңейтуін, түрлі бағыттағы үйірмелер ашуын сабақтардың жеке және топтық негізде өткізуін қамтамасыз етеді.

Білім берудің үздіксіздігі және бірізділігі принципі Республикада үздіксіз білім беру жүйесінің барлық басқыштары өзара байланысты қызмет көрсетуін белгілейді. Жалпы орта білім беретін мектептердің оқу программалары академиялық лицей және кәсіптік коллеждердің, өз ретінде олардың оқу программалары жоғары оқу орындарының оқу программаларымен үйлесімді түзіліп, кейінгісі алдыңғы басқыштағы мағлұматтарды кеңейтеді және дамытады.

Жалпы орта, сондай-ақ орта арнаулы, кәсіптік білімнің міндеттілігі принципі, біріншіден, оқушылардың пәндер бойынша үздіксіз білім алуларын, олардың білім алуға деген ынтасын, негізгі оқу-ғылыми және жалпымәдени білімдер мен ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік қасиеттерін, творчестволық ойлау, еңбек ету, мамандық таңдау дағдыларын қалыптастыруды; **екіншіден,** оқушылардың мүмкіндіктері мен қызығуларын есепке алып, олардың интеллектуал дамуын, тереңдетілген, салаландандырылған, дифференцияланған, мамандандырылған білім алуын қамтамасыз етуді; **үшіншіден,** оқушылардың мамандыққа бейімділігі бойынша білім мен дағдыларын, таңдаған кәсібінің бірнеше бағыттағы мамандықтарын меңгеру мүмкіндіктерін жасауды көрсетеді.

Орта арнаулы, кәсіптік білімнің бағытын академиялық лицейде яки кәсіптік коллежде таңдаудың ерекшелігі принципінің мәні оқушылардың жаңа түрдегі оқу орындарында білім алу бағытын ерікті түрде таңдау құқықына

ие екенін білдіреді. Бұл екі түрдегі 3 жылдық арнаулы білім беру бағытта-рын өз қабілеттері және қалауларымен таңдайды. Осылайша оқушылардың академия-лық білімдерін жетілдіруі, белгілі бір кәсіпті игеруі үшін жағдай жасалынады.

Білім беру системасының зиялылық сипатта болу принципі білім беру-дің өркендеуі ғылыми негіздерге ие болып, ол ғылым мен техниканың, мәде-ниеттің жетістіктерімен бірге дамуын назарда тұтады.

Адамзат өмірбойы өркениетке қарай ұмтылады, соның нәтижесінде жаңа ғылыми жетістіктерге қол жеткізеді. Білім беру системасы осы ғылымдағы жаңалықтарды жеткізіп беруін қамтамасыз етеді. Бұл білім беру системасының ғылыми болуын талап етеді.

Мемлекеттік білім стандарттары шеңберінде **білім алудың барлығына ашықтық принципі** Өзбекстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңы-ның 4-бабында белгіленгеніндей, азаматтар ұлты, тілі, жынысы, жасы, діни сенімі, әлеуметтік келіп шығуы, дәрежесі, қызмет түрі, мекені және Өзбекстан Республикасында қай уақыттан бері жасауына қарамастан білім алу құқықына ие екенін ашып береді.

Жоғарыда көрсетілген бапта, сонымен бірге, шет елдік азаматтардың Өзбек-стан Республикасы территориясында халықарылық бітім негізінде білім алу құқықына ие екені белгіленген.

Өзбекстанда жасайтын азаматтығы болмаған жеке адамдардың Өзбекстан Республикасы азаматтарымен бірдей білім алу құқықына ие екені бұл принцип-тің адам және оның мүдделеріне қызмет ететінін көрсетеді.

Республикамызда оқыту өзбек, орыс, қарақалпақ, казак, қырғыз, тәжік, түрікмен тілдерінде жүргізілетін жалпы орта білім беру мекемелері бар. Бұл барлық ұлттардың теңдік негізінде білім алуларын көрсетеді. Сонымен бірге республикамыздың барлық жерінде «жексенбілік мектептер» ұйымдастырылған, онда әрбір ұлт өкілі демалыс күндері өз еркімен ана тілінде білім алуы мүмкін.

Білім беру программаларын таңдаудың бірлігі және дифференция-лылығы Өзбекстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңының 7-ба-бында белгіленген. Мемлекеттік білім беру стандарттары жалпы орта, орта ар-

наулы кәсіптік және жоғары білім беру мазмұны мен сапасына қойылатын талаптарды белгілеп береді.

Мелекеттік білім беру стандарттарын орындау Өзбекстан Республикасының барлық оқу орындары үшін міндетті. Бұның мағынасы сол, әрбір білім беру түрі бойынша жеке мелекеттік білім беру стандарттары істелінеді, оның талаптарына бойұсыну осы басқыштағы оқу орындарына бірдей талап етіледі. Бірақ мелекеттік білім беру стандарттары негізінде оқу орындары өздерінің оқу программаларын істеп шығып, одан пайдаланулары мүмкін. Бұл білім алу бірдей болғанымен, оған жету жолдары түрліше болуын көрсетеді.

Білімділікті және дарындылықты көтермелеу принципі үздіксіз білім берудің барлық басқыштарында толығымен амалға асырылады. Білім алушылардың дарыны мен қабілеті мемлекет тарабынан материалдық және рухани тұрғыдан марапатталып барылады.

Өзбекстан Республикасы Уәзірлер Мекемесінің 1993 жылы 25-мартта қабылдаған «Өзбекстан оқушы-жастарын марапаттау және материалдық көтермелеу туралы» қаулысы осы принциптің құқықтық жағынан кепілдігін қамтамасыз етеді.

Білім беру системасында мемлекеттік және қоғамдық басқаруды үйлестіру принципі білім беруді ұйымдастыру және оның сапасын жетілдіруде мемлекет пен қоғамның оқу орындарын басқарудағы ынтымақтастығын назарда ұстайды. Білім беру системасында мемлекет пен қоғамның басқаруы оқыту сапасын жетілдіруге негіз қалайды.

1.1.2. Өзбекстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңы.

Өзбекстан Республикасы 1991 жылы тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін, ең алдымен, білім беру системасын түбірімен қайта құру мәселесін қарастырды. Осы мақсатта 1992 жылы Өзбекстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңы қабылданды. 1997 жылы жинақталған тәжірибелерді үйреніп, қорытынды жасап, тәуелсіз мемлекеттің мүмкіндіктері ескеріліп, Өзбекстан Республикасы

Олий Мажлиснің 1997 жылы, 29-августе болып өткен ІХ сессиясында жаңадан «**Білім беру туралы**» Заң қабылданды.

Өзбекстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңы (1997 ж.) 5 бөлім, 34 статьядан тұрады. Заңның бастапқы «*Жалпы ережелер*» бөлімінде заңның мақсаты, білім беру саласындағы мемлекеттік саясат принциптері, білім алу құқығы, педагогтық қызметпен шұғылдану құқығы, оқу орындарының құқықтық статусы, мемлекеттік білім беру стандарты және білім беру тілі ашып берілген. 2-бөлімінде *Өзбекстан Республикасында білім беру системасы мен түрлері* көрсетілген. «*Білім беру процесіне қатысушыларды әлеуметтік қорғау*» атты 3-бөлімінде білім алушыларды және білім беру мекемелерінің қызметкерлерін әлеуметтік қорғау, жетім балалар мен ата-аналарының яки басқа заңды уәкілдердің қорғауынсыз қалған балаларды оқыту, дене және рухани дамуында кемістігі болған балалар мен жасөспірімдерді оқыту, әлеуметтік көмекке және реабилитацияға мұқтаж болған жеке адамдар үшін оқу-тәрбие мекемелері мәселелері баяндалған. «*Білім беру системасын басқару*» бөлімінде Өзбекстан Республикасы Уәзірлер Мекемесінің білім беру саласындағы өкілеттіктері, білім беруді басқару бойынша өкілетті мемлекеттік органдардың құқықтары, жергілікті мемлекеттік әкімдіктердің білім беру саласындағы өкілеттіктері, білім беру мекемелерін басқару, білім беру саласындағы мемлекеттік басқару органдары мен мемлекеттік болмаған білім беру мекемелері арасындағы өзара қатынастар қандай болуы көрсетілген. Соңғы 5-бөлімінде *қорытынды ережелер* берілген. Өнда ата-аналар яки заңды өкілдердің міндеттері, білім беруді қаржыландыру, білім беруді дамыту фондтары, халықаралық байланыс, білім беру туралы заң құжаттарын бұзғандығы үшін жауапкершілік мәселелері қарастырылған.

Өзбекстан Республикасында білім беру осы «Білім беру туралы» Заңға негізделіп амалға асырылады.

1.1.3. Өзбекстан Республикасында кадрларды даярлау системасы.

Өзбекстан Республикасы Президенті И.А. Каримов Олий Мажлистің ІХ сессиясында (1997ж) сөйлеген сөзінде қоғамымыздың жаңаруы, тұрмысымыздың жақсаруы, еліміздің өркендеуі, реформаларымыздың орындалуы – барлығы заман талаптарына жауап беретін жоғары білімді, білікті маман кадрларды даярлаумен байланысты екенін ашып береді.

Міне, осы мақсатта «Кадрларды даярлаудың ұлттық программасы» Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің І-шақырылған ІХ сессиясында (1997 ж.) қабылданды.

Программада кадрлар даярлаудың ұлттық моделін белгілеуде адам факторына аса мән береді. Жеке адам кадрлар даярлау системасының бас субъекті ретінде қаралады. Жан-жақты творчестволық жетілген жеке адамды қалыптастырудың кепілі үздіксіз білім, ғылым, мемлекет және қоғам екені ашық көрсетілген.

Сонымен, республикамызда жаратылған кадрлар даярлаудың ұлттық моделі мына компоненттерден тұрады.

Жеке адам – кадрлар даярлау системасының бас субъекті мен объекті, білім саласындағы қызметтердің тұтынушысы және оны істеп шығарушы.

Бұл – әрбір азаматтың конституциялық құқықтарының орындалуы болып табылмақ.

«Білім беру туралы» Заң бойынша мемлекеттік стандарт дәрежесінде жалпы орта және орта арнаулы, кәсіптік білім алу, білім беру түрлерін таңдау, алған білімі бойынша түрлі салаларда қызмет ету және өз тәжірибесін үйретуді өз ішіне алады.

Мемлекет және қоғам – білім беру және кадрлар даярлау системасының қызметін тәртіпке салу және бақылауды жүзеге асырушы кадрлар даярлау және оларды қабылдап алудың кепілі.

Мемлекет және қоғам жоғары білікті бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау бойынша оқу орындарының қызметін үйлестіріп отырады және азаматтардың білім алуына, оларды әлеуметтік тұрғыдан қорғауға кепілдік береді.

Үздіксіз білім – жоғары білікті кадрлар даярлаудың негізі болып, білімнің барлық түрлерін, мемлекеттік білім стандарттарын, кадрлар даярлау системасының құрылымы мен оның қызмет етуін өз ішіне алады.

Үздіксіз білім мынадай білім **түрлерін** қамтиды: мектепке дейінгі білім; жалпы орта білім; орта арнаулы, кәсіптік білім; жоғары білім; жоғары оқу орнынан кейінгі білім; кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау; мектептен тыс білім.

Тоғыз жылдық жалпы орта және үш жылдық орта арнаулы, кәсіптік білім міндетті болып саналады.

Жалпы білім программасы: мектепке дейінгі білім, бастауыш білім (I-IV сыныптар), жалпы орта білім (I-IX сыныптар), орта арнаулы, кәсіптік білім.

Кәсіптік білім программасы: орта арнаулы, кәсіптік білім, жоғары (бакалавриат, магистратура) білім, жоғары оқу орнынан кейінгі білім, кадрлардың біліктілігін жетілдіру және оларды қайта даярлау.

Ғылым – табиғат және қоғам дамуы туралы және фундаментал және қолданбалы ғылымдарды қалыптастырушы, жоғары білікті кадрлар даярлаушы және олардан пайдаланушы, озат педагогикалық және ақпарат технологияларын істеп шығарушы.

Өндіріс – кадрларға болған сұранысты, сондай-ақ олардың дайындық, сапасы мен дәрежесіне қойылатын талаптарды белгілейтін негізгі заказ беруші, кадрлар даярлау системасын қаржы және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ететін процестің қатысушысы.

Кадрларды даярлаудың ұлттық программасы жан-жақты жетілген, білімді, парасатты, өнегелі, қазіргі заман талабына жауап бере алатын азаматты тәрбиелеуді және жоғары дәрежелі білікті кадрларды даярлауды өз ішінде қамтыған.

1.1.4. Өзбекстан Республикасында білім беру системасы және оған сипаттама.

Білім беру системасы деп жас ұрпақты оқытып, білім беріп, өмірге, еңбекке даярлайтын оқу-тәрбие мекемелерінің жиынтығына айтады.

Кез-келген мемлекеттің оқу-ағарту системасы сол мемлекеттің саясаты, ұлттық ерекшелігі, дәстүрі, экономикалық және мәдени-ғылыми даму дәрежесіне сәйкес құралады.

Өзбекстан Республикасының білім беру системасы білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес білім беруді жүзеге асыратын мемлекеттік және мемлекеттік болмаған оқу орындарын, зерттеу жұмыстарын жүргізетін ғылыми-педагогикалық оқу орындарын, білім беру саласындағы мемлекеттік басқару органдарын, сондай-ақ олардың қарамағындағы өндіріс орындары, мекемелер және ұйымдарды өз ішіне алады.

Өзбекстан Республикасында білім беру системасы бірлікте және бірізділікте болады.

Өзбекстан Республикасында білім беру төмендегі түрлерде жүзеге асырылады:

- мектепке дейінгі білім беру;
- жалпы орта білім беру;
- орта арнаулы, кәсіптік білім беру;
- жоғары білім беру;
- жоғары оқу орнынан кейінгі білім (аспирантура, докторантура т.б.) беру;
- кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау;
- мектептен тыс білім беру.

Мектепке дейінгі білім беру баланың жеке басын сау-саламат, жан-жақты жетілген етіп қалыптастыруды қамтамасыз етеді, оның оқуға қызығуын оятады, оны білім алуға дайындайды. Мектепке дейінгі білім беру мемлекеттік және мемлекеттік болмаған балалар бақшаларында және семьяда жүзеге асырылады.

Жалпы орта білім беру екі сатыда жүзеге асырылады:

- 1) бастауыш білім беру (I-IV кластар);
- 2) жалпы орта білім беру (I-IX кластар).

Тоғыз жылдық оқудан тұратын жалпы орта білім алу міндетті болып саналады.

Бастауыш білім беру оқу, жазу, есеп бойынша бастапқы білім мен іскерліктерді, теориялық ойлаудың элементтерін, сөйлеу, мінез-құлық мәдениеті негіздерін қалыптастырады, жеке гигиена және салауатты өмір сүруді қамтамасыз етуге негіз жаратады.

Жалпы орта білім беру оқушылардың жүйелі білім алуын, оларда білімді меңгеру қажеттіліктерін, негізгі оқу – ғылыми және жалпы мәдени білімдерді, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-моралдық қасиеттерді, еңбек дағдыларын, творчестволық пікірлеу мен айнала-мұхитқа саналы қатынаста болуды және мамандық таңдауды қалыптастырады.

Жалпы орта білім беру аяқталғаннан соң үкімет бекіткен үлгідегі **аттестат беріледі**.

Жалпы орта білім беру мектепте жүзеге асырылады. **Мектеп** оқушыларға 1-9 кластар көлемінде білім берудің мемлекеттік стандарты шеңберінде пән негіздерінен жалпы орта білім беретін күндізгі міндетті оқу орны болып саналады.

Жалпы орта білім негізінде оқу мерзімі 3 жыл болған **міндетті орта арнаулы, кәсіптік білім беру** үздіксіз білім беру системасындағы дербес түр болып саналады. Орта арнаулы, кәсіптік білім беру академиялық лицейлерде яки кәсіптік коллеждерде жүзеге асырылады. Оқу бағытын оқушылар ерікті түрде тандайды.

Академиялық лицей білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес орта арнаулы білім береді. Оқушылардың қызығулары мен қабілеттері есепке алынған түрде олардың жедел интеллектуал дамуын, тереңдетілген, дифференцияланған, мамандыққа бағытталған білім алуын қамтамасыз етеді.

Кәсіптік коллеждер тиісті мемлекеттік білім беру стандарты шеңберінде орта арнаулы, кәсіптік білім береді; оқушылардың кәсіпке бейімділігі, білім мен дағдыларын дамытуға, таңдаған кәсібі бойынша бір яки бірнеше мамандықты игеріп алуға мүмкіндік береді.

Академиялық лицей мен кәсіптік коллеждің бітірушілеріне мемлекет жағынан бекітілген үлгідегі **диплом** беріледі. Бұл диплом білім алудың кейінгі

сатысында оқуын жалғастыруға яки игерген мамандығы бойынша жұмыс істеуге құқық береді.

Жоғары білім беру орта арнаулы, кәсіптік білім негізінде екі басқышта амалға асырылады.

Бакалавриат – мамандықтар бағыты бойынша фундаментал және практикалық білім беретін оқу мерзімі кемінде 4 жыл болған тірек жоғары білім.

Оқу аяқталғаннан соң бітірушілерге «бакалавр» дәрежесі және үкімет бекіткен үлгідегі кәсібі бойынша шұғылдану құқықын беретін диплом тапсырылады.

Магистратура – анық мамандық бойынша фундаментал және практикалық білім беретін, бакалавриат негізінде оқу мерзімі кемінде 2 жыл болған жоғары білім.

Бітірушілер «магистр» дәрежесін беретін мемлекеттік аттестациядан өткеннен кейін, оларға үкімет бекіткен үлгідегі, кәсіппен шұғылдануға құқық беретін диплом тапсырылады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жоғары білікті кадрлар: ғылым кандидаттары мен докторларын, доценттер мен профессорларды даярлайды және қоғамның ғылыми, ғылыми-педагогикалық кадрларға деген қажеттілігін қанағаттандырады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білімді жоғары оқу орындарында және ғылыми-зерттеу мекемелерінде алу мүмкін. Бұл білім алу басқышы диссертация қорғаумен аяқталады. Қорытынды мемлекеттік аттестация нәтижелеріне қарай тиісті болған ғылым кандидаты және ғылым докторы ғылыми дәрежесі беріліп, үкімет бекіткен үлгідегі диплом тапсырылады.

Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау мамандардың кәсіптік білімдері мен дағдыларын жаңарту және тереңдетуге қаратылған. Кадрлар біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау оқу орындарындағы оқу нәтижелеріне қарай үкімет бекіткен үлгідегі куәлік яки сертификат тапсырылады.

Мектептен тыс білім беру балалар және жас өспірімдердің жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру, олардың бос уақыты мен дем алуын ұйымдастыру үшін мәдени-эстетикалық, ғылыми, техникалық, спорт және басқа бағыттардағы мектептен тыс білім мекемелерінде беріледі.

Бақылау сұрақтары:

1. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясат принциптерін ашып бер.
2. Өзбекстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңына сипаттама бер.
3. «Кадрларды даярлау ұлттық программасының басты идесы қандай?
4. Кадрларды даярлау ұлттық моделінің негізгі компоненттеріне сипаттама бер.
5. Білім беру системасы дегеніміз не?
6. Өзбекстан Республикасындағы білім беру түрлеріне сипаттама бер.
7. Мектеп, академиялық лицей, кәсіптік коллеждердің функцияларын айт.
8. Жоғары білім беру қалай жүзеге асырылады?
9. Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлаудан мақсат не?
10. Мектептен тыс білім беру қай жерде амалға асырылады?

1.2. Қазіргі заманда педагогтық мамандық және оның қоғамдағы орны.

1.2.1. Педагогтық мамандықтың мәні.

Педагогтық мамандық адамзаттың даму тарихымен тығыз байланысты. Адамзаттың басқа тіршілік иелерінен айырмашылық жасап, саналы өмір сүруіне дәл осы педагогтық мамандық ықпал етті. Өзінің кәсібін жақсы біліп, оны өзінен кейінгі жас ұрпаққа үйреткен мамандар, айнала-төңірек туралы ілімді оқытқан оқытушылар қоғамның өркендеуін, адамзаттың жоғары дәрежедегі саналы болуын қамтамасыз етті. Сол себепті, педагогтық мамандық адамзат пайда болып, тәрбие жұмысымен айналыса бастаған дәуірлерден құрметтелініп келеді.

Педагог – бұл оқыту және тәрбиелеу жұмыстарымен шұғылданатын тұлға болып, оған *мектеп оқытушысы, мектепке дейінгі тәрбие мекемелерінің, балалар үйінің, мектеп-интернаттардың, тәрбие колонияларының тәрбие-*

шісі, мектептен тыс білім беру мекемелерінің қызметкерлері, орта арнаулы, кәсіптік білім беру және жоғары білім беру мекемелерінің оқытушылары жатады. Сондай-ақ, *педагогика және педагогикалық психология проблемаларымен шұғылданушы ғылыми қызметкерлер* де педагог деп аталады.

Педагогтар екі түрлі болады:

1) *маман-педагогтар* – арнайы дайындығы бар, жалақы алып жұмыс істейтін тұлғалар;

2) *бейресми педагогтар* – ата-аналар, жетекшілер, шағын топтардың лидерлері, т.б.

Мұғалім (педагог, тәрбиеші, оқытушы) – бұл мектептегі (оқу орындарындағы) оқу-тәрбие процесін ұйымдастырушы және оны іске асырушы тұлға, арнаулы дайындығы бар және педагогикалық қызметпен кәсіби шұғылданатын адам. Мұғалімнің қолына халық өзінің перзенттерін білім алуы үшін, дұрыс тәрбие алуы үшін сенін тапсырады. Сондықтан мұғалім өзіне тапсырылған қызметті ар-ожданымен, білімімен, парасаттылығымен, асқан жауапкершілікпен атқару керек болады. Оқытушы өзі оқытатын пәнді терең біліп қана қоймай, оны оқушыларға жеткізу методикасын да білуі керек. Оқушыларының көңіліне жол тауып, оларды білім алуға құлшындырып отыруы, қоғамның талап-тілектеріне сай тәрбиелеуі, келешекке сеніммен қарауға үйретуі де оның міндетіне жатады.

Оқытушы жеке адамды жан-жақты жетілдірудегі басты тұлға болып, ол балаға білім береді, тәрбиелейді, оны жеке адам ретінде қалыптастырады. Қоғамның әрі қарай дамуы, өркендеуі оқытушылардың тәрбиелеп, білім беріп, еңбек етуге жолдама берген ұл-қыздарына байланысты болады.

1.2.2. Педагогтық мамандықтың қоғамдағы орны және оған қойылатын талаптар.

Сонау отқа табынушылық дәуірінен жетіп келген қасиетті «Авестода» оқытушыны қоғамның рухани жетекшісі деп бағалаған. Ал орта ғасырлық отандастарымыз Әл-Хорезми, Әл-Фараби, Ибн Сино, Беруни, Жүсіп Баласағуни, Махмұт Қашқари, Ахмет Йүгінеки сияқты ғұламалар адамзаттың жан-

У-7559

жақты жетілуін, мемлекеттің дамуын ілім және білім үйренуден деп біледі. Ілім-білім үйрететін оқытушыны «ұстаз» деп көкке көтереді.

Ұлы славян педагогы Ян Амос Коменский: *«Мұғалімнің атқарған қызметі өте құрметті. Әрі тамашалығы соншалық, күн астында мұндай қызмет жоқ»* деген еді.

Ғұлама ғалым Мырза Ұлықбек оқытушының шәкіртіне ықпалын былай көрсетеді: *«Шәкірт тұлғасында оқытушысының кім екенін көруге болады»*. Ол оқытушыларды өзінің үстінде істеуге, білімі мен педагогикалық шеберлігін жетілдіріп баруға шақырды.

Атақты қазақ ағартушысы Ы.Алтынсарин *«Халықтық мектептер үшін барлығы мұғалімнің өзінде, асқан игілікті жарлықтар да, өте ұқыпты инспекторлық бақылауды да мұғаліммен салыстыруға болмайды»* деп, оқу жұмысын ұйымдастырудағы басты тұлға мұғалім екенін көрсетеді.

Әр дәуірлерде, әр елде педагогтық мамандыққа берілген бағаларға қарап, қай қоғамда болса да оқытушыға аса құрметпен қарағанын көреміз.

Оқытушы еңбегі тәуелсіз Өзбекстанда да жоғары бағалануда. Творчестволық жұмыс істейтін мұғалімдерге «Методист-оқытушы», «Аға оқытушы», «Өзбекстан халық оқытушысы» деген атақтар берілуде. «Жыл оқытушысы», «Жыл тәрбиешісі», «Жыл мектебі» сияқты конкурстар өткізіліп, жаңашыл оқытушылардың еңбегі лайықты бағасын алуда. Оқытушылардың білім беру дәрежесіне қарап категориялар белгіленді.

Президенттің жарлығымен оқытушылардың жалақысы оқтын-оқтын көбейтіліп тұр.

Ізденімпаз мұғалімдердің шет елдердегі ең жақсы оқу орындарында білімін жетілдіруге жағдай жасалынған.

Ең қуаныштысы, қазірше ешқандай мемлекетте жоқ, оқытушылар күні жалпы халықтық мереке ретінде I-қазанда атап өтіледі.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы да педагогтық мамандықтың мемлекетте аса беделді екенін көрсетеді.

Педагогикалық қызмет жас ұрпақты еңбекке, өмірге даярлауда халық алдында, мемлекет алдында жауап береді. «Білім беру туралы» (1997 ж.) Заңда балаларға тәлім-тәрбие беру бойынша арнайы кәсіптік білім алған, жоғары деңгейдегі моралдық қасиеттерге ие болған тұлғаларға ғана педагогикалық қызметпен шұғылдану құқығы беріледі дейілген. Соттың үкімімен педагогикалық қызметпен шұғылданудан шеттетілген жеке адамдарға білім беру мекемелерінде педагогикалық қызметпен айналысуына жол берілмейді.

Міне, осындай жауапты міндетті орындайтын оқытушы терең білімді, өз Отанын шексіз сүйетін және оған адал қызмет ететін, саяси сауатты, балаға құрметпен қарайтын, жоғары моральдық қасиеттерге ие, рухани бай, дені сау, мүкістігі жоқ, қарым-қатынасқа кірісе алатын болуы керек.

Оқытушының кәсіби мамандығына мынадай талаптар қойылады:

- қоғамның алдыңғы қатарлы идеяларын меңгеру;
- табиғат, қоғам, адам, қоршаған орта туралы ғылыми білімді меңгеру;
- педагогика, психология, физиология, анатомия, мектеп гигиенасы сияқты педагогикалық-психологиялық пәндерді терең білу;
- оқыту, тәрбиелеу методикасын және өзі оқытатын пәнді жете меңгеру;
- баланы сүйу, оның жан-дүниесін түсіну;
- педагогикалық әдептілік пен педагогикалық техниканы меңгеру.

1.2.3. Оқытушының педагогикалық қабілеті мен шеберлігі.

Адаммен байланысты мамандықтардың ішінде педагогтық мамандық өзіндік ерекшелікке ие. Педагогтық мамандықтың предмети болған адам – жай ғана адам емес, ол күннен-күнге өсіп, жетіліп, дамып барушы адам. Мұғалім сол адамды қалыптастыратын, адамды адам етіп тәрбиелейтін мамандық иесі. Ол өзінің қызметі барысында оқушы жеке басының интеллектуал, эмоционал және дене жағынан даму, сонымен бірге рухани әлемінің қалыптасу процесін басқарады. Педагог әрқандай жетекші сияқты өзі басқаратын процесті – оқушы қызметін өте жақсы білуі және көз алдына келтіре алуы керек. Сондықтан

оқытушы мамандығы адам туралы ілімді және арнаулы ілімдерді үйреніп, екі жақтама дайындықтан өтуді талап етеді.

Оқытушы философиялық, социологиялық, адамтану, мәдениеттану, методологиялық, психологиялық, педагогикалық, оқытатын пәні бойынша арнаулы және методикалық **фундаментал білімдерді** меңгеруінен тыс жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу ісінде кәсіптік деңгейі және педагогтық шеберлігі жоғары болуы үшін **педагогикалық қабілетке** де ие болуы керек. Педагогикалық қабілет ең алдымен адам бойындағы анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктер – нышандарға байланысты. Нышанды іс-әрекетке келтіріп, оны қабілетке айналдыру үшін педагогикалық іскерлік қажет. Оқытушының қызметіне байланысты мұндай педагогикалық іскерліктер бірнеше бөліктерден тұрады:

1. Танымдық іскерлік – қабылдау, зейін, ойлау, елес, ес т.б. бірлікте дамуы. Мысалы, байқағыштық, бақылағыштық, педагогикалық ситуациядан шыға алу, талдау жасау, салыстыру, жинақтау сияқты дағдылардың болуы қажет.

2. Қарым-қатынас іскерлігі – бұл мұғалімнің педагогикалық процесс барысында адамдармен қарым-қатынасқа кірісе алуы.

3. Конструктивтік іскерлік – алдағы жұмысты жоспарлау, жобалау, ойлау, салыстыру, болжам жасау, оқушылардың жас және дара ерекшеліктеріне сай оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыра алу.

4. Түсіндіру іскерлігі – сөз, мимика, пантомимика арқылы оқу материалын анық, дәл, түсінікті, қызықты етіп баяндауы, оқушылардың білім алуға ынтасын ояту.

5. Ұйымдастыру іскерлігі – 1) оқушылар коллективін ұйымдастыру, бір мақсатқа біріктіре алу; 2) жұмысты анықтау, тапсырма беру, бақылау, қорытындылау, бағалау, жағымды психологиялық жағдайды туғызу.

6. Зерттеушілік іскерлігі – педагогикалық құбылысқа ғылыми тұрғыдан қарау, ғылыми болжам жасау, жобалау, эксперимент жасау, озат тәжірибелерді үйрену т.б.

Бұлардан тыс оқытушының бойында *білімділік, интеллектуалдық, белсенділік, жаңаны жақтаушылық, творчестволық ынтымақтастық, өз*

бетінше педагогикалық білім алуға ынталылық сияқты қасиеттер болуы керек.

Оқытушы *педагогтық такт, байсалдылық, педагогикалық әдеп, өзін-өзі билеу, педагогикалық ойлау, өз әрекетіне талдау жасау* сияқты кәсіптік сапаларға ие болуы керек.

Міне, осы бірін-бірі толықтыратын педагогикалық іскерліктер, қасиеттер, сапалар жиынтығы педагогикалық қабілет деп аталады. Педагогикалық қабілетті үнемі дамытып отыру нәтижесінде оқытушы педагогикалық шеберлікке ие болады.

1.2.4. Педагогикалық шеберлікті меңгеру жолдары.

Басқа мамандық иелеріне қарағанда оқытушылар өз білімдерін және жұмыс әдістерін жаңартып отыруы қажет. Себебі оқытушылық қызмет үнемі өсіп, дамып отырушы адаммен байланысты. Сырттан қарағанда оқытушының еңбегі бір қалыпты сияқты – ол баланы оқытады, тәрбиелейді. Ал, шын мәнінде оның әрбір сабағы қайталанбайды. Сол кездегі оқушы, көңіл-күй, жағдай, қарым-қатынас екінші рет дәл сондай болмайды. Сондықтан шебер оқытушы болудың дайын рецепті жоқ. Бұл күнделікті, қажырлы еңбектің нәтижесінде жылдар бойы жинақталады.

Біз педагогикалық шеберлікті қалыптастырудың бірнеше жолдарына тоқталамыз.

Алдымен, адамның бойында оқытушылық мамандығына бейімділік болуы керек.

Екіншіден, мұғалім сабақ беру методикасын меңгеруі керек. Әрбір сабақты жаңа материалдармен толықтырып отыруы керек.

Үшіншіден, оқытушы озат мұғалімдердің іс-тәжірибелерін оқып-үйреніп, педагогикалық-методикалық әдебиеттермен танысып баруы керек.

Төртіншіден, оқытушы өзінің сөзіне, жүріс-тұрысына, бет-әлпетіне, киіміне ұқыпты болуы керек. Педагогикалық мамандыққа жат қылықтардан аулақ болуы керек.

Бесіншіден, педагог қандай жағдайда да педагогикалық такт пен педагогикалық этиканы сақтай алуы қажет.

Алтыншыдан, оқытушы салауатты өмір сүріп, қоғамның белсенді мүшесі болуы керек.

Жетіншіден, мұғалім творчестволық жұмыс істеуге әдеттенуі керек.

Бақылау сұрақтары:

1. Педагог кім? Оның міндеттері қандай?
2. Педагогикалық мамандыққа қойылатын талаптар қандай?
3. Мұғалімдік мамандықты таңдау үшін жеке адамда қандай қасиеттер болуы керек?
4. Педагогикалық қызметтің сипаттамасын айт.
5. Педагогикалық қабілет дегеніміз не?
6. Педагогикалық шеберлік қалай пайда болады?
7. «Мен таңдаған мамандық» деген тақырыпта шығарма жаз.

1.3. Педагогика ғылым ретінде. Педагогиканың ғылыми-зерттеу методтары.

1.3.1. Педагогика пәні және оның негізгі ұғымдары.

«Тәрбие кең мағынасында алғанда, қандайда бір жан иесіне көмек көрсету деген сөз. Ал енді, адамзат туралы айтқанда, адамның баласын кәміл жасқа толып, өзіне-өзі қожа болғанша, тиісті азық беріп, өсіру деген мағынада жүргізіледі», – дейді. М.Жұмабаев.

Міне осы, адам баласына берілетін тәрбие туралы ғылым педагогика деп аталады. «Педагогика» – грек сөзі. *Paida* – бала, *gogike* – жетектеу. Ежелгі Грецияда баланы жетектеп, мектепке апаратын құлдарды педагог деген.

Педагогика ғылымына берілетін анықтамалар әртүрлі. Мысалы: «Педагогика ғылымы – бұл тәрбиелік іс-әрекет», «Педагогика ғылымы – бұл адамның адамды тәрбиелеуі», «Педагогика ғылымы – бұл арнайы ұйымдастырылған әлеуметтік сала». Бұл анықтамалар бірі-бірінен айырмашылық жасаса да, бірақ

бір-бірінен алшақ жатқан жоқ. Ең негізгісі, педагогика – адам тәрбиесі туралы ғылым екені анық.

Педагогика – жас ұрпақ пен ересектерге жан-жақты тәрбие беру, білім беру, оқыту заңдылықтарын айқындайтын ғылым. Бұл анықтама педагогиканың объекті педагогикалық құбылыс болатынын көрсетеді. Ұзақ жылдар педагогиканың объекті бала деп ұқтырылып келінді. Адамның педагогикалық құбылыс барысында дамып, жеке тұлға ретінде қалыптасатынын ескерсек, педагогиканың *объекті* заңды түрде **тұтас педагогикалық процесс** болады.

Ал педагогиканың *предметі* адамның тәрбиесі, білім алуы, оқуы, әлеуметтенуі және өзін-өзі творчестволық дамытуы болып саналады.

Педагогиканың *негізгі ұғымдары (категориялары)* білім беру, оқыту, тәрбие болып есептелінеді.

Білім беру – бұл ғылымдар жүйесінен білім алу және танымдық іскерлік пен дағдыны қалыптастыру, оның негізінде жеке бастың көзқарасын, адамгершілік тағы басқа қасиеттерді қалыптастыру, адамның творчестволық күші мен қабілетін дамыту.

Білім беру – оқыту мен тәрбие жұмысын біріктіретін және жеке бастың дамуына ықпал жасайтын процесс.

Оқыту – бұл оқушы мен мұғалімнің мақсатты түрде өзара әрекет жасау процесі. Бұл процестің барысында білім беру, тәрбие беру және адамның дамуы, оның білім алуы жүзеге асырылады. Бұл білім, іскерлік, дағдыларды баланың бойына сіңіру арқалы жүзеге асады.

Тәрбие – а) жас ұрпақтың рухани күштерін дамыту; ә) ғылыми-материалистік дүниетануды қалыптастыру, қоғамға сай ережелерді меңгеру; б) қоғам өміріне, қоғамдық өндірістің белгілі саласына қатысуға дайындығы болу міндеттерін қамтиды.

Педагогиканың анықтамасы құрамына «тәрбие», «білім беру», «оқыту» ұғымдарымен қатар «өздігінен білім алу», «өзін-өзі тәрбиелеу», «қайта тәрбиелеу» ұғымдары да жатады.

Өздігінен білім алу – бұл адамның мақсатқа бағытталған арнайы міндет көздеген жұмысы. Өздігінен білім алу адамның өзі қызығатын мәселеге байланысты ізденіп, қажетті білімді меңгеруі, сонымен қатар, арнайы радио, телехабарды тындау аркалы білімін жетілдіру болып табылады.

Жеке адамның дамуында мақсатты түрде жүргізілетін тәрбие мен оқыту шешуші роль атқарады.

Жеке адамның дамуы – бұл ішкі және сыртқы, басқарылатын және басқарылмайтын факторлардың ықпалымен жеке адамның қалыптасып жетілу процесі.

1.3.2. Педагогиканың ғылым ретінде пайда болуы және дамуы.

Қандай ғылым болса да қоғамның өмірлік мұқтаж-талабынан туады. Педагогиканың жарыққа шығуы, пайда болуы қоғамның жас ұрпақты тәрбиелеудің тиімді жолын табу мақсатынан туған. Жинақталған тәжірибенің келесі ұрпаққа берілуі қоғамның ілгері дамуының кепілі болып саналады. Педагогика ғылымы ұзақ тарихи даму жолынан өтті.

Алғашқы педагогикалық ой-пікірлер ертедігі Шығыс елдерінің (Египет, Азия, Үнді, Қытай) философиялық жүйесінде дамыды. Бұл елдерде жрец, сарай және әскерилер мектептері болды. Вавилондағы жрец мектептерінде оқу, жазу, санауға үйретуден басқа астрология, медицина және діни пәндер оқытылды.

«Педагогика» терминінің көне Грециядан бастау алатынын айтып өттік. Ежелгі Грецияда көптеген қоғам қайраткерлері, ойшылдар оқыту мен тәрбие адам баласының дамуында айрықша роль атқарады деп есептеген. Сократ (469-399), Платон (427-347), Аристотель (384-222), т.б. шығармаларында тәрбие туралы құнды пікірлер айтылған. Орта ғасырлық отандастарымыз әл-Фараби, ибн Сино, Беруни сияқты ғұламалар да өздерінің шығармаларында тәрбие, оқыту мәселелеріне көп тоқталған. Әсіресе, ең алғашқы болып Абу Али ибн Сионың балаға берілетін тәрбиенің түрлерін анықтауы, балаларды коллективті түрде оқыту керек деген шешімі педагогика тарихындағы құнды педагогикалық идеялар еді.

Педагогика туралы теориялардың жедел дамуына қарамастан, ол XVII ғасырға дейін философия ғылымының бір бөлігі ретінде қала берді.

Педагогика тек XVII ғасыр басынан бастап жеке ғылым ретінде таныла бастады. Ағылшын философы Фрэнсис Бекон (1561-1626) 1623 жылы жазған «О достоинстве увеличении наук» деген еңбегінде педагогиканы жеке ғылым ретінде қарастырды. Оны «Оқуды басқару» деп ұқты. Осы ғасырда өмір сүрген Я.А.Коменский еңбектерінде педагогика жеке ғылым ретіндегі статуска ие болды. Ол «Ұлы дидактика» атты ұлы шығармасында тәрбие, оқыту, оқытуды ұйымдастыру мәселелерін көтеріп, өзінің педагогикалық теориясын ұсынды.

XVII-XIX ғасырлар арасында педагогика ғылымы жан-жақты дамыды. Оның дамуына Батыс Еуропа ғалымдары Джон Локк (1632-1704) тәрбиенің психологиялық негіздері, Жан Жак Руссо (1712-1778) «еркін тәрбие» идеясы, Иоганн Генрих Песталоцци (1746-1827) балалар мекемесінде тәрбиелеу, тәрбиенің гуманистік сипаты, Иоганн Герbart (1776-1841) оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық негізі, Адольф Дистерверг оқушылардың белсенділігін арттыру, мұғалімді даярлау идеяларымен салмақты үлес қосты.

Ал орыс педагогтары К.Д.Ушинский мен Л.Н. Толстойлар ана тілінде білім берудің маңызын көрсетуі, халықтық мектептерде оқыту мен тәрбиелеу теориялары арқылы педагогика ғылымын әрі қарай дамытты.

Педагогика ғылымының дамуына ұлы қазақ педагогы Ы.Алтынсарин әрбір бала өзінің ана тілінде оқуы керек деген идеясымен, қазақ даласында дүниелік ілім үйрететін қазақ мектептерін ашқан ағартушылық қызметімен, басқа тілді оқушыларға үйретудің методикасын істеп шығуымен елеулі үлес қосты.

Дүниелік ілім үйрететін мұсылман мектептерін ашып, онда берілетін білімдердің мазмұнын анықтап, оқыту теориясын ұсынған XX ғасырдың басындағы Түркістан жадидшілері де педагогиканың дамуында заңды орын алады.

Балалар коллективінің тәрбиелік ықпалын ашқан А.С.Макаренко (1888-1939) және оқушы жеке басының, дара ерекшеліктерінің, қабілетінің, қызығушылығының жетілуіне бағытталған оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру методикасын істеп шыққан В.А. Сухомлинский (1918-1970) сияқты кеңестік дәуірде

өмір сүрген көрнекті педагогтар да педагогика ғылымының дамуында өзіндік орын алады.

Міне осылай, педагогика ғылымы жан-жақты, салаларға бөлініп дамыды. Педагогикалық ой-пікірлердің мол қазынасы жиналды.

1.3.3. Педагогика ғылымының салалары және оның басқа ғылымдармен байланысы.

Педагогика ғылымы даму барысында күрделеніп, салаларға бөлінді: тәрбие теориясы, дидактика, мектепке дейінгі педагогика, мектеп педагогикасы, педагогика тарихы, дефектология, әскери педагогика, жоғары мектеп педагогикасы, жеке пәндерді оқыту методикасы т.б.

Мектепке дейінгі педагогика мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесін зерттейді

Мектеп педагогикасы оқушыларды тәрбиелеу мен оқытудың мақсаттары, міндеттері, принциптері, түрлері, мазмұны және методтарын зерттейді.

Педагогика тарихы тәрбиенің, оқытудың, оқытуды ұйымдастыратын мекемелердің, педагогикалық ой-пікірлердің пайда болуы мен дамуын зерттейді.

Дефектология ақыл-ойында, дене мүшесінде кемістігі бар балаларды тәрбиелеу мен оқыту мәселелерін зерттейді.

Басқаларының да арнайы зерттейтін, қарастыратын, шешетін әртүрлі проблемалары бар.

Педагогика өзінің нақтылы проблемаларын шешу үшін бірнеше қоғамдық-әлеуметтік ғылым салаларымен байланысады.

Педагогика табиғат пен қоғам дамуының жалпы заңдылықтарын танып білу үшін **философиямен** байланысады.

Жеке адамды қалыптастыру үшін адам психикасының даму заңдылықтарын зерттейтін **психология** ғылымына сүйеніп зерттеу алып барады.

Өсіп келе жатқан жас ұрпақтың анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерін білмей тұрып, тәрбие жұмысымен шұғылдану мүмкін емес. Сондықтан да педагогика **физиологиямен** байланыста дамиды.

Баланың денсаулығын сақтау, нығайту және дамыту үшін мектеп гигиенасынан хабардар болу керек.

Сонымен бірге, педагогика социология, халық педагогикасы, кибернетика, тарих, экономика сияқты ғылымдармен де тығыз байланысты дамиды

1.3.4. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістеріне сипаттама.

Педагогика – үнемі дамып отыратын ғылым. Халық ағарту жүйесі тәрбие мен білім берудің барлық салаларына ғылыми болжам жасау мақсатында және негізгі проблемаларды ғылыми-теориялық, практикалық жағынан терең талдау үшін педагогика ғылымында мынадай зерттеу әдістерінің жүйесі қолданылады:

1. Педагогикалық бақылау. Бұл белгілі бір құбылысты ұзақ және жоспарлы түрде зерттеудің таным әдісі. Бақылау жеке оқушыны яки оқушылар коллективін үйрену үшін қолданылады.

2. Әңгімелесу әдісі. Педагогикалық құбылыстарды анықтау үшін әңгіме мектеп басшыларымен, оқытушылармен, оқушылармен, ата-аналармен т.б. жүргізіледі.

3. Мектеп құжаттарын зерттеу. Бұл әдіс оқушының жеке іс-қағаздарын, медициналық карталарын, класс журналдарын, оқушы күнделіктерін, жиналыс қаулыларын оқып-үйрену үшін қолданылады.

4. Интервью алу. Әңгімелесу әдісі сияқты. Бірақ мұнда алдын ала сұрақтар дайындалады. Жауаптар жазып алынады.

5. Анкета. Зерттеліп отырған проблемаға байланысты көпшілік пікірін білу және салыстыру үшін қажет.

6. Педагогикалық эксперимент. «Эксперимент» латынша сөз болып, «сынап көру», «тәжірибе жасап көру» мағынасын береді. Эксперимент ғылыми болжамдарды іске асыру процесін тексеру, анықтау мақсатында қолданылады.

7. Кибернетикалық және математикалық әдіс. Бұл әр түрлі педагогикалық құбылыстардың өзара сандық байланыстарын, өлшемін, сапалық ерекшеліктерін айқындау үшін қажет.

Бұлардан басқа озат педагогикалық тәжірибелерді жинақтау да зерттеу жұмысының әдістеріне жатады. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерін білу әрбір творчестволық жұмыс істейтін мұғалімге қажет.

Бақылау сұрақтары:

1. Педагогика қандай мәселелерді қарастырады?
2. Педагогиканың объекті мен предметі қандай?
3. Педагогиканың негізгі ұғымдары қандай?
4. Оқыту дегеніміз не?
5. Тәрбие дегеніміз не?
6. Білім беру дегеніміз не?
7. Педагогиканың ғылым ретінде пайда болуын сипаттап бер.
5. Педагогика ғылымының қандай салалары бар?
6. Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысуының себебін түсіндір.
7. Педагогикалық мәселелерді шешуде қандай ғылыми-зерттеу әдістері қолданылады?

1.4. Оқушының дамуы, тәрбиесі және әлеуметтенуі.

1.4.1. Әлеуметтік орта және жеке адам. Жеке адам дамуының әлеуметтік мәні.

Адам дамуы – өте күрделі процесс. Баланың бүкіл өмірінде оның даму процесі жүреді. **Адамның дамуы** – бұл оның дене күші мен психикасының сан жағынан және сапалық өзгерістерге ұшырауына айтылады. **Дене күштері өзгерістеріне** сүйек және бұлшық ет системасының, ішкі органдарының, нерв системаларының өсуі мен дамуы жатады. Психикалық өзгерістерге ақыл-ойының дамуы, сөз байлығы мен сөйлеуінің дамуы, жеке басының қалыптасуы жатады.

Қызметтің бір түрімен шұғылданау да (ойын, оқу, еңбек т.б.) – дамудың белгісі.

Мораль, әлеуметтік мораль заңдылықтарына мойынұсыну, коллективте істей алу да – бала дамуының белгісі.

Бала дамуындағы бұл процестер сыртқы әсер етудің де, ішкі күштердің де ықпалымен өтіп жатады. Сыртқы әсерлерге қоғамның материалдық өмірінің

жағдайлары – баланы қоршаған табиғи және әлеуметтік орта мен оның қоғам өміріне қатынасуы, яғни тәрбиесі үшін қажетті сапаларды балаға дарыту жөніндегі адамның арнаулы мақсат көздеген қызметі жатады.

Барлық сыртқы әсерлер адамның ішкі жағдайларына тәуелді болады. Сондықтан да біркелкі орта мен тәрбие жағдайында, адамдар әртүрлі дара ерекшеліктерге ие болып жетіледі. Адамның ішкі жағдайы дегеніміз – әр балаға тән нерв системасы дамуының типі мен дәрежесі, дене күші дамуының ерекшеліктері.

Сыртқы күштер мен ықпалдарға адам организмінің елең ету процесінде ішкі қайшылықтар үнемі туады. Бұл ескі мен жаңадан қалыптасып келе жатқан салалардың арасындағы қайшылықтар. Сондықтан бала психикасы бір кезеңнен екінші кезеңге өткенде сан жағынан ғана емес, сапа жағынан да өзгерістерге ұшырайды.

Бұл қайшылықтар адам дамуының басты қозғаушы күші болып табылады. Тірі организм үздіксіз өзгеріп отыратын қоршаған ортасына бейімделумен болады. Бұл адам миының қыртысында барған сайын үсті-үстіне жаңа байланыстардың түзілуінен көрінеді.

И.П. Павловтың іліміне сәйкес, даму дегеніміз ішкі нерв процестерінің және қоршаған ортаның адамға үздіксіз көрсетіп отырған сыртқы ықпалдарының өзара әрекеттестігі.

Сонымен, **жеке адам** дегеніміз белгілі бір туа біткен қасиеттердің және қоршаған ортаға араласудың ықпалы арқылы оның бойында болып жатқан өзгерістердің сапасы, осы екі әрекеттің қоспасы болып табылады.

1.4.2. Адам дамуында тұқым қуалаушылық, орта және тәрбиенің алатын орны.

Баланың дамуына үш негізгі фактор әсер етеді, олар: **тұқым қуалаушылық (ішкі жағдай), орта және тәрбие (сыртқы жағдай).**

Бұл үшеуінің өзара байланысы, әсері, қарым-қатынасы, қайсысының жетекші болып шығатындығының зор ғылыми және практикалық маңызы бар.

Ұрпақ бойында ата-анаға биологиялық ұқсастықтың мол болуы **тұқым қуалаушылық** деп түсіндіріледі. Мысалы, баланың әкесіне яки шешесіне ұқсастығы, шашы, көзі, терісі, жүрісі, өзін ұстауы, сөзі.

Нерв системасының кейбір ерекшелігі де тұқым қуалауға жатады, осының негізінде қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі нәтижесінде жоғары нерв қызметінің белгілі бір типі дамиды (холерик, сангвиник, флегматик, меланхолик).

Педагогика баланың дамуында тұқым қуалаушылықтың ықпалын мойындаса да, бірақ ол дамуда негізгі анықтаушы роль атқармайды деп есептейді.

Баланың дамуында едәуір ықпал өтетін екінші бір фактор – бұл **орта**. **Орта** деп стихиялы түрде балаға ықпал өтетін әр қилы сыртқы құбылыстардың жиынтығына айтылады. Орта үй-ішілік, географиялық, әлеуметтік болып бөлінеді.

Үй-ішілік ортаға баланың семьясы, ауласы, көшесі, т.б. жатады. Географиялық ортаға климат, жасайтын жері, ол жердің географиялық жағдайы жатады.

Әлеуметтік ортаға қоғамдық өмір, адамдар, олардың іс-әрекеттері, қарым-қатынастары, мәдениеті, әдебиеті, саясаты, идеологиясы т.б. жатады.

Баланың дамуында бұл орталардың ықпалы өте үлкен. Баланың мінез-құлқы, әдеттері, көзқарасы осы ортада қалыптасады. Баланың сыртқы көрінісіне тіршілік ету салты мен еңбек қызметінің сипатына географиялық орта орасан әсер етеді.

Баланың әдебі, мінез-құлқы, адамгершілік қасиеттері орта арқылы қалыптасқанмен, бірақ ортаның өзі ғана шешуші фактор бола алмайды.

Бала дамуындағы үшінші фактор **тәрбие** болып есептеледі. **Тәрбие** дегеніміз адамның дамуына әрқашан мақсат көздеп ықпал ету болып табылады.

Тәрбие беруде алға оның бағыт-бағдары, нәтижелері алдын-ала көріп білінетін белгілі бір мақсат қойылады. Тәрбие белгіленетін мақсаттары бар адамдардың қызметін арнайы ұйымдастырады, әрі алға қойылған мақсаттарды мейлінше нәтижелі жүзеге асыру үшін құралдар, методтар мен ұйымдық формаларды таңдап алуды қарастырады.

Тәрбие арқалы баланың туа біткен нышандарын дамытуға болады. Тұқым қуалаушылықпен келген нышан дайын қабілет емес, дамуға қажетті алғы шарт,

мүмкіншілік қана. Оны дамыту үшін жағдай, тәрбие қажет. Дұрыс тәрбиеленген нышан қабілетке айналады, ал тәрбие көрмеген нышан жоқ болып кетуі мүмкін.

Нышанның талантқа айналуының тағы бір шарты – еңбексүйгіштік. Еңбек етуге ерінбеу, ұзақ уақыт жұмыс істей алу тәрбиенің нәтижесінде қалыптасады.

Тәрбие бала денесінің дамуына да мәнді ықпал етеді. Мысалы: күнделікті гимнастика, спортпен шұғылдану баланың денсаулығын нығайтады, шынықтырады. Ал, ақыл-ой, еңбек тәрбиесі арқалы дарындылығын дамытуға болады.

Баланың өскен ортадан алған жағымды мінез-құлқы, әдеттері тәрбие арқылы әрі қарай дамиды, оның қоғамдағы мәртебесін көтерді. Ал жағымсыз іс-әрекеттері, мінез-құлқы болса, оны тәрбие арқылы түзеуге болады.

Жеке адамды дамытуда оның **белсенділігін** тәрбиелеу де аса қажетті тәсілдердің бірі. Бала белсенділігінің ең алғашқы формасы қарым-қатынас жасау белсенділігі. Белсенділік баланың білім алу, еңбек ету, қоғамдық жұмыстарға қатысу, өзін-өзі тәрбиелеу барысында дамиды. Баланың дамуы мен қалыптасуы оның белсенділігіне байланысты. Ол өзінің белсенділігі арқылы тәрбиенің субъектісіне айналады. Яғни, біріншіден, өзін қоршаған ортаны танып-білуші, екіншіден, өзінің белсенді іс-әрекеті арқылы сол ортаға өз тарапынан ықпал етуші адам.

Тәрбиенің тиімділігі баланың жеке психологиялық ерекшеліктеріне байланысты болады. Белгілі бір жастағы балалардың бәрі бірдей емес. Әр баланың өзіндік қызығушылығы, бейімділігі, қабілеті, мінезі бар. Осыларды ескеріп тәрбие жұмысын жүргізу керек. Сонда ғана мақсатқа жетуге болады.

Сонымен, мақсатқа бағытталған тәрбие, баланың жүйелі әрекетін ұйымдастыру, оған дұрыс басшылық ету және қоршаған орта бірлесе бала дамуында шешуші роль атқарады.

1.4.3. Балалардың жас және дара ерекшеліктері.

Балаларға тәлім-тәрбие беру ісінің табысты болуы олардың жас және дара ерекшеліктерін дұрыс біліп, өмірін, іс-әрекетін ұйымдастыруда оны басшылыққа алуына байланысты. Себебі баланың өсуі, дамуы, рухани жағынан жетілуі әр

түрлі жаста түрліше болады. Оқытушы балалардың жас және дара ерекшеліктерін өте жақсы білуі керек.

Медицина және педагогикалық-психологиялық ғылым балалардың жас кезеңдерін төмендегіше топтастырады:

1. Нәрестелік – туылғаннан 1 жасқа дейін.
2. Сәбилік – 1 жастан 3 жасқа дейін.
3. Мектеп жасына дейінгі кезең – 3 жастан 6-7 жасқа дейін.
4. Мектеп кезеңі – 6-7 жастан 17-18 жасқа дейін.

Мектеп кезеңінің өзін үш топқа бөлін қараймыз:

1. 6-7 жастан 11 жасқа дейін (I-IV кл.) – бастауыш мектеп жасы (балалар);
2. 11-ден 15 жасқа дейін (V-VIII кл.) – орта кластардағы мектеп жасы (жеткіншектер);
3. 15-тен 17-18 жасқа дейін (IX кл., академиялық лицей және кәсіптік коллеж) – жоғары класс оқушыларының жасы (жасөспірімдер, жігіттер мен қыздар).

Мектепте оқу кезеңі – адамның өміріндегі бүтіндей бір дәуір. Ол дәуір аса қажетті де елеулі дәуір. Бұл дәуір – оның адам бола бастау кезеңі.

Жастары бірдей болғанымен, оқушылардың өсін-жетілуі бірдей емес. Олардың біреулері – ұзын бойлы, мықты, дені сау болса, ал екіншілері – нәзік, аласа, аурушыл болады. Біреулері айтқанды, түсіндіргенді тез ұғып алса, екіншілері баяу ұғады.

Жеті жастағы оқушы мен он жеті жастағы оқушының түр-тұлғасы, қимыл-әрекеті, мінез-құлқы тарапынан да айырмашылық бар.

Оқушылардың осындай жеке дара және жас ерекшеліктері өте байқалғыш. **Бастауыш класс оқушыларына** тән жалпы белгілер: бойлары орташа 120 см, салмағы орташа 22 кг, миының дамуы негізінен аяқталады, тез байқағыш, есте сақтауы, зейіні ырықсыз, эмоционал, өнердің бір түріне қызыққыш, жолдастық қарым-қатынасқа тез кірісіп, тез тоқтайды, сенімі күшті, дербестігі әлі аз.

Орта мектеп жасындағы оқушыларға тән қасиеттер: жеткіншектер үдемелі қарқынмен өседі, әсіресе қыздар 14-15 жасқа дейін бойының өсуі жағы-

нан балаларды басып озады. Балалардың тез өсуі 13 жастан басталып 16-ға дейін созылады.

Бұл кезеңде жүрек екі есе ұлғаяды, ал дене бір жарым есе ғана үлкейеді. Бұл қан алмасуын күшейтеді. Осыдан жеткіншек тез шаршағыш болады.

Жеткіншектік жаста жыныстық пісіп-жетілу кезеңі де басталады, ал қыздар тез жетіледі.

Бұл дене дамуының күрделілігі мен қарама-қайшылығы жеткіншектің психикалық дамуының ерекшеліктеріне әсерін тигізеді.

Жеткіншектер өздерінің есейгенін сезіп, дербес болуға әрекет жасайды. Қарсыласқыш, өзімшіл, сын таққыш, өкпелегіш, ашуланғыш болып қалады.

Бұл кезде олар өздерінің сырт көріністеріне көбірек көңіл бөледі. Басқаларға еліктегіш келеді. Өздеріне сын көзбен қарайды. Кемшіліктері болса, содан намыстанамын деп жүрін, кейде асырып жібереді.

Жеткіншектерге сыртқы жағдай әсіресе кітап, радио, телевидение, жолдас-тары күшті әсер ете бастайды. Достық және жолдастық қарым-қатынас мәселелері басты тақырыптары болады.

Жеткіншектердің дамуы мен мінез-құлқындағы осындай ерекшеліктерді біту мұғалімге аса қажет. Мұнда мұғалімнің аса ұстамдылығы, үлгілі болуы үлкен роль атқарады.

Жоғары класс оқушылары. Жасөспірімдік шақ – ең жауапты кезең. Көпшілігі үшін тәрбиешілердің арнайы, бағдарлы мақсат көздеп ықпал жасауы аяқталады. Енді оларды өмірдің өзі тәрбиелей бастайды.

Бұл жаста денелерінің дамуындағы теңсіздік дерлік аяқталады. Қоғамдық көзқарас қалыптасады. Танымдық қабілеті дамиды. Білімнің кейбір саласына тұрақты қызығушылық пайда болады. Бұл көбінесе белгілі бір мамандыққа, еңбек саласына деген мүдденің пайда бола бастауына байланысты. Әр түрлі өмірлік проблемалар бойынша өзінің пікірін айта алады. Кейде асығыстық та болады. Жас өсірімдер мен қыздар өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылады. Достық қарым-қатынастары берік болады. Махаббат сезімі оянады. Таңдап, талғап киінеді. Өзіне идеал іздей бастайды.

Бұл жастағы оқушылармен мұғалімдер тең дәрежеде қарым-қатынаста болғаны абзал. Оқытушыларының да, ата-аналарының да өздерін түсінуін, дос болуын қажет етеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Дамып келе жатқан организмде қандай өзгерістер болады?
2. Адам организмі дамуының басты қозғаушы күші не?
3. Баланың дамуында тұқымқуалаушылықтың ролі қандай?
4. Баланың дамуына орта қалай әсер етеді?
5. Баланың дамуына тәрбие қалай әсер етеді?
6. Баланың дамуы оның қызметі және белсенділігімен байланысты ма?
7. Кіші, орта, жоғары мектеп жасындағы оқушылар дамуының ерекшеліктері және олардың тәрбиедегі мәнін айтып бер.

1.5. Біртұтас педагогикалық процесс

1.5.1. Педагогикалық процесс және оның құрылымы.

Педагогикалық процесс – педагогика ғылымының бастапқы, негіз болатын категорияларының бірі.

Педагогикалық процесс – үлкендердің педагогикалық қызметі мен тәрбиешілердің жетекшілік және бағыттаушылық ролі арқылы баланың белсенді тіршілік әрекеті нәтижесінде өзін-өзі өзгертудің мақсатқа бағытталған, мазмұнды және ұйымдастырылған өзара әрекеті.

Педагогикалық процесс тәрбие заңдарына, педагогтың творчествосы мен баланың жас өзгерістерінің динамикасына сүйенетін ғылыми негізделген, дамушы және жетіліп барушы **система** ретінде қаралынады. Бұл системаның ішінде оған тән болған принциптер мен заңдылықтар пайда болады және әрекет етеді.

Педагогикалық процесс басқа қоғамдық процестермен (экономикалық, саяси, құлықтық, мәдени т.б.) тығыз байланысты. Оның мәні, мазмұны және бағытталғандығы осы қоғамдық процестердің жағдайына, өндіріс күштері мен өндіріс қарым-қатынасының өзара әрекетіне тәуелді болады.

Педагогикалық процестің негізгі ерекшелігі – **біртұтастығы**, ондағы барлық негізгі компоненттерді сақтап қалу қажеттілігі. Педагогикалық процестің **компоненттері**: тәрбие мен оқығудың мақсаты, мазмұны, формасы, методтары және осылардан шығатын нәтижесі. Бұл компоненттер бір-бірімен тікелей байланыста жүзеге асырылады.

Педагогикалық процестің **мәні** тұтастық негізінде оқу, тәрбие және дамудың бірлігін қамтамасыз ету болып табылады.

Педагогикалық процесс – бірнеше процестердің ішкі байланыстар жиынтығы. Онда оқыту, білім беру, тәрбиелеу, дамыту және қалыптастыру бөліністен бірігеді.

Педагогикалық процестің **жалпылығы және бірлігі** оның құрамындағы барлық процестерді бір мақсатқа бағындырады. Педагогикалық процестің ішіндегі күрделі қарым-қатынастар мыналарда көрінеді:

- оны ұйымдастырушы процестердің бірлігі және дербестігі;
- оның құрамындағы процестердің тұтастығы және қатар бағынушылығы;
- жалпылықтың болуы және өзіне тән ерекшеліктің сақталынуы.

Педагогикалық процесс үш негізгі **функцияны** орындайды: білім берушілік, тәрбиелеушілік, дамытушылық.

Білім берудің **мазмұнында** ғылыми түсінікті, мағлұматты, заңды, теорияны, іскерлікті, дағдыны қалыптастыру басым жатса, ал **тәрбиенің мазмұнында** қоғамдық мінез-құлықтың нормасын, ережесін, идеясын, тәсілін қалыптастыру басым болады. Білім беру мен тәрбиелеу процесі арқылы жеке адамның сана-сезіміне, мінез-құлқына, қарым-қатынасына, еркіне, эмоциясына, қызметіне әсер етіледі, бұл баланың **жалпы дамуына** әкеледі. Тәрбие мен оқыту процестері бірте-бірте өзін-өзі тәрбиелеу және өз бетімен білім алу процесіне ұласады. Сондықтан, тұтас педагогикалық процесс оқыту, тәрбие, білім беру және даму процестерінің органикалық бірлігі болып есептеледі.

Педагогикалық процестің нәтижелі болуы оның ішкі қозғаушы күштеріне байланысты. **Қозғаушы күш** деп қойылатын талаптар мен оларды орындауда оқушылардың мүмкіншілігі арасындағы қайшылықтарды айтады. Егер қойыла-

тын талап оқушылардың мүмкіншілігіне, яғни даму дәрежесіне сай келсе, онда қайшылық даму процесінің көзіне айналады.

Педагогикалық процесті оның құрамдас бөліктері мен элементтерінің белгілі жүйелі, үйлесімді құрылған тұтастықты білдіретін **система** ретінде қараймыз. **Құрылым** – бұл тұтас бір заттың бөлімдерінің (элементтердің) өзара орналасуы. Системаның құрылымы қабылданған критерийлер бойынша белгіленген элементтерден (компоненттерден), сондай-ақ олардың арасындағы байланыстардан тұрады. Педагогикалық процестің өзі педагог пен тәрбиеленушінің өзара әрекетінің мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, методтарын, формаларын және одан шығатын нәтижелерді сипаттайды.

Педагогикалық процесс жүзеге асырылатын системаның **басты компоненттері** *педагогтар мен тәрбиеленушілер, тәрбиенің алғы шарттары* болып саналады.

1.5.2. Педагогикалық процестің заңдылықтары мен принциптері.

Педагогикалық процестің заңдылықтары деп осы процестің құбылыстары, бөлек жақтары арасындағы объективті түрде қайталанатын, тұрақты, маңызды байланыстарға айтылады.

Педагогикалық процестің заңдылықтары көрнекті педагогтар Ю.К.Бабанский, И.Я.Лернер, И.Ф.Харламов сияқты ғалымдардың еңбектерінде кең көлемде баяндалған. Осы ғалымдардың еңбектерінде көрсетілгендей, педагогикалық процестің **заңдылықтары** деп мыналарды айтамыз:

1. Оқыту мен тәрбие қоғамның мұқтажына және экономикалық-әлеуметтік жағдайына байланысты жүзеге асу заңдылығы.

2. Тәрбиенің, оқытудың, білім берудің және дамудың өзара байланыс заңдылығы.

3. Тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеу бірлігінің заңдылықтары.

4. Тәрбие мен оқыту іс-әрекетінде қарым-қатынастың шешуші ролі заңдылықтары.

5. Педагогикалық процесте оқушылардың жас және дара ерекшеліктерін есепке алу заңдылықтары.

6. Педагогикалық процесте ұжым мен жеке адамның өзара байланысы заңдылықтары.

7. Педагогикалық процесс міндеттерінің, формаларының және методтарының өзара байланыс заңдылықтары.

Егер педагогикалық процестің міндеттері, мазмұны, формалары, методтары тұтас логикалық тізбек құрса, онда, қарастырылып отырған байланыс заңдылығы ақырғы нәтижені қамтамасыз етеді

Жоғарыда айтылған заңдылықтар тәрбие жұмысы тәжірибеде қалай ұйымдастырылуы тиіс екенін көрсетеді

Оқыту мен тәрбиеге қойылатын талаптардың бастапқы белгілі жүйесін педагогикалық процестің принциптері деп атайды. Олар төмендегілер:

1. Педагогикалық процестің мақсаттылық принципі
2. Мектептің өмірмен байланысты болу принципі
3. Оқыту мен тәрбие мазмұнының ғылымилық принципі
4. Білім мен тәрбиенің шамаға лайықтылығы, оқушылардың жас және дара ерекшеліктерін есепке алу принципі.
5. Саналылық және белсенділік принципі
6. Жүйелілік және бірізділік принципі
7. Көрнекілік принципі.
8. Тәрбие мен оқытудың коллективтік сипатта болу принципі.
9. Баланың жеке басына құрметті талап қоюмен ұштастыру принципі.
10. Оқыту мен тәрбие методтары, формасы және тәсілдерінің оптимал варианттарын таңдау принципі.
11. Білім беру, тәрбиелеу және даму нәтижелерінің тиянақты, түсінікті, әрекетте болу принципі.
12. Тәрбиеге комплексті ықпал ету принципі.

1.5.3. Педагогикалық процестің этаптары.

Педагогикалық процесс циклділік сипатқа ие. Барлық педагогикалық процесс дамуының этаптары біртүрлі екенін аңғаруға болады. Этаптар – бұл педагогикалық процестің құрамдас бөлігі емес, процесс дамуының бірізділігі. Педагогикалық процесс *дайындық, негізгі, қорытынды* сияқты этаптардан құралған.

Педагогикалық процестің *дайындық этапында* процестің өтуі үшін тиісті жағдай жасалынады. Бұл этапта төмендегі аса маңызды міндеттер шешіледі: *мақсатты белгілеу, жағдайды диагностикалау, жетістіктерді болжау, процестің дамуын жобалау және жоспарлау.*

Мақсатты белгілеу – бұл педагогикалық процестің белгіленген бөлігінде және нақты бір жағдайында жетістікке жету үшін білім беру системасының алдында тұрған жалпы педагогикалық мақсатты анық міндеттерге айналдыру.

Педагогикалық процесте мақсатты дұрыс қою және міндеттерді анықтау үшін сол жағдайды диагностикалау қажет. *Педагогикалық диагностика* – бұл педагогикалық процесс жүретін жағдай мен шарттарды анықтауға бағытталған зерттеушілік процедурасы. Оның басты мақсаты көзделген нәтижеге жетуге әсер ететін немесе кедергі келтіретін себептер туралы дәл түсінік алу болып табылады.

Диагностикадан кейін педагогикалық процестің барысын және нәтижелерін болжау жүргізіледі. *Болжау* дегеніміз – процесс басталмастан алдын белгілі бір жағдайда оның беретін нәтижелерін бағалау. Ғылыми болжауды пайдалана отырып, процесс параметрлерін алдын ала теориялық жақтан өлшей аламыз және есептей аламыз.

Диагностика мен болжаудың нәтижелеріне негізделіп, дайындық этапының соңында педагогикалық процесті ұйымдастыру *жобаланады*. Толық түзетулерден кейін жобаны іске асыру *жоспарланады*. Педагогикалық процесс жоспарының әрекетте болуының белгілі бір мерзімі бар. Жоспар – бұл қорытынды құжат болып, онда кім, қашан, не істеуі керек екені дәл белгіленеді.

Педагогикалық процесті іске асырудың *негізгі этапын* жеке бір система ретінде қарауға болады. Ол мынадай бір-бірімен *өзара байланысты элемент-*

терден тұрады: алдағы қызметтің мақсаты мен міндеттерін қою және ашып беру; педагог пен оқушының өзара әрекеті; педагогикалық процестің белгіленген методтары, тәсілдері және формаларын пайдалану; қолайлы жағдайды жасау; оқушылар қызметін ынталадырудың әр түрлі шараларын жүзеге асыру; педагогикалық процесті басқа да процестермен байланысын қамтамасыз ету.

Процестің тиімділігі бұл элементтердің бір-бірімен қаншалықты мақсатқа лайық байланысқанына, жалпы мақсаттың және біріне-бірінің бағытталғандығы мен іс жүзінде амалға асырылуы қайшы келмеуіне тәуелді болады.

Педагогикалық процесті іске асыру этапында жылдам басқару шешімдерін қабылдауға негіз болатын кері байланыс үлкен роль ойнайды. *Кері байланыс* – процесті сапалы басқарудың негізі. Оның дамуы мен нығайуына әрбір педагог аса мән береді. Тек оған сүйене отырып педагогикалық басқару мен оқушылар жағынан өзінің қызметін басқарудың рационал ара қатынасын табуға болады. Педагогикалық процесс барысындағы жедел кері байланыс педагогикалық өзара әрекетті ікемдейтін дер кезіндегі түзетулерді енгізуге әсер етеді.

Педагогикалық процестің циклі қол жеткізген нәтижелерді талқылау этапымен аяқталады. Ол келешекте қателіктерді қайталамау үшін, алдыңғыдағы тиімсіз жағдайларды кейінгі циклде ескеру үшін қажет. Таңдағыш талдау мен өзін-өзі талдау – педагогикалық шеберлікке жетудің тура жолы.

Бақылау сұрақтары:

1. Біртұтас педагогикалық процесс дегеніміз не?
2. Педагогикалық процестің құрылымы қандай?
3. Педагогикалық процестің функцияларын айт.
4. Педагогикалық процесс заңдылықтары қандай?
5. Педагогикалық процестің принциптерін айт.
6. Педагогикалық процестің дайындық этапында қандай міндеттер шешіледі?
7. Педагогикалық процестің негізгі этапында қандай міндеттер шешіледі?
8. Педагогикалық процестің қорытынды этапында қандай міндеттер шешіледі?

2-тарау. ОҚЫТУ ТЕОРИЯСЫ

2.1. Дидактика педагогикалық теория ретінде. Оқыту процесі.

2.1.1. Дидактика пәні және оның міндеттері.

Оқыту — таным әрекетінің ерекше түрі және білім берудің негізгі жолы. Оқытуда баланың таным қабілеті дамып, білімді, дағдыны, іскерлікті игереді

«**Оқыту**» түсінігі ежелгі және орта ғасырлық ойшылдардың шығармаларында біржақтама түсіндірілген, яғни оқытушының оқыту қызметі ретінде. Ал біздің ғасырымыздың басынан «оқыту» бірін-бірі толықтыратын екі компонент – оқыту және оқу ретінде түсінілетін болды. **Оқыту** – оқушыларды біліммен, іскерлікпен, дағдымен қаруландыратын, олардың таным және творчестволық қабілеттерін дамытатын мұғалімнің қызметі. Ал **оқу** – мұғалімнің жетекшілігімен орындалатын, үйретілген білімдерді меңгеру бойынша оқушылардың саналы қызметі.

Қазіргі заманда оқыту процесінің анықтамасына талап күшейді. Жоғарыда келтірілген оқыту процесінің анықтамасы жеткілікті болмай қалды. Себебі мектеп оқушыларды жан-жақты ойлауға, дамуға үйрету керек. (Мектеп дегенде Өзбекстандағы барлық орта және орта арнаулы оқу орындары түсініледі).

Қазіргі дәуірдегі түсінік бойынша оқыту мынадай белгілермен сипатталады: 1) екі жақтылық сипаты; 2) оқытушы мен оқушының өзара бірлескен қызметі; 3) оқытушылар тарапынан жетекшілік ету; 4) арнайы жоспарлы ұйымдастыру және жетекшілік ету; 5) тұтастығы және бірлігі; 6) оқушылардың жастық даму заңдылықтарына сәйкес болуы; 7) оқушылардың дамуы мен тәрбиесіне басшылық жасау.

Оқыту процесін зерттейтін ғылымды дидактика деп атайды. **Дидактика-гректің *didaktikos*** деген сөзінен шыққан, білім беру мен оқытудың теориясы деген мағынаны береді.

Педагогикаға дидактика деген терминді тұңғыш енгізген неміс педагогы Вольфганг Ратке (Ратихия) (1571-1635). Ал дидактиканың берік ғылыми ірге тасын қалаған чех педагогы Я.А. Коменский болды. ХІХ ғасырда неміс педагогы И.Ф.Гербарт оқудың тәрбиелік теориясы арқылы дидактикаға тұтастық статусын берді. Ратке дәуірінен бастап **дидактиканың негізгі зерттейтін мәселесі «неге оқыту?» және «қалай оқыту?»** болды. Ал заманауи дидактика ғылымы «қашан оқыту?», «қайда оқыту?», «кімді оқыту?», «не үшін оқыту?» мәселелерін де зерттейді.

Дидактиканың негізгі категориялары: оқыту, оқу, білім беру, сабақ жүргізу, ілім үйрену, білім, іскерлік, дағды, сондай-ақ оқытудың мақсаты, мазмұны, формасы, методтары, тәсілдері, нәтижесі. Соңғы кезде дидактиканың категориялары қатарына дидактикалық система және оқыту технологиясы деген түсініктер енгізілді. Сонымен, дидактика – **оқыту мен білім беру, олардың мақсаты, мазмұны, методтары, тәсілдері, ұйымдастырылуы, нәтижелері туралы ғылым.**

Сабақ жүргізу – оқытудың мақсатын іске асыратын оқытушының қызметі. Бұл процесте хабар беру, тәрбиелеу, білімді түсіндіру мен іс жүзінде қолдау амалға асырылады.

Оқу – білім, дағды және іскерліктерді меңгеру процесі болып, оқушылардың мінез-құлқына, сана-сезіміне, қызметіне әсер етеді және олардың дамуын қамтамасыз етеді.

Оқыту– алға қойған мақсатқа жетуге бағытталған оқытушы мен оқушының өзара қарым-қатынасы.

Мағлұмат– оқушылардың оқыту процесінде алған білімдер, дағдылар, іскерліктер және ойлау қабілеттерінің системасы.

Білім – бұл оқушылардың санасында белгілі бір системада берік сақталынған, олардың жеке меншігіне айналған және бұдан қажетіне қарай пайдалана алатын фактілер, мәліметтер, ғылыми теориялар, заңдар және түсініктер.

Дағды – шәкірт алған білімдерін саналы түрде іс жүзінде қолдана алатын әрекеттері.

Іскерлік – автоматтандырылған әрекеттер, яғни іс-әрекетті орындаудың қалыптасқан тәсілі.

Мақсат (оқу, білімділік) – бірдемеге ұмтылу, оқytудың оған келешекте өзін жетілдіре отырып ұмтылуы.

Мазмұн (оқыту, білім беру) – оқыту процесінде оқушылардың меңгеруі керек болған ғылыми білімдер, дағдылар мен іскерліктер, қызмет және ойлау тәсілдерінің системасы.

Ұйымдастыру – белгілі бір критерийлер негізінде дидактикалық процесті тәртіпке келтіру, оған қойылған мақсатты іске асыру үшін қажетті форманы беру.

Форма (латын сөзі «*forma*» дан алынған сыртқы бейне) – оқу процесінің сыртқы жағын, оқушылардың санын, өтетін уақыты мен жерін көрсетеді

Метод (латын сөзі «*metodos*» – жол, тәсіл) – оқytудың мақсаты мен міндетін іске асырудың жолы.

Тәсіл – оқыту процесін пәндік қолдау. Тәсілге оқытушының сөзі, шеберлігі де, оқулықтар, оқу жиһаздары да т.б. жатады.

Нәтиже (оқytудың жемісі) – бұл оқytудың жетіп келу межесі, оқу процесінің соңғы нәтижесі, қойылған мақсатты іске асырудың дәрежесі.

2.1.2. Қазіргі дидактикалық система (концепциялар).

Дидактикалық система («systema» – грек сөзінен алынған бөліктері мен элементтері белгілі жүйелі, үйлесімді құрылған тұтастықты білдіретін ғылыми ұғым) дегенде белгілі бір критерийлермен бөлінген тұтас білім беру түсініледі. Дидактикалық система құрылымның ішкі тұтастығымен сипатталады. Құрылымның өзіндік ерекшеліктері қазіргі күнде бір-бірінен принциптік өзгешеліктері бар мынадай дидактикалық системаларды (концепциялар) бөліп көрсетеді:

1. И.Ф.Герbartтың дәстүрлі дидактикалық системасы;
2. Джон Дьюидің «прогрессивтік» дидактикалық системасы (концепциясы);
3. Д.Бруннердің жетілген системасы (концепциясы);
4. Л.В. Выготский мен Л.В. Занковтың дамытушы оқыту концепциясы

5. Оқу процесін «технологизациялау» концепциясы.

Неміс философы мен педагогы И.Ф.Гербарт (1776-1841) Я.А.Коменскийдің дәстүрлі класс-сабақ системасына сын көзбен қарап, этика мен психологияның теориялық жетістіктеріне негізделіп «педагогиканың ғылыми системасын» жаратты.

Гербартша, тәрбиенің басты мақсаты жеке адамның адамгершілік қасиеттерін, жоғары моралдық мінез-құлқын қалыптастыру болып табылады. Бұл үшін балалар мен жастарға басшылық ету керек, тәртіпті қатаң сақтау керек.

Гербарттың психологиясы мен этикасы метафизикалық сипатта болып, ал дидактикасы неміс идеологиялық философиясынан келіп шығады. Гербарттың оқыту системасының мазмұны төмендегіше: мектептің басты мақсаты оқушыларды интеллектуал жағынан дамыту, ал тәрбие семьяның ісі.

Білім беру баланың жан-жақты қызығуын ояту керек. Оның үшін әртүрлі пәндерді: ежелгі дүние тарихын, әдебиетті, көне тілдерді, математиканы оқыту керек дейді.

Гербарт оқытудың нәтижелі болуында қызығу үлкен роль атқарады дейді. Оқушылар сабақты оқуға қызықса, барлық нәрсені тез меңгеріп алатынын көрсетіп берді.

Гербарт оқытудың басқыштық теориясын істеп шықты. Ол оқытудың 4 басқышын айтады: 1) анықтық, 2) ассоциация, 3) система, 4) метод.

Гербарттың бұл формал басқыштары оқытудың интеллектуал сипатын мақұлдайды. Бұл теория оқытушының іс-әрекетінде, әсіресе жаңа материалды түсіндіруде маңызды орын алады дейді. Бірақ баланың интеллектуал дамуына мән бермейді. Тек мұғалімнің актив қызметі туралы айтылады. Гербарттың теориясы оқушыларға дайын материалды беруге қаратылған. Сабақта оқушылар тек тыңдаушы болуы керек. Егер тәртіпсіздік жасаса, тән жазасын да қолдану керек дейді.

Гербарт теориясының мәні сонда, кейінгі ғалымдар, педагогтар оның теориясына сын көзбен қарап, өздерінің жаңа теорияларын істеп шығуына себеп болады.

XIX және XX ғасырдың аралығында прогрессив педагогтар «жаңа», «актив мектептер», «еңбек мектебі», «қоғамдық өмірге тарту», «ғасырға лайық мектеп» сияқты мектептер ашу туралы өз ұсыныстарын білдірді

Солардың бірі – америкалық философ, психолог, педагог Джон Дьюи (1859-1952). Оның істеп шыққан дидактикалық концепциясы «прогрессивтік» деген ат алды.

Ол «вербал» оқытуға сын көзбен қарап, «толық ойлау акты» атты педагогикалық концепциясын жаратты. Оның пікірінше, оқытушы оқушыларға проблемалық тапсырмалар беріп, оны қалай шешуін бақылап отыруы керек. Біртіндеп қиын тапсырмалар беру керек. Сонда оқушылар өздеріне сенімді болып, қызығып тапсырмаларды орындайды дейді. Оқушылардың іскерлігін дамытатын бұл оқытудың пайдалы жағымен бірге кемшіліктері де бар еді. Ол мектептегі теориялық оқытудың, оқытушының ролін кемітті.

XX ғасырдың 30-50 жылдарында жаңа педагогикалық концепциялар пайда болды. Олар өздеріне дейін болған ежелгі, дәстүрлі, прогрессивтік системалардың пайдалыларын алып, қазіргі қажет мәселелердің жаңа шешімдерін табуға әрекет етті.

Осы бағыттағы концепциялардың ішінде ең көзге көрінетіні американ психологы және педагогы Джером Бруннердің «жаңалықтар жасау арқылы» концепциясы болды. Бұл оқушыларға әлемді танып білу үшін барлық танымдық күштерін іске салуды талап етті. Өздеріне белгісіз болған нәрселерді өздері тауып, оларды қолдану іскерлігі мен дағдыларын да істеп шығуы керек болды.

Әрине, Бруннердің дидактикалық системасының кемшіліктері көп болды. Бірақ оның концепциясы қазіргі заман дамытушы оқыту концепциясына негіз салды.

Бұл дамытушы оқыту концепциясы бірінші рет совет психологы Л.С. Выготскийдің 30-жылдардағы еңбектерінде айтылды. Ол баланың дамуында ең негізгі ролді оқыту ойнайды деді. Оқыту дамудың алдында жүруі, жаңа дамуға жол ашуы керек деді. Баланың үлкендердің көмегімен оқытуға дейін білім алғандарын «жақын даму зонасы» деп сипаттады.

40-60 жылдарда совет психологтары оқыту мен даму мәселелерін терең зерттеді. Мысалы, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдовтар оқытудың дамытушылық сипатын ашу үшін білім беру мазмұнын өзгерту керек дейді. Ал Л.В. Занков оқыту методтарын жетілдіру, Н.А.Менжинская, Д.Н.Богоявленский, Е.Н.Кабанова-Меллерлер оқыту арқылы оқушылардың ақыл-ой қызметін жетілдіру оқытудың дамытушылық сипатын ашады дейді.

Дамытушы оқыту концепциясының басты идеясы – балалардың жалпы дамуына ықпал ететін оқытудың жоғары нәтижесіне жету.

Бірақ бұл идеяда оқулықтарға, оқу программасына тікелей өту жолдары істелініп шықпады.

Дамытушы оқытуды ұйымдастыруда Л.В. Занков істеп шыққан дидактикалық принциптерге толық сүйенуге болады. Олар мыналар: 1) оқыту принципінің жоғары дәрежелі қиыншылығы; 2) программа материалдарын тез үйреніп алу темпі принципі; 3) теориялық білімдердің басты ролі принципі; 4) оқу процесін оқушылардың саналы түсіну принципі.

50-жылдары оқытуда оқыту машиналары қолданыла бастады. Магнитофон, телевизор т.б. оқытуда үлкен көмек болды.

Ал оқыту процесіне компьютерлердің кіріп келуі нағыз бетбұрыс болды. Бұл дәуірге келіп оқыту процесін **«технологизациялау», «компьютеризациялау» концепциялары** дамыды.

Өркендеген мемлекеттердің педагогтары оқыту процесінде ЭВМдерді қолдану өте жақсы нәтижелерге жеткізетінін жазып жүр. Мысалы, оқушылар компьютер арқылы өлеңдерді жылдам жаттап алады.

70-80 жылдарда Германияда, Англияда, Францияда оқыту процесінде компьютерлер кең қолданыла бастады.

Көптеген ғалымдар оқыту процесін модернизациялаудың ең тиімді шарты жаңа компьютер технологиясын қолдану екенін дәлелдеп жүр.

«Технологизациялаудың қиыншылықтары мынада: оқушылар компьютерден пайдалану гигиенасын жақсы білмейді. Дәрігерлер мен психологтар компьютерлердің бала организмі үшін зиянды жақтарын жар салып айтуда.

Дегенмен, **жаңа техниканың** пайдалы жақтары да жеткілікті. Атап айтқанда, үй жұмыстары болмайды, барлық тапсырмаларды кластарда орындайды; бос уақыттарында оқушылар творчестволық жұмыспен шұғылданады, сабақ жеке-шелендіріледі; оқу процесін басқару жеңілдейді; ойлау қабілетін, өз бетінше жұмыс істеуін дамытады; оқу материалдарын тез меңгеріп алуға көмектеседі, өте көп информациялармен таныстырады т.б.

2.1.3. Оқыту процесі және оның функциясы.

Оқыту процесі – оқытушы мен оқушының бір мақсатқа бағыталған өзара әрекеттесуінің нәтижесі арқылы оқушыға білім беру міндетін шешу процесі. Оқыту процесі – тұтас педагогикалық процестің бір бөлігі. Оқыту процесінің синонимі оқу процесі, Тек **оқу процесі** дегенде белгілі бір оқу орнындағы оқыту процесі түсініледі.

Оқыту процесінің функциялары. Біздің қоғамымыздың мақсаты жан-жақты жетілген адамды тәрбиелеу. Жан-жақты жетілу дегенде адамның жеке басының білімділігі, тәрбиелілігі және жалпы дамуы түсініледі. Осыдан келіп шығып, оқыту процесі білім беру, тәрбиелеу және дамыту функцияларын жүзеге асыруы қажет деп табылады.

Білім беру функциясы ғылыми білімдерді меңгеру, арнаулы және жалпы оқу дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыруды өз ішіне алады. **Ғылыми білімдер дегеніміз** – фактілер, түсініктер, заңдар, заңдылықтар, теориялар, әлемнің қорытындыланған көрінісі.

Арнаулы іскерлік пен дағды дегенде сол пәнге тиісті болған іскерлік пен дағдылар түсініледі Мысалы, географияда картамен, компаспен істеуді білу.

Ал жалпы оқу дағдылары мен іскерліктері барлық пәндерге тиісті болады. Мысалы, кітаппен жұмыс істеу, оқу, жазу дағдылары.

Оқыту процесінің тәрбиелеушілік функциясы дегенде, оқушыларда оқыту арқылы ғылыми көзқарасты, рухани-адамгершілік, еңбек, этикалық көзқарастарды қалыптастыру, қоғамға керек болған қасиеттерді тәрбиелеу түсіні-

леді. Сондай-ақ, қазіргі күннің талабы – оқыту арқылы жеке адамды дербес ой-пікірі бар азамат етің қалыптастыру.

Оқытудың дамыту функциясы. Адамның дамуы тәрбие мен оқыту процесінде жетіледі. Оқыту арқылы дамытуды тиімдірек жүргізу үшін балалардың сенсорлық қабылдауын, қимыл-әрекет, интеллектуал, ерік, эмоционал, мотивациялық сфераларын (өрісін) дамыту керек.

Оқыту процесінің бұл үш функциясы өзара байланыста болады. Оқыту процесі функцияларының өзара байланысын іс жүзінде амалға асыру үшін оқыту міндеттерін анықтауды, оқытудың мазмұны мен методтарын, формасы мен тәсілдерін тандауды, оқытуды талқылауды комплексті түрде жүргізу керек.

2.1.4. Заманауи педагогикада білім беру парадигмалары.

Педагогикалық парадигма (грекше «paradeigma» - мысал, үлгі) – педагогика ғылымы дамуының белгілі бір басқышында тәлім-тәрбиелік мәселелерді шешу үлгісі ретінде ғылыми орта мақұлдаған теориялық және методологиялық нұсқаулар жинағы болып, ол оқытудың концептуал моделі ретінде қолданылады.

Бүгінгі күнде білім берудің төмендегі парадигмалары бар:

1. Дәстүрлі – консервативті парадигма (білім парадигмасы).
2. Рационалистік (бихевиористік) парадигма.
3. Феноменологиялық (гуманистік) парадигма.
4. Эзотерикалық парадигма.
5. Технократикалық парадигма.

Білім алудың дәстүрлі – консервативті парадигмасының (Ж.Мажо, Л.Кро, Ж.Капель т.б.) **негізгі мақсаты** – “Білім қаншалықты қиын болмасын – білім алу”. Дәстүрлі парадигма мектебінің мақсаты жас ұрпақтың индивидуал дамуына және әлеуметтік тәртіпті сақтап қалуына көмектесуші мәдени мұралардың маңызды элементтері – білім, дағды және іскерліктерді жас ұрпаққа жеткізу қажет екенін ашып береді. Білім алу парадигмасының негізгі мақсаты:

білім алу, өркениет және мәдениеттің ең маңызды элементтерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу.

Рационалистік (бихевиористік) парадигма (П.Блум, Р.Ганье, Б.Скиннер, т.б.) басты назарын білімнің мазмұнына емес, оқушылардың әртүрлі білімдерді меңгеруінің тиімді тәсілдеріне қаратады. Білім берудің рационалистік моделі негізінде Б.Скиннердің әлеуметтік инженериясының бихевиористік (ағылшынша *behavior* - құлық) концепциясы жатады.

Олардың айтуынша, мектептің мақсаты – оқушыларды батыс мәдениеті әлеуметтік нормаларына, талаптарына, көздеген мақсаттарына сай келетін «құлықтық репертуарды» қалыптастыру. Рационалистік парадигма өкілдері оқыту процесінде шаблонға қарап әрекет етуді алға сүреді. Ал оқытушы қызметі тек оқушыларға тасып берумен шектеледі. Мұндай оқытудың негізгі методтары үйрету, тренинг, тестік бақылау, индивидуал оқыту, түзетуден ғана тұрады.

Ғылымды құлық тіліне аударған американ педагогы Р.Мейджер де бұл концепцияны жақтай отырып, өзінің білімдерді толық меңгеру концепциясын істеп шықты. Бұл концепция шартының бірі оқыту мерзімінің шексіздігінде.

Негізгі фазалары: жоспарлау, диагностикалау, рецептура, ұйымдастыру, оқыту нәтижелерін бағалау.

Білімді үздіксіз меңгеру концепциясымен П.Блум концепциясы да байланысты болып, ол оқушыға оптимистік тұрғыдан қатынаста болуымен ерекшеленеді. Блум оқушылар тек үлгеріп қана қоймастан, табысты оқуы да мүмкін дейді. Ол білім алушыларды мынадай категорияларға бөлді:

- қабілеті кемдер 5%-тей;
- дарындылар 5%-тей;
- дағдылылар 90%-тей;

Блумның концепциясы 95% оқушылар, оқыту мерзіміне шектеулер алып тасталынса, оқу курсының барлығын меңгеруге жағдайы бар екенін көрсетеді.

Блумның методикасы:

1. Сынып яки курс үшүн бiлiмдердi толық меңгеру эталондарын, критерийлерiн анықтау. Соның негiзiнде оқытушы оқытудың анық нәтижелер тiзiмiн iстеп шығады. Тесттер түзiледi

2. Оқу бiрлiктерi – оқу материалының тұтас бөлiктерi белгiленедi. Одан кейiн бұларды меңгеру нәтижелерi аныкталады. Нәтижеде қорығында бағалауға тәсiр етпейтiн ағымдағы тесттер түзiледi.

3. Толық меңгеруға бағытталған әр бiр оқу бiрлiгiн оқыту. Бұдан соң барлық курс бойынша материалдарды толық меңгергенiн анықтау тестi өткiзiледi.

Феноменологикалық (гуманистiк) парадигма (А.Мааслоу, А.Комбс, К.Роджерс, Л.С.Выготский, т.б.) оқушыны өмiрдiң субъектi ретiнде, өзiн-өзi дамытуға қажеттiлiк сезiнетiн дербес және рухани жеке адам ретiнде қарайды. Бұл парадигма баланың iшкi әлемiн дамытуға, адамдар арасындағы қатынасқа, диалогқа, жеке өсуiне көмектесуге бағытталған. Бiлiм берудiң феноменологикалық (феномен – грекше «φαινόμενον» - жұрттан ерекше, ерен қабiлетi бар адам) моделi бiлiм алушылардың индивидуал-психологиялық ерекшелiктерiн есепке алып, оқытуға жекелiк сипат берудi, олардың қызығуы мен қажеттiлiктерiне құрметпен қарауды ұйғарады. Бұл парадигма өкiлдерi оқушыны ғажайып тұлға деп есептейдi және оның дербес даму мен бiлiм алу құқықын жақтайды. Гуманистiк парадигма аясында бiлiм берудiң әртүрлi моделдерi болып, оларды балаға және оның балалығына құндылық ретiнде қарайтын көзқарас бiрiктiредi. Олардың лiкiрiнше, мектеп баланы ақыл-ой, мiнез-құлық, дене, эстетикалық жақтан дамыту керек. Гуманистiк бағыттылық оқушының да, оқытушының да еркiн болуын және творчество-сын қуаттайды.

Гуманистiк бағыттылық 1991 жылдан кейiн Өзбекстанның бiлiм беру кеңiстiгiне кiрiп келдi. Бұл парадигманың ядросы оқушыға адамилық қатынаста болу, өмiрге даярлау және қоғамға бейiмделуге үйрету болып табылады. Гуманитарлы бiлiм беру парадигмасының орталығында дайын бiлiмдердi игерiп алатын оқушы емес, шындықты танитын АДАМ тұрады. Оқытушы мен оқушының қарым-қатынасы диалог, ынтымақтастық, бiрлесiп жарату, өзiнiң позициясын таңдауда бiргелiктегi жауапкершiлiк сияқты принциптер негiзiнде құрылады.

Адамның қоршаған ортамен өзара әрекетінің бұдан да жоғары дәрежесі бар. Бұл **эзотерикалық** (грекше «esoterikos» - ішкі, сырлы, жасырын, тек арнаулыларға ғана тиісті) **парадигмада** белгіленген. Бұл моделдің мәні сонда, ақиқат мәңгі, өзгермес екенін ұқтыруында. Парадигманы жақтаушылар ақиқатты біліп болмайды, оған тек пайымдау арқылы жету мүмкін дейді. Педагогикалық қызметтің ең жоғары мағынасы санадан тысқа шығу үшін космоспен қатынаста болуға оқушылардың табиғи күштерін босату және дамытудан тұрады. Мұнда, әсіресе, оқытушының оқушыны құлықтық, дене, психикалық жағынан даярлау және бар күшін дамыту үшін қорғаушылық функциясы аса қажет.

Технократикалық парадигмада басты мақсат тәжірибені жетілдіруге қажетті «анық» ғылыми білімдерді беру және меңгеру есептеледі. «Білім - күш» деген қағидаға сүйеніп, бұл парадигма адамның танымдық мүмкіндіктеріне қарай құндылық екенін анықтайды. Адам өзінше бағалы емес, ол белгілі бір білімдерді не тәртіпті тасушы ретінде бағалы.

2.1.5. Шығыс және Батыс ойшылдарының гносеологиялық идеялары – оқыту процесінің негізі ретінде.

Оқыту процесінің құрылымы оқытудың гносеологиялық аспектілеріне байланысты болады.

Гносеология дегеніміз – ғылыми дүниетануды тексеретін философияның бір тарауы болып, танымдық теориясы, диалектика заңдылықтары жатады. Мәдени даму тарихында адамның қоршаған ортаны, әлемді танып білуінің жалпы құрылымы мен басқыштарының тәсілдері әртүрлі екені мәлім. Бұл тәсілдер оқыту процесі құрылымының қиынын және оқытудың мәнін де анықтайды.

Орта ғасырлық біздің отандас данышпандарымыз Хорезми, Беруни, Фараби, Ибн Сино, Туси, т.б. ғылыми дүниетанымның әр қырына, оның принциптеріне, құрылымына, критерийлеріне аса қызығумен қарады.

IX ғасырда өмір сүрген **Хорезми** таным теориясына маңызды үлес қосты. Ол біріншілерден болып танымның бақылау, тәжірибе, экспериментал методта-

рын ғылыми дәлелдеп берді, танымның жалпы ғылыми методтарынан математикалық есептерді алгоритм методтымен шешуді істеп шықты.

Ал **Кинди** (IX ғасыр) ғылыми танымның 3 басқыштан тұратын концепциясын (логика мен математика табиғи ғылымдар арқылы метафизика проблемаларына кіреді) алға тартты.

Кинди адамның танымы сезімдік және рационалдық (ақыл-ой талабына негізделген) деп бөледі. Сезімдік танымға барлық денелік және материалдық жатады. Сезімдік таным ақылға материал жеткізіп береді. Шын білімді тудыру, сыртқы әлем туралы түсінік тек ақыл-парасат арқылы жүзеге асады дейді

Фараби (X ғасыр) Киндидің ақыл-ой, парасат туралы айтқандарын анықтап және ашып, былай жазды: бір нәрсені танып білу үшін адам алдымен оның қайсы бір жағдайын білін алады. Фараби ғылымдарды классификациялады және танымдық қызметті ұйымдастыру мәселелері бойынша ұсыныстар істеп шықты. Жақсы теоретик болу үшін мынадай үш жағдайды ескеру керек екенін айтады:

1. Сол ғылымның негізінде жататын барлық принциптерді білу.

2. Осы принциптерден керекті қорытынды шығара алу, яғни ойлау ережелерін білу.

3. Қате теорияларды әшкерелеп және басқа авторлардың пікірлерін талдап, шындықты өтіріктен айыру, қателерді түзету.

Беруни (XI ғасыр) танымды шексіз, үздіксіз процесс деп қарады. Біз келешекте ақиқат шындықтың белгілі болмаған жақтарын танып білеміз, дейді Беруни.

Ибн Синоның (XI ғасыр) таным теориясында себеп туралы ілім маңызды орын иелейді. Ол себептің сезім арқылы болатын **ашық** түрін, талдау арқылы болатын **жасырын** түрін көрсетіп берді. Нәрселерді тану үшін алдымен оның пайда болу себебін анықтау керек дейді. Ибн Сино өзінің гносеологиялық идеясын дәрігерлік тәжірибесінде кеңінен пайдаланды. Аурулардың келіп шығу себебін анықтап, емдеу жұмысын алып барды.

Оқыту процесінің мәнін ғылыми дәлелдеп беруге әрекет еткен ғалым Я.А.Коменский болды. XVII ғасырда өмір сүрген славян педагогы Я.А.Комен-

ский оқытудың табиғатқа сәйкестілік идеясын негіздеп берді. Оқыту процесі, оның құрылымы, принциптері мен методтары табиғат заңдарына бағынышты болуы керек дейді.

Советтік педагогика тарихы Коменскийдің мұндай пікірлерін өзінен-өзі келіп шығады деп қараған еді. Соңғы кезде оқытудың табиғатқа сәйкестілігі Коменскийдің педагогикалық қорытындылар системасындағы методологиялық ережелердің бірі, оның дүниетанымы деп қаралуда.

Коменскийдің бұл идеясы – Батыс ғалымдарының оқыту процесінің **гносеологиялық негізін** ашу, материалдық дүние заңдарының оқу процесіне әсерін көрсету әрекеттерінің бірі болуда.

XVIII ғасырда өмір сүрген француз ойшылы Ж.Ж.Руссо оқыту процесінің мәнін баланың қоршаған ортасын танып білу табиғатынан алады. Ғалымның пікірінше, бала табиғат аясында, ауылда өсуі керек. Ол оқыту баланың танымдық қызметінің ерекшелігіне байланысты болу идеясын көрсетеді.

Руссо гносеологиялық тәсіл арқылы оқытудың мәнін дәлелдеуге тырысты. Бұл оған баланың ақыл-ойын дамытудың тиімді тәсілдері мен методтарын (мысалы география, физика сабақтарында проблемалық ситуациялар орнату) істеп шығуға жәрдем берді. Оның бұл идеялары қазіргі күнде проблемалық сабақты өтуде өте қызығушылықпен қолданылуда.

2.1.6. Оқу процесі және оның сипаттамасы.

Оқу – бұл тәлім-тәрбие мәселелерін шешуге бағытталған оқушылардың танымдық қызметінің системасы. Оқу процесі **білімді меңгеру, іскерлік және дағды** процестерінен құралады.

Оқушының оқудағы таным қызметі 4 негізгі бөлімнен тұрады.

1. Оқу материалын **қабылдау**. Бұл оқушының **нақты пайымдауынан** басталады. Білімді меңгерудің бұл сатысында адамның естуі де, көруі де, иіскеп білуі де, сипап сезінуі де, дәмді татуы да қатысуы мүмкін. Нақты пайымдаудың алғашқы түрі **түйсіктер** болып табылады. Түйсік процесінде елес пайда болады.

Әртүрлі сезім органдарымен әкелінетін жеке түйсіктер мидың үлкен ми сынарлары қыртысында синтезделеді, одан алдыңғы деректермен байланысып **қабылдауға** айналады. Қабылдау сол кездің өзінде-ақ заттың бүтіндей бейнесін береді.

2. Оқу материалын **ұғыну (мәнін түсіну)**. Жаңа материалды игеруде ұғыну иешуші роль атқарады. **Ұғым** арнаулы терминдермен немесе белгілермен орныққан құбылыс яки заттың мазмұны туралы түйінді ойды көрсетеді. Бұл процестің орындалуында ой қызметінің әртүрлі тәсілдері (анализ, синтез, салыстыру) қатыстырылады.

Ұғымдардың әсерлік күшін туғызатын басқа логикалық тәсілдердің бірі – **ой қорытындысы** болып саналады. Ой қорытындысы индукциялық және дедукциялық болып бөлінеді. 1. **Индукциялық** – жекеден жалпыға, жеке бақылаудан жалпы теориялық қорытындылар мен тұжырымдарға. 2. **Дедукциялық** – қорытындыдан фактке, жалпыдан жекеге.

Ой қорытындысы заттар мен құбылыстарды классификациялауда және олардың арасындағы заттық байланыстың ерекше себептерін анықтауда қолданылады.

3. Таным процесінің кейінгі сатысы – **оқу материалын бекіту** (жаттау, есте сақтау). Оқу материалын қабылдап және ұғынып алғаннан кейін, оны бекіту және жетілдіру талап етіледі. Осы мақсатта қайталау, жаттау, жаттығу орындау қызметі ұйымдастырылады.

Танымның бұл сатысында, психологиялық тұрғыдан қарағанда, көптеген танымдық процестер қатысады: түсінік, қабылдау, эмоция, ес және ойлау, тілсөз.

4. Білім, дағды және іскерліктерді **іс жүзінде қолдану** – таным процесінің соңғы сатысы. Бұл процесте оқушы өзіне нені, қалай, не үшін және неге істейтінін біледі және түсінеді. Басқаша айтқанда, оған жұмыстың мақсаты белгілі, ол сол жұмысқа қалай кірісу және оны қалай орындау керектігін біледі. Бірақ оқушылардың өзіндік әрекеттері біртіндеп және бірізділікпен орындалуы керек. Бұл нақты тапсырмаларды орындаудан толық творчестволық тәуелсіздік беру

жолымен ұйымдастырылуы керек. Ал оқытушы оқушылар қызметін бақылап отырады.

Оқушылардың білімін, іскерлігін және дағдысын іс жүзінде қолдау үшін арнайы тексеріліп тұрылатын жағдай жасалынады. Тексеру барысында оқушылардың меңгерген білім, іскерлік және дағдысын іс жүзінде қолдануы бағаланып барылады.

Мектеп оқушыларының танымы мотивтермен қозғалмалы болуға тиіс. Білім алуға ұнамды мотивтердің болуы оның барысына тиімді жағдай болып табылады. Білім алу үшін оқушының оқуға деген құштарлығы болуы керек. Оқуға деген ынтасы болу үшін, ол білім алу қажеттілігін сезінуі және оқу қызықты болуы керек. Себебі қандай да болсын бір қызметтің негізгі мотивтері қажеттілік пен ынталылық болатыны белгілі.

Мотив дегеніміз – адамның объективті мұқтажы мен ынтасын бейнелейтін әрекетіне ішкі талаптануы. Егер мотив болмаса, іс-әрекет бейтарап іске айналады. Демек, **мұқтаждық** пен **ынта** мотивацияның негізі болады. Мұқтаждық оқушылардың оқуға деген ынтасын көтереді.

Оқыту тәжірибесінде оқудың әртүрлі мотивтері болады:

1. Ұстазын ұнатуы, оған сүйіспеншілігі.

2. Оқушы өзі көздеген мақсатына ұмтылушылығы, оған жататын мотивтер:
а) мамандық таңдау мен пәнге қызығушылығы; ә) мамандық таңдауға қатысы жоқ белгілі іс-әрекеттерге қызығушылық (ән, сурет, әдебиет, спорт).

Мотивтер жасына қарай өзгеріп отырады. Кіші сыныптарда тікелей талаптанудыру мотиві, жоғары сыныптарда перспективті мотивтер үлкен роль атқарады.

2.1.7. Оқытудың заңдылықтары мен принциптері.

Оқыту табысты болуы үшін тек оқытудың мәнін, құрылысын білу ғана емес, оның заңдылықтарын да білу қажет.

Педагогикада **заңдылықтар** – бұл заңдар әрекетінің айқын жағдайлардағы көрінісі. Оқыту заңдылықтарының өзіне тән ерекшеліктері сол, олар педагог-

ғикада ықтималды-статистикалық сипатқа ие. Бұл оқыту процесінде барлық жағдайларды қарастыру және заңдардың іс жүзінде көрінуін дәл анықтау мүмкін емес екенін білдіреді.

Заңдылықтар негізінен эмпирикалық методтар, яғни тәжірибе арқылы пайда болады. Олар *сыртқы* және *ішкі* болып бөлінеді.

1. Оқыту процесінің *сыртқы заңдылықтары* оқытудың қоғамдық-әлеуметтік, саяси-экономикалық процестер мен жағдайларға тәуелді екенін сипаттайды.

2. Оқыту процесінің *ішкі заңдылықтары* оның компоненттері, яғни мақсаты, мазмұны, тәсілдері, методтары, формалары арасындағы байланысты орнатады. Мұндай заңдылықтардан бірнешеуін санап өтейік:

- педагогтың оқыту қызметі көбінесе тәрбиелеушілік сипатта болады. Бұл заңдылық тәрбие мен оқытудың арасындағы байланысты білдіреді;

- оқытушы мен оқушының өзара әрекеті және оқыту нәтижелері арасында байланыс болады. Бұл заңдылық оқытушы мен оқушылардың бірлескен тұтас коллективі болмаса, оқыту процесінің болмайтынын көрсетеді;

- оқу материалын меңгерудің беріктігі өтілген тақырыптарды жүйелі түрде қайталап отыру және оны жаңа өтілетін тақырыппен сабақтастыруға байланысты болады.

Оқытудың бұл заңдылықтары дидактикалық принциптерде көрініс табады. **Дидактикалық принциптер** дегеніміз – барлық оқыту процесінде және түгелдей оқу пәндерінде басшылыққа алынатын негізгі қағидалар, педагогикалық талаптар жүйесі.

Қазіргі заман дидактикасында принциптер жүйесі мыналарды қамтиды:

- оқытудың ғылымилығы;
- оқытудың көрнекілігі;
- оқытудың саналығы және белсенділігі;
- оқытудың түсініктілігі;
- оқытудың жүйелілігі және бірізділігі;
- оқытудың беріктігі және тиянақтылығы;

- оқытуда теория мен практиканың байланыстылығы;
- оқытуда оқушыға білім беру, тәрбие беру және оны дамыту бірлігі;

Оқытудың ғылымилық принципі. Бұл принцип ғылым мен оқу пәнінің мазмұны арасында заңды байланыстың болуына негізделеді. Ғылымилық принцип оқытудың мазмұны жеке пәндердің ғылыми фактілерімен, түсініктерімен, теорияларымен таныстыруын талап етеді. Ғылыми дәлелденген білімдер ғана болмыстың шын көрінісін беретінін ескерсек, мектепте тек ғылыми білімдер оқытылуы керек. Ғылымда дәлелденбеген, практикада тексерілмеген даулы мәселелер оқу программалары мен оқулықтарға, әдетте, енгізілмейді. Ғылымилық принцип оқу материалын тым қарапайым түсіндіруден яки кейбір ғылыми қағидаларды бұрмалаудан сақтайды.

Ғылыми білімдерді меңгеру процесінде оқушыларда ғылыми көзқарас, сенім пайда болады, сана дамиды.

Оқытудың көрнекілік принципі оқытуды ұйымдастырудың ең маңызды шарттарының бірі болып саналады. Жаңа білімді тек құрғақ сөзбен ғана берсек, ол оқушының жадында ұзақ сақталмайды. Себебі баланың бір ғана сезім мүшесі қатысып отыр. Сезім мүшелері қанша көп қатынасса, үйреніліп жатқан нәрсе және құбылыстарды саналы түрде меңгеру жылдамдай түседі.

Көрнекілік принципіне негіздеп оқытуды Я.А.Коменский дидактиканың «алтын ережесі» деп есептеді. Ғалымның сөзімен айтқанда, «сезім мүшелері қабылдайтындардың барлығын: көрінетінді - көзге, есітілетінді - құлаққа, иісті – иіс сезіміне, дәмді – дәм сезіміне, сипап сезілетінді – денеге беру керек. Егер қайсыбір затты бірнеше сезім мүшелерімен білуге болатын болса, онда сол сезім мүшелерінің барлығын қатыстыру керек». Бұлай оқыту, К.Д.Ушинскийдің айтуы бойынша, «оқушының тілін, ойын, бақылампаздығын, таным белсенділігін арттырады».

Оқытудың саналы және белсенді болу принципі дегеніміз үйреніліп жатқан мәселені яки құбылысты терең түсініп, оны творчестволық жолмен қайта өңдеп, іс жүзінде қолдана алу болып табылады. Егер оқушы үйренілген оқу материалы бойынша өзінің пікірлерін дәлелдеп бере алмаса, қорытынды шығара

алмаса, мәселенің шешімін таба алмаса, оның кейінгі материалды үйренуге базасы болмайды. Оқу материалын саналы түрде меңгеріп алу үшін оқушы оқу процесінде белсенді әрекетте болуы керек. Бұл оқытушының шеберлігіне байланысты. Заманауи педагогика теориялық білімдерді меңгерудің жаңа үлгісін – педагогикалық технология негізінде оқытуды ұсынып отыр. Мұнда оқытушы тірек ұғымдарды қалай түсіндіруді, оқушылардың бұл ұғымдарды меңгеруде орындайтын міндеттерін анықтайды. Оқушылардың таным белсенділігін арттыратын оқыту методтарын таңдайды.

Саналы түрде меңгерген білімдер оқушының жадынан ұмытылмайды.

Оқытудың түсініктілік принципі оқытуды оқушылардың білім деңгейіне және жас ерекшеліктеріне сай болуын талап етеді. Я.А.Коменский бұл принципті «жақыннан алысқа, қарапайымнан күрделіге, белгіліден белгісізге» бару деп түсіндіреді.

Оқыту оқушылардың денсаулығына зиян келетіндей аса жоғары интеллектуалдық және эмоционалдық күш түсірмеуі керек. Бұдан оқыту жеңілдетілсін деген де ұғым пайда болмайды. Тәжірибелі мұғалім оқушыларды оқудағы субъектив қиыншылықтарды жеңуге үйретеді, сол қиыншылықтардан шығудың жолын табуға әрекет етеді. Ал аса дарында балалар үшін тереңірек білім берудің әдіс-тәсілдерін қарастырады.

Оқытудың жүйелілік және бірізділік принципі. Оқыту процесінің барлық элементінде жүйелілік және бірізділік қажет. Програмадағы материалдардың орналасуы да, оқытушының білім беру қызметі де, оқушылардың оқу материалын үйренуі де, олардың білім, дағды, іскерліктерін тексеру де осы принциптерге сүйенеді.

Оқу материалдарының арасында логикалық байланыстың болатынын ескерсек, тақырыптардың барлығын міндетті түрде оқып-үйрену керек болады. Оқу материалын бірізділікпен үйрену арқылы оқушылар өтілген тақырыптарды қайта еске түсіріп, жаңа материалдарды онымен байланыстырады. Жүйелі түрде атқарылған мұндай әрекеттер арқылы оқушыларда білімдер қоры жиналады.

Оқытудың беріктік және тиянақтылық принципі оқытудың барлық принциптерімен тығыз байланысты. Оқушылар ғылыми білімдерді саналы түсініп, жүйелі түрде меңгерсе, онда бұл білім берік есте сақталынады.

Білімді меңгеріп, оны іс жүзінде қолдана алу үшін оқушылар тиянақты жұмыс істеуі керек. Сабаққа кеш келу; бір тақырыпты оқып, екіншісін оқымау; сабақта белсенділік танытып, үй жұмысына салғырт қарау сияқты әдеттер тиянақты жұмыс істемеудің салдарынан пайда болады. Бұл оқушылардың оқу пәндерін толық меңгере алмауына әкеп соқтырады.

Қазіргі күндегі оқушылардың білімін рейтинг системасында бағалау оқытудың берік және тиянақты болуын талап етеді. Күнделікті бақылау барысында оқушының берік болмаған білімі бағаланбай қалуы ықтимал. Бұл оның рейтинг көрсеткішіне әсер етеді.

Оқытуда теория мен практиканың байланыстылық принципі оқытудың өмірмен байланысты болуын көрсетеді. Оқушы теориялық білімдерді тәжірибеде сынап, тексеріп көрмесе, оның ақиқаттығына көз жеткізе алмайды. Сондықтан оқытушы жаңа теориялық білімді беріп қана қоймай, оларды іс жүзінде тексеріп көруге жағдай жасауы керек. Оқушы алған білімі негізінде өз бетінше тәжірибе жұмыстарын атқарса, яғни теориялық білімін практикалық жұмыстармен ұштастырса, онда ол алған білімін қай уақытта да өмірде қолдана алады.

Теория мен практиканың байланыстылық принципі оқытуды ұйымдастыруға да әсер етеді. Бұл принцип негізінде оқыту оқу орындарында лаборатория кабиенттері, оқу шеберханалары, жер учаскерлері, заманауи техникалық аппараттары болуын талап етеді.

Оқытуда оқушыға білім беру, тәрбие беру және оны дамыту бірлігі принципі жеке адамды жан-жақты жетілдіру мақсатына бағытталған. Бұл принцип оқытудың білім берушілік, тәрбиелеушілік және дамытушылық функцияларының қатар орындалуын талап етеді. Оқыту процесінде оқушының идеялық-адамгершілік сенімдері, оқу-таным қызметінің дағдылары, қоғамдық құнды мінез-құлықтың тәсілдері мен әдеттері берік қалыптасуы керек.

Оқыту процесінде бұл принциптер бір-бірімен тығыз байланыста және бірлікте жүзеге асырылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Оқыту процесі дегеніміз не?
2. Дидактика дегеніміз не? Категорияларын айт.
3. Дидактикалық система дегеніміз не?
4. Заманауи білім беру парадигмаларын сипаттап бер.
5. Оқыту процесінің функцияларын айт.
6. Оқу процесіне сипаттам бер.
7. Оқушылардың танымдық қызметінің басқыштарын айт.
8. Гносеология дегеніміз не?
9. Оқытудың заңдылықтары дегеніміз не?
10. Оқытудың принциптері дегеніміз не? Оған сипаттама бер.

2.2. Жалпы орта, орта арнаулы кәсіптік білім берудің мазмұны.

2.2.1. Білім беру мазмұны туралы түсінік.

Білім мазмұнын анықтау – бұл неге үйрету, нені оқыту мақсатын анықтап алу деген сөз.

Білім мазмұны – ғылыми білім, іскерлік және дағдының жүйесі. Сондықтан білімнің мазмұны оқыту процесі компоненттерінің бірі болады. Сол жүйенің негізінде оқушылардың ақыл-ойы, қабілеті дамып, дүниетанымы, мінез-құлқы қалыптасады.

Білім берудің мазмұны, ең алдымен, қоғамның мектеп алдына қоятын мақсаттары және міндеттерімен анықталады. Сондай-ақ, дидактикалық талаптар да ескеріледі, себебі соның негізінде ғана қай жаста, қандай көлемде, қандай пәндерді оқуға болатындығы дұрыс шешіледі. **Білім берудің мазмұны** деп белгілі бір оқу орнындағы үйренілетін білімдер мен іскерліктердің жүйесіне айтылады.

Білім берудің мазмұнының қайнар көзі – адамзаттың материалдық және рухани мәдениетінде көрініс тапқан әлеуметтік тәжірибесі. Әрбір дәуір мәдениетке жаңа, өзіне ғана тән болған, сол қоғамның қажеттіліктері мен міндет-

теріне жауап беретін мазмұнмен толықтырады. Сондықтан қоғам дамуының әртүрлі кезеңінде білім беру мазмұны да әртүрлі болады. Қазіргі заманда біздің елімізде **жалпы білім берудің мазмұны** деп оқушылардың ақыл-ойын, күш-қуаттарын жан-жақты дамыту, дүниеге ғылыми көзқарастарын қалыптастыру және оларды қоғамдық өмірге, еңбекке дайындауға қажетті негіз болатын **білімдер, іскерліктер және дағдылардың** көлемі мен бағытын айтамыз.

Жалпы білім беретін орта мектептерде оқыту мазмұнына қойылатын талап білім беруді дамытудың мемлекеттік стратегиясымен анықталады. Бұл стратегия «Кадрларды даярлаудың ұлттық программасында» (1997 ж.) жазылған болып, онда білім беруді түбірімен реформалауды, жоғары дәрежелі кадрларды даярлаудың ұлттық системасын өркендеген мемлекеттер деңгейінде құруды көзде тұтқан.

Білім берудің мазмұны – бұл қоғамның жеке адамды жан-жақты дамытуға қойылған талаптар, қоғамның әлеуметтік тәжірибе және мәдениетін өзінде бейнелейтін әлеуметтік тапсырысының(заказының) моделі.

Әлеуметтік тәжірибе құрамына төмендегі элементтер кіреді:

- 1) білімдер;
- 2) қызметті жүзеге асыру тәсілдерінің тәжірибесі;
- 3) творчестволық қызмет тәжірибесі;
- 4) болмысқа эмоционал-құндылық қатынаста болу тәжірибесі.

Білім беру мазмұнын анықтаушы негізгі факторлар төмендегілер:

- ғылым, техника, мәдениеттің қоғамда даму дәрежесі;
- білім берудің мақсаты мен міндеттері;
- оқушылардың жас ерекшеліктері;
- оқушы жеке басының қажеттіліктері.

Жалпы орта білім беру мазмұны оқушыларда қоршаған орта туралы жалпы түсініктерін қалыптастыруы, оларды өздерінің практикалық жұмыстарына қажетті болған білімдерді іздеу және бұл білімдерді өмірде кездесетін проблемаларын шешуге пайдалануды үйретуі керек.

2.2.2. Қазіргі дәуірде білім беру мазмұны анықтамасының басты идеялары.

Қазіргі дәуірде біздің республикамызда білім берудің мазмұнын анықтау үшін мына идеяларға сүйенді: *гуманизациялау; дифференциялау; интеграциялау; стандарттау; көп басқыштыққа негізделу; іскерлік; ақпараттандыру; жекелеу (индивидуализациялау); үздіксіздік.*

Білім берудің мазмұнын гуманизациялау дегеніміз мектептің балаға бет бұруы, яғни баланың жеке басын құрметтеу, олардың қызығушылықтарын ескеру, қабілеттерін ашу және дамыту үшін жағдай жасау т.б. жатады. Сонымен бірге оқушылардың оқу сағатын қысқарту да оларды артықша жұмыс істеуден сақтайды. Гуманизация гуманитарлық және табиғи-математикалық пәндердің үйлесімді ара қатысын, сондай-ақ математикалық, биологиялық, техникалық пәндерді «адам туралы» білімдермен толықтыруды қарастырады. Мұның нәтижесінде оқушы әлемнің ғылыми бейнесін танып білуі, адамның қоғаммен, техникамен өзара байланысын түсінуі керек. Білім берудің мазмұнындағы гуманистік бағыттылық ойлаудың гуманистік типін қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Білім беруді гуманизациялауда ең басты ролді тіл мен әдебиеттік білімдер, рухани-адамгершілік тәрбие, адамтану пәндері атқарады. Себебі бұл пәндер арқылы оқушылар өзін және әлемді танып біледі, өзін-өзі ұйымдастыру және өзінің мінез-құлқын басқару дағдыларын игереді.

Білім берудің мазмұнын дифференциялау – жаңа оқу жоспарын құрудағы екінші жетекші идея. Бұл идея жоғары кластардағы тереңдетілген және кәсіптік оқытуда міндетті болған пәндермен бірге оқушылардың таңдауына сай қосымша пәндерді енгізуді қарастырады. *Дифференциялау* – бұл қазіргі заманда білім беруді дамытудың жалпы тенденциясы. Біздің республикамызда білім беруді дифференциялау мақсатында пәндерді тереңдетіп оқытатын кластар, мектептер ашылуда.

Білім берудің мазмұнын жаңадан істеп шығуда пәндерді **интеграциялау** идеясы аса маңызды болып табылады. Бұл идея бір-біріне жақын болған пәндерді қосып, интегратив пәндерді жаратуды мақсат өтеді. Интегратив пәндер оқу-

шыларға әлемнің тұтас бейнесін беруде үлкен роль ойнайды. Әрі өтілетін сабақтар саны қысқарады.

Мысалы, «Адам және қоғам» мен «Мемлекеттік құқық негіздері» интеграцияланып «Мемлекет және құқық негіздері» деген пәнге айналды.

Білім берудің мазмұнын **стандарттау** – бұл міндетті оқу пәндері жинағының сағаттары анық белгіленген көлемін анықтау. Білім беру стандарты жәрдемінде оқу орындарында оқу жұмыстарының нормативтері үйлестіріледі, оқушылар білімдерін бағалаудың бірыңғай критерийлері істеп шығылады.

Көп басқыштылық – бұл білім берудің әрбір басқышында оқушының мүмкіндік пен қызығулары дәрежесіне жауап бере алатын білім дәрежесіне жету мүмкіндігін беруші көп басқышты білім беру процесін ұйымдастырудан тұрады. Түрлі басқыштардың әр бірінде оқытудың аяқталғандық жағдайы білім берудің сапалы аяқталғаны болып есептеледі.

Іскерлік – оқушыны әлеуметтік қызметке теориялық білімдерді берік меңгерген халде оларды іс жүзінде пайдалана алуға дайындау. Яғни, оқушыда мектептегі оқу барысында-ақ орта арнаулы яки жоғары оқу орындарында берілетін ғылыми-теориялық білімдерді терең және жүйелі меңгеруге мүмкіндік беретін бастапқы дағдыларды тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлінеді.

Білім беруді **ақпараттандыру** оқыту процесінде компьютер және ақпарат технологияларынан жаппай және кең пайдаланумен байланысты болады. Соңғы жылдарда оқытуды ақпараттандыру өте кең тарқалды. Себебі заманауи видеорадиотехника және компьютерлерді білім беру системасында пайдалану мүмкіндігінің болуы.

Жекелеу (индивидуализациялау) идеясы оқыту процесінде оқытушы мен оқушының арасындағы өзара қатынастың барлық түрінен пайдалана отырып, олардың индивидуал ерекшеліктерін есепке алу және дамытуды өз ішіне алады.

Үздіксіздік идеясы тез өзгеріп бара жатқан қоғамда адамды әрдайым білім алуға үндейтін процесс мәнін ұғындырады.

2.2.3. Жалпы орта және орта арнаулы білім берудің мазмұнын қалыптастыру принциптері мен білім беру мазмұнын таңдап алу критерийлері.

Педагогика теориясында жалпы білім беру мазмұнын қалыптастыру принциптері бойынша Л.Н.Боголюбов, Ю.И.Дик, В.В.Краевский, В.С.Леднев, В.А.Поляков, И.П.Подласый және В.А.Сластениндердің еңбектері маңызды деп есептелінеді. Олар білім берудің мазмұны мынадай принциптерге сүйену керек дейді:

1. Білім беру мазмұны барлық элементтері мен барлық дәрежелерін құрастыруда қоғам, ғылым, мәдениет және жеке адам дамуының талаптарына сай болу принципі. Бұл принцип жалпы білім беру мазмұнында дәстүрлі қажетті білім, дағды және іскерліктермен бірге социум, ғылыми білім, мәдени өмір дамуының осы күнгі дәрежесі мен жекелей дамудың мүмкіндіктерін қамтуды талап етеді.

2. Оқытудың бірыңғай мазмұнды және процессуал жағы принципі білім беру мазмұнын таңдауда бір жақты пәндік-ғылыми бағытты қабылдамайды. Ол білім беру мазмұны онсыз болмайтын анық оқу процесін амалға асырумен байланысты болған педагогикалық шындықты есепке алуды ұйғарады. Бұл жалпы орта білім беру мазмұнын жобалауда білімді берудің және меңгерудің принциптері мен технологияларын, меңгеру дәрежесі және онымен байланысты әрекеттерді есепке алу қажеттігін көрсетеді.

3. Білім беру мазмұнының құрылымдық бірлігі принципі оны қалыптастырудың түрлі деңгейлерінде теориялық түсініктер, оқу предметі, оқу материалы, педагогикалық қызмет, оқушының жеке басы сияқты құрамдас бөліктердің өзара үйлесуін ұйғарады.

4. Жалпы білім беру мазмұнын гуманитаризациялау принципі, ең алдымен, оқушылардың жалпыадамзаттық мәдениетті белсенді түрде творчестволық және практикалық жағынан меңгеруіне жағдай жасаумен байланысты. Мұның үшін гуманитар мәдениет жалпы білім беру мазмұны мен барлық оқу предметтеріне арқау болу керек. Бұл гуманитар және табиғи-ғылыми пәндер

арасындағы өзара қатынас пен өзара әрекет принциптеріне жеке адамға бағытталған негіздегі өзгеріс енгізуді талап етеді.

5. **Жалпы білім беру мазмұнын фундаментализациялау принципі** білім беру мазмұнын дегуманизациялауды жеңуге мүмкіндік береді. Ол гуманитар және табиғи-ғылыми білімдердің бірізділік пен пәнаралық байланыс орнатқан интеграцияны, оқушылардың танымдық және практикалық қайта құрылған қызметі методологиясының мәнін саналы түрде түсінуіне сүйенуді талап етеді.

Жалпы білім беру мазмұнын фундаментализациялау оқыту процесін интенсификациялау және гуманизациялауды міндеттейді. Нәтижетде оқушылар шамадан артық оқу ақпараттарынан құтылады және өзін-өзі творчестволық жағынан дамытуға мүмкіндік алады.

6. **Жалпы білім беру мазмұны негізгі компоненттерінің жеке адамның базалық мәдениет құрылымына сай болу принципі** гуманитаризациялау және фундаментализациялау принципінен келін шыққан. И.Я. Лернер мен М.Н.Скаткин концепциясына сүйенсек, *ол жеке адамның когнитивті тәжірибесі, практикалық қызмет тәжірибесі, жеке адам творчествосының тәжірибесі мен қарым-қатынас тәжірибесі* ретінде көрініс табады.

Жоғарыда көрсетілген жалпы білім беру мазмұнын қалыптастыру принциптері білім берудің мазмұнын таңдап алу **критерийлерін** белгілейді. Олар төмендегілер:

- білім беру мазмұнының жеке адамды жан-жақты дамыту міндеттері мен оның базалық мәдениетін қалыптастыру мазмұнында тұтас бейнелеуі;

- білім беру мазмұнының ғылыми және практикалық мәнділігі;

- білім беру мазмұнындағы күрделілік оқушының іс жүзіндегі оқу мүмкіндіктеріне сай болуы;

- білім беру мазмұнына бөлінген уақыт көлемінің оны үйренуге бөлінген уақытпен сай болуы;

- қазіргі заман мектептерінің оқу-методикалық және материалдық базасының білім беру мазмұнына сай болуы;

- жалпы білім беру мазмұнын құруда халықаралық тәжірибелерді есепке алуы.

2.2.4. Білім берудің мазмұнын белгілейтін құжаттар.

Білім берудің мазмұны **нормативті құжаттар**: оқу жоспары, оқу бағдарламасы және оқулықтарда көрсетілген.

Оқу жоспары – Өзбекстан Республикасы халыққа білім беру уәзірлігі немесе Өзбекстан Республикасы Жоғары және орта арнаулы білім беру уәзірлігі бекіткен оқу орнының сертификаты.

Оқу жоспарында:

- оқу жылының басталуы мен соңы, ширектер мен каникулдардың мерзімі;
- осы оқу орнында өтілуі керек болған пәндердің толық тізімі;
- әр оқу жылдары бойынша осы оқу пәндерінің өтілу тәртібі мен реті;
- бір оқу жылында өтілетін әрбір пәннің сағат саны;
- әр жетіде әр пәнге бөлінетін сағаттардың мөлшері;
- практикумдардың құрылымы мен мерзімі

белгіленеді.

Жалпы білім беру тәжірибесінде оқу жоспарларының бірнеше типтері пайдаланылады: тірек, үлгілі және мектеп оқу жоспары.

Жалпы орта және орта арнаулы білім беретін оқу орындарының **тірек оқу жоспары** – бұл сол білім беру деңгейінің мемлекеттік стандартының құрамдас бөлігі болған негізгі мемлекеттік нормативті құжат. Ол үлгілі және жұмыстық оқу жоспарларын істеп шығу үшін негіз болады және мектепті қаржыландырудың негізгі құжаты есептелінеді. Тірек оқу жоспарын Өзбекстан Республикасының Уәзірлер Мекемесі бекітеді.

Үгілі оқу жоспары тірек оқу жоспары негізінде түзіледі және Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру уәзірлігі немесе Жоғары және орта арнаулы білім беру уәзірлігі тарабынан бекітіледі. Бұл жоспар негізінде барлық жағдайларды ескеріп **жұмыстық оқу жоспары** түзіледі. Бұл жоспарды мектептің (лицей, коллеж) педагогикалық кеңесі бекітеді.

Оқу жоспары негізінде оқу бағдарламасы (программасы) түзіледі. **Оқу бағдарламасы** – оқу пәні бойынша білім, дағды және іскерліктер мазмұны, оқу жылдары бойынша программа материалдарының өтілуі, тақырыптардың сағаттары белгіленген нормативті құжат. Оқу бағдарламасы оқылатын пәндер бойынша жеке жасалынады. Онда:

– пәнді оқытудың мақсаты және оқушылардың білімі мен іскерлігіне қойылатын талаптар бойынша түсінік хат жазылады;

– оқыту формасы мен методтары ұсынылады;

– оқылатын материалдар жылға бөлініп, сағаттары көрсетілді;

– оқылатын материалдың тақырыптық мазмұны анықталады;

– пән бойынша сыныптан тыс жұмыстар, оған әдебиет тізімі ұсынылады.

Оқу бағдарламасы үлгілі, жұмыстық, авторлық болуы мүмкін.

Үлгілі оқу бағдарламасы белгілі бір білім беру саласы үшін мемлекеттік білім беру стандарттары негізінде жасалынады. Үлгілі оқу бағдарламасы Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру уәзірлігі немесе Жоғары және орта арнаулы білім беру уәзірлігі тарабынан бекітіледі. Ол нұсқау беру сипатына ие.

Үлгілі оқу бағдарламасы негізінде *жұмыстық оқу бағдарламалары* түзіледі және ол оқу орнының педагогикалық кеңесі тарабынан бекітіледі. Жұмыстық оқу бағдарламасын түзуде оқу орнының методикалық және техникалық мүмкіндіктері, оқушылардың дайындық деңгейі, жергілікті ерекшеліктер, мектептің спецификасы ескеріледі.

Авторлық оқу бағдарламасы тәжірибелі педагогтар тарабынан түзіліп, онда пәнді оқытудың авторлық методикасы беріледі.

Білім беру мазмұны мен оқу бағдарламасын жобалау **оқу әдебиеттерінде** көрініс табады. Оқу әдебиеттеріне оқулық пен оқу құралдары жатады.

Оқулық – программа мен дидактиканың талаптарына сай ғылыми теориялық жағынан ұстамды құрылған, оқу пәнінің мазмұнын бірізді баяндайтын кітап. Оқулық балалар үшін қызықты әрі түсінікті жазылуы керек.

Оқулықтар әдетте бөлімдерге, тараулар мен параграфтарға бөлінеді. Мектеп оқулықтары жақсы көркемделіп, әшекейлі көріністермен қамтамасыз еті-

леді, анық әріптермен басылады. Қорытындылар мен анықтамалар ерекшеленіп көрсетіледі.

Оқулық бойынша оқушылар сабақта хабарланған және түсіндірілгендерді оқиды және қайталайды, бекітеді. Білімдер, іскеліктер және дағдылардың саналы, тиянақты, әсерлі болуы оқулықтардың сапасына байланысты.

Оқулықтағы оқу материалын тез, толық және терең меңгеру үшін қосымша **оқу құралдары** жасалынады. Олар: хрестоматиялар, есептер жинағы, жаттығулар кітаптары, анықтамалар, карталар, глобустар т.б.

2.2.5. Білім берудің мемлекеттік стандарттары.

Стандарт – ағылшын сөзі – үлгі, эталон, деген мағынаны береді.

Білім берудің мемлекеттік стандарты түсінігі Өзбекстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін енгізілді. Білім берудің мемлекеттік стандарты Өзбекстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (1997 ж.) және «Кадрлар даярлаудың ұлттық программасына» (1997 ж.), сондай-ақ басқа да мемлекеттің білім беру туралы нормативті құжаттарына негізделіп жасалынған.

Мемлекеттік білім беру стандарты – білім беру мазмұны мен сапасына қойылатын талаптарды белгілейтін нормативті құжат.

Жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты оқушылардың жалпы білімділік дайындығына, деңгейіне қойылатын міндетті минимал дәрежені белгілеп береді.

Білім берудің мемлекеттік стандарты білім берудің мазмұнын, формасын, тәсілдерін, әдістерін және оның сапасына қойылатын бағаның тәртібін анықтайды. Оқыту мазмұнының өзегі есептелген стандартты қолдау арқылы мемлекет территориясында жұмыс істейтін әртүрлі мекемелерде (мемлекеттік, мемлекеттік болмаған) білім берудің бірқалыпты дәрежесін қамтамасыз ету шарты жүзеге асырылады. Стандарт негізінде оқу жоспары, оқулық және оқу құралары түзіледі.

Жалпы орта білім берудің мемлекеттік білім стандарты өзінің құрылымы және мазмұнына қарай мемлекет, аймақ, мектеп мүддесі және жабдықтары бір-

лігін көрсетеді және ең негізгісі оқушы тұлғасы, оның әрекеттері, қабілеті және қызығуларының бірінші тұруынан келіп шығады.

Жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты оқушы білімінің, іскерлігінің және дағдысының сапасына болған талаптың ең төменгі (минимум) дәрежесін анықтайды. Өзбекстан Республикасындағы мемлекеттік яки мемлекеттік болмаған оқу орындарының барлығы білім берудің мемлекеттік стандартын орындауы міндетті.

Бақылау сұрақтары:

1. Білім берудің мазмұны дегеніміз не?
2. Қазіргі кезеңде білім берудің мазмұны қандай идеяларға сүйенеді?
3. Оқу жоспары дегеніміз не?
4. Оқу программасына сипаттама бер.
5. Оқулыққа қойылатын талаптар. Альтернатив оқулық дегеніміз не?
6. Оқу құралдары не үшін қажет?
7. Білім берудің мемлекеттік стандарты дегеніміз не?
8. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты нені анықтайды?

2.3. Оқыту методтары мен тәсілдері.

2.3.1. Оқыту методтары мен тәсілдері туралы түсінік.

Метод гректің «metodos» деген сөзінен алынған болып, мақсатқа жету жолы дегенді білдіреді.

Оқыту методы дегеніміз оқушылардың танымдық қызметіне мұғалімнің басшылық ету тәсілі.

Оқыту методтары білім берудің мазмұны сияқты, оқытудың жалпы мақсаттары және міндеттерімен анықталады.

Оқыту методы оқушылардың білімді, іскерлікті, дағдыны игеруіне және таным қабілетінің дамуына мүмкіншілік туғызады.

Теория мен практикада оқыту методтарының 200-ден астам түрі бар. Методтар – мұғалімнің құралы. Сондықтан мұғалім оқыту методтарын толық білуі және одан шеберлікпен пайдалана алуы керек.

Әрбір метод жеке элементтерден тұрады, оларды тәсілдер деп те атайды. **Тәсіл** – методтың бір бөлігі болғандықтан, оқу міндеттерін шешуде өздігінше мәнге ие емес, бірақ негізгі методтың әсерін күшейтеді. Мысалы, көрнекілік методын пайдаланып сабақ өтуді қарастырайық. Көрнекілікке табиғи объектілер: өсімдіктер, заттар, құбылыстар т.б. жатады. Осылармен таныстыру көрнекілік методын деп аталады. Ал әрбіреуіне түсінік беру – тәсіл деп аталады.

Оқыту методтары *оқыту, дамыту, тәрбиелеу, ынталандыру, бақылау-түзету функцияларын* орындайды. Методтар арқылы оқытудың мақсатына жетіледі, оқушының даму темпі мен дәрежесі, тәрбие нәтижелері қамтамасыз етіледі.

2.3.2. Оқыту методтарын классификациялау.

Оқыту методтары өте көп болғандықтан, оларды бірнеше негіздеріне қарай топтастырып қараймыз. Оқыту методтарын классификациялаудың ғылыми әдебиеттерде 20-дан астам түрі бар. Кейбір дидакттардың (Е.И.Петровский, Е.Я.Голант, Д.О.Лордкипанидзе, т.б.) пікірінше, оқыту методтарын топтастыруда оқушылар білім алатын дерек көздерін есепке алу керек. И.Я.Лернер мен М.Н.Скаткин оқыту методтарын оқушылардың үйреніп жатқан материалды меңгеруі бойынша оқу-танымдық қызметінен келіп шығып жіктеу керек дейді.

Осылардың ішінде ең көп тарағаны – И.Т. Огородников, К.А. Сорокин, Ю.К. Бабанский, Р.Г.Лемберг ұсынған оқыту методтарының топтастырылуы.

Р.Г. Лемберг оқыту методтарын үш топқа бөлген:

- 1) ауызша (*әңгіме, әңгіме-диспут, лекция, кітаппен жұмыс*);
- 2) көрнекілік (*суретпен сипаттау, демонстрация*);
- 3) практикалық (*лабораториялық, практикалық жұмыстар*).

И.Ф. Харламов оқыту методтарын былайша жіктейді:

- 1) оқытушының білімді ауызша баяндау методы: *әңгімелеу, түсіндіру, мектеп лекциясы, иллюстрация мен демонстрация*;
- 2) оқыған материалдарды бекіту методы: *әңгіме, кітаппен жұмыс істеу*;
- 3) оқушылардың жаңа материалды түсінуі және меңгеруі бойынша өзіндік жұмыстар методы: *оқулықпен жұмыс істеу, лабораториялық жұмыс*;

4) білімді іс жүзінде қолдану және іскерлік пен дағдыны қалыптастыру бойынша оқу жұмыстарының методы: *жазбаиша және практикалық жаттығулар, лабораториялық жұмыстар*;

5) оқушылардың білімін, іскерлігін және дағдысын тексерсеру, бағалау методы: *оқушылардың жұмысын бақылау, ауызша сұрау, баға қою, бақылау жұмыстары, үй тапсырмасын тексеру, программаландырган бақылау*.

Сонғы кезде **И.П.Подласый ұсынған оқыту методтарының классификациясы ең негізді деп қаралады**. Олар төмендегілер:

1. Оқыту методтарының дәстүрлі классификациясы:

- 1) практикалық – *тәжірибе, жаттығу, оқу-өндірістік еңбек*;
- 2) көрнекілік – *иллюстрация, демонстрация, оқушылардың бақылауы*;
- 3) сөздік – *түсіндіру, әңгіме, сұхбат, инструктаж, лекция, дискуссия,*

диспут;

4) кітаппен жұмыс істеу – *оқу, үйрену, реферат жазу, жылдам көз жүгірту, қитат келтіру, мазмұдама, жоспар түзу, конспект жасау*;

5) видеометод – көру, үйрену, «электрон оқытушы» бақылауында жаттығу, бақылау.

2. Орындайтын міндетіне қарай (М.Д.Данилов, Б.П.Есипов) классификациясы:

- 1) жаңа білімдерді меңгеру;
- 2) дағды мен іскерліктерін қалыптастыру;
- 3) білімдерін іс жүзінде қолдау;
- 4) бекіту;
- 5) білім, дағды және іскерліктерін тексеру.

3. Оқушылардың танымдық қызметінің сипатына қарай классификациясы (И.Я.Лернер мен М.Н.Скаткин):

1) хабарлы-рецептивті – *сипаттау, әңгіме, лекция, көрсету, оқулықпен жұмыс істеу, жазба жаттығулар*;

2) репродуктивті – *жаттығу, әңгіме, өз сөзімен қайта айту*;

3) проблемалы баяндау – оқытушының дәлелді баяндауы, экскурсия, демонстрация;

4) эвристикалық – эвристикалық әңгіме, байқау, жоспар жасау;

5) зерттеушілік – тәжірибе, байқау, класпен жұмыс, құжаттармен жұмыс, сурет салу.

4. Дидактикалық мақсаттарына қарай классификациясы:

1) оқу материалын бастапқы меңгеруіне мүмкіндік туғызатын методтар – хабарлы-дамытушы методтар (оқытушының ауызша баяндауы, сұхбат, кітаппен істеу), эвристикалық методтар (эвристикалық сұхбат, диспут, лабораториялық жұмыс), зерттеушілік метод;

2) алынған білімдерді бекітуге және жетілдіруге мүмкіндік туғызатын методтар (Г.И.Щукина, И.Т.Огородников) – жаттығу, практикалық жұмыстар.

5. Оқытудың бинар методтары (М.И.Махмутов):

1) үйрету методтары – ақпаратты-мәліметті, түсіндіруші, инструктивті-практикалық, түсіндіруші-үндеуші, үндеуші

2) үйрену методтары – орындаушы, репродуктивті, онімді-практикалық, жартылай ізденуші, ізденуші.

6. Тұтастық тұрғыдан оқыту методтарын классификациялау

(Ю.К.Бабанский):

1) оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру және іске асыру методтары – сөзді методтар, практикалық методтар, индуктивті және дедуктивті методтар, репродуктивті, проблемалы, проблемалы-ізденісті, оқушылардың өзіндік жұмыстары;

2) оқу-танымдық іс-әрекетін ынталандыру методтары – танымдық қызметін ұйымдастыру бойынша ойындар, оқу диспуттары, ситуацияларды тугызу, талап қою, марапаттау, ескерту;

3) оқу-танымдық іс-әрекетінің тиімділігін бақылау және өзін-өзі бақылау методтары – ауызша сұрау, жаппай сұрау, ауызша өзін-өзі бақылау жұмыстары, жазбаша бақылау жұмысы, программаландырылған жазба жұмыс, жазба-

ша өзін-өзі бақылау жұмыстары, лаборатория жұмыстары, лабораториялық өзін-өзі бақылау жұмыстары.

Соңғы жылдары педагогикалық әдебиеттерде оқытудың интерактивті методтары деген түсінік пайда болды. Мұндай методтарды ғалымдар оқыту методтарының жеке тобы ретінде қарастырады. Негізі оқыту методтарын актив яки пассив деп бөлуге болмайды. Оларды оқытушы немесе оқушының пайдалануына қарай актив немесе пассив методтар деп атайды. Ал интерактивті методтар педагогикаға компьютер сөздігінен келді. Оған мысал – компьютер ойындары. Ойыншы басқару клавиатураларын манипуляциялау арқылы ойынның барысын өзінің қалауымен өзгертіріп отырады.

Дидактикада **интерактивті методтар** дегеніміз – бұл оқытушы мен оқушының оқу ойыны формасындағы өзара әрекетін ұйымдастыру ережелерінің системасы. Бұл методтарды пайдаланудан басты мақсат – оқушылардың оқу процесінде белсенділігін арттыру. Интерактивті методтарға дискуссия, тренинг, ойындар жатады. Оқу орындарында бұл методтардың оқыту формалары және тәсілдерімен біріктірілген көптеген модификациялары (өзгертіру) қолданылады. Мысалы:

- лекция-дискуссия;
- тернингдер;
- «ашық жауаптармен» талқылау;
- «аяқталмаған қорытындылармен» әңгімелесу;
- жұп болып, шағын топтарда жұмыс істеу;
- «ақыл-ой шабуылы»;
- жарыс;
- ереже бойынша және ережесіз ойын;
- өзінің жобаларын реклама жасау;

Интерактивті методтар ішінде ойындар үстемдік етеді. Ойын методтары оқыту процесіне тереңдеп кіріп келе жатыр.

Графикалық органаizerлер (графикалық ұйымдастырушы) – пікірлеу процестерін көрнекі түрде көрсету тәсілі.

2.3.3. Оқыту методтарының түрлеріне сипаттама.

Оқыту методтарының түрлері:

1. Ауызша баяндау методтарына: түсіндіру, әңгімелеу, мектептегі лекция жатады. Барлық методтар үшін жалпы нәрсе оқытудың бәріне бірдей құрал – мұғалімнің нанымды сөзі болып табылады және ол көбінесе оқушыларға жаңа материалды айтқан кезде қолданылады.

Түсіндіру деп кейбір ұғымдардың, құбылыстардың сөзбен айтылған талдауын, аспаптардың, көрнекі құралдардың принциптерін, сондай-ақ сөздер мен терминдерді түсіндіруді айтамыз.

Әңгімелеу метод ретінде жаңа материалдың мазмұнын ашудың өзіндік баяндап беру түрін көрсетеді. Әңгімелеу – материалды жүйелеп айтып беру. Әңгімелеу жоспар бойынша құрылып, анық түсінікті болуы тиіс. Ол әңгімемен, түсіндірумен жиі сәйкес келеді.

Әңгімелеу іс жүзінде барлық кластарда, ең бірінші кезекте, әдебиет, тарих, география, биология сияқты пәндер бойынша қолданылады.

Мектеп лекциясының әңгімелеу мен түсіндіруден айырмашылығы сол, ол айтып түсіндіруінің аумақтың дәлдігімен сипатталады. Мектеп лекциясы оқу программасының үлкенді-кішілі және принципті маңызды мәселелері бойынша оқылады. Лекцияның мақсаты оқулықтан тыс мәліметтер мен деректерді қорытындылап беру болып табылады. Бұл оқулықты ғылым мен техникадағы жаңа жетістіктермен толықтырып отыру деген сөз.

Лекция әңгімелеумен салыстырғанда ұзақ жасалады және оны оқушылар жазып отыруы керек.

2. Иллюстрация және демонстрация методы дегеніміз – оқыту процесінде көрнекі құралдарды пайдалану, нақтылы заттарды, құбылыстарды, процестерді табиғи жағдайда көрсету. Мұнда затты немесе құбылысты қабылдауға қатысатын сезім мүшелері неғұрлым көбірек болса, оқушы жаңа білімді соғұрлым жақсы және берік меңгереді.

Бірақ демонстрациялық метод ең жақсы және жетілдірілген көрнекі құралдың болуына қарамастан, егер мұғалімнің сөзімен толықтырылмаса, онымен қоса жүргізілмесе ешуақытта қажетті нәтиже бере алмайды.

Экскурсиялар демонстрация методының бір түрі және сонымен бірге оқытудың айрықша ұйымдастыру формасы болып табылады.

3. Білімді бекіту және өзіндік жұмыс істеуге үйрету методтарына сұхбат. кітаппен жұмыс істеу, лабораториялық жұмыстар, жаттығулар жатады.

Сұхбат негізінен 4 түрге ажыратылады: жаңа білімді барлау мақсатында қолданылатын сұхбат, білімді бекіту мақсатында қолданылатын сұхбат; білімді тексеру және бағалау үшін қолданылатын сұхбат; өткен материалдарды қайталау негізіндегі сұхбат

Оқулықпен және кітаппен жұмыс істеу методтары. Оқушылардың оқулықпен жұмыс істеуінің негізгі әдістері мынадай: мұғалімнің сабақта баяндаған әңгімесіне байланысты жазып алғандарын еске түсіру; егер материал класта түсіндірілмесе, мазмұнын тұтас қамту мақсатымен бүкіл материалдарды оқулық бойынша толық оқу; қиын жерлерін, сөздерді талдай отырып қайталап оқу; оқығанды қайта айтып берудің жоспарын жасау; жоспарға сәйкес бөлімге бөліп оқу және егер қажет болса әрбір бөлімді дауыстап айту, алдында жасалған жоспарға сүйене отырып, бүкіл материалды ауызша қайта айтып шығу. Теориялық материалды толық меңгергеннен кейін, оқушы жазбаша тапсырмаларды орындауға кіріседі.

Жоспар жасау жазбаның ең қысқа түрі болып табылады, ол текст бойынша жұмыстың мынадай түрлерін алдын-ала жүргізуді көздейді: бүкіл тексті оқу және басты идеясын айқындау; оны тарауларға бөлу; әр тарауға таңдап тақырып қою.

Лабораториялық метод алынған жаңа білімді бекіту мақсатында қолданылады. Лабораториялық методта оқушылар мұғалімнің басшылығында арнайы жабдықталған кабинетте, мектеп шеберханаларында, оқу-тәжірибе учаскесінде жұмыс істейді. Лабораториялық жұмыстар, әсіресе, химия, физика, биология сияқты пәндерден білімді терең игеру мақсатында жүргізіледі.

Жаттығу – білімді бекітудің және іскерлік пен дағдыны қалыптастырудың, оқушылардың ойлау қасиетін дамытудың негізгі методы. Жаттығулар оқу пәндеріне байланысты болады. Тілдік пәндер бойынша ережелерге жазылатын жаттығулар. Физика, математика, химия бойынша есеп шығару жаттығулары. Еңбекке үйрету жаттығулары.

2.3.4. Оқыту методтарын таңдауға қойылатын талаптар.

Мектепте қолданылатын барлық негізгі методтарды зерттеу мұғалімнің қарамағында оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие берудің аса мол педагогикалық құралдары бар екенін көрсетеді,

Оқыту методтарын дұрыс қолдану оқытушының шеберлігіне байланысты. Методтарды қолдану бойынша арнайы нұсқау жоқ. Бірақ педагогикада қабылданған кейбір жалпы ережелер мұғалімнің қажетті методты дұрыс таңдауына көмектеседі.

Методты таңдау дидактикалық міндеттерге, яғни оқытудың нақтылы мақсатына, тақырыпқа байланысты. болады. Мысалы, жаңа тақырыпты бастауда әңгімелеу, тәжірибе жасау, түсіндіру қолданылады, ал бекіту сабағында жаттығулар орындау қолданылады.

Методты таңдағанда оқушылардың жас шамасының ерекшеліктері де ескерілуі керек. Мысалы, төменгі класта лекция методын қолдануға болмайды. Ал жоғары кластарда мәнерлеп оқыту методтарын қолдау қажет емес.

Методтар оқу пәндерінің ерекшеліктеріне, оқу-материалдық жабдықтарға, балалардың өмірлік тәжірибесіне т.б. сай таңдалуы керек.

2.3.4. Оқыту құралдары және олардың функциялары.

Оқыту процесін жақсарту үшін **оқыту құралдары** да қолданылады. **Оқыту құралдары** – бұл жаңа білімдерді меңгеру үшін оқытушы мен оқушылар жағынан пайдаланатын объект. Оқыту құралдары төмендегілер:

1) оқу кітаптары (оқулықтар, сөздіктер, анықтамалар, жаттығулар, есеп-тер жинақтары, программалық көмекші құралдар),

2) көрнекілік құралдары (таблицалар, сызбалар, схемалар, карточкалар, моделдер),

3) арнайы жабдықтар (лингофондық кабинеттер, пән кабинеттері),

4) техникалық құралдар (киноаппараттар, телевизорлар, магнитофондар, компьютерлер).

Оқыту құралдары оқыту процесінде үлкен мәнге ие. Олар оқыту мақсаттарын жемісті жүзеге асыруға қызмет етеді.

Оқыту құралдарында оқу-тәрбие мақсатына жету үшін қажет болған материалдық және рухани құндылықтар бейнеленеді. Әдетте, олар оқыту методтарына сай пайдаланылады. Егер оқыту методтары «қандай оқыту» сұрағына жауап берсе, ал оқыту құралдары «оның көмегімен нені оқыту» сұрағына жауап береді.

Оқыту құралдарын таңдап алу оқыту методтарын таңдаумен байланысты болады. Құралдардың қандай да бір түрінен пайдаланғанда өлшем мен сәйкестікке көңіл бөлу керек. Мысалы, көрнекі құралдардың саны жетерлі болмаса, білімнің сапасына кері әсер етіп, оқушылардың оқуға қызығуын төмендетеді, образды менгеруін дамытпайды. Керісінше, оқыту құралдарынан шектен тыс пайдаланғанда, оқушылар үйреніп жатқан пәніне жеңіл-желпі қарайды, көңілі алаңдайды, ойын жинақтай алмай қалады. Тақырыпты үйрену барысында 4-5 демонстрация оптимал есептелінеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Оқыту методы дегеніміз не?
2. Оқыту тәсілдері және құралдары дегеніміз не?
3. Оқыту методтары қандай функцияларды орындайды?
4. Оқыту методтарын классификациялаудың мәнін ашып бер.
5. Оқыту методтарына сипаттама бер.
6. Оқытудың интерактив методтары дегеніміз не?
7. Оқыту методтарын таңдауда қандай критерийлерді басшылыққа алу керек?
8. Оқыту құралдары дегеніміз не?
9. Оқыту құралдарынан пайдаланудың шартын айт.

2.4. Оқыту процесін ұйымдастыру формалары.

2.4.1. Оқытуды ұйымдастыру туралы түсінік және оның даму тарихы.

Оқыту – таным әрекетінің ерекше түрі және білім берудің негізгі жолы. Оқытуда баланың таным қабілеті дамып, білімді, дағдыны, іскерлікті игереді. **Оқыту** – екі жақты процесс. Оқыту процесі оқушы мен мұғалімнің өзара бірлесіп жасайтын әрекетінен тұратын күрделі әрекет. Оқыту – мұғалімнің білім берудегі жетекші әрекеті болса, оқу – баланың өзінің танымдық, практикалық әрекеті. Оқу материалын ұғыну процесі оқуға ынта қою, оқу материалын қабылдау, ойша қорыту, есте қалдыру, қайталау сияқты бірнеше психикалық процестердің жиынтығынан тұрады.

Оқытуды ұйымдастыру формасы – мұғалім мен оқушылардың арасында арнайы ұйымдастырылған, белгіленген тәртіп пен режимде өтетін оқу-таным әрекетінің процесі. Ұйымдастыру формасының қандайы болса да коллективтік және жеке дара оқытудың түрліше үйлесуімен, оқушылардың сабақ оқуда дербестігінің түрлі дәрежеде болуымен, мұғалім тарапынан берілетін оқуды олардың түрліше тәсілдермен басшылыққа алуы арқылы сипатталады.

Тарихқа үңілсек, **оқытуды ұйымдастырудың бірнеше түрі** болғанын көреміз. Оқытудың **жеке дара-топтық жүйесі** өте ертеде қалыптасты. Бұлай оқыту орта ғасырлық діни, шіркеу, рыцарь мектептерінде қолданылады. Оқуға жылдың қай мезгілінде болсын қабылдай берді. Топта 15 шақты адам болып, оқыту жеке дара жүргізілді Яғни оқушыға мұғалім жеке-жеке тапсырма берді. Оқытудың мұндай жүйесіне біздің отандасымыз, ілкі орта ғасырларда өмір сүрген ғұлама ғалым Абу Али Ибн Сино қарсы шығады. Ол біркелкі жастағы балалардың коллективті оқуын жақтап, мұндай оқыту, біріншіден, оқушыларды ілім үйренуге шақырады, бірінен-бірі артта қалмауға үйретеді, екіншіден, оқушылар бір-бірімен қарым-қатынаста болу арқылы есте сақтау қабілетін және шешендігін дамытады, үшіншіден бір-бірімен достасады, жарысады, пікірлеседі,- дейді.

Жеке дара-топтық оқытудың орнына XVII ғасырда ұлы чех педагогы Ян Амос Коменский оқудың **класс-сабақ** түрін ұсынды. Ол мектепті тұрақты кластарға бөліп, оқу жылын, оқу аптасы мен оқу күнін нақтылы түрде ұйымдастыру арқылы мұғалім бір мезгілде көп баланы оқыта алатынын көрсетті. Оқушылардың тұрақты бір тобына арналып оқу жоспары, программасы, сабақ кестесі бойынша құрылатын оқытудың класс-сабақ түрі Еуропа мектептеріне кең тарады.

Англияда өнеркәсіп дамып, сауатты жұмысшылар талап етіле бастаған кезде, жұмысшыларды оқытудың ерекше түрі пайда болды. Мұғалім Ланкастердің, священник Белльдің атымен **белль-ланкастер жүйесі** қолданылды. Бұл оқытуда 200-300 оқушыны бір оқытушы оқытады. Түске дейін мұғалім ересектерді оқытады, түстен кейін олар өздерінен кішілерге сабақ берді.

XIX және XX ғасыр арасында оқушыларды қабілетіне қарай кластарға топтастырып оқытатын **мангеймдік жүйе** пайда болды. Бұл жүйе қазіргі кез-де Англияда, АҚШта, басқа да Еуропалық елдерде бар. Еңбекші халықтың балалары жоғары білім алатын мектертерде оқи алмайды.

XX ғасыр басында АҚШта Елена Паркхерст ұсынған **дальтон-жоспар** (Дальтон – қаланың аты) бойынша әр пәнге арнап өз алдына кабинет-лаборатория ұйымдастырылады. Мұғалімнің тапсырмасы бойынша әр бір оқушы кабинет-лабораторияда жұмысты өз бетімен жеке орындайды.

Кенес мектебінің алғашқы жылдарында Дальтон-жоспарды біраз өзгертіп, яғни оқушылар жекеленбей, **бригада түрінде лабораториялық тапсырмаларды** орындайтын болды. Оқу жұмысын ұйымдастырудың бұл түрі «лабораториялық-бригадалық» әдіс деп аталды. Бұл әдіспен оқыту оқушылардың білім сапасын төмендетіп жіберді. Оқытудың бұл түрі ашық сыналып, 1932 жылы 25-тамыздағы **«Бастауыш, орта мектепте оқу программалары және оқудың тәртібі туралы»** қаулысында мектепте оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі сабақ болуы көрсетілді.

2.4.2. Сабақ – оқытудың негізгі түрі, оған қойылатын талаптар.

Оқытуда негізгі рольді сабақ процесі атқарады. Сабақ барлық балалар үшін міндетті. Сабақ білім, іскерлік, дағдыны игертумен қатар, балалар то-бын құруға, онда өмір сүріп, іс-әрекетпен шұғылдануға, балалардың бір-бірі-мен дұрыс қарым-қатынас жасап, адамгершілік қасиеттерін, мінез-құлқын қалыптастыруға үйретеді.

Сабақ мұғалімнің басшылығымен өтеді. Ол сабақтың мазмұнын, мақсат-міндеттерін, көрнекі құралдарын белгілейді, әдіс-тәсілдерін тандап алып, балалардың білімді, іскерлікті, дағдыны меңгеру әрекетін басқарады.

Қазіргі заман мектептерінде сабаққа мынадай талаптар қойылады:

1. Әрбір сабақтың айқын мақсаты, мазмұны, жоспары, сабақтың құрылысы алдан ала белгілі болуы тиіс.

2. Сабақта оқытудың негізгі мақсаты білім беру, тәрбие беру, дамытушылық бірлікте жүзеге асырылуы тиіс.

3. Сабақта оқу материалының ерекшелігіне сай, проблемалық ситуацияларды туғызу керек.

4. Әр сабақтың өзіндік дидактикалық міндеттері алдын-ала ойластырылуы керек.

5. Оқу материалына, тақырыпқа оқушылардың қызығушылығын оятып отыру, танып-білу қажеттілігін қалыптастыру керек.

6. Оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың әдістері мен оқу материалының қиындық және жеңіл дәрежесін дұрыс айқындау, оқытуды дифференциялау және даралау қажет.

7. Оқушылардың психикалық ерекшеліктеріне сай оларға шамадан тыс күш түсірмеу, жағдайын ескеру керек.

8. Қазіргі қоғамның үздіксіз білім беру бағытына сай жас ұрпақты ғылым негіздерімен қаруландыру ғана емес, оларда білімді өздігінен меңгерудің әдіс-тәсілдеріне қажетті іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру да керек. Оқушыларды оқулықпен, оқу құралдарымен т.б. әдебиеттермен, баспасөзбен жұмыс істеуге үйрету керек.

9. Дарынды балаларды анықтау, әр оқушының бейімділігін, қабілетін дамытуға жағдай жасау қажет.

10. Бүгінгі күнде әрбір сабақты берудің гуманистік мақсатымен педагогикалық ынтымақтастық негізінде өткізу және жоғарыда аталған талаптарды бірлікте жүзеге асыру барлық мұғалімдердің борышы болып есептеледі.

2.4.3. Сабақтың түрлері және құрылымы.

Сабақта оқушылардың танымдық және творчестволық қабілеттерін дамытуда, оларды өз бетінше жұмыс істеу іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруда оқытудың жалпы, топтық, жеке және дифференциал түрлері қолданылады.

Сабақтың мынадай негізгі түрлері бар:

1. Кіріспе
2. Жаңа білімді хабарлау.
3. Білімді, іскерлікті және дағдыны бекіту сабағы.
4. Жаттығу мен практикалық сабақтар.
5. Лабораториялық сабақ.
6. Қайталау-қорыту сабағы.
7. Оқушылардың білімдері, іскерліктері мен дағдыларын тексеру және бағалау сабағы.
8. Аралас сабақ.

Сабақ элементтері:

1. Жалпы немесе аралас типті сабақ.

- 1) ұйымдастыру бөлімі;
- 2) үйге берілген жазбаша тапсырманы тексеру;
- 3) үй тапсырмасын ауызша сұрау;
- 4) жаңа білімді баяндау, жаңа материалды талдау;
- 5) жаңа материалды бекіту;
- 6) үйге тапсырма беру;
- 7) сабақтың аяқталуы;

II. Білімді бекіту сабағы.

- 1) ұйымдастыру бөлімі;
- 2) жазбаша тапсырманы тексеру;
- 3) сұрау-бекіту;
- 4) үй тапсырмасы;
- 5) сабақтың аяқталуы.

Сабақтың типтеріне қарай сабақ элементтері әр түрлі болады. Мысалға аралас сабақты қарастырайық. 6-класта «Сын есім» сабағын өту. Алдыменен сабақтың басталуын ұйымдастырып алу қажет. Ұйымдастыру бөлімінде класстың, оқушылардың жеке-дара ерекшеліктеріне сай тура талаптар қоя білсе, бұл сабақ барысында жетістікке жетеді. Сонымен берге оқытушы класстың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуын, тазалық, жылулық, жарықтық тәртібіне, құрал-жабдықтарының сай болуын, оқушылардың отыруы, сабақтың құрылымы сияқты мәселелерге көңіл аударуы керек. Сабақтың екінші бөлімінде оқытушы оқушылардың көңілін үй жұмыстарын орындауға аударуы керек. Тапсырманы барлығы орындады ма, орындамады ма, қандай қиыншылықтарға кез келгенін тексереді. Үй тапсырмасын жазбаша жұмыстарды тексеру арқылы, сөз парактарын тарқатып, оларға жауап алу арқылы, ау-ызша сұрақ-жауап арқылы сұрайды. Өтілген материалдарды меңгергеніне қарай оқушылардың білімін, іскерлігін, дағдыларын бағалайды. Содан кейін өтілген сабақты оқытушы бекітіп, қорытады.

Сабақтың кейінгі элементі жаңа білімді баяндау, яғни 6-класта «Сын есім» тақырыбын өтеді. Алдымен оқытушы мысалдар арқылы сын есім заттың түр-түсін, сапасын, көлемдік аймағын, дәмін білдіретінін түсіндіреді. Осыдан сын есімнің ережесін шығарады. Ережені бір-екі рет қайталайды.

Одан кейін сұрақ-жауап арқылы жаңа сабақ талданады. Оқушылардың сын есімді түсінгенін бақылағаннан кейін, оларға жаттығу жұмыстарын орындауды тапсырады.

Жаңа сабақты бекіту мақсатында оқытушы оқушыларға мынадай сұрақтар қояды: 1. «Сын есімнің белгілері қандай?». 2.«Сын есімнің сұраулары қандай?».

3.«Сын есімнің ережесін айт». 4.«Мысалдар келтір» т.б. Сабақ бекітілгеннен кейін үй тапсырмасы беріледі. Оқытушы оны қалай орындау жолдарын түсіндіреді. Бірнеше оқушыдан тапсырманы қалай түсінгенін сұрап көреді. Сабақтың аяқталуы – бұл сабақтың өзіндік бөлімі болып саналады. Оқытушы 1-3 минут барысында негізгі мазмұнын қайталайды. Орындаған істерінің кемшіліктері болса айтады. Белсенді қатысқандарды мадақтайды, бағалайды.

2.4.4. Дәстүрлі болмаған сабақтар.

Соңғы жылдары дәстүрлі сабақ түрлерімен қатар оқушылардың әр жақты дамуына ықпал жасайтын, білім алуға іштей қажеттілігін туғызатын, оларды белсенді іс-әрекетке жетелейтін дәстүрлі болмаған сабақтар да қолданылуда. Олардың мынадай түрлері бар: семинар-сабақ, лекция-сабақ, конференция-сабақ, панорамалық сабақ, зачеттық сабақ, пікірталас сабағы т.б.

Семинар-сабақ

Сабақты ұйымдастырудың семинар формасында оқылған лекция тақырыбы немесе курстың тарауы алдын-ала белгіленген сұрақтар бойынша талданады. Семинарда талқылау үшін белгілі бір тақырыптың анағұрлым маңызды мәселесі немесе бірнеше тақырыпты қамтитын мәселелер алынады. Семинар сабақты оқушылар берілген сұрақтарға жазбаша дайындалып келеді. Ал кейбір оқушыларға баяндама жазу тапсырылады. Оқушылар баяндамалары мен хабарларын жасағанда өзгелері бұларды толықтырып, сұрақтар қойып отырады. Сабаққа барлық оқушылар қатысып, тікелей талқылау жүргізуін қамтамасыз ету керек.

Оқушылар тапсырманы орындау барысында талдау, салыстыру, қорытынды жасау үшін дербес әрекеттенеді. Сөйтіп, творчестволық ойға көшеді.

Семинарға дайындалғанда негізгі әдебиеттерден басқа қосымша әдебиеттерді де пайдалану керек.

Лекция-сабақ

Лекция-сабақ оқыту процесінің ең күрделі түрі, ол жоғары кластарда қолданылады.

Мектеп лекциясы оқу програмасының маңызды мәселелері бойынша оқылады. Лекцияның мақсаты басқа білім көздерінен мәліметтер, деректер беру болып табылады. Мектептегі лекция-сабақта оқушылардың жас ерекшелігі ескеріледі. Лекция 30-35 минуттан аспауы керек. Онда оқушыларға оқулықтарда толық қамтылмаған тың деректер, мәліметтер беріледі. Оқытушы лекцияны проблемалық етіп өткізуді ойластыруы керек.

Лекция-сабақта оқушылар материалды тыңдай білуге, баяндалған информацияны қабылдауға, талдап жинақтауға, қысқаша конспектілеуге үйренеді.

2.4.5. Оқытуды ұйымдастырудың сабақтан басқа түрлері.

Оқытуды ұйымдастырудың сабақтан басқа мынадай формалары бар: оқу экскурсиялары, факультативтер, семинарлар, консультациялар, конференциялар, практикумдар.

Экскурсиялар – оқушыларды нақтылы заттармен және құбылыстармен табиғи ортада таныстыруды қамтамасыз ететін оқыту формасы болып табылады.

Экскурсиялар белгілі оқу материалын өтуге байланысты немесе кластан тыс жұмыс жоспары бойынша өткізіледі. Экскурсиялар бірқатар пәндер бойынша (тарихтан, әдебиеттен, жаратылыстанудан, географиядан, физикадан, химиядан және кейбір басқа пәндерден) жоспарланады. Бұлар пәндік (бір пән бойынша) немесе комплексті (бір мезгілде бірнеше пәннен қатар) болуы мүмкін. Экскурсиялар оқу жұмысын жандандырады, оқушылардың ғылымға деген құштарлығын арттырады, олардың білім құмарлығы мен талаптылығын қоздырады. Экскурсиялар көбінесе музейлер мен көрмелерге, табиғатқа, өндіріске жасалады.

Мектептің оқу жоспарына **факультатив сабақтар** да енгізілген. Факультатив сабақтар оқушылардың қалауымен жүргізіледі. Бұл сабақтар оқу программасын тереңірек үйрену мақсатында сабақпен параллель жүргізіледі. Мұнда кейбір тақырыптарды, бөлімдерді, программаға енгізілмеген тақырыптарды жүргізуі ерікті түрде оқушылардың қолдауымен болады.

Оқытудың тағы бір түрі оқушылардың үй тапсырмасын орындауы болып табылады

Бала егер үйде тапсырманы орындай алмаса, онда ол әлі сол білімді меңгермеген, іскерлік пен дағдысы жетілмеген болады. Ол үшін балаға үйде жағдай жасау керек. Үйге берілетін тапсырма төмендегі талаптарға сай болуы керек:

1. Үй тапсырмалары өте көп болмауы, бірақ мазмұнды болуы шарт.

2. Үй тапсырмасы класта орындаған тапсырмаларға қарағанда қарапайым және түсінікті болуы керек. Өйткені үй тапсырмасы күрделі болса, оқушы оны орындауға көп уақыт жұмсайды, сол үшін оқушының қызғыуы бәсеңдейді, жалығады.

3. Оқушы тапсырманы орындауда қайсы ережеге, теорияға сүйеніп орындау керегін білуі және түсінуі керек.

4. Оқушылардың біліміне сай үй тапсырмасын беру пайдалы.

5. Барлық үй тапсырмасын оқытушы тексеріп баруы шарт.

6. Оқытушы оқушылардың үй тапсырмасын орындауда ата-анасының қалай көмек беру мүмкіндігін білуі керек.

Ал күні ұзайтырылған мектептерде, группаларда, мектеп-интернаттарда сабақтан сон, үй тапсырмасын орындайды. Оқушылардың үй тапсырмасын орындауы да сабақ типіне ұқсас. Балалар топтарларға бөлініп немесе толық класс бойынша оқытушыдан консультация алады, бір-бірімен ойласады. Күні ұзайтырылған мектептерде, топтарда, мектеп-интернаттарда оқушылардың дербес, өз бетінше үй тапсырмаларын орындауына жағдайлар жаратылған.

Оқытуды ұйымдастырудың кластан тыс түріне пән үйірмелері, ғылыми қоғамдар, олимпиадалар жатады. Оқытудың бұл түріне әртүрлі кластағы оқушылар өз еріктерімен, қызығуымен қатысады. Бұл оқу кестесінен тыс жүргізіледі.

Пән үйірмелері параллель класс оқушыларынан яки бір-біріне жақын болған класс оқушыларынан (мысалы, **V-VI; VII-VIII** кластар) құралады. Үйірмелерге пән оқытушысы жетекшілік етеді.

Үйірме жұмысының мазмұнына мыналар жатады: оқу программасының кейбір сұрақтарын тереңірек үйрену, ғалымдардың, жазушылардың және мәдениет қайраткерлерінің өмірімен және творчестволық қызметтерімен танысу, әдеби кештер, тақырыптық кештер ұйымдастыру, техникалық моделдестіруді, тәжірибе жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру, кездесулер ұйымдастыру.

Ғылыми қоғамдар үйірме жұмыстарын үйлестіру, біріктіру, ғалымдармен кездесуді ұйымдастыру мақсатында құрылады. Бұл оқушылардың өзіндік ізденулеріне, ғылыми жұмыспен шұғылданыуына өте үлкен көмек болады.

Оқушылардың оқу-танымдық әрекеттерін дамыту жеке пәндерді үйрену бойынша творчестволық жұмыстарын жандандыру үшін мектепте, ауданда, қалада, облыста, республикада олимпиадалар, конкурстар, көрмелер өткізіледі. Оқытудың кластан тыс мұндай түріне қатысатын оқушылар алдын-ала іріктеліп алынады. Дарынды балалар оқытушылардың жетекшілігінде олимпиадаларға, конкурстарға, көрмелерге қатысу арқылы әрі білімін жетілдіреді, әрі өздерін танытады. Біздің мемлекетімізде оқу-таным процесінің мұндай түріне аса көңіл бөлінуде. Жүйріктер мемлекет тарапынан қамқорлыққа алынады.

2.4.6. Оқытушының сабаққа әзірленуі.

Мұғалім әрбір сабаққа тиянақты әзірленуі шарт. «45 жыл мұғалім болып істесең де, 45 минуттық сабаққа дайындал» деген оқытушылардың жазылмаған қағидасы бар. Мұғалім, ең алдымен, тақырыптық жоспарды бір оқу жылына жасап алады. Осы жоспар бойынша әр сабаққа арнап сабақ жоспары жасалады.

Сабақ жоспарының үлгісі:

1. Күні, айы, жылы.
2. Сабақтың тақырыбы.
3. Сабақтың мақсаты (білім берушілік, тәрбиелік, дамытушылық).
4. Сабақ типі.
5. Сабақта қолданылатын оқыту методтары.
6. Сабақтың мазмұны.
7. Үй тапсырмасы.

8. Сабақтың аяқталуы.

Сабаққа дайындалуда мұғалім оқу материалын үйреніп шығады. Осы сабақтың алдыңғы сабақпен байланысын анықтайды. Сабақты қандай методтармен түсіндіруді, практикалық және өзіндік жұмыс түрлерін таңдайды. Сабақта пайдаланатын көрнекіліктерді, кабинеттерді әзірлейді.

Мұғалім әрбір сабаққа дайындалуда тек оқулықпен шектеліп қоймай, сол тақырыпты ашатын методикалық әдебиеттерді, көркем шығармаларды, ғылыми еңбектерді де үйреніп шығуы керек. Бұлардың барлығын сабақтың конспектінде көрсетуі мақсатқа лайық болып табылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Оқытуды ұйымдастыру дегеніміз не? Оның мектептер тарихындағы түрлері қандай?
2. Оқытуды ұйымдастырудың негізгі түрі сабақ екенін дәлелде.
3. Сабаққа қойылатын талап қандай?
4. Сабақтың түрлері мен құрылымын айтып бер.
5. Оқытуды ұйымдастырудың сабақтан басқа түрлерін айт.
6. Оқытуды ұйымдастырудың сыныптын тыс түрлерін айт.
7. Оқытушы сабаққа қалай дайындалуы керек?

2.5. Оқушылардың білім алғанын диагностикалау.

2.5.1. Оқушылардың білім алғанын диагностикалаудың мәні.

Оқушылардың білім алғанын диагностикалау туралы сөз студент алдын диагностиканы жалпы тәсіл, ал диагностикалауды практикалық педагогикалық қызметтің құрамдас бөлігі ретінде белгілеп алайық. **Диагностика – бұл дидактикалық процесте болатын барлық жағдайларды айқындау, оның нәтижелерін анық белгілеу.** Диагностикасыз дидактикалық процесті тиімді басқару, сол жағдайда оптимал нәтижелерге жету мүмкін емес.

Білім алғанды диагностикалау арқылы нәтижеге жеткендіктің, білім алғанының айырмасы көрінеді. Сондай-ақ білім алғандық диагностикалау кезеңінде белгіленген мақсатты амалға асырудың дәрежесі ретінде қаралады. Дидакти-

калық диагностикалаудың мақсаты – оқу процесінде болатын барлық жағдайларды оның өнімімен байланыста өз уақытында анықтау, бағалау және талдаудан тұрады.

Сонымен, диагностика оқушылардың білім және іскерліктерін тексеруге қарағанда кең және терең мағынаға ие екені көрініп тұр. Тексеру тек нәтижелерді белгілейді, бірақ олардың келіп шығу себептерін түсіндірмейді. Ал диагностикалау нәтижелерді оларға жету жолдарымен, тәсілдерімен және методтарымен байланыстырып анықтайды. Диагностикалау бақылау, тексеру, бағалау, статистикалық мағлұматтарды топтау, оларды талдау, динамика, тенденцияларды анықтау, оқиғалардың әрі қарай дамуын болжауды өз ішіне алады.

Оқушылардың білімін, іскерлігін бақылау және бағалау диагностика-ның құрамдас бөлігі ретінде енгізіледі. Бұлар педагогикалық технологияның едәуір көне компоненті. Бақылау және бағалау мектептің ажыралмас серігі ретінде, оның дамуына үлес қосты. Сонда да, әлі күнге дейін бағалаудың мазмұны, оның технологиялары туралы тартыс жалғасуда. Баға нені көрсету керек: сапа индикаторы (өлшеуші) болуы керек пе – оқушы үлгерімінің анықтаушысы яки, керісінше, оқыту системасының артықшылығы мен кемшіліктерінің көрсеткіші деген мәселе төңірегінде дауласып келеді. Оқытуды бағалаудың қайшылықты сипатын Я.А.Коменский де атап өткен. Ол бағалау құқықын ақылдылықпен және өлшеммен пайдалануға шақырған.

Жаңа демократиялық мектептерде формал (немқұрайлы) бақылау болмауы керек. Дидактикалық бақылау оқытудың өзіне тән методы ретінде анық белгіленген оқыту, дамыту бағытына ие болуы, өзін-өзі бақылаумен бірігуі, сондай-ақ, білім алушының өзі үшін қажет және пайдалы болуы керек.

Білім беру системасын демократиялау білім, дағды, іскерліктерді бақылау және бағалаудан емес, керісінше, бағаның жәрдеміне оқуға үндеудің ескішіл формасынан бас тартуды талап етеді. Оқушының оқу еңбегін ынталандырудың жаңа тәсілдерін іздеу, тәлім-тәрбиеде күшейіп келе жатқан жеке пайда көру принципі өзгеше қатынаста болуды белгілеп береді. Диагностика системасында

баға ынталандыру тәсілі ретінде жаңа сапаға ие болады. Ең алдымен, бағалаушы пікірлерді (балл) пайдалану мүмкін болған диагностикалау нәтижелері тұлғаның өз дәрежесін белгілеуде көмектеседі, ал бұл қоғамдағы бәсекестік жағдайында маңызды оятушы фактор болып есептеледі. Алдыңғы кездерде көптеген оқушылар бағаны мәжбүрлеп оқыту тәсілі ретінде жек көрген болса, ал қазір ол оқытудың еріктілік принципімен толықтырылып дамыған қоғамда тұлғаның жеке рейтингін орынды анықтайтын тәсілге айналды.

2.5.2. Оқушылардың білім алғанын (үлгерімін) диагностикалау және бақылау принциптері.

Оқушылардың білім алғанын (үлгерімін) диагностикалау және бақылаудың негізгі принциптері әділеттілік (объективтілік), жүйелілік (системалылық), көрнекілік (жариялылық) болып есептеледі.

Әділеттілік (объективтілік) ғылыми дәлелденген диагностикалық тесттер (тапсырмалар, сұрақтар) мазмұнын, диагностикалық рәсімдерін (процедурасын) педагогтың барлық білім алушылармен тең, достық қарым-қатынасын және білім, іскерліктерді бағалаудың дәл, бірдей белгіленген критерийлерін (өлшемінде) өз ішіне алады. Іс жүзінде диагностикалаудың әділдігі қойылған бағалар әрдайым бақылау методтары мен тәсілдеріне және диагностикалауды жүргізген оқытушыға байланыссыз түрде дәл болуын көрсетеді.

Жүйелілік (системалылық) принципінің талабы бойынша диагностикалық бақылауды дидактикалық процестің барлық этаптарында – білімдерді бастапқы қабылдаудан оны іс жүзінде қолдануға дейін жүргізу керек. Жүйелілік барлық оқушылар оқу мекемелеріне келген күннен бастап соңғы күнге дейін үнемі диагностикалауға тартылатынын көрсетеді. Білім алушылардың меңгеруі керек болған барлық маңызды нәрселерді сенімді тексеру үшін бақылауды жиі-жиі өткізу керек. Жүйелілік принципі диагностикалауды комплексті түрде өткізуді талап етеді, сонда ғана бақылаудың, тексерудің, бағалаудың әртүрлі формалары, методтары және тәсілдері өзара және бірге тығыз қарым-қатынаста пайдаланылатын, бір мақсатқа бағынатын болады. Бұл диагностикалаудың кейбір методта-

рын әммебап болуға жол бермейді.

Көрнекілік (жариялылық) принципі, ең алдымен, барлық білім алушыларды бір түрлі критерийлер бойынша ашық сынаудан өткізуді көрсетеді. Диагностикалау барысында белгіленген әрбір оқушының рейтингі көрнекілік және салыстырмалы сипатқа ие болады. Жариялылық принципі, сондай-ақ, бағаларды жариялауды және дәлелдеуді талап етеді. Баға – бұл оқушылардың өзіне қойылатын талаптың мөлшерін, сондай-ақ педагогтың әділеттілігін өлшейтін бағыты. Бұл принципті іске асырудың қажетті шарты әрбір өткізілген диагностикалау нәтижелерін жариялап бару, мүдделі адамдар қатысуында талқылау және талдау, кемшіліктерді жоюдың перспективалы жоспарларын жасау.

2.5.3. Оқыту процесінде бақылау мен есепке алудың функциялары.

Оқыту процесінің маңызды компоненттерінің бірі - **бақылау мен есепке алу**. Оқытушы оқыту барысында бақылау мен есепке алуды дұрыс ұйымдастырса, онда оқыту процесінің тиімділігі артады. Бұл үшін ол оқушының оқу материалдарын меңгеруін анықтап баруы керек.

Бақылау түсінігі оқушының білім, дағды және іскерліктерін *анықтау, өлшеу мен бағалауды* білдіреді. Анықтау мен өлшеу есе **тексеру** деп аталады.

Тексеру бақылаудың құрамдас бөлігі ретінде оқытушы мен оқушының арасында кері байланыс орнатуды, оқу материалын меңгеру дәрежесі туралы оқытушының анық хабар алуын, білімдегі кемшіліктер мен қателіктерді дер кезінде анықтауды қамтамасыз етеді. Тексерудің мақсаты тек оқушының білім алғандық дәрежесі мен сапасын анықтау емес, оның оқу қызметінің көлемін де анықтау болып табылады.

Тексеру системасындағы **бірінші буын** оқушының білім дәрежесін алдынала анықтау болып саналады. Әдетте, бұл оқу жылының басында яки жаңа тарауды бастаудан алдын оқушылардың алдыңғы алған білімдерін анықтау мақсатында өткізіледі.

Білімдерді тексерудің **екінші буыны** әрбір тақырыпты меңгеру барысында жүргізілетін күнделікті тексеру болып есептеледі. Күнделікті тексерудің міндеті – үйрету.

Оқушылардың білімін, іскерлігін тексерудің **үшінші буыны** - қайта тексеру. Қайта тексеру білімдерді бекітуге көмектеседі.

Тексерудің **төртінші буыны** – оқтын-оқтын тексеру. Мұндай тексеру бір тарауды яки маңызды бір тақырыпты аяқтағанда жүргізіледі. Оның негізгі міндеті – системаға түсіру, қорыту.

Тексеруді ұйымдастыруда **бесінші буын** оқушылардың дидактикалық процестің барлық кезеңдерінде алған білімдері мен іскерліктерін қорытынды тексеру және есепке алудан тұрады. Қорытынды тексеру әр ширектің соңында, оқу жылының аяғында жүргізіледі

Тексеруден тыс бақылау өз ішіне **бағалауды және бағаны** алады. **Бағалау** дегеніміз білім, іскерлік және дағдыларды оқу программасында көрсетілген эталондармен (өлшеуіш) салыстыру. **Баға** дегеніміз бағалаудың балл формасында көрініс тапқан сан жағынан өлшемі.

Оқытушы оқыту барысында оқушылардың үйреніліп жатқан материалды қалай қабылдауын, түсінуін, есте сақтауын, оны іс жүзінде қолдана алу іскерліктерін есепке алып отыру керек. **Есепке алу** – бұл оқытудың белгілі бір кезеңінде оқушылар мен мұғалімнің жұмысын жинақтап қорыту.

Мектепте есепке алудың өзіндік ерекшелігі бар, ол мұнда оқыту және тәрбиелеу мәніне ие. Есепке алудың нәтижесінде оқытушы да, оқушы да өздерінің кейінгі жұмыстарының формасын, мазмұнын белгілейді. Үлгерімді есепке алу оқушылардың танымдық қызметін ынталандырып отырады, белгілі бір әрекеттерді орындау үшін оның ерік-жігерін тәрбиелейді.

Үлгерімді есепке алу оқытушының да жұмысын ұйымдастырады. Дұрыс ұйымдастырылған есепке алу нәтижесінде оқытушы оқушылардың үлгерімін дәл бағалай алады, олардың өз білімін жетілдіруге ынтасын оятады, ақыл-ойының және моралдық қасиеттерінің дамуына көмектеседі.

Үлгерімді есепке алудың мынадай түрлері бар: күнделікті есепке алу, тақырыптық есепке алу, кезеңдік есепке алу, қорытынды есепке алу

Үлгерімді есепке алуда мынадай мәселелерге көңіл бөлу керек:

- тақырыпты үйрену барысында оқушылардың білімін, іскерлігін және дағдысын жан-жақты бақылау керек;

- әрбір аяқталған тақырып бойынша оқушылардың жұмысы туралы толық қорытынды шығару керек;

- оқушылардың үлгерімін орта арифметикалық мәліметтерге сүйеніп бағалауға болмайды;

-оқушыларға толық мінездеме беру үшін олардың бірнеше оқу жылындағы статистикалық үлгерім мәліметтеріне талдау жасау қажет.

Жоғарыдағыларға сүйеніп айтатын болсақ, бақылау және есепке алу *бақылау, оқыту, тәрбиелеу және дамыту функцияларын* орындайды.

Бақылау функциясы оқушылардың білім, дағды және іскерліктерінің дәрежесін анықтау мен бағалаудан тұрады. Бұл оқу материалдарын үйренудің кейінгі басқышына өту мүмкіндіктерін анықтайды және оқытушының оқу методтарын, тәсілдерін дұрыс таңдағанын бақылайды. Бақылау міндеті оқу материалдарын үйренудің дұрыс жолдарын табумен байланысты болады.

Оқыту функциясы оқушылардың білімін тексеруде анық көрінеді. Жаңа тақырыпты бекіту кезеңінде яки үй тапсырмаларын тексеруде оқушылар үшін өтілген тақырыпты қайталауға, түсініксіз болған жағдайларды біліп алуға мүмкіндік туады. Себебі сыныпта жауап беріп тұрған оқушының пікірлерін басқа оқушылар көңіл бөліп тындауы арқылы алдыңғы білімдерін бекітеді, оны қосымша мағлұматтармен байытады. Жолдастарының жауаптарына қосымша жасауға яки шешілмей қалған сұрақтарға жауап беруге дайындалуда олар өтілген тақырыпты анықтауға әрекет етеді.

Бақылаудың **тәрбиелеу функциясына** оқушылардың тексеруге дайын болуы үшін сабақты өз уақытында орынындауы, бос уақыттарынан үнемді пайдалануы, тәртіпке үйренуі жатады. Сондай-ақ, тексеру мен бағалау оқушының өз білімі мен қабілетін өзі анықтауына да жәрдем береді. Өзіндегі кемшіліктерді

көре білуге және оны жоюға көмектеседі. Бірақ оқытушы оқушының білімін бағалауда әділетсіздік жасаса, оқытушы мен оқушының арасында келіспеушілік пайда болады. Үй тапсырмаларының шамадан тыс көп болуы да оқушылардың сабақ дайындауға немқұрайды қарауына әкеп соқтырады.

Егер бақылаудың оқыту және тәрбиелеу функциялары дұрыс орындалса, онда оқушының ақыл-ойын дамытуға, сезімдері мен моралдық қасиеттерін тәрбиелеуге мүмкіндік туылады. Бұл өз-өзінен бақылаудың **дамытушы функциясы** саналады.

(Жоғарыдағыларды И.П.Подласыйдың «Педагогика» (М.,2001) оқулығынан пайдаланып жаздық.)

2.5.4. Оқушылардың оқу-таным қызметін бақылаудың түрлері, формалары және методтары.

Қазіргі дәуірдің педагогикалық тәжірибесінде оқушылардың оқу-таным қызметін бақылау төмендегі *түрлер* бойынша жүзеге асырылады:

- күнделікті бақылау – **КБ.**
- аралық бақылау – **АБ.**
- қорытынды бақылау – **ҚБ.**

Күнделікті бақылау – бұл оқытушының үнемі сабақ үстінде оқушылардың оқу қызметін бақылауы және үйренілген тақырыптарды меңгергені бойынша олардың білім, дағды, іскерліктер дәрежесін тексеруі. Тексеру әр бір пән бойынша күнделікті балл қоюды талап етеді. Тексеру түрін оқытушының өзі таңдайды. Күнделікті тексерудің әрдайым қолданылатын формалары төмендегілер:

1. Оқу материалын меңгеру бойынша ауызша тексеру.

2. Қысқа көлемдегі жазба тапсырмалар яки аз мөлшердегі (15-тен артық болмаған) тест.

Күнделікті тексеру оқытушыны әрбір оқушының оқу қызметі туралы жылдам ақпараттармен қамтамасыз етеді, оқыту процесін басқаруда жақсы нәтиже береді, үлгермейтін оқушыларды өз уақытында сезеді және оқу материалдарын меңгеру бойынша шаралар белгілейді. Ширектер барысында тексерудің тұрақты

шкаласы негізінде әрбір тәсілі бағаланады. Ширек соңында барлық күнделікті тексеру бағаларының орташасы есептелініп шығарылады.

Аралық бақылау оқу пәндерінің белгілі бір бөлімдерін (яки бірнеше тақырыптарды) оқушылардың қай дәрежеде меңгергенін тексеруді мақсат етеді. Аралық бақылауды оқытушы сабақ кестесіне негізделіп, бір сабақ барысында ауызша, жазбаша яки тест формасында оқу материалының өзіне тән қасиеті бойынша өткізеді.

Аралық бақылау өткізуден алдын оқушылар ескертіледі. Әрбір аралық тексеру бөлек-бөлек тұрақты шкала негізінде бағаланады.

Қорытынды бақылау ширектік, жылдық және мемлекеттік аттестация сынақтары сияқты түрлерге бөлінеді. Қорытынды бақылау ауызша, жазбаша, тест және практикалық тапсырмаларды орындау методтары негізінде өткізіледі.

Бақылаудың формасы оқу жұмыстарын ұйымдастыру формасына байланысты болады. Оқытушы оны тақырыптан келіп шығып таңдайды. Бақылаудың негізгі *бес түрлі формасы* бар:

– **бақылаудың фронтал (жаппай) формасында** оқытушы оқушыларға материалдың белгілі бір көлемі бойынша сұрақ береді, оқушылар оған қысқаша жауап қайтарады. Бұлай сұрау оқушылардың көпшілігін бақылауды қамтамасыз етеді және бүкіл кластың белсенділігін арттырады. Бірақ бұл бақылауды оқушылардың білім дәрежесін жан-жақты анықтау үшін пайдалануға болмайды.

– **бақылаудың топтық формасында** оқушылардың белгілі бір тобы бақылауға алынады. Оқытушы оқушылар тобына тапсырма береді, ал олар сол тапсырманы орындайды. Бірақ басқа оқушылар бос отырмайды, олардың орындған жұмыстарын бағалау үшін өз үстінде жұмыс істейді, қажет болса топқа көмекке барады.

– **бақылаудың индивидуал (дербес) формасы** оқушының білімін, іскерлігін және дағдысын анықтау үшін қолданылады. Бақылаудың дербес формасында, әдетте, оқушылар класс тақтасының алдында тұрып тапсырманы орындайды.

– **бақылаудың комбинацияланған (қиыстырылған) формасы** дербес

бақылауды жаппай яки топтық бақылау формаларымен қиыстыруды талап етеді. Бұл бақылау көлемі кең болған тақырыпты барлық оқушылардан сұрайтын уақытта пайдаланылады. Әр оқушыға жеке тапсырма беріліп, біреуінен ауызша, ал екіншісінен жазбаша жауап ала отырып, бір мезгілде бірнеше оқушыны тексеруге мүмкіндік болады.

– **өзін-өзі бақылау формасы** арқылы оқушылар өздерінің оқу материалын қай дәрежеде меңгергенін тексереді. Бақылаудың бұл формасы психологиялық критерийлерге негізделеді. Оның нәтижелі болуы оқытушының кәсіптік шеберлігіне байланысты болады.

Оқушылардың оқу қызметін бақылау **методтары** мыналар: ауызша тексеру, жазбаша тексеру және практикалық тапсырмаларды орындауға негізделген тексеру.

Ауызша тексеру. Бұл метод білімді бақылау және бағалаудың ең кең тараған дәстүрлі түрі. Ауызша тексерудің мәні сонда, оқытушы оқушыларға үйренілген тақырыптың мазмұнынан келіп шығып сұрақтар береді және оларды жауап беруге үндейді. Сөйтіп оқушылардың үлгерім дәрежесін анықтайды. Оқушылардың білімін ауызша тексеруде сұрақ-жауап тәсілін қолданғандықтан, бұл методты кейде **сұхбат** методы деп те атайды. Ауызша тексеруде оқытушы өтілген тақырыпты мазмұнына қарай бірнеше бөліктерге бөледі де, олардың әрқайсысы бойынша оқушыларға сұрақ береді. Тақырыпты түгелдей бір оқушының айтып беруі де мүмкін. Ауызша тексеру арқылы оқушылардың тек білімін ғана емес, қай дәрежеде сөйлеуін, ойлауын, қисынды пікірлеуін де анықтауға болады. Бірақ ауызша сұрау көп уақытты алады. Ауызша тексеруді жазбаша тексерумен бірге жүргізу тиімдірек болады.

Жазбаша тексеру – оқушылардың білім, дағды және іскерліктерін бақылау мен бағалаудың ең тиімді методтарының бірі болып, олардың творчестволық қабілеттерін бағалауға жағдай туғызады. Бұл методтың мәні сонда, оқытушы тақырыпты немесе оқу пәнінің белгілі бір бөлігін өткеннен кейін аз уақыттың ішінде барлық оқушыларды бірдей тексере алады. Жазбаша тексеру бақылау жұмысы, шығарма, мазмұндама, диктант, зачет т.б. жәрдемінде жүргізіледі.

Бірақ оқытушы мен оқушының арасында тікелей қатынас болмағандықтан, ол оқушылардың ойлау процесін бақылай алмайды.

Практикалық тапсырмаларды орындауға негізделген тексеру. Бұл орындалып жатқан практикалық әрекеттерді (спорт, еңбек әрекеттері) бақылау яки алынған нәтижелерге сүйену арқылы амалға асырылады. Практикалық жұмыстарды тексеру методы табиғи-математикалық циклдегі пәндерден оқушылардың үлгерімін тексеруде пайдаланылады. Сондай-ақ, бұл метод сурет, еңбек, сызу, дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың алған білімдерін, дағдыларын және іскерліктерін тексеруде де өте көп қолданылады. Практикалық методтар жәрдемінде оқушылардың алған білімдерін іс жүзінде қолдану іскерлігі анықталады.

Үй жұмысын тексеру. Оқушылардың үлгерімін бақылау үшін олардың үйге берілген тапсырмаларды орындауын тексеру үлкен мәнге ие. Үй тапсырмаларын тексеру арқылы оқытушы оқушылардың оқу жұмыстарына қатынасын, үйренілген материалды қай дәрежеде меңгергенін, үй жұмыстарын орындаудағы дербестік дәрежесін анықтайды.

Өзбекстан Республикасының «Кадрларды даярлаудың ұлттық программасы» мен Уәзірлер Мекемесінің 1998 жылы 13-майда қабылдаған 203-санды «Өзбекстан Республикасында жалпы орта білім беруді ұйымдастыру туралы» қаулысын орындау мақсатында оқушылардың білім дәрежесін рейтинг metodyмен бағалау системасы енгізілді.

Рейтинг(ағылшын тілінде бағалау, жетістік өлшемі) дегеніміз – бағалау, тәртіпке келтіру, классификациялау, белгілі бір оқиғаны алдын-ала белгіленген шкала бойынша бағалау.

Шкалалау – нақты жағдайды цифрлар (сан) арқылы моделдестіру.

Рейтингдік бақылауда оқушылардың оқу қызметін тест metodyмен бақылау табысты болуда. 1993 жылдан бастап Өзбекстан Республикасында абитуриенттерді жоғары оқу орындарына тест сынағы негізінде қабылдау енгізілді.

Тест – анық мақсат негізінде белгілі бір жағдай дәрежесін сапа және сан көрсеткіштерінде белгілеуге мүмкіндік беруші сынақ тәсілі.

Педагогикалық тәжірибеде тестің бірнеше абзалдықтары байқалады. Олар төмендегілер:

- 1) бақылау үшін уақыттың аз жұмсалыуы;
- 2) теориялық және практикалық білім дәрежесін объектив жағдайда анықтаудың мүмкіндігі;
- 3) бір уақыттың ішінде бірнеше оқушыны бақылауды ұйымдастыру мүмкіндігі;
- 4) білім нәтижелерін оқытушының қысқа уақытта тексере алуы;
- 5) барлық оқушыларға бірдей сұрақтар беріліп, олар үшін бірдей жағдайдың жаратылуы.

Рейтинг методымен бағалау барлық жалпы білім беретін оқу орындары (мектептері) үшін міндетті болып саналады.

Жалпы орта білім беретін оқу орындарына (мектептерге) рейтинг методын енгізуден **мақсат** – тексерудің әртүрлі түрлерінен және формаларынан пайдалану жолымен жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарт талаптарын орындауды қамтамасыз ету, білім беруді жетілдіру, оқушыларда системалы түрде өз бетінше істеу дағдыларын қалыптастыру және олардың интеллектуалдық қабілетін дамыту.

Рейтинг методы оқушылардың білім алу қызметін үздіксіз бақылауды өз ішіне алады. Бағалаудың көп балдық системасы әрбір оқушы қызметінің нәтижелерін жинақтау, оларды білім дәрежелеріне қарай дифференциялау және оқушылар қол жеткізген табыстарына қарай ынталандыруға жағдай жасайды.

Рейтинг методымен бағалау системасына төмендегідей талаптар қойылады:

1. Оқушылардың білімі, іскерлігі және дағдысына қойылған баға оқытушы мен оқушының қарым-қатынасынан келіп шықпайтын **әділ** болуы керек.
2. Әрбір оқу қызметі орындалу сапасына қарай өз уақытында бағалануы керек болған **анықтықты** талап етеді.
3. Рейтинг кез келген педагогикалық ситуация мен жағдайда тиімді істей алатын **бейімді** болуы керек.

4. Оқушының білім дәрежесі мектеп рейтинг шкаласына сай келетіндей **сенімді** болуы керек.

5. Оқушылардың әрбір пәннен меңгерген білімдері түрлі варианттағы балдарды жинау негізінде бірыңғай рейтинг шкаласында бағаланатын **көпвариантты** болуы керек.

6. Рейтингнің барлық элементтері (шкала, нормативтер, таблица, инструкция т.б.) бір-бірімен өзара тығыз байланысып, бірыңғай система ретінде жұмыс істейтін **системалы** болуы керек.

7. Рейтингнің негізгі жақтарын қабылдау және түсіну қай кластың, қай мектептің оқушысына болса да **түсінікті** болуы керек.

8. Әрбір оқушының әртүрлі пәндерден алған білім, іскерлік және дағдыларының дәрежесіне қарай рейтинг системасы «ажырата алатын және байқайтын» **дифференциялау** қасиетіне ие болуы керек.

9. Рейтинг оқушының ширектен-ширекке, жылдан-жылға оқуда табыстарға жетуіне сенімді қозғаушы күш болатындай **ынталандырушы** болуы керек.

Тексерудің рейтинг системасы оқу жұмысында төмендегілерді іске асыруға жағдай жасайды:

1) оқушылардың өзіндік жұмысын үздіксіз тексеруді және әрбір оқу жұмысын меңгеру сапасын үнемі бағалауды;

2) оқушылардың әрбір пәннен меңгерген білімдерін рейтинг бойынша анықтап, оларды білім дәрежелеріне қарай дифференциялауды;

3) жариялы тексеру арқылы әрбір оқушыны рейтинг дәрежесімен жүйелі таныстыруды.

Ауызша тексеру нәтижелері оқушыларға сабақ аяқталғаннан соң хабарланады. Жазбаша жұмыс пен тест-сынақ бағалары 5 күн ішінде оқушыларға хабарлануы керек.

Барлық жазбаша және тест-сынақ нәтижелері, аралық және қорытынды бақылау материалдары бір оқу жылы бойында мектептің оқу бөлімінде сақталады.

Бағалау тәртібі өзінде төмендегілерді қамтиды:

– әр ширек үшін белгіленген тексеру тәртібінің саны және құрамы бойынша оқытушы бастапқы бағаларды қояды;

– ширектік бағалар бастапқы бағаларды жалпылап қорытындылайды.

– оқушылардың барлық пәндер бойынша қорытындыланған бағалары ширек рейтингін тудырады;

– оқу пәндері бойынша жылдық бағалар;

– оқушылардың оқу жылындағы жалпы рейтингі.

9-класс үшін қосымша: бітірушінің мемлекеттік аттестация қорытындысы бойынша рейтингі.

2.5.5. Білім, іскерлік және дағдыларды бағалау критерийлері.

Оқушылардың білім, дағды және іскерліктерін бағалау критерийлері әрдайым да даулы мәселе болып келген. Біріншіден, бағалау критерийлері педагогикалық әдебиеттерде әртүрлі көрсетілген. Екіншіден, бағалау, баға қою көп мемлекеттерде біркелкі емес. Бірақ барлығын қорытындылай келе, оқушылардың білім, дағды, іскерліктерін бағалау критерийлері әр бір пәннің мақсат-міндеттерінен, сондай-ақ оқушылардың үлгерімінен келіп шығады десек болады.

«5» *баға* – а) оқушы программа материалдарын толық меңгерген болса; б) үйренілген тақырыптағы негізгі пікірлерді ашып бере алса; в) меңгерген білімдерді іс жүзінде пайдалана алса; г) тақырыпты баяндауда, жазбаша жұмыстарда қате жібермесе қойылады.

«4» *баға* – а) оқушы үйренілген тақырыпты білсе; б) оқытушының сұрақтарына қиналмай жауап берсе; в) меңгерген білімдерді іс жүзінде пайдалана алса; г) ауызша жауапта шамалы қате жіберіп, оқытушының қосымша сұрақтары арқылы қатесін түзетсе, сондай-ақ жазбаша болмашы қате жіберсе қойылады.

«3» *баға* – а) оқушы үйренілген тақырыпты меңгерген, бірақ өз бетінше түсіндіруде оқытушының айқындаушы сұрақтарына қажеттілікті сезсе; б) сұрақтардың логикалық желісін өзгертіп бергенде, жауап беруге қиналса; в) жазба жұмыста қателері болса қойылады.

«2» *баға* – а) оқушының үйренілген тақырып туралы түсінігі бар, бірақ тақырыпты меңгермеген болса; б) жазбаша жұмыста маңызды қателер жіберсе қойылады.

«1» *баға* – а) үйренілген тақырып бойынша түсінігі жоқ болса; б) жазбаша жұмыста өрескел қателері болса қойылады.

Барлық оқу пәндері бойынша бағалау критерийлері жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты талаптарына сай белгіленеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Оқушылардың білім алғандығын диагностикалау дегеніміз не?
2. Диагностиканың бағалау мен тексеруден айырмашылығын айт.
3. Бақылау мен тексеру түсініктерін сипатта.
4. Тексеру системасы қадай буындардан тұрады?
5. Бақылаудың тексеруден басқа қадай түрлері бар.
6. Оқушылардың меңгеру нәтижелерін есепке алуда неге көңіл бөлу керек?
7. Бақылау және есепке алудың міндеттері қандай?
8. Оқыту нәтижелерін тексеру және бағалауға қойылатын талаптар қандай?
9. Оқу қызметі нәтижелерін есепке алудың қандай методтары бар?
10. Рейтинг системасы не?
11. Бағалау критерийлерін түсіндір.

3-тарау. ТӘРБИЕ ТЕОРИЯСЫ.

3.1. Тәрбиенің мәні, мақсаты, мазмұны, заңдылықтары мен принциптері.

3.1.1. Тәрбиенің мәні, мақсаты.

Тәрбие – бұл әлеуметтік құбылыс. Бірақ осы күнге дейін тәрбие процесіне көзқарас бірдей емес. «Тәрбие» түсінігі педагогика ғылымының негізгі категориясы болуына қарамастан, оны бір сөзбен сипаттап болмайды.

Педагогикада «тәрбие» түсінігі әлеуметтік тұрғыдан кең және тар мағынада қарастырылады. **Кең әлеуметтік мағынада** тәрбие алдыңғы ұрпақтың кейінгі ұрпаққа жинақтаған тәжірибесін беруі деп түсініледі.

Ал тар әлеуметтік мағынада тәрбие – бұл әлеуметтік институттардың адам бойында белгілі бір білімдер, көзқарастар мен сенімдер, моралдық құндылықтар, саяси бағыттылық пен өмірге дайындықты қалыптастыру мақсатындағы бағытты әрекеті.

Тәрбие әлеуметтік тұрғыдан – бұл өсіп келе жатқан жастарды қоғамдағы бүгінгі және келешектегі өмірге арнайы ұйымдастырылған, қоғам тарапынан бақыланатын және түзетілетін мемлекеттік және қоғамдық құрылым арқылы мақсатты даярлау.

Тәрбие – бұл бала жеке басының максимал дамуына, баланың заманауи мәдениеттің ішіне кіруіне, оның өз өмірінің субъекті әрі қожасы болып жетілуіне, қадірлі адам болуына көмектесуші педагогтың мақсатқа бағытталған мазмұнды кәсіби қызметі.

Тәрбиенің мақсаты белгілі бір қоғамның объективтік қажетінен туады. Тәрбиенің мақсатына сай жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудің жүйесін қайта құру, қоғамдық тәрбие орындарының типтері, оқу-ағарту мекемелерінің сипаты, оқу-тәрбие жұмысының мазмұны, әдісі, формасы анықталады. Біздің елі-

мізде **тәрбиенің мақсаты** жан-жақты жетілген, дербес ой-пікірі бар жеке адамды қалыптастыру болып табылады.

Өзбекстанның азаматы қандай болуы керек, оған қандай тәрбие мен білім беру керек деген сұрақтарға Президент И.А. Каримов «Ўзбекистоннинг ўз истиклол ва тараққиёт йўли» кітабында жауап береді. Кітапта тәрбие Өзбекстанды жаңарту мен дамытудың 4 негізгі қағидасына:

- 1) жалпы адамзаттық байлықтарға;
- 2) халқымыздың рухани мирасын қалпына келтіру және дамытуға;
- 3) адамның өз мүмкіншіліктерін еркін көрсетуіне;
- 4) отансүйгіштікке

негізделетіні көрсетілген.

3.1.2. Тәрбиенің міндеттері мен мазмұны.

«Тәрбие» түсінігі өте кең, оны қоғамдық құбылыс, қызмет, процесс, құндылық, система, ықпал, өзара әрекет ретінде түсінуге болады.

Оқу-тәрбие мекемелерінде амалға асырылатын тәрбие **кең педагогикалық мағынада** – бұл коллективтің, тәрбиешілердің тәрбиеленушіде белгілі бір қасиеттерді қалыптастыру мақсатында оқу-тәрбие мекемелерінде іске асырылатын және барлық оқу-тәрбие процесін қамтитын, арнайы ұйымдастырылған, мақсатқа бағытталған, басқарылатын ықпал жасау, ал **тар педагогикалық мағынада** тәрбие – бұл анық тәрбиелік міндеттерді шешуге бағытталған тәрбиелік жұмыс процесі мен нәтижесінің системасы деп қаралады.

Оқу-тәрбие мекемелерінде берілетін тәрбиенің **негізгі міндеттері:**

– дүниетанымы кең, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған адамның негізін қалыптастыру;

– еңбек, қоғам, отбасы және уақытты пайдалана білуге әзірлеу;

– кәсіп таңдауға, өз тағдырын өзі шешуге мүмкіншілік жасау;

– жастардың өзін-өзі тәрбиелеуіне, өз бетімен білім алуына мүмкіндік жасау.

Тәрбиенің мазмұны дегенде тәрбиенің мақсаты мен міндеттеріне сай оқушылар меңгеруі керек болған білімдер, сенімдер, дағдылар және жеке адамның сапалары мен келбеті, мінез-құлықтың тұрақты әдеттері түсініледі.

Тәрбиенің мақсаты тәрбиенің барлық сатысында алға қойған міндеттерге сай, балалардың даму және жас ерекшеліктері ескеріле отырып, тәрбие салаларының мазмұны арқылы іске асырылады.

Тәрбиенің салалары: ақыл-ой, адамгершілік, еңбек, дене, эстетикалық, экономикалық, құқықтық, экологиялық.

Ақыл-ой тәрбиесінің мазмұнына оқушылардың ойлау қабілетін, дүниеге ғылыми көзқарасын жетілдіру және қалыптастыру, ғылыми біліммен қаруландыру жатады.

Адамгершілік тәрбиесі мазмұнына адамгершілік мінез-құлық нормаларын қалыптастыру: семьяға, Отанға адал болуды тәрбиелеу, халықтар достығын құрметтеу, адамгершілік парызын сезіну жатады.

Еңбек тәрбиесі мазмұнына оқушыларды еңбекті құрметтеу және мамандық таңдауға тәрбиелеу, еңбек дағдысына және іскерлікке үйрету жатады.

Дене тәрбиесі мазмұны оқушылардың организмінін дамытып жетілдіруді, төзімді, епті, батыл болуға тәрбиелеуді өз ішіне алады.

Эстетикалық тәрбие әсемдікке, сұлулыққа талпынатын, одан ләззат алатын оқушыларды тәрбиелеуді мақсат етеді.

Экономикалық тәрбие мазмұны оқушыларда үнемшілдік, еңбексүйгіштік, іскерлік, бастамашылдық, ықыластылық, құнттылық, тәртіптілік, коллектившілдік сияқты қасиеттерді қалыптастыруды өз ішіне алады.

Экологиялық тәрбие мазмұнына табиғатқа саналы және тәртіпті қатынаста болуды тәрбиелеу, табиғат байлықтарынан тиімді де ұтымды пайдалануға үйрету, келешек ұрпақ үшін өмір сүруге ыңғайлы жағдайды қалдыру рухында тәрбиелеу жатады.

Құқықтық тәрбие мазмұны – Конституция, мемлекет туралы тағлымды үйретуді, үкімет заңдарын құрметтеуге үйретуді, баланың құқықтары мен міндеттерін, жауапкершілігін үйретуді т.б. мақсат етіп қойған.

Тәрбиені комплексті жүргізу – тәрбие ісінің тиімділігін арттырады.

3.1.3. Тәрбие процесінің ерекшеліктері.

Тәрбие процесі – бұл күрделі диалектикалық процесс. Оған қоршаған ортаның, әлеуметтік жағдайдың әсері бар. Сондықтан бұл процесі басқару, жүзеге асыру, оның нәтижесін көру қиын әрі ұзақ уақыт талап етеді.

Тәрбие процесі – бұл жас өспірімдерді белгілі бір мақсат жолында жан-жақты дамыту, оның санасы мен мінез-құлқын қалыптастыру процесі.

Тәрбие процесінің нәтижелі болуы үшін оның ішкі және сыртқы қарама-қайшылықтарын білу керек.

Тәрбиенің **ішкі қарама-қайшылығы**, яғни жеке адам дамуының қозғаушы күші оқушыға жасалынатын сыртқы әсерлер, педагогикалық ықпалдар мен баланың ішкі позициясы аралығында туындайды.

Ал **сыртқы қарама-қайшылықтар** дегеніміз бұл – мектеп тәрбиесі мен семья тәрбиесінің, мектеп тәрбиесі ықпалы мен қоршаған орта ықпалының, мектеп коллективінің оқушыларға қойған талабының біркелкі болмауы.

Сыртқы қарама-қайшылықтарды болдырмау үшін ата-ана, мектеп, жұртшылық бірлесе, мақсатты түрде жұмыс алып баруы керек.

Мектепте тәрбие процесі *үздіксіз және жүйелі жалғасатын процесс* болып, оған оқытушы, тәрбиеші жетекшілік етеді және ол тәрбиенің қазіргі уақыт үшін керекті болған мақсатын, осы мақсатты шешуге қызмет ететін әрекетін белгілейді.

Мектептегі тәрбие процесінің бағыттары мыналар:

1. Тәрбиенің мақсат-міндеттеріне сай жеке адамды жан-жақты дамыту.
2. Оқыту процесінде оқушыларды қоғамдық мәдениет пен рухани байлықтарды игеруге үйрету.
3. Оқушыларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.
4. Оқушылардың коллективте қарым-қатынасқа кірісуін қалыптастыру.
5. Оқушылардың танымдық қызметін ұйымдастырып, санасын дамыту.

6. Баланың адамгершілік сипаттарын, ақыл-ой парасатын жан-жақты үй-лесімді қалыптастыру.

7. Кейбір оқушылардың жағымсыз іс-әрекетіне тыйым салу.

Тәрбие процесі мектепке дейін басталып, мектепте және мектептен кейін де жалғасады. Былайынша айтқанда, өмір бойы созылады. Тәрбие процесі комплексті, секірмелі, қайшылықты болады.

Тәрбие процесі **екі жақтылық функцияға ие**. Тәрбиеші балаға объект ретінде педагогикалық ықпал жасайды, яғни тәрбиелейді. Ал, бала белгілі әрекет жасайтын, мінез-құлық нормаларын бойына сіңіретін, жолдастарымен, коллективпен арадағы қатынастарда ұстанатын линияларды өзі анықтайтын тәрбие субъектісі ретінде де көрінеді.

Мектептегі тәрбие процесінің ерекшелігі – келешекті көздегендігі және нақты мақсаттылығында. Мектеп коллективі, ата-аналар, қоғамдық ұйымдар және жұртшылық барлық уақытта бірдей белгілі бір мақсатта балалармен тәрбие жұмысын алып барады.

Тәрбие процесінде баланың жеке басы белсенділігінің ең жоғары формасы оның өзін-өзі жетілдіруге, тәрбиелеуге ұмтылуы болып табылады.

Өзін-өзі тәрбиелеу – өз мінез-құлқына өзі баға бере алуды, басқалармен салыстыра алуды көздейді. Бұл жағдайда адам субъектке айналады. Өзін-өзі тәрбиелеу жасөспірім шақтан басталады. Тәрбиеші оқушыға өзін-өзі тәрбиелеуде көмек беріп, жеке программаларын жасауда басшылық жасайды.

Тәрбие процесінің заңдылықтары мен қозғаушы күштері тәрбие тиімділігін арттыруда өте қажет екенін білу – әрбір тәрбиешінің міндеті. Себебі бұл процесс тәрбие жұмысының бағыттылығын арттырады, мұғалімдер мен оқушылар коллективтері қызметтерін жандандырып, олардың қоғамдық белсенділіктері мен еңбекке құштарлықтарын дамытып, педагогикалық еңбектің соңғы қорытынды нәтижесін көре білуге мүмкіндік береді.

3.1.4. Тәрбие заңдылықтары. Тәрбие принциптері.

Тәрбие процесінің заңдылығы педагогикалық құбылыстар мен процесстердің бір-бірінен объективті түрде байланысып жатуымен сипатталады.

Тәрбие процесінің бірінші заңдылығы – тәрбие процесінің мазмұны қоғамдық ортаның объективтік және субъективтік факторларымен тығыз байланыста болуы.

Екіншісі – жеке адам тәрбиесі мен дамуының бірлігі және өзара байланыстылығы

Үшіншісі – тәрбие процесінің мазмұны жеке адамның ішкі позициясына жасаған ықпалының жоғары болуы.

Төртіншісі – тәрбие процесінің қорытынды нәтижесі бүгінгі өмір талабына сай болуы.

Бесіншісі – тәрбие мен тәрбиелеу бірлігі.

Тәрбие принциптері дегеніміз – тәрбие процесінің мазмұнын, ұйымдастырылуы мен әдістерін айқындайтын ережелер, алғы шарттар, талаптар және бағыттаушы қағидалар жиынтығы.

Тәрбиенің мақсаттылық принципі. Педагогикалық жұмыстың жемісті болуы үшін тәрбиенің мақсат-міндеті анық, айқын болуы керек. Тәрбие жұмысының мақсаттылығы, идеялық бағыттылығы тәрбиелік іс-әрекетті бағдарсыздықтан, кездейсоқтықтан сақтандырады.

Тәрбиенің өмірмен байланыстылық принципі. Оқушыларды қазіргі өмірдің барлық саласынан хабардар болуды, өз елінің, халқының өткені мен бүгінгісін білуді, жалпыадамзаттық қадір-қасиеттерді меңгеруді талап етеді.

Жеке адамға талап қоюшылық пен құрметтей білудің бірлікте болу принципі дегеніміз баланы жан-жақты білу, оның қасиеттері мен мүмкіндіктерін, күшті және осал жақтарын айқындау және оның жағымды қасиеттерінің дамуына педагогикалық қолайлы жағдай туғызу, ықпал жасау болып табылады. Балаға жоғары талап қою, оған сенім көрсетумен ұштасуы керек. Жеке басын сыйлау, оған тым қамқорсымай, ілтипатпен қарым-қатынас жасауды талап етеді.

Сана мен мінез-құлықтың бірлік принципі адам бойында ар-ождан, талғам, мәдениетті мінез-құлық, адамгершілік қадір-қасиеттердің үйлесімді дамуын қажетсінеді.

Балалардың жас және дара ерекшеліктерін есепке алу принципі. Мұнда тәрбиенің нақты міндеттері мен оқушыларға қойылатын талап олардың жас және дара ерекшеліктеріне, тәрбие деңгейіне тәуелді болуы керек.

Тәрбие жұмысында **адамның жақсы қасиеттеріне арқа сүйеу принципі** өте жоғары бағаланады. Бұл өсіп келе жатқан жас ұрпақтың жақсы қасиеттерін дамыту, оны жаман әдеттерден сақтандыру, оған сеніммен қарау деген сөз.

Тәрбие жұмысының табысты болуы үшін **семья мен мектеп әрекетінің бірлігі принципінің** де үлкен маңызы бар. Егер мектеп пен семьяның балаға беретін тәрбиесінде кереғарлық болса, онда бала моралдық негіздерді игере алмайды.

Сонымен, тәрбие процесінде барлық тәрбие принциптерінің негізінде **педагогикалық ықпалдың бір-бірімен байланыстылығы, сабақтастығы принципі** жүзеге асырылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Тәрбиенің мәні неде?
2. Тәрбиенің мақсаты қандай?
3. Тәрбиенің міндеттері неден тұрады?
4. Тәрбиенің мазмұны дегеніміз не?
5. Тәрбиенің салалары және олардың мазмұнына сипаттама бер.
6. Тәрбие процесі дегеніміз не?
7. Тәрбие процесінің ерекшеліктері қандай?
8. Мектепте тәрбие процесінің бағыттары қандай?
9. Өзін-өзі тәрбиелеу не үшін керек?
10. Тәрбиенің заңдылықтары мен принциптеріне сипаттама бер.

3.2. Балалар тәрбие коллективі – тұтас педагогикалық процестің негізгі формасы

3.2.1. Жеке адамның коллективтік қарым-қатынасты қажетсінуі. Коллектив туралы түсінік.

Адам өзін қоршаған ортамен үнемі қарым-қатынаста өмір сүреді және жетіліп отырады. Адамдардың ортасында өмір сүру арқасында жеке адамның тілі, сөзі, ақыл-ойы, мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, қабілеті, еңбек ету дағдылары, сезімдері дамиды.

Адамдардың жинақтаған тәжірибелерін үйреніп, өзіндік тәжірибелер топтайды. Сол арқылы өзін де, қоршаған ортасын да өзгерте алады.

Адамдардың бірігіп, бір мақсатта белсенді іс-әрекет етуі нәтижесінде қоғам дамиды.

Адамзат ежелден-ақ татулықта, достықта, ынтымақта бірлесіп өмір сүруді мақсат еткен. Оған мысал ретінде халық педагогикасы үлгілерін қара-тырайық.

Ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан балалар ойынының қайсысы болмасын бірнеше баланың қатысуын талап етеді. Әсіресе жарыс формасында өтетін ойындарда балалар бірін-бірі түсінісіп, көмектесіп, қолдап-қуаттап отырады. Нәтижеде олар намысшыл, коллектившіл, бірін-бірі құрметтеу сияқты қасиеттерге ие болады. Мысалы, «**Ақ терек-көк терек**» ойыны.

Ғасырлар асып бізге жеткен мақал-мәтелдер де, ертегілер де, жыр-дастандар да бірлікті, ынтымақты, көпшіліктің құдіретті күш екенін, көптен жау да қашып құтыла алмайтынын насихаттап келеді.

Міне, осы айтылғандардан көрініп тұр әрбір адам өмір сүру үшін белгілі бір адамдармен және адамдар тобымен қарым-қатынасты қажет етеді.

Адамдарды белгілі бір мақсатты іс-әрекет негізінде біріктірудің ұйымдық формасы **коллектив** деп аталады.

Коллектив латын сөзі болып (*collectivus*) жинақтау деген мағынаны б-реді.

Коллектив проблемасын бірнеше қоғамдық ғылымдар зерттейді. Ал педагогика ғылымы оқушылар коллективін ұйымдастыруды, тәрбиелеуді, коллективтің тәрбиелік ықпалын зерттейді.

Баланың дамуы коллективке, коллективтегі қарым-қатынасқа, даму дәрежесіне байланысты болады деген пікірді біздің эрамызға дейін өмір сүрген батыс философтары да, орта ғасырлық энциклопедист ғалымдар да айтқан. Мысалы, Абу Али ибн Сино баланың жан-жақты жетілуіне игі ықпал ететін коллективті түрде оқытудың мәнін ашып берді.

Әйтседе, коллектив теориясы туралы ғылыми еңбектер ХХ ғасырдың 20-жылдарынан бастап кең түрде жарық көре бастады.

А.В.Луначарский, Н.К.Крупская, А.С.Макаренко, С.Т.Шацкий сияқты көрнекті педагогтар мен қоғам қайраткерлері оқу-тәрбие процесінде оқушыларда коллективизм сезімін тәрбиелеуді насихаттады. А.С.Макаренко балаларды коллективте тәрбиелеу теориясының неізін жасай отырып, жас өспірімдерді жастайынан бірлесіп ынтымақта өмір сүруге, еңбек етуге үйрету керек деп есептейді. Оның пікірінше, коллектив адамдардың жай ғана жиынтығы емес, ол жалпы мақсатқа жетуді алға міндет етін қойған, қоғамға пайда тигізуге әрекет етушілер тобы.

ХХ ғасырдың соңғы он жылында А.В.Мудрик, Л.И.Новикова, Л.Ю.Гордин, Т.А.Куракин сияқты орыс педагогтары тәрбие коллективін ұйымдастырудың тиімді жолдарын, методтарын анықтауға, коллективтік қызметті дамытудың методтарын істеп шығуға, коллективтің тәрбиелеу функциясын дамытуға арнаған ғылыми еңбектерімен балалар коллективінің тәрбиелік ролін жан-жақты ашып берді.

И.Ф.Козловтың анықтауынша, **тәрбие коллективі – бұл балалар өмірін тәрбиелейтін ғылыми ұйымдастырылған система.** Тек коллективтік тіршілік әрекетте ғана жеке адамның интеллектуал-адамгершілік бағыты, оның азаматтық позициясы және қоғамдық мәні бар іскерліктері мен дағдылары қалыптасады.

3.2.2. Коллективтің педагогикалық функциялары, коллективтің түрлері.

Атақты педагог А.С. Макаренко атап көрсеткен коллективті сипаттайтын белгілер бүгін де өз мәнін жойған жоқ. Ол белгілер төмендегілер: 1) коллектив алдында айқын мақсаттың болуы; 2) барлық коллектив мүшелерінің қоғамдық мақсатқа бағытталған іс-әрекет жасауы; 3) коллектив мүшелерінің бірлігі және әрқайсысының өзіндік пікірі болуы; 4) коллектив мүшелерінің өз арасындағы міндеттерді ұқыпты орындауы; 5) қатаң түрде орнатылған тәртіптің болуы, оны коллектив мүшелерінің ерікті түрде орындауы; 6) коллективтегі жеке адамдардың өз мүшелері үшін коллектив алдындағы жауапкер-шілігі; өзара көмек, өзара бақылау, жолдастық сезім, қайырымдылық қарым-қатынастың болуы.

Коллективтің бұл сипаттары, белгілері коллективтің даму, өсу, қалыптасу жолында бір-бірімен тығыз байланыста құралады. Сөйтіп барып жоғары дәрежеде дамыған коллектив тәрбиелеу функцияларын орындай алады. Коллективтің педагогикалық функциялары мыналар: 1) **ұйымдастырушылық** – балалар коллективі өзінің қоғамдық пайдалы жұмысын басқару субъектіне айналады; 2) **тәрбиелеушілік** – балалар коллективі белгілі бір идеялық-адамгершілік сенімдерді насихаттаушыға айналады; 3) **ынталандырушылық** (жағдай жасау) – коллектив барлық қоғамдық пайдалы стимулдарды қалыптастыруға мүмкіндік туғызады, өз мүшелерінің мінез-құлқын, ара қатынасын реттейді.

Л.И.Уманскийдің зерттеуінше, балалар және жасөспірімдер тобы даму дәрежесіне қарай коллектив болғанға дейін төмендегі топтарға бөлінеді:

1. Коллектив болып қалыптасудың төменгі дәрежесі **конгломерат (кездейсоқ қосылған) - топ**. Бір кеңістікте, бір уақытта топтасқан, формалды түрде ұйымдасқан балалар тобы осылай аталады. Мысалы, лагерге келген балалардың алғашқы кезеңі. Мектепте мұндай топ өте аз кездеседі.

2. Алғашқы ұйымдасу болғаннан кейін топ мүшелеріне міндеттер жүктеледі. Сөйтіп ол топ **ассоциация (құрама) - топқа** айналады. Бұл дәрежеде коллективтік құрылымның кірпіші қаланады.

3. Ұйымдасуы жағынан жоғары дәрежедегі топты *кооперация (бірлескен)* - *топ* деп атайды. Бұл топта әрбір мүше өз міндетін орындауда жоғары нәтижелер көрсетеді.

4. *Автономия (дербес)* - *топ* жоғары дәрежедегі ішкі бірлесумен және жалпы қасиеттермен сипатталады. Бұл дәреже «менің тобым» деген сезімді әрбір мүшеде оятады.

Бірақ өзге топтардан оқшауланып, өздерімен-өздері болып кетсе, онда бұл топ *корпорация (одақ)* - *топқа* айналады.

Ал өзара басқа топтармен қарым-қатынаста болып, қоғамның белді мүшесіне айналса, онда бұл топ *коллектив-топқа* айналады.

Мектептің оқушылар коллективі адамдардың коллективтік бірігуінің ерекше ұйымдық формасы болып табылады. Оқытудың кластық-сабақтық жүйесіне орай бір жастағы және білімдері бір деңгейдегі барлық оқушылар кластарға біріктірілген. Сондықтан оқушылар коллективі **класс коллективі** деп те аталады. Оқушылар коллективін оқу ісі біріктіреді.

Педагогтар коллективі, класс коллективтері және оқушылардың мектептегі қоғамдық ұйымдары **мектеп коллективін** құрайды.

3.2.3. Мектепте балалар коллективін ұйымдастыру жолдары.

Оқушылар коллективі оқу процесінде, еңбекте, мәдени және спорт жұмыстарында қалыптасады.

Оқушылар коллективін ұйымдастыруды ең алдымен **талап қоюдан бастайды**. Оқытушы балаларды зерттеп біліп алғаннан кейін, оларға талап қояды. Талап түсінікті, нанымды, балалар орындай алатындай болуы керек. Талапты нықтап, жігерлі түрде айту керек және оның орындалуын бақылап отыру керек. Талап біртіндеп қиындатылады.

Коллективті ұйымдастырудың басты шарттарының бірі – **активтермен жұмыс істеу**.

Коллективті тәрбиелеуде коллективтен активтерді іріктеп алудың, олармен жұмыс істеудің маңызы зор. Басында активтер көп болмауы керек. Белелді,

ұқыпты, қолынан іс келетін оқушылардан іріктеп алынған активтер тобымен мұғалім санасып іс алып баруы керек. Оларға тапсырмалар беріп, мәселелерді талқылап отыру керек. Сонда бүкіл класс активтердің айтқандарын тыңдайды. Активтердің беделін нығайтып отыру арқылы мұғалім оқушыларды олардың маңына топтастыра түседі. Бірақ активтермен ғана істеп, оқушылардың пікірімен санаспауға болмайды. Оқушылармен де ақылдасып отыру қажет, ал активтерді көбірек көмекке шақыру тиімді.

Коллективті ұйымдастыру және тәрбиелеудің тағы бір жолы – **параллелді ықпал ету**.

А.С.Макаренко жеке адамға әрі коллектив активінің, әрі мұғалімнің қатар талап қоюын **параллелді әсер ету принципі** деп атаған.

Мұғалімнің оқушыға талап қоюы коллектив, коллективтің активтері арқылы жүргізілсе, онда коллектив нығайып, өсе бастайды.

Оқушылар коллективін құрудың және нығайтудың маңызды жолының бірі – **коллектив алында мақсаттың-перспективаның** болуы.

Коллективпен істеудің теориялық негізін салған А.С.Макаренко коллектив алдында мақсат тұрса ғана, коллектив мүшелерінің бәрінде перспектива айқын болса ғана, коллектив алға жылжып отырса ғана, ол өмір сүре алады деген еді. Ол оқушылар коллективінің алдында **жақын, орта және алыс перспективалар** болатынын көрсеткен.

Жақын перспектива – оқушылардың күнделікті өмірдегі орындайтын жұмыстары. Бұған ертең болатын жарыс, қызықты кездесеу, экскурсия, кеш т.б. жатады.

Орта перспектива – уақыт жағынан едәуір дайындықты қажет ететін, оқушыларды қызықтыратын, іздендіретін коллективтік іс-әрекеттер. Мысалы, кластар арасындағы жарыс, олимпиада, мерекелік кештер, диспут т.б.

Алыс перспектива – уақыт жағынан неғұрлым алыс және әлеуметтік жағынан мәнді жұмыстар. Оған мамандық таңдау, келешекте өз еңбегі арқылы Отанға пайда тигізу сияқты коллектив мүшелерінің жеке перспективалары жатады.

Ұйымдасқан коллективті біріктіре түсетін, нығайтатын өз дәстүрлері, салттары болуы керек.

Дәстүр – коллектив өмірінде орныққан, қалыптасқан тәжірибелер. «Дәстүрлер арқылы тәрбиелеу, оларды сақтау – тәрбие жұмысының аса маңызды міндеті» -, деген еді А.С. Макаренко.

Қазіргі мектептерде мынадай дәстүрлер анықталған:

– дәстүрлі көпшілік шаралар (мектеп мерекелері, олимпиадалар, дәстүрлі жиындар);

– мектеп өмірінің маңызды оқиғаларына байланысты салтанатты жиындар (соңғы қоңырау);

– оқушылардың іс-әрекетіне қатысты дәстүрлер. Бұған мысал: барлық шараларды уақтында бастау, өз күшімен жауап беру, нашар үлгеретіндерге көмектесу, ауырған кластасының үйіне барып жағдайын сұрау, тазалықты сақтау, өзін мәдениетті ұстау.

Мектепте қалыптасқан дәстүрлер коллектив дамуының жаңа деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

3.2.4. Коллективтің даму сатылары.

Коллективтің дамуы ұзақ та күрделі процесс. Көптеген зерттеушілер коллективтің дамуын 3 кезеңге бөліп қарастырады.

Бірінші кезең – *коллективтің қалыптасу сатысы*. Бұл кезеңде коллектив алдына оқытушы яки тәрбиеші талапты тікелей өзі қояды. Егер талап дұрыс қойылып, оның орындалуы бақылап барылса, онда оқытушы коллектив мүшелерін біліп алады, қандай тәрбие методтарын қолдауды анықтап алады, оқушылардың қабілетін анықтайды.

Екінші кезең – *коллективтің құрылған сатысы*. Коллектив дамуының бұл сатысында активтер тобы құрылады. Мұғалімнің талаптарын саналы түсініп, өздеріне қойған бұл талаптарды активтер тобы коллектив мүшелеріне жеткізеді. Оқушылар біртіндеп өзін-өзі басқаруға көшеді. Іс-әрекеттері күрде-

лене түседі. Оқушыларға мұғаліммен қатар ақивтер өз тарапынан инициатива және белсенділік көрсетіп, тәрбиелік ықпал етіп отырады.

Үшінші кезең – коллективтің ең дамыған сатысы. Бұл кезеңде коллективте қоғамдық пікір пайда болады. Коллектив мүшелері бірін-бірі қолдап отырады. Ортақ коллективтік істер класты қызықтырады. Кез келген оқушы туралы кластың дұрыс пікірі болады. Осындай кезеңге жеткен коллектив педагогикалық тұрғыдан қарағанда толық мағынасындағы коллектив болып табылады. Ол коллектившілдікті тәрбиелеу құралы қызметін атқарады және жан-жақты тәрбие берудің қуатты факторына айналады.

Коллектив дамуының барлық кезеңінде де педагогикалық бақылау, талап қою, оқушылардың дербестігін дамыту қатар жүруі керек.

3.2.5. Жеке адам мен коллективтің өзара әсері.

Коллектив туралы мәселеде жеке адам мен коллектив арасындағы қарым-қатынас орталық мәселе болып есептелінеді. Коллективтің жеке адамға тигізетін тәрбиелік ықпалы күшті. Егер коллективпен жеке адамның қатынасы бұйыру, талқылау, қорқыту, сенімсіздік туғызу, күдіктену формасында жүргізілсе, онда коллектив ыдырап көтеді. Жеке адам коллективтен алшақтай бастайды, өзін артықша сезінеді, коллективтің жұмысына араласа алмай қалады. Сондықтан жеке адам мен коллектив арасындағы қарым-қатынаста зілсіз сөйлеу стилі қолданылуы керек. Тәрбие процесінде оқушыларға жеке-дара қатынас жасау талап етіледі.

Бұл салада мұғалімнің басты міндеті – әрбір баланың коллективтегі позициясы қалай болатындығын берік есте сақтау.

Коллективтік іс-әрекетте әрбір оқушының іс-әрекеті басқалармен тығыз байланыста болады. Мұндай жағдайда коллективизм сезімі туады. Бұл қарым-қатынас басқаның ісіне енжарлық туғызбай, керісінше бір-біріне көмектесу, өз жолдасының ісіне қуану не ренжу, мақтану не намыстану сияқты әртүрлі қатынастар жүйесін туғызады.

Коллективизм сезімі болған жерде коллективтің жеке адамға және жеке адамның коллективке ықпалы күшті болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Коллектив дегеніміз не?
2. Коллективті ұйымдастыру не үшін қажет?
3. Коллективтің педагогикалық функциялары қандай?
4. Балалар тобының бірігу дәрежесіне қарай топтасу түрлері қандай?
5. А.С.Макаренко коллективтің алдына қандай міндеттер қояды?
6. Оқушылар коллективін ұйымдастырудың жолдары қандай?
7. Перспектива дегеніміз не?
8. Параллелді ықпал етуге мысал келтір.
9. Коллективтің даму сатылары қандай?
10. Жеке адам мен коллективтің біріне-бірі ықпалы қандай болады?
11. Өз коллективің туралы айтып бер.

3.3. Оқу орындары, семья және жұртшылықтың бірлескен тәрбие жұмысы.

3.3.1. Қазіргі дәуірде тәрбие жұмысын бірлесіп жүргізуді жетілдіру мәселелері.

Өсіп келе жатқан жас ұрпақты жан-жақты тәрбиелеу, олардың интеллектуал қабілетін дамыту, оларда жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру – қазіргі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі.

Республикамыздың Президенті И.А. Каримов тәуелсіздігіміздің алғашқы күндерінен бастап-ақ жастар тәрбиесіне баса назар аударып келеді. Бұл жөнінде бірнеше қаулы мен заңдар қабылданды. Әсіресе «Білім беру туралы» Заң мен «Кадрлар даярлаудың ұлттық программасы» қабылдануының маңызы зор.

Жас ұрпақ тәрбиесінің мемлекеттік саясат дәрежесіне көтерілуі үлкен мәнге ие. Себебі бала тәрбиесі баршаның ісі болуы керек. Егер мектептің яки семьяның өзіне ғана жүктеп қойсақ, бала тәрбиесінде ақсау пайда болады.

Баланы тәрбиелеуде, оның өмірге көзқарасын қалыптастыруда семьяның, жергілікті қоғамдық ұйымдардың, өндіріс орындары өкілдерінің және ол білім

алатын мектептің тәрбиелік жұмыстарды бірлесе, кеңесе отырып жүргізуінің тәрбиелік ықпалы күшті. Бұлардың бірлесе отырып ұйымдастыратын қызықты кездесулері, саяхаттары, туған жердің тарихын үйрену, табиғатын қорғау, тазалығын сақтау бойынша шаралары, ұлттық салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды үйрену бойынша мәдени істері, әлемнің толғақты мәселелері бойынша сұхбаттары т.с.с. жас өспірімдерді жан-жақты тәрбиелеп қана қоймайды, оларды гасыр індеттері – нашақорлық, СПИД, жыныстық азғындық, маскүнемдік, діни-экстремистік ағымдардан сақтайды. Баланың өсіп-жетілуіне ықпал етуші барлық тәрбиелік құралдар бір мақсат жолында біріксе, балаға сырттан ешқандай күш әсер етпейді. Оның айналасын қоршаған орта – әке-шешесі, мектебі, дос-жолдастары, ауыл-аймақ, ақпарат құралдары баланы мәпелеп өсіреді, қоғамға пайдалы азамат етіп тәрбиелейді.

Міне, сондықтан жан-жақты жетілген жастарды тәрбиелеуде мектеп, семья және жұртшылықтың өзара бірлесуіне талап күшейіп отыр. **Мектеп** тәрбие жұмысын педагогикалық жағынан дұрыс жүргізетін тәрбиешілерге және мүмкіндіктерге ие. Ал мектептен тыс жүргізілетін тәрбие жұмыстары барлық уақыт та педагогикалық-психологиялық заңдылықтарға тура келе бермейді, мектептің талаптарына сай бола бермейді. Нәтижеде мектептің оқушылармен алып баратын тәрбиелік жұмыстарының әсері бәсеңдейді. **«Аққу, шортан һәм шаяндағыға»** ұқсап бала екі ортада қалады. Мектептің алдында да, семьяның алдында да проблема пайда болады. Жұртшылық кімді айыптарын білмейді. Бұдан қоғам зардап шегеді. Ал бала қоғамда өз орнын таба алмай әлек болады. Осындай келеңсіз оқиғаларды болдырмау үшін мектеп, семья, қоғамдық ұйымдар және өндіріс орындары өзара бірлесіп тәрбие жұмыстарын алып баруының мәні үлкен. Қазіргі күнде ауылдық кенестерде, махаллаларда, кварталдарда балалар және жасөспірімдермен жұмыс істейтін бөлімдер бар. Сондай-ақ, кәмететке толмаған балалармен істейтін инспекциялар да бар. Бұл қоғамдық ұйымдар жергілікті жердегі жұртшылықпен бірігіп тәрбиелік жұмыстарының бағытын мектептің тәрбие жұмыстарына бұрса, ата-аналармен бірге бала тәрбиесіне жауапкер екенін сезінсе, онда қоғамға шын мәніндегі салауатты, дені-басы сау, рухы

сергек, адамгершілік қасиеттері жоғары, білімді, еңбексүйгіш, Отаны, халқы, ата-анасы алдындағы жауапкершілікті сезінетін азаматты жетілдіріп берген болар едік.

3.3.2. Мектеп – жан-жақты тәрбие берудің жетекші буыны.

Қоғам, еңбек коллективтері, мектеп, семья, ақпарат құралдары т.с.с. әлеуметтік тәрбие институттары деп аталады. Осылардың ішінде жас ұрпаққа жан-жақты тәрбие берудегі жетекші буын **мектеп** болып табылады. Мектептің педагогикалық ұжымы семья, еңбек коллективтерінің бала тәрбиесіндегі үздіксіз жұмысын бағыттап, бақылып отырады.

Мектептің ата-аналармен алып баратын жұмысы мектеп ата-аналар комитеті арқылы жүргізіледі Әрбір мектепте тәжірибелі, үлгілі, сыйлы ата-аналардан «Ата-аналар комитеті» құрылады. **Ата-аналар комитеті** бала тәрбиесінде мектепке жәрдем береді, мектептің ата-аналармен байланысын нығайтады. Комитеттің құрамында жалпыға бірдей оқу, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру, мәдени-көпшілік және спорттық-денсаулық жұмыстары бойынша комиссия құрылады.

Бірінші комиссия балаларды мектепке қабылдау, оқушылардың үй жағдайын зерттеу, тәртіп бұзушылықтың, үлгермеушіліктің себебін ашу, мұғалім, ата-ана, жұртшылық өкілдерінің тәрбиеге бағытталған күшін ұйымдастыруға қатынасады.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру комиссиясы оларға арналған лекцияларды жоспарлауға, семьяда бала тәрбиелеудің озат тәжірибелерін зерттеу, жинақтау және таратуға қатынасады.

Мәдени-көпшілік және спорттық-денсаулық комиссиясының міндеті – экскурсиялар, кештер мен ертенгіліктер, қоғамдық пайдалы еңбек, туристік жұмыстар, жазғы еңбек және демалыс лагерьлері жұмысын ұйымдастыру болып табылады.

Ата-аналар комитетінің құрамында «Әкелер кеңесі», «Аналар кеңесі», «Әже ақылы» сияқты кеңестер құрылуы мүмкін. Бұл кеңестер жоғары класс

оқушыларына жалпыадамзаттық және ұлттық тәрбие беруде үлкен роль атқарады.

Дәл осы құрылымда класс жетекшісі де ата-аналармен жұмыс алып барады. Ата-аналармен жеке пәндерді оқытатын мұғалімдер де жұмыс алып баруы керек. Мұнда мұғалім оқушының сабақ оқу, үй тапсырмасын орындау жағдайын, ата-ананың баласына пәндерді оқуына көмектесе алу дәрежесін, оқушының қабілетін дамытуда ата-ананың қатынасуын зерттеп, үйренеді. Пән мұғалімдері ата-аналармен дұрыс байланыс орната алса, оқушылардың танымдық қабілетін дамыту мәселелерін бірлесіп шеше алады және өзі үшін де, бала мен ата-ана үшін де қолайлы жұмыс жағдайын орнатады.

Ата-аналармен бірлесе жүргізілетін жұмыстарды жүзеге асыру үшін әрбір пән мұғалімі баланы семьяда тәрбиелеуге қойылатын жалпы педагогикалық талаптарды білуі тиіс.

3.3.3. Еңбек коллективтері мен жұртшылықтың тәрбие ісіне қатысуы.

Еңбек коллективтері мектептің оқу-материалдық базасын күшейтуде, оқушылармен тәрбие жұмысын алып баруда, балалардың семьядағы тәрбиесін білін, бала тәрбиесіне немқұрайлы қарайтын ата-аналарға ықпал жасауда мектеппен семьяға көмектеседі.

Еңбек коллективтерінің өкілдері оқушылардың арасында сұхбаттар өткізеді, ішкі және сыртқы саяси мәселелер, халықаралық проблемалар бойынша лекциялар оқиды. Бұл оқушылардың саяси санасын жетілдіре түседі. Ал еңбек озаттарымен кездесу, олардың жұмыс орнына саяхат оқушылардың өмір тәжірибесін кеңейтеді, кәсіптік бағдар береді.

Мектеп, семья және жұртшылықтың байланысын нығайту үшін өндіріс орындарында, микроаудандарда, махалаларда, ауылдық кеңестерде **семья мен мектепке көмек кеңесі** құрылады. Бұл кеңестің жұмыс мазмұнына мыналар жатады: мемлекетіміздің тәуелсіздік идеяларын насихаттау, кәмететке толмаған балалар ісімен айналысатын комиссиялармен байланыста болу, «қиын» семьялар мен балаларға қамқорлық жасау, еңбек коллективтері өкілдерінің педагогика-

калық мәдениетін арттыра түсу, бала тәрбиесіне деген жауапкершілікті көтеру, мектеп жасындағы балалардың міндетті орта білім алуын қамтамасыз етуге көмектесу, мектептің оқу-материалдық базасын нығайту, кластан және мектептен тыс тәрбие жұмыстарына қатысу, оқушылардың демалысын ұйымдастыру т.б.

Қазіргі күнде **жергілікті басқару органдарына** бала тәрбиесі үшін үлкен жауапкершілікті жүктеп, үкіметіміз тікелей қадағалап отыр. Махаллаларда, кварталдарда, ауылдарда балалар үшін спорт алаңдары, үйірмелер, мәдениет үйлері жұмыс істеп тұр. Мұнда балалар бос уақыттарында спорт, өнер, кәсіп түрлерімен айналысады. Сонғы жылдары жұртшылықтың атсалысуымен оқушылардың бос уақытында түрлі жұмыстар өткізілуде. Атап айтсақ, «Махалламыз балалары», «Салауатты ұрпақ жарыстары» т.б.

Әрбір ауылда, махаллада, көп қабатты үйлердің қасында **«Ақсақалдар кеңесі»** құрылған. «Ақсақалдар кеңесі» әрбір үйге барып, олардың тұрмыс-тіршілігімен танысады, балаларының бос уақыттарында немен шұғылданатынын үйренеді, олардың жүріс-тұрысын бақылайды.

Бұл ұйымдастырылып жатқан шаралардың барлығы өсіп келе жатқан ұрпақ тәрбиесінде ағаттық жіберіп алмау мақсатын көздейді.

Егер мектеп, семья, жұртшылық бірлесіп тәрбие жұмыстарын жүргізсе, онда тәрбиелік ықпалдың күші әлдеқайда жоғары болады.

3.3.4. Семьядағы бала тәрбиесі.

Баланы дұрыс тәрбиелеу бойынша әрбір ата-ана қоғам алдында жауапкер. Ата-ана семья жағдайында баласын тек бағып, өсіріп қана қоймайды, оған жан-жақты тәрбие де береді.

Ең алдымен, семьяда баланың тіршілік әрекеті дұрыс ұйымдастырылуы керек. Егер бала өзі туып-өскен **семьясында** өмір сүрудің дұрыс жолына түссе, онда ол келешекте қағылмайды. Сондықтан баланың күн **режимін** жасап алу керек. Оған күнделікті дене тәрбиесі, уақытында тамақтану, ұйқы, демалу, еңбек, ойын, сабаққа әзірлену т.б. кіреді. Бала еңбек пен демалысты ауыстырып отыруы тиіс.

Ата-ана балаға Отан, Отанды сүю, оны қорғау, Отан алдындағы борыш деген түсініктерді береді. Баланың Отанға деген махаббаты әке-шешесін, туған-туысқандарын, дос-жолдастарын, туып өскен жерін, мектебін сүюден басталады. Сондықтан ата-ана баласының жүрегіне үлкен махаббаты ұялата алуы керек. Оның үшін семьяда баланы үлкендерді құрметтеуге; туысқандарын танып білуге; көрші-қолаңмен, үлкендермен сәлемдесуге; қажет жағдайда тіпті қолғабыс етуге; оқытушыларын құрметтеуге; үйін, мектебін ең қасиетті жер деп ұғынуға үйрету керек. Өзі жасайтын жерінің тарихын, ұлағатты адамдарын, қызықты оқиғаларын айтып беру арқылы да баланың, туған жерге деген сүйіспеншілігін оятуға болады. Сондай-ақ, тәрбие процесінде баланың адамгершілік қасиеттері де қалыптасады. Егер ата-ана баланың мінез-құлқын, іс-әрекетін, қарым-қатынасын дұрыс жолға салып отырса, сонда ғана бала семьяда адамгершілік нормаларды игере алады. Сонымен бірге, әке-ше-шесінің ұнамды өнегесінің де орны ерекше.

Баланың эстетикалық талғампаздығы да семьяда қалыптасады. Баланың кітап оқуына, музыка тыңдауына жағдай жасап беру керек. Кино, радио, телехабарларды талғап көруге және есітуге, оларды талдай алуға үйрету керек. Киіну мәдениеті, мода туралы сұхбаттасып, жарасымды киім киюге, әшекейлерді орынды тағуға үйрету де ата-ананың міндеті болып табылады.

Баланы семьяда еңбек етуге ерте баулу керек. Мысалы, өзіне-өзі қызмет ету, ата-анаға көмектесу, тамақ дайындау, үй күту т.б. Семьяның еңбек салты, дәстүрлері баланың келешек қоғамдық өміріндегі орнын анықтауға зор ықпал жасайды.

Бала жеткіншектік жасқа жеткеннен кейін жыныстық жетілуге бет алады. Әке-шеше бұл кезде баланың досына, сырласына айналуы керек. Оған жыныстық, гигиеналық тәрбие бергенде, бір-бірінен ұялмайтындай болсын. Сонда ғана ата-ана мен баланың ортасында өзара сенім пайда болады.

Ата-аналардың тағы да бір аса жауапты қызметтерінің бірі оқушылардың оқу іс-әрекетінің тиімділігін арттыру болып табылады. Алдымен ата-ана оқушы оқуы үшін қажетті материалдық базаны жасайды. Одан соң баласының оқуға

қабілетін, сабаққа қатысуын бақылайды. Үйде баланың оқу жұмысын басқарып, бақылап, көмектесіп отыру керек. Өз бетінше орындауға қиналатын сабақтарын байқап, пән оқытушыларына, класс жетекшісіне хабарлау керек болады. Бұл мәселені бірлесе отырып шешкен абзал. Сабақта мұғалімнің де оқушымен жеке жұмыс жүргізуіне оңай болады.

«Құс ұясында көргенін істейді» демекші, бала өз үйінде әке-шешесінің тәрбиесі, өнегесі арқылы азамат болып қалыптасады. Ал мектептің тәрбиесі, ортаның ықпалы алған тәрбиені беки түседі. Семья, мектеп, жұртшылық ынтымақтасып тәрбие жұмысын алып барғанда ғана, тәрбие нәтижелі болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Бала тәрбиесінде мектеп, семья және жұртшылықтың ынтымағы не үшін қажет?
2. Неге мектепті тәрбие жұмысын алып баратын жетекші буын дейміз?
3. Еңбек коллективтері мен жұртшылықтың тәрбие ісіне қатысуын айт.
4. Бала тәрбиесінде ата-ананың ролі қандай?
5. Семьяда балаға тәрбие берудің жолдарын айт.
6. Ата-ананың өнегесі туралы не білесің?
7. Семьяда бала тәрбиесіне арналған мақал-мәтелдерден, даналық сөздерден мысал келтір.

3.4. Тәрбиенің жалпы методтары.

3.4.1. Тәрбие методтары туралы түсінік.

Тәрбие методтары дегеніміз тәрбиеші мен тәрбиеленушінің бірлесе отырып тәрбиелік міндеттерді шешуге арналған іс-әрекетінің тәсілі болып табылады.

А.С.Макаренко тәрбие методын баланың жеке басына ықпал етудің құралы деп көрсетті. Қазіргі заман психологтары тәрбие методын қолданғанда адам бойындағы қасиеттерді (санасы, сезімі, сенімі, мінез-құлқы, әдет-дағдысы) ескеру керек екендігін айтады.

Педагогикада тәрбие методымен бірге **тәрбие құралдары, тәрбие тәсілдері** деген ұғымдар да бар.

Тәрбие құралдары дегеніміз арнайы тәрбиелік міндетті шешуге арналған, мақсат көзделіп ұйымдастырылған методикалық жолдар.

Тәрбие құралдарына: өнер, әдебиет, оқу, спорт, ойын, музыка, архитектура, ақпарат құралдары жатады.

Тәрбие тәсілдері дегеніміз тәрбие методтарының жеке бір бөлігі. Ол тәрбие методтарының әрекетін, қажеттілігін, тәрбиелік мәнін айқындайды.

Тәрбие тәсілі тәрбие методтарына тәуелді болады. Тәрбие методтары мен тәсілдері өзара тығыз байланыста болып, педагогикалық процеске қарап тәуелсіз методтар және методикалық тәсілдер сипатында жүзеге келеді.

Мәселен, оқытушы бірінші рет сенбілік өткізгенде оқушыларға алдын шүберекті қалай жуу керек екендігін, онымен партаны қалай сүртуді, еденді жуу үшін парталарды қай жаққа және қалай жылжытып қоюды түсіндіреді және көрсетеді. Оқытушының міне осы түсіндіруі методикалық тәсіл болып табылады. Балалармен тәрбиелік жұмыстар алып барғанда кинофильмдер, балалар ойындары, денешынықтыру, спорт жұмыстары және үйірмелер **тәрбие құралдары** қызметін атқарады.

Тәрбиенің нәтижесі тәрбие процесін ұйымдастыру методтары, құралдары және тәсілдерінен пайдалануға, оларды біргелікте алып баруға байланысты болады. Тәрбие методтары оқушыларды әлеуметтік өмір оқиғаларын, адамдар арасындағы байланыстарды, өзара қарым-қатынастарды білуге, ондағы тәртіп-ережелерге мойынсынуды үйретуі керек. Бала өсіп-ұлғаюымен бірге өзі қоршаған ортадан жақсы әдеттер мен жаман әдеттерді үйренеді. Сондықтан да тәрбие методтары баланың мінез-құлқына да түзетулер енгізіп баруы керек.

Тәрбие методтары олар орындайтын тапсырмаларға қарап төмендегі **негізгі топтарға ажыратылады (классификацияланады):**

1. Жеке адамның қоғамдық санасын қалыптастыру методы.
2. Оқушыларда іс-әрекетті ұйымдастыру, қарым-қатынас жасау және қоғамдық мінез-құлықты қалыптастыру методы.
3. Оқушылардың мінез-құлқы мен іс-әрекеттерін ынталандыру методы.

4. Мінез-құлық, іс-әрекетке бақылау жасау, өзін-өзі бақылауды ұйымдастыру және өзіне-өзі баға беру методтары.

3.4.2. Жеке адамның қоғамдық санасын қалыптастыру методтары.

Бұл топқа түсіндіру, әңгіме, үлгі-өнеге, лекция, пікірталас методтары жатады. Бұл методта негізгі құрал – сөз. Бұл топтағы методтарды сендіру әдістері деп те атайды. **Сендіру** дегеніміз оқушылардың ақыл-ойы мен сезімін жандандыру, адамгершілік жайлы түсініктері мен ұғымдарын қалыптастыру, жағымсыз әдеттерін жою үшін сана-сезімі мен еркіне әсер етуді айтамыз.

Түсіндіру методы әдетте бастауыш класс оқушылары арасында кеңінен қолданылады. Балаларға белгілі бір қасиетінің адам үшін қажет екендігін өмірлік мысалдармен оқиғалармен, үлгі-өнеге ретінде баяндап беруді түсіндіру дейміз.

Оқулықтардағы метариалдардан да пайдаланып түсіндіруге болады. Қарапайым түсіндіру жолымен оқушы санасына енгізу қиын болған пікірлер көркем образдар арқылы түсіндіріледі. Көркем образдар түсіндірудің ең қажетті формасы болып есептелінеді. Көркем образдар балаларды іске салады, олардың адамгершілік қасиеттерін оятуға көмектеседі

Оқушылардың қоғамдық санасын қалыптастыруда қолданылатын тағы бір әдіс **үлгі-өнеге әдісі**. Оқытушы адамгершілік, мораль нормаларының маңызы, оған мойынсынудың пайдалы екендігін, адал еңбек адамға құрмет әперетіндігін көрсету үшін үлгіден пайдаланылады. Бұл әдістен халық педагогикасында кең пайдаланылған. Ата-бабаларымыз өз перзенттерін әрқашан жақсы адамдардан, даналардан, ұлы кісілерден үлгі алуға үндеп келген. Мектепте оқытушы батырлардың Отан үшін, келешек ұрпақтардың бақыты үшін алып барған күрестері, еңбек ардагерлері, соғыс ардагерлері, олардың ерліктері жайлы әңгімелерді оқушыларға баяндап беруі керек. Олар жайында жазылған роман, повесть, дастан және әңгімелерді оқуға шақыру керек. Сонымен бірге мектепте, класс жетекшілері, оқытушылар ата-аналармен бірге жұмыс алып баруы және ата-аналар өз балаларына үлгі көрсетуі жайлы әңгімелер жүргізуі керек.

Себебі, бала алдымен ата-анаға және жанұядағы адамдарға еліктейді. Олардан үйренеді және үлгі алады. Халқымызда «Құс ұясында көргенін істейді», «Анасын көріп, қызын ал» деген мақалдар бар. Жақсы жанұяда тәрбиеленіп жатқан бала мектепте берілетін тәрбиені тез бойына сіңіріп алады. Ал мәдениетсіз жанұяда тәрбие алып жатқан баланың мектепте алған тәрбие жайлы түсініктері ата-анасының жағымсыз іс-әрекеттері арқылы әрі қарай дамымай қалады. Керісінше баланы ыңғайсыз жағдайға қалдырады.

Тәрбие ісінде оқытушының абыройы үлкен күш. Себебі оқушылар үшін оқытушының әрбір әрекеті үлгі болып саналады. Сондықтан да оқытушы өз пәнін жоғары дәрежеде білуі, өз тәрбиесіндегі балаларды құрметтеуі керек, әдепті болуы және оқушылар арасында үлкен құрметке ие болуы керек.

Тәрбиеде **пікірталас** методы да кеңінен қолданылады. Бұл метод жәрдемінде оқушылар адамгершілік пен әдепке, эстетика, саясат және әлеуметтік өмірге байланысты мәселелерді шешіп, өздері үшін қорытынды шығарады.

Пікірталас пен бәсекелесу, тартысу арқылы оқушылар өз түсініктері мен дәлелдемелерін, өз пікірі мен көзқарастарын айтуға, сондай-ақ өз пікіріне басқаларды сендіруді үйренеді

3.4.3. Жеке адамда қоғамдық мінез-құлықты қалыптастыру және іс-әрекетті, ұйымдастыру методтары.

Бұл топқа педагогикалық талап орнату, үйрету, қоғамдық пікірлер, жаттығу, тәрбиелеушілік ситуация туғызу методтары жатады. Бұл методтар көмегімен оқушылардың еңбекке жауапкершілігі, қоғамдық мінез-құлқы, тәжірибесі, қарым-қатынас жасау дағдысы, белсенді өмірлік позициясы қалыптасады. Мектепте оқытушы оқушылар өмірін белгілі бір педагогикалық мақсатты көздеп ұйымдастыру арқылы қоғамдық мінез-құлыққа байланысты әдеттерді қалыптастыруы мүмкін.

Оқушылар **іс-әрекеті мазмұнына** ойын, қоғамдық пайдалы еңбек, түрлі тапсырмалар мен балалар режимдерін кіргіземіз. Қоғамдық пайдалы еңбекте оқушылар ортасында әрбір оқушының индивидуал қасиеттерін есепке алу ке-

рек. Қоғамдық пайдалы еңбекте оқушылардың қоғамдық ұйымдары, оқытушылар және класс жетекшілері басшылық етеді. Мектепте қоғамдық пайдалы еңбекте оқушылар мектеп айналасын тазартады, темір-терсек, мақлатура жинайды және тағы басқа жұмыстарды атқарады. Ал мектептен тыс қоғамдық пайдалы еңбекте оқушылар, әсіресе ауыл мектептеріндегі оқушылар, егін жинауға, мақта теруге көмектеседі.

Оқушының мектеп және жанұядағы күн тәртібі жаттығу және және үйрету міндетін орындайды. Мектеп және жанұядағы күн тәртібі, іс-әрекет түрлерінің уақыт бойынша анық белгіленуі оқушыларды өз қалауларын басқаруға мәжбүр етеді (балалармен футбол ойнағысы келсе, алдымен сабағын орындағаны жөн), балаға бір-екі жұмысты орындаумен бірге жақсы әдеттер жүйесін қалыптастыруда көмектеседі.

Тапсырма жүйесі де баланың әлеуметтік активтігін түрлендіруге көмектеседі. Оқытушы балаларға мектепке келген күннен-ақ төмендегі тапсырмаларды орындауға үндейді.

«Кезекші, балаларға дәптерлерді таратып шық», Самига, біз оқып болған кітаптарды кітапханаға алып барып бер». Бұл сияқты тапсырмалар балада еңбексүйгіштік қасиетін дамытады. Оқушылар тапсырманың әлеуметтік маңызын білулері, коллектив оларға тапсырған жұмыстардың қажеттілігін түсінулері керек; тапсырмаларды әрбір баланың қызығулары, мүмкіндік жағдайларына қарап беру керек; тапсырмаларды бөліп берумен ғана шектеліп қоймай, әрбір оқушыны оларды орындауға үйрету керек.

3.4.4. Оқушылардың мінез-құлқы мен іс-әрекетін ынталандыру методтары.

Бұл топқа мадақтау, жазалау, жарыс жатады. Олар мектеп оқушыларының қылықтары мен іс-әрекеттерін қуаттау және айыптау, олардың жағымды қылықтарын мақтау, ал теріс қылықтарын тежеу мақсатында қолданылады.

Мадақтау – оқушылар тәртібін, мінез-құлқын бағалап және көтермелеп отыруда педагогикалық ықпал етудің тиімді жолы болып табылады.

Мадақтаудың түрлері: мақұлдау, алғыс айту, мақтау, силық беру, марапаттау. Мадақтау оқушының өзінің адамгершілігін сезінуіне, өзінің мінез-құлқы мен көңіл-күйіне бақылау жасауға, өзін-өзі тәрбиелеуге көмектеседі. Жақсы істерді жалғастыруға тырысады. Мадақтаудан алған әсері оқушыны теріс әрі келенсіз істерден сақтандырып отырады.

Жазалау – педагогикалық ықпал етудің бір жолы. Мұғалім мектептегі жазалау шарасына ерекше ептілікпен әрі ойланып қарауы тиіс. Жазалау баланың жағымсыз мінез-құлқы мен іс-әрекеті теріс екендігін түсіндіру, жасаған қылмысына айыпты екендігін ұғындыру және осыларға қынжылу мақсатын көздейді.

Оқушыны жазалағанда құрметпен қарай отыру керек, баланы кемсітуге, қорлауға болмайды. Әдеппен, әділеттілікпен жазалау керек.

Жазаның түрлері оқушылардың жас және дара ерекшеліктеріне сай болуы керек. Жазаның түрлері: ескерту, сөгіс, мектептен шығару.

3.4.5. Мінез-құлық пен іс-әрекетке бақылау жасау, өзін-өзі бақылауды ұйымдастыру және өзіне-өзі баға беруді жүзеге асыру методтары.

Бұл топқа педагогикалық байқау, тәрбиелілікті анықтауға арналған әңгіме, сұрақ-жауап, шығарма жазу, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі сендіру (аутотренинг), жаттығу, оқушылардың іс-әрекеттерінің нәтижесіне талдау жасау методтары жатады.

Тәрбиенің бұл топтағы методтары тәрбие процесін жетілдіру талаптары мен оның барысында, нәтижесінде объективті баға беру үшін қолданылады.

Тұтас педагогикалық процесте оқушылардың мінез-құлқы мен іс-әрекетіне педагогикалық байқау, бақылау жүргізу, олардың өзін-өзі тәрбиелеуін ұйымдастыру тәрбие жұмысы нәтижелерінің көрсеткіші болады.

Осыған орай тәрбие методы ретінде педагогикалық байқау, тәрбиелікті анықтауға арналған әңгімелер өткізу, ауызша және жазбаша анкета тапсыру, тестілер ұйымдастыру, тәрбиелік мақсат көздеген шығармалар жазу, оқушыларды өзін-өзі сендіруге үйрету, оқу-тәрбие процесінің барысындағы оқушылардың

барлық іс-әрекеттеріне талдау жасау, қорытынды шығару методтары айқындалған.

Сонымен, әр топтағы көрсетілген тәрбие методтары екі жақты тәрбие ықпалын сипаттайды: бір жағынан, бұл методтар жеке адамның әлеуметтік адамгершілік ережелерді саналы меңгеруіне ықпал жасайды. Екінші жағынан, тәрбиеленушілердің әртүрлі іс-әрекетте, мінез-құлықта, қарым-қатынас жасауда белсенді азаматтық позицияда болу қажеттігінен туындайды.

3.1.6. Тәрбие методтарын дұрыс таңдау және олардан тиімді пайдалану.

Тәрбиенің түрлі методтарын таңдау мұғалімнің творчествосына, педагогикалық шеберлігіне байланысты. Себебі тәрбие методтары – тұтас педагогикалық процестің заңды бір құрамы.

Тәрбие методтары тәрбиенің мақсатына, мазмұнына, принциптеріне және нақтылы педагогикалық жағдайлардағы міндеттерді шешуге бағынышты болады.

Мұғалім барлық жағдайға бірдей тәрбие методы болмайтынын білуі керек. Бір жағдайда оң нәтиже берген әдіс, басқа бір жағдайда балаға тіптен теріс әсер етеді. Сондықтан тәрбиеші методтарды қолдануда педагогикалық-психологиялық талаптарды білуі қажет.

Бала тәрбиесінде олардың дара және жас ерекшеліктерін зерттеп, оқу-тәрбие процесін бала дамуының заңдылықтарына сүйене отырып ұйымдастыру керек.

Тәрбиеші жеке адаммен, топпен, оқушылар коллективімен жұмыс жүргізгенде тәрбие процесінің ұзаққа созылатын үздіксіз әрі комплексті ерекшелігін ескеруі қажет.

Тұтас педагогикалық процесте тәрбие әдісінің бірнеше түрін қолдану тиімді болып табылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Тәрбие методтары мен тәсілдері дегеніміз не?
2. Тәрбие құралдарына не жатады?

3. Тәрбие методтарын топтастырудың (классификациялаудың) шарттылығы неде?

4. Жеке адамның қоғамдық санасын қалыптастыру методтарына не жатады?

5. Оқушыларда іс-әрекетті ұйымдастыру, қарым-қатынас жасау және қоғамдық мінез-құлықты қалыптастыру методтарына не жатады?

6. Оқушылардың мінез-құлқы мен іс-әрекеттерін ынталандыру методтары қандай?

7. Мінез-құлық, іс-әрекетке бақылау жасау, өзін-өзі бақылауды ұйымдастыру және өзіне-өзі баға беру методтарын сипаттап бер.

8. Тәрбие методтарын таңдауға қойылатын талаптар.

3.5. Оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру. Ақыл-ой тәрбиесі.

3.5.1. Оқушыларда ойлау, ғылыми көзқарас және ұлттық идеологияны қалыптастыру – оқу-тәрбие процесінің негізгі мақсаты.

Жан-жақты жетілген азаматты тәрбиелеуде мектептің алдындағы ең басты педагогикалық мақсат оқушыларда теориялық ойлауды, ғылыми көзқарасты қалыптастыру болып табылады.

Осы орында ұлы Абайдың мына бір сөзі еске түседі: «Дүниенің көрінген хәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса, денелеп білмесе адамдықпен орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады».

Осы бір ғибратты сөздің түбінде терең мән жатыр. Адам айналасын танып-білуі керек. Оның үшін адамда терең білім, ақыл-ой болуы керек.

Ғылыми көзқарас, дүниетаным жеке адамға өзін қоршаған өмірді, оның құбылыстарын танып білуге мүмкіншілік береді, оған объективті баға беруіне жағдай жасайды, өзіне мәлім болмаған табиғат пен қоғам құбылыстары туралы диалектикалық ойлауын дамытады.

Дүниетаным – адам санасының арнайы түрі, оның өзін қоршаған дүниеге, яғни қоғамдық өмірге, табиғатқа, өзіне көзқарасы және сенімі. Дүниетаным бір-неше маңызды қоғамдық функцияларды орындайды. Атап айтқанда:

1) ғылыми дүниетаным табиғат және қоғам дамуын түсіндіруі, білімді саналы қалыптастыруы арқылы ағартушылық функцияны орындайды;

2) ғылыми дүниетанымның тәрбиелік функциясы сол көзқарастар мен сенім адамда моралдық қасиеттерді және шындыққа эстетикалық қатынасты қалыптастырады, мінез-құлықты шындайды, ынта-жігерді күшейтеді, идеялық тұрақтылықты қалыптастырады;

3) дүниетанымның мазмұнын меңгеру бойынша ішкі рухани жұмыстар адамның ойлау қызметін жандандырады. Бұдан оның дамытушылық функцияны орындайтыны көрінеді;

4) ұйымдастырушылық функциясы дегенде мынаны түсіну керек – дүниетаным адамның практикалық қызметінің негізгі позициясы болады;

5) ғылыми көзқарастың болжау функциясы қоғам дамуының заңдылықтарына негізделеді. Ол келешекті құру идеяларын алға сүруде көрінеді.

Дүниетанымдық тәрбиенің мақсаты оқушылардың табиғат пен қоғамды танып білуде, ғылыми көзқарасын қалыптастыру, ақыл-ой күштері мен ойлауын, ерік-жігері мен сезімдерін дамыту болып табылады.

Дүниетанымдық тәрбиенің міндеттеріне ғылыми көзқарас пен сенімді қалыптастыру жатады. Ғылыми көзқарас пен сенімнің негізгі бөліктеріне интеллектуалдық сезім, диалектикалық ойлау, қоғам мен табиғаттың құбылыстарын объективті бағалау іскерліктері жатады.

Бұл міндеттер оқу-тәрбие процесінде ғылыми білімдерді меңгеру жолымен, адамгершілік, мәдени, экономикалық, экологиялық тәрбие нәтижелерімен жетіледі.

Оқушылардың бойында ұлттық идеологияны қалыптастыру да мектептің алдындағы басты мақсаттардың бірі. Президент И.А.Каримовтың пікірінше, «ұлттық идеология халқымыздың ежелгі дәстүрлеріне, әдет-ғұрыптарына, тіліне, рухына негізделіп, келешекке сенім, мейірім, ынсап, сабыр, әділет, білімділік сезімдерін санамызға сіңіруі керек» (1993 ж, 6-май, XII сессия).

Білімділік пен өзінің тарихын, өткенін білу, келешегін болжай алу сияқты қасиеттердің үйлесуі баланың еркін, дербес ойлы азамат болуының басты шарты болып табылады.

Дүниедегі әрбір мемлекеттің, әрбір қоғамның өзіне лайық идеологиясы бар. Себебі адамдар қандай да бір идеяға, тағылымға сенуі және соған негізделіп жұмыс істеуі, қызмет етуі керек.

Идеологияның мәні сонда, ол қоғамның дамуын, ілгері жылжуын жеңілдетеді; ұлтты, барлық азаматтарды ортақ мақсат жолында біріктіреді.

Ұлттық идеология бүкіл Өзбекстан халқының рухын, сезімдерін, ұлттық мақтанышын, күш-құдіретін, арман-мүдделерін біріктіретін ұлы идеялық күш болып саналады.

Ұлттық идеология тек өзбек халқының мүддесін көздемейді. Өзбекстанда жасайтын барлық ұлттар мен ұлыстардың тең құқықтығын, қадірін, ар-намысын, ұлттық мақтанышын, мүдделерін қорғайды.

Идеологиясыз бұқараны тәуелсіздікпен байланысты болған мәселелерді шешуге жұмылдыру қиын. Адамның қызметі озат идеологияға сенуіне байланысты болады.

Жас ұрпаққа жан-жақты тәрбие беруде ұлттық идеяға сүйену керек екенін Президент И.А.Каримов баса айтып жүр. Өзінің ұлттық идеясына сүйенбеген қоғам күйреуге ұшырап, өз жолын жоғалтып қоятынын ескертті.

Алдымен, Өзбекстан Республикасының ұлттық идеясының мәнін түсініп алайық.

Ұлттық идея – республикамыздың тәуелсіздігін бекіте түсу, Өзбекстанды келешекте ұлы мемлекетке айналдыру, адамдардың құқықтарын қорғау, әлеуметтік әділеттілікті, демократияны орнату, халқымыз және мемлекетіміз тәуелсіздігі проблемаларын шешуді бірінші орынға қою мақсатына қаратылған, ғылыми негізделген түрлі білімдер мен тұжырымдардың белгілі системасы.

Ұлттық идея халықтың ұлттық мүдделерінен келіп шығып, оны өзінде көрсетеді.

Ал, мемлекетіміздің ұстанып отырған *ұлттық идеологиясының мәні* республикамызда жасайтын ұлттар мен ұлыстардың жалпы мүддесін белгілеуші және олардың басын біріктіріп бір негізгі мақсатқа, яғни тәуелсіздікті берік етуге үндейтін ұлттық идеялар, білімдер жиынтығы болуында.

Ұлттық идеология адамдарда ұлттық мәдениеттің, ұлттық сананың, ұлттық мақтаныштың, ұлттық татулықтың дамуына маңызды әсер етеді. Осылардың негізінде әрбір адамның туған жерге деген махаббаты, өзінің ұлттық салт-дәстүрлеріне, әдет-ғұрыптарына мақтаныш сезімі күшейеді.

Ұлттық сана – ұлттық мәдениеттің ұлт мүддесімен, ұлт келешегімен, өркениетпен байланысты болған мәселелерінің адам санасындағы көрінісі.

Ұлттық сананың қалыптасуы өте күрделі процесс. Ол ұлттық мәдениет негізінде қалыптасады.

Ұлттық мақтаныш дегеніміз – өз халқының тарихын, рухани байлықтарын, бүгінгі күні мен келешегін білу және қадірлеу, оларды мақтаныш ету, ұлттың мүддесі үшін қызмет ету, басқа халықтармен дос-тату өмір сүру, олардың да ұлттық қадір-қасиетін, тарихын, мәдениетін құрметтеу.

Жоғарыда айтылған ұлттық идея мен ұлттық идеологиядағы ең қажетті заңдар, ережелер және идеяларды жүзеге асыруда тәлім-тәрбиенің ролі өте үлкен.

Қоғамның дамуы мен жеке адамның жан-жақты жетілуі үшін зәру болған рухани және моралдық пәктік, иман, ынсап, ар-намыс, мейір-шапағат, қарттарды сыйлау сияқты адамилық қасиеттер өз-өзінен пайда болмайды. Бұлардың барлығы семьяда және мектепте берілетін тәлім-тәрбие арқылы қалыптасады.

Сондықтан жас ұрпаққа берілетін тәлім-тәрбие мазмұнында ұлттық идеология орын алуы керек. Мектепте оқытылатын әрбір пән арқылы, тәрбиелік шаралар арқылы ұлттық идеологияны оқушылардың бойына сіңіріп бару керек.

3.5.2. Ғылыми дүниетанымның негізгі компоненттері. Оқу-тәрбие процесінде ғылыми дүниетану негіздерін қалыптастыру.

Дүниетаным дегенде адамның өзін қоршап тұрған табиғат және әлеуметтік орта туралы (ғылыми-материалистік білімдер негізіндеп) сана-сезімі түсініледі.

Осыған орай ғылыми дүниетанымның құрылымдық компоненттеріне мыналар жататынын ғылыми зерттеулердің нәтижесі көрсетуде:

- 1) ғылыми білімдер жүйесі;
- 2) көзқарас;
- 3) сенім;
- 4) адамның арман-мұраты;
- 5) теориялық ойлау.

Ғылыми білімдер дүниетанудың объектив компоненті болып, ғылыми шындықтар системасынан тұрады. Ғылыми білім арқылы адам табиғаттың және қоғам құбылыстарының объективті жақтарын зерттейді, түсінеді, ұғынады.

Көзқарас – қоғамдағы және табиғаттағы құбылыстарға өз қатынасын білдіретін адамның қорытынды ойы, тұжырымы.

Сенім – бұл адамның терең ұғынуы және өз басынан өткізгендерінің жиынтығы. Сенім адамның бойына нық орнап, қалыптасқан өмірлік позициясы, оның беріктігін айқындайды, мінез-құлқын сипаттайды.

Адамның мұраты (идеалы) – бұл адамның өмірге ұмтылуы, талаптануы, мақсаты.

Теориялық ойлау – білімдерді, шындық құбылыстарды творчестволық меңгеру, дүниетанымды жетілдіру мен сенімдерді іске асыруға ерікті бағыттау бойынша адам қасиеттерін дамыту.

Дүниетанымның қалыптасуы ұзақ және күрделі процесс, оның барысында жеке көзқарастар және сенім жүйесі дамиды, қалыптасады, олар жеке адамның әрекет жасауына басшылық жасайды. Дүниетанымның қалыптасуына әр түрлі факторлар, орта мен тәрбие, ақпарат құралдары, ең бастысы, тұтас компелксті ұйымдастырылған оқу-тәрбие процесі әсер етеді.

Барлық оқу пәндерінің екі педагогикалық міндеті бар. Тура міндеті – белгілі бір ғылымның заңдылығын ашу және факторын үйрету. Жанама міндеті – факттар мен заңдарды дүниетанымның тұтас системасына енгізу.

Оқу-тәрбие процесінде дүниетанымды қалыптастыру:

1) табиғи-математикалық пәндер циклы әлемнің, табиғаттың материалистік идеясын ашады;

2) қоғамдық-гуманитарлық пәндер циклы адам қоғамы, оның заңдылығы мен дамуы туралы белгілі бір факторды береді;

3) искусстволық пәндерді үйрену адамгершілік-эстетикалық сезімді қалыптастырады;

4) өнердің әр түріне қатысу творчестволық қызметті дамытады;

5) қоғамдық пайдалы және өнімді еңбек еңбекке көзқарасын қалыптастырады.

3.5.3. Ақыл-ой тәрбиесінің мақсаты, міндеттері.

Ақыл-ой тәрбиесі деп оқушылардың ойлауы мен ақыл-ой күштерін дамытуды мақсат еткен педагогтардың арнайы қызметін айтамыз.

Тәрбиешілердің арнаулы ықпал етуі, сондай-ақ өмірлік әсерлер мен ықпалдардың нәтижесіндегі оқушылардың ақыл-ой күштері мен дүниеге көзқарасының даму процесін ақыл-ойдың дамуы деп түсінеміз.

Елімізде ақыл-ой тәрбиесіне аса мән беріп отыр. Ақыл-ой тәрбиесі жеке адамның жан-жақты дамуын қамтамасыз етумен бірге еңбекке творчестволықпен қарауды қалыптастырады. Техниканың өркендеген заманында ақыл-ойды дамыту бойынша пәрменді жұмыс жүргізілмесе, өркениетке ілесу қиын болады. Бірақ ақыл-ой тәрбиесі адамгершілік қадір-қасиеттерді, ұлттық құндылықтарды, баланың табиғи жетілуі бойынша физиологиялық-медициналық ғылымның қорытындыларын, эстетикалық талғамды негізге ала отырып жүргізілгенде ғана, жеке адамды жан-жақты дамыта алады.

Ақыл-ой тәрбиесі мен ақыл-ой дамуы дегенді анықтау үшін оның құрамына кіретін «ойлау» және «ақыл-ой күші» деген түсінікке тоқталайық.

«Ойлау» деп заттар мен құбылыстардың арасындағы табиғи байланыстар мен қатынастарды бейнелейтін психикалық процесі атайды. Ойлау – адам миы қызметінің жемісі. Ойлау – мұрагерлік сипатқа ие болған барлық адамдарға тән құбылыс.

Ғылымда ойлаудың түрлері көп. Педагогикалық-психологиялық әдебиет ойлаудың мынадай түрлерін көрсетеді: логикалық, жинақтай, абстракты, теориялық, индуктивтік, дедуктивтік, алгоритмдік.

Логикалық ойлау меңгерген білімдер мен жаңа білімдер арасындағы өзара байланыс нәтижесінде пайда болады. Бұлапай ойлау түсініктерге сипаттама беруде, ойлау тәсілдерін меңгеруде, өз пікірлерін дәлелдей алуда, қорытынды шығаруды көрінеді.

Жинақтай ойлау түсініктерді классификациялау нәтижесінде пайда болады. Мысалы, «алма – өрік – алмұрт», олардың қатарына қауынды қойып болмайды, себебі бұл жерде тек жемістер жинақталған.

Абстракты ойлау – маңызды емес екінші дәрежелі белгілерден аулақтанып, жалпы және маңыздыларын бөліп алу, сөйтіп осы негізде абстракты ұғымдарды тұжырымдау іскерлігі.

Теориялық ойлау білімдерді жоғары дәрежеде жинақтап меңгеруге қабілеттілік және білім салалары дамуының принциптері мен ғылыми негіздерін түсінумен сипатталады.

Индуктивтік ойлау жеке пікірлерден жалпы қорытындыға, деректерден жинақтауға келу арқылы пайда болады.

Дедуктивтік ойлау жалпыдан жекеге өтетін ойлау процесімен байланысты болады.

Алгоритмдік ойлау – белгіленген нәтижені қамтамасыз ететін нақты әрекеттерді қатаң орындауға нұсқау беру арқылы жұмысты орындау.

«**Ақыл-ой күші**» дегенде адамды білім қорын жасауға, негізгі ойлау операцияларын жүзеге асыруға, нақты интеллектуалдық іскерліктерін меңгеруге көмектесетін ақыл-ойының даму дәрежесі түсініледі.

Ақыл-ой тәрбиесінің міндеттері:

- ойлау қызметінің шарты болатын білім қорын жинау;
- негізгі ойлау операцияларын меңгеру;
- интеллектуалдық қабілетті сипаттайтын интеллектуалдық іскерліктерді қалыптастыру;

– ғылыми дүниетанымды қалыптастыру.

Білім қоры деп фактілер, терминдер, символдар, атаулар, түсініктер, заңдар, заңдылықтар, формулалар, даталар (атаулы күндер) сияқты оқу материалдарын айтады.

Ойлау операциялары: анализ, синтез, салыстыру, классификациялау.

Анализ – бүтінді бөлшектерге бөліп, жеке-жеке талдау.

Синтез – заттың жеке бөлшектерін белгілеріне және қасиеттеріне қарай біріктіру.

Салыстыру – нәрселер және құбылыстар арасындағы ұқсастықтарын немесе айырмашылықтарын анықтау.

Классификациялау - нәрселер және құбылыстарды арасындағы ұқсастықтары немесе айырмашылықтары бойынша топтау.

Интеллектуалдық іскерліктерге оқу, тыңдау, өз пікірін баяндау, жазу, кітаппен жұмыс істеу жатады.

Дүниетаным – табиғат, қоғам, сана және жеке адам қызметінің дамуын белгілейтін диалектикалық көзқарастар мен сенімдер жүйесі.

Ақыл-ой – кең мағынада алғанда сезу және қабылдаудан бастап сана және қиялды өз ішіне қамтыған таным процесінің жиынтығы.

3.5.4. Білім, дағды және іскерлікті қалыптастыру – ақыл-ой тәрбиесінің негізі.

Мектепте ақыл-ой тәрбиесі оқыту процесінде және сабақтан тыс жұмыстарда жүзеге асырылады.

Оқушыларды білім, дағды және іскерліктермен қаруландыратын **оқыту процесі** ақыл-ой тәрбиесінде маңызды роль атқарады. Оқыту процесінде ақыл-ойдың дамуына азық болатын білім жүйелі түрде бірізділікпен беріледі; білімді меңгеру үшін ойлау операциялары орындалады.

Оқытуда оқушының ақыл-ой белсенділігін оятатын **оқыту методтары** қолданылады. Қазіргі күнде сабақтың әр кезеңі үшін пайдалануға болатын «интерактив» методтардың түрлері көбейді. Жалпы, оқыту методтарының қай-қайсысы

да өз орнында шебер қолданылса, ол міндетті түрде оқушының іс-әрекетін активтендіре алады.

Ақыл-ойдың дамуына оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың орны ерекше. Дербес жұмыс оқушылардың сабақта үйренген оқу материалын нығайту үшін, білімдері мен іскерліктерін бекіту үшін қолданылады.

Оқушының ақыл-ой қабілеттерін дамытуда проблемалық ситуациялар туғызу, зерттеушілік ізденістер алып бару да жақсы нәтижелер көрсетеді. Проблемаларды шешу яки зерттеу жұмыстарын алып бару оқушылардың оқуға деген ынта-жігерін оятады, интеллектуалдық қабілетін арттырады, ақыл-ойын ширатады.

Бақылау сұрақтары:

1. Дүниетаным дегеніміз не?
2. Көзқарас, сенім дегенді түсіндіріп бер.
3. Дүниетанымды қалыптастыру неге қажет?
4. Ұлттық идеология қандай болуы керек?
5. Ақыл-ой тәрбиесінің мазмұнын айт.
6. Ақыл-тәрбиесінің міндеттері қандай?
7. Ақыл-ой күштерін дамытудың жолдарын айт.

3.6. Азаматтық тәрбие.

3.6.1. Азаматтық тәрбиенің мәні, міндеттері, методтары.

Азаматтық дегеніміз – адамның Отан, халық алдындағы құқықтары мен міндеттері, қоғамдық және моралдық нормаларға бой ұсынуы, азаматтық борышын орындауы, қоғамдық белсенділігі, рухани жетілуі.

Осыдан келіп шығып, азаматтық тәрбиенің мәнін айқындайық. *Азаматтық тәрбие* – оқушыларға жан-жақты тәрбие беру жүйесінің негізі және тәрбиенің басқа құрамдарының орны мен ролін анықтайтын шешуші буыны.

Азаматтық тәрбие беру арқылы оқушылардың саяси саналылығы және қоғамдық белсенділігі артады.

Сонымен, азаматтық тәрбиенің мәні әлемнің бірлігі мен өзара байланыстылығы, бейбітшілікті сақтау және қарусыздандыру, экологиялық мәселелерді шешу, әлемдік өнер мәдениетін сақтау, экономикалық, ғылыми, мәдени қатынастарды орнату және қоғамдық белсенділік сияқты түсініктерді қалыптастыру болып табылады.

Азаматтық тәрбиенің негізгі міндеттері мыналар:

– оқушыларда саяси саналылық пен қоғамдық белсенділікті қалыптастыру, яғни мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының принциптерін білу және түсіну, бейбітшілік жолындағы күресте өз халқының ролін білу, патриоттық және интернационалдық сезім, қоғамдық-саяси жұмыстарға қатысу үшін дайын болу, өз мемлекетінің символдарына (Ту, Әнұран, Елтаңба) құрметпен қарау;

– халық, мемлекет алдындағы борыштарын ұғындыру, яғни мемлекеттің заңдарын, құқықтарын, міндеттерін, адамгершілік нормаларын меңгеру және оларды қатаң түрде сақтау, заңдарды, жалпыадамзаттық, құқық нормаларын бұзғандармен және тәуелсіздіктің дұшпандарымен ымырасыз болу.

Жас ұрпаққа азаматтық тәрбие беру – өте күрделі іс. Ол адамның өмірлік мақсатын, мінез-құлықтың бағытын анықтайды.

Мектепте азаматтық тәрбие барлық пәндерді оқыту арқылы беріледі. Табиғи-математикалық пәндер арқылы әлем, табиғат, табиғаттың бір бөлшегі болған адамзат туралы ілімді үйренеді.

Көркемдік-эстетикалық пәндер адамзаттың жаратқан мәдени байлықтарымен таныстырады.

Табиғи-математикалық, көркемдік-эстетикалық білімдер арқылы оқушыларда әлемді, табиғатты сақтау, адамзаттың құқықтарын қорғау, мәдени мұраларды сақтау сияқты адамгершілік, азаматтық сезім қалыптасады.

Қоғамдық-саяси және гуманитарлық пәндер арқылы оқушылар идеялық-саяси білімдерді меңгереді, саяси жаңаша ойлауын дамытады, елімізде және шетелдерде болып жатқан оқиғаларға саяси қырағылық көрсетеді, тәуелсіздік идеологиясына жат көзқарастар мен хабарларды әшкерелейді.

Оқу-тәрбие процесінде азаматтық тәрбие берудің басқа да жолдары бар. Мысалы: саяси хабарламалар; ұлттық идея, идеология туралы пікірталастар; азаматтық борыш, міндет туралы әңгіме-диспуттар; замандастары туралы сұхбаттар өткізу.

3.6.2. Патриоттық және интернационалдық тәрбиенің мақсаты, міндеттері, методтары.

Азаматтық тәрбиенің негізі патриотизм мен интернационализм болып саналады

Патриотизм дегеніміз – Отанға, туған жерге махаббаты, халқына деген мақтаньш сезім, бойындағы күш-қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау.

Интернационализм – барлық мемлекет халықтарымен ынтымақтастық, ұлттар арасындағы достық қарым-қатынас, тату көршілік, өзара көмек, басқа халықтардың тарихын, мәдениетін құрметтеу т.б.

Патриоттық тәрбиенің **мақсаты** – оқушыларын өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру .

Отансүйгіштік тек өз Отанының тарихын біліп, оған құрметпен қарау ғана емес, өз тілін, салт-дәстүрлерін, ұлттық мәдениетін, ұлттық әдеп нормаларын білу, оны қорғауға, дамытуға үлес қосу, сондай-ақ, әлем мәдениетінен, басқа халықтардың материалдық және рухани байлықтарынан, ғылым мен техникасынан, тәжірибелерінен творчесволық пайдалану болып табылады.

Отансүйгіштік (патриотизм) сезімін интернационализмнен бөліп қарауға болмайды. Себебі тәуелсіздігіміздің жемісін татып, өзімізге-өзіміз ие болып, тілімізге, дінімізге, ой-санамызға теңдік тиіп отырған бір кезде өзге халықтармен санаспасақ, өзге елмен қарым-қатынас жасамасақ, өзге ұлтты менсінбесек – «өз қабығымызға өзіміз оралып қаламыз». Басқаларда да бізге деген жағымсыз көзқарас пайда болады. Сондықтан халықтар арасындағы теңдікке, достыққа негізделген қарым-қатынасты, басқа ұлттарға достық сезімді, өзге халықтардың тіліне, тарихына, мәдениетіне, ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына құр-

метті қалыптастыратын интернационализмді жас ұрпақтың бойына сіңіріп бару керек.

Интернационалдық тәрбие оқушылардың бойында адамгершілік, азаматтық, гуманистік сезімдерді дамытуды мақсат етеді.

Патриоттық және интернационалдық тәрбиенің міндеттері:

- өз Отанына шексіз сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- кез келген ішкі және сыртқы жаулардан қорғау керек болса, өзінің патриоттық сезімдерін көрсетуге әзірлікті тәрбиелеу;
- Өзбекстанда жасайтын барлық ұлттар мен ұлыстарға құрметпен қарауды тәрбиелеу;
- Отан игілігі үшін адал еңбек етуге тәрбиелеу.

Бұл міндеттер мектептегі оқу-тәрбие процесінде шешімін табады.

Мектептегі ең алғашқы сабақ Өзбекстанның тәуелсіздігіне арналады. Сабақта Отан, оның тарихи жолы, халқы, халқының тұрмыс-тіршілігі, республиканың байлықтары, саяси, экономикалық, мәдени қарым-қатынастары т.б. туралы мәлімет беріледі.

Отанға деген махаббатты тәрбиелеу осы бірінші сабақтан басталып, сабақ үстінде, күнделікті тәрбиелік жұмыстарда өз жалғасын табады.

Қай пәнді оқытуды алсақ та патриоттық және интернационалдық тәрбие берудің құралы бола алады.

Сабақтан тыс уақытта патриоттық және интернационалдық тәрбие беру бойынша арнайы тәрбиелік шаралар ұйымдастырылады. Атап айтсақ, оқушыларды өлкетану жұмыстарына қатыстыру, Отан тақырыбындағы кештер, әскери-патриоттық мерекелер, ұлттық мерекелер, сондай-ақ басқа халықтардың да ұлттық мерекелерін ұйымдастырып, соларға қатыстыру, даңқты жерлерімен, соғыс, еңбек ардагерлерімен, ақын-жазушылармен, өнер қайраткерлерімен кездесулер ұйымдастыру, басқа елдердің балаларымен достық қарым-қатынас орнату, замандастар келбетіне арналған диспут, дискуссия өткізу, қайырымдылық акцияларын жүргізу, ұлттық салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды үйрету т.б.

Өзбекстан Конституциясын, мемлекет символдарын үйрену, оларға құрметпен қарау – оқушылардың туған жерге деген махаббатын тереңдетеді.

Тәрбие сабақтарында «Құран» және хадистерде жазылған Отан, достық, ұлтаралық ынтымақ тақырыптарын ашу, мақал-мәтелдерді, аталы сөздерді топтау патриоттық, интернационалдық тәрбие берудің кең қолданылатын тәсілдерінің бірі.

3.6.3. Құқықтық тәрбиенің мақсаты, міндеттері.

Өзбекстан – тәуелсіз, демократиялық, құқықтық мемлекет. Адамилық ережелерге негізделген Өзбекстанда ұлты, діні, әлеуметтік жағдайы және саяси сеніміне қарамастан әрбір азамат тең құқықты.

Оқушы өзі жасап жатқан қоғам, мемлекет, оның заңдары, қағидалары туралы түсінікке ие болуы және оған бой ұсынуы қажет. Өзінің құқықтары мен міндеттерін білуі және оны бұзған жағдайда жауапкершілікке тартылуын білуі керек. Егер оның құқықтарын аяқ асты еткенде, құқықын қорғайтын органдарға мәлім қылудың жол-жорығын, заңдылықтарын біліп алуы керек.

Оқушылар, әсіресе жоғары класс оқушылары, мыналарды білуі керек:

– Өзбекстан Республикасының Президенті, Бас Уәзірі лауазымдарын, Президент аппараты, Уәзірлер кабинеті, Үкімет және басқа органдардың мән-мазмұнын, құқықтық статусын, бұлардың адамның күнделікті өміріне қажеттілігін;

– Өзбекстан Республикасы заңын қорғау мекемелерінің құрылсын;

– Өзбекстан Республикасы БҰҰ-ның толық тең құқықты мүшесі ретінде халықаралық құқықтық статусын және осыған негізделе адам құқықтарына бой ұсыну міндеттерін.

Өсіп келе жатқан жас ұрпақтың құқықтық санасы мен құқыққа мойынұсынатын құлқын қалыптастыру – азаматтық тәрбиенің құрамдас бөлігі.

Құқық – мемлекет шығарған немесе бекіткен орындалуы мемлекеттік аппараттың күшімен қамтамасыз етіліп отыратын жалпыға бірдей тәртіп ережелерінің, нормаларының жиынтығы.

Құқық адамдардың бостандықтары мен міндеттерін жариялап, оның амалға асуына заң жүзінеде кепілдік береді.

Құқық нормалары адамдардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарының қоғамда белгіленген тәртіпке, қабылданған ережелерге сай келуін талап етеді.

Құқықтық мемлекеттің азаматында құқықтық сананы, құқыққа бой ұсына-тын мінез-құлықты қалыптастыру – **құқықтық тәрбиенің басты мақсаты**.

Құқықтық тәрбиенің **міндеттері** мыналар:

- оқушыларға Конституцияны, мемлекет туралы тағылымды ұғындыру;
- балаларды адлиялық білімдерді игеруге, үкімет заңдарын құрметтеуге үйрету;
- жасөспірімдердің мінез-құлықтары мен жүріс-тұрыстарын заң талаптарына сай қалыптастыру;
- жасөспірімдердің азаматтық белсенділігін қалыптастыру;
- халықаралық құқық мәселелерімен шұғылданатын ұйымдар қызметімен таныстыру.

Кейде қоғамдық орындарда балалардың, жасөспірімдердің, жастардың былапыт сөздер айтып, бар дауыстарымен даурығып жатқанын көреміз. Автобустарда қол телефонымен айғайлап сөйлесіп жатқанын немесе музыкасын қатты қойып төңіректегілерге кедергі келтіріп бара жатқанына куә боламыз. Оқушылар арасында топ-топ болып төбелесулер де орын алып тұрады. Бұлардың барлығы қоғамның құқықтық нормаларын бұзудың бір көрінісі. Қоғам тарапынан белгіленген құқықтық норманы бұзғандар жауапкершілікке тартылады.

Құқық бүкіл қоғам және сол қоғамда жасайтын әрбір адамның өмірін қамтиды. Сондықтан әрбір адам құқықтық нормаларды біліп қана қоймастан, олардың талаптарын орындауы міндетті болып саналады. Мұның үшін өте ерте жас-тан жеке адамның құқықтың санасын қалыптастыру, құқықтық мәдениетін тәрбиелеу қажет.

3.6.4. Құқықтық тәрбиені беру жолдары.

Құқықтық тәрбие беру білім беру мекемелерінде арнайы жүргізілетін сабақтар, тәрбиелік шаралар арқылы амалға асырылады. Құқықтық тәрбиені беруде оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріледі.

Төменгі сынып оқушылары мен жеткіншектер құқықтық білімдерді оқу процесінде мемлекет, оның символдары, азаматтардың құқықтары мен міндеттері туралы жалпы түсініктер арқылы алады. Бұл жастағы оқушылар кейде қарым-қатынас барысында құқықтық норма талаптарын бұзып қояды. Оған олардың еркеліктері, эгоизмі, бейбастығы, жалқаулығы себеп болады. Сөйтіп басқа бір адамға немесе қоғамдық мүлікке зиян жеткізеді. Егер мұндай жағдайда құқықтық профилактика жұмыстары жүргізілмесе, оқушыларда құқықбұзушылық мінез-құлық пайда болады.

Ал жасөспірімдік шақта оқушылар құқықтық және адамилық қарым-қатынастың мәнін тереңірек түсіне бастайды. Олар әртүрлі қызмет түрлерінде азаматтық жауапкершілігін біледі, өзінің құқықтары мен міндеттерін меңгереді.

Мектепте оқушының бойында құқықтық сананы қалыптастыру үшін арнаулы құқықтық білім беріледі. Мемлекеттік құқық негіздері және қоғамдық пәндер арқылы оқушыларға құқықтық білім мен тәрбие беріледі.

Оқушыларға сабақтан тыс құқықтық білім конференцияларын, диспут, сұхбат, дискуссия ұйымдастыру, Республика Конституциясын, заңдарын түсіндіру құқықтық тәрбиенің негізгі бағыттарының бірі болып саналады. Оқушыларға республика дәстүрлері, ұлттық ерекшеліктері, этнографиясы, демографиясы туралы түсініктер беру де құқықтық тәрбиенің функциясына кіреді.

Сонымен бірге, құқықтық тәрбие беруде ақпарат құралдарының тигізетін пайдасы зор. Бүгінгі күнде теле-радио хабарларда, мерзімді баспасөздерде оқушылардың құқықтық білімін нығайтатын, құқықтық сана-сезімін дамытатын хабарлар жеткілікті. Одан тиімді пайдалану керек.

Құқықтық тәрбие беру **методтары**: лекция, сұхбат, үлгі-өнеге, дәлелдеу, насихаттау, бекерге шығару, үйрету, тапсырма беру, талап, жаттықтыру, мақтау, мадақтау, марапаттау, жазалау.

Бақылау сұрақтары:

1. Азаматтық тәрбиенің мәнін айтып бер.
2. Азаматтық сезімді қалай қалыптастыруға болады?
3. Патриоттық және интернационалдық тәрбиенің мақсаты не?
4. Құқық дегеніміз не?
5. Құқықтық тәрбие дегеніміз не?
6. Құқықтық тәрбиенің мақсаты мен міндеттері қандай?
7. Әрбір мемлекеттің азаматына құқықтық білім не үшін керек?
8. Құқықтық тәрбие беру жолдары қандай?
9. Құқықтық тәрбие беру методтары қандай?

3.7. Рухани-адамгершілік тәрбие. Саналы тәртіпті тәрбиелеу.

3.7.1. Руханият – қоғамдық санаға әсер етуші және оны тәрбиелеуші тәсіл.

Қазіргі дәуірде руханият мәселесі тәуелсіздікті баянды ету және келешекке сеніммен барудың ең дұрыс жолы деп саналуда. Жоғары мәдениетке, рухани байлыққа ие болған халық тәуелсіздік идеясын меңгеріп, келешекке ынтымақтасып, өзара түсінісіп, өзгелермен қарым-қатынасын нығайтып бара алады.

Руханият болмаған жерде бақытты өмір де, имандылық та, тәуелсіздік сезімі де, әділет те болмайды.

Руханияты дамыған халық пен ұлт өзін-өзі қадірлейді, өткенін мақтаныш етеді, келешекке үмітпен қарайды.

Президентіміз И.А.Каримовтың сөзімен айтқанда, «руханият түрлі халықтар мен мемлекет адамдарын туыс-бауыр етеді. Олардың тағдырын өзара құрмет негізінде жақындастырады».

Руханият өте кең түсінік. Оның сипаттамасы қай жақтан алынуына қарай әртүрлі болады.

Жеке адамның **руханияты** дегеніміз – оның іс-әрекеті, тұрмыс-тіршілігі, істеген жұмыстары, еңбегінің нәтижесі, айнала-болмысқа қатынасы.

Руханият бір ұлттың өзіне тән рухани дүниесін, рухани келбетін көрсететін ұлттық болады. Бірақ жалпыадамзаттық құндылықтарға қарсы емес, қайта өз

ішінде оларды да қамтиды. **Ұлттық руханиятқа** ұлттың тілі, ұлттың әдебиеті, өнері, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, табиғаты, ғылым мен техникасы, адамның тұрмыс-тіршілігі, творчествосы, еңбегі және оның нәтижесі жатады,

Демек, руханият, оның ішінде ұлттық руханият қоғамның және сол қоғамдағы әрбір адамның санасын белгілеуші, оны тәрбиелеуші тәсіл болады. Әрбір адам жас күнінен өз ұлтының қадір-қасиеті, әдет-ғұрпы, көзқарастары арқылы өзінің дербес руханиятын қалыптастырады. Әрбір ұлттың, мемлекеттің тәлім-тәрбие процесі сол ұлт руханиятының даму дәрежесіне байланысты болады. Ғасырлар бойы жинақталған рухани байлықтар қоғамдық сананы және жеке адамның санасын тәрбиелеуде негізгі ролді атқарады.

3.7.2. Рухани-адамгершілік тәрбиенің мәні, мақсаты, міндеттері.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі дегеніміз – оқушылардың бойында мінез-құлықтың белгілі бір сипаттарын қалыптастыру және олардың өздерінің де бір-біріне, семьяға, басқа адамдарға, мемлекетке деген қатынасын анықтайтын мінез-құлық нормалары мен ережелерін дамыту жөніндегі тәрбиешілердің арнаулы мақсат көздеген қызметі.

Адамгершілік – латынның мораль деген сөзінің баламасы.

Мораль дегеніміз – адамдардың бір-біріне және қоғамға деген міндеттері мен қатынастарын айқындайтын ортақ тұрмысы мен мінез-құлқының нормалары және ережелерінің жиынтығы.

Рухани-адамгершілік тәрбиенің **мақсаты** – рухани-моралдық жағынан жетілген, адамгершілік қасиетке ие жеке адамды тәрбиелеу.

Рухани-адамгершілік тәрбиенің негізгі **міндеттері** мыналар:

- жас ұрпақты қоғамда қабылданған моралдық нормаларға мойынұсынып жасауға үйрету;
- адамгершілік сананы, тұрақты адамгершілік сенімді, көзқарасты тәрбиелеу;
- жас ұрпақтың Отанға, қоғамға, еңбекке, адамдарға, өзіне деген қарым-қатынасына бағыталған адамгершілік сезімді тәрбиелеу, дамыту;

– рухани байлықтарды оқушылардың бойына сіңіру арқылы олардың рухани дүниесін қалыптастыру;

– ізгілік, парасатылық қасиеттерін тәрбиелеу.

Жеке адамның адамгершілік жағынан қалыптасу процесінде **адамгершілік сезімдер** ерекше орын алады.

Сезім дегеніміз – әлеуметтік және табиғи өмірдің сан алуан жақтарына эмоциялық қатынас. Жоғары сезімдер арасында адамгершілік сезімдер ерекше орын алады.

Адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс-әрекетін анықтайды. Сананың қалыптасуы ұзақ та күрделі процесс. Бірінші класс оқушысына басқалармен санаса білуді үйрету, жұмыста бір-біріне кедергі болмауды түсіндіру қажет.

Адамгершілік сенім адамның білімінің негізінде туындайды. Жеке адамның адамгершілік сенімін қалыптастыру үшін адамгершілік ереже, нормалар, мінез-құлық қасиеттері туралы арнайы ағарту жұмысы болуы керек.

Адамгершілік ағарту жұмысы адам баласының ең парасатты қасиеттері, адам өмірінің адамгершілікке негізделген салт-санасы туралы кең, жан-жақты түсінік береді.

Мінез-құлықтың пайдалы дағдылары мен әдеттерін қалыптастыру адамгершілікке тәрбиелеудің тиімді жолы болып табылады. Бірақ, бұл күрделі әрі көп қырлы процесс. Ол оқушылардың сана-сезіміне ықпал етуді, оларда жақсы әдет пен мінез-құлықты, адамгершілік сезім мен қасиеттерді қалыптастыруды талап өтеді.

3.7.3. Адамгершілікке тәрбиелеудің методтары.

Адамгершілік қасиеті баланың мұғаліммен және құрбы-құрдастармен ұдайы қарым-қатынасында қалыптасады.

Сабақ процесінде адамгершілік тәрбиесінің тиімділігін қамтамасыз ететін нәрсе – сабақ мазмұнының ғылымилығы мен жоғары идеялылығы, мұғалім жұмысының әдістері мен тәсілдерінің адамгершілік эмоциялық қуаты, сабақ үстін-

де мұғалім мен балалар арасында қалыптасатын өзара қарым-қатынас стилі, мұғалімнің адамгершілік бағыты, жалпыадамзаттық ізгілікті түсіндіре білуі.

Оқулықтардан, кітаптардан мақалалар, әңгімелер, өлеңдер, ертегілер оқу және талдау балалардың адамдардағы адамгершілік іс-қимылдарын түсінуіне көмектеседі.

Әдебиет және басқа оқу пәндері де адамгершілік сезімдерді және сенімді қалыптастыруға көмектеседі.

Адамгершілік – адамның рухани байлығы. Ғасырлар бойы адамдар арасындағы қарым-қатынасты суреттеу, сол арқылы жастарға өнегелі тәрбие беру, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру – ауыз әдебиетінің негізгі принциптері. Сондықтан ауыз әдебиетінің үлгілері адамгершілік тәрбиесінің арқауы болады.

Мысалы, «Кішіпейілдіктен кішірмейсің» деген мақал әдепті, кішіпейіл, сыпайы болуға баулиды.

Сабақ, үстінде адамгершілікке тәрбиелеу жолдары үнемі күнделікті өмірден алынған мысалдармен толықтырылып отырылуы керек. Кластастарының жағымды қылықтарын бағалауға, жағымсыздарын сынауға және өз ойларын жасырмай ортаға салуға үйрету, мектеп оқушыларына сай мінез-құлық дағдысын қалыптастыру – адамгершілікке тәрбиелеудің ең тиімді жолы.

Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар үлкен роль атқарады. Мәселен, үлкенге ізетпен сәлем беру, еркек кісінің алдын кесіп өтпеу, әке-шешенің төсегін баспау, келіншектің тұңғыш баласының атын атамауы, дастарханға алдымен нанды қою т.б.

Қазақтың ырымдары да адамгершілік туралы түсінік береді. Мысалы: «Керегені керме», «Үйде ысқырма». «Қоқысты үйіп қойма». «Кірдің суын аяқ астына төкпе». «Азалы үйге кіріп шығып, басқа біреудің үйіне кірме» т.б.

Ислам дінінде көрсетілген мұсылмандардың парыздары да адамгершілікке жетелейді.

Ислам дінінің алдына қойған мақсаттардың бірі – иманды, жан-жақты жетілген, ешкімге зияны тимейтін адамды тәрбиелеу. Исламда моралдық нормалар шарифат заңдылықтарымен басқарылады. Шарифатта адамның қимыл-әре-

кеті, адамгершілік қызметі 5 категорияда белгіленген. Бұлар: 1) **парыз** – орындалуы міндетті болған қимыл-әрекеттер, 2) **мандуб** – міндетті емес, бірақ мақұлданған нормалар (сүндет, той), 3) **мубох** — ерікті нормалар, 4) **макрух** – мақұлданбайтын нормалар, 5) **арам** – тиым салынған нормалар.

Адамгершілікке тәрбиелеудің ең көп тараған методтары – этикалық әңгіме, пікірталас, дискусия, кездесулер, т.б.

3.7.4. Жыныстық тәрбие және семьялық өмірге моралдық жағынан дайындау.

Үйдегі жағдай мен семьядағы қатынас оқушы адамгершілігінің дамуына үлкен ықпал жасайды. Бала адамгершіліктің үлгісін, ең алдымен, семьядан алады. Семьяның міндеті – баланы адамдар арасында өмір сүруге үйрету.

Тәрбиенің түп негізі семьядан басталатынын ескерсек, сол семьяны құратын азаматтарды алдымен семьялық өмірге дайындауымыз қажет,

Мектепте жоғары класс оқушыларын семьялық өмірге дайындау мақсатында, оларға **жыныстық тәрбие** беріледі. Жыныстық өмірді, жыныстық қарым-қатынас нормаларын білу, оларды сақтау – жастардың ең басты парызы, адамгершіліктің биік белгісі.

Қоғамымызға, мұсылмандығымызға жат болған гомосексуалистер, бисексуалистер, СПИД, сифлис, гонорея сияқты ғасыр індеттері жыныстық қарым-қатынас нормаларын бұзудан келіп шықты. Осы бәлелерден аулақ болу үшін де жыныстық тәрбие беріледі.

Сондай-ақ, жастарды семьялық өмірге дайындауда зинақорлық жайлы да түсінік беріледі. Өзінің тән ләззәтін ойлап, айуандық сезімдерге берілу, некесіз қыз бен жігіттің бірге өмір сүруі қоғамымыз үшін жат әдет-кылықтар болып саналады. Бұны ислам діні де, заң да, халқымыз да қаралайды.

Адамгершілік тәрбиесінің мазмұнын шешетін көрсеткіш – **салауатты өмір салтын орнықтыру.**

Қоғамның парасатты өмірі адамның мінез-құлқына, сөзі мен ісінің бір жерден шығуына маңызды талап қояды, мұның өзі адалдық пен шыншылдық туралы ұғыммен қабысады.

Адалдық пен шыншылдық кемшіліктерді ашуға жәрдемдеседі.

Салауатты өмір сүруге кедергі жасайтын арақ ішу, темекі шегу, нашакорлықпен айналысу сияқты қоғамымызға жат көріністерден жастарды арашалап алуымыз керек. Мұндай жарамсыз қылықтар адам организмінің дамуына кедергі жасайтыны туралы, ауру балалар туылатыны туралы оқушылар білуі керек. Осындай қоғамға жат әдеттерге қарсы тәрбие жұмыстарының түрін мектепте көбейту керек. Мәселен, осындай тақырыптарға арналған лекциялар оқу, мамандармен сұхбат.

3.7.5. Оқушыларда саналы тәртіп пен мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу.

Адамгершілікке тәрбиелеу процесінде оқушыларда **саналы тәртіп** дағдыларын тәрбиелеудің маңызы зор. Тәртіптілік дағдысын қалыптастыру үшін оқушыларға арналған мінез-құлық ережелерін қалай орындау керектігін түсіндіру арқылы жетуге болады.

Мінез-құлықтың негізгі нормалары мен ережелері оқушыларға арналған ережелерде тұжырымдалған. Оларда мектеп оқушыларының оқуға жауапкершілікпен қарауы, мектепте және одан тыс жердегі жүріс-тұрысы, іс-әрекеті қандай болуы айтылады.

Осы мінез-құлық ережелерін оқушылардың әдетіне енгізіп, ішкі қажеттілігіне айналдыру керек. Саналы түрде түсініп, күнделікті іс-әрекетіне айналуына оқытушы әсер етіп отыруы керек,

Мектепте оқушыларды саналы тәртіпке тәрбиелеуде класс жетекшісі ата-аналармен ынтымақтаса жұмыс істегенде ғана нәтиже береді.

Адамгершілік қасиеттері **мәдениетті мінез-құлықты** қалыптастырумен байланысты.

Мәдениетті мінез-құлықтың ережелері алуан түрлі және әр қилы. Балаларды жас кезінен-ақ жақсы әдеттерге дағдыландыру керек, адамдарға жақсылық жасауға және көмекке зәру адамдарға қол ұшын беруге үйретіп бару керек.

Кейбір оқушылар өздерінің мінез-құлқына қойылған талаптарды біле бермейді. Сондықтан тәртіпсіздік жасайды, өздерін мәдениетсіз ұстайды.

Мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелеудің жолдары көп. Мәселен, мәдениетті болу тақырыбына өткізілетін түрлі әнгімелер, пікірталастар; әдеби шығармалар, мерзімді басылымдар, халық ауыз әдебиеті үлгілерінен қызықты фактілерді талқылау т.б.

Мектеп оқушыларын әдепті болуға, дұрыс киініп, таза журуге, мәдениетті мінез-құлықтың басқа да белгілеріне үйретіп отыру қажет. Мәселен, «Үлкендерді сыйла», «Әдепті бол», «Көшедегі, қонақтағы мінез-құлық», «Талғам туралы», «Жарасымды киіну деген не?», «Инабаттылық пен қарапайымдылық» т.б. тақырыптарда сұхбат, пікірталас өткізуге болады.

Оқушыларда мәдениетті мінез-құлықты қалыптастыру үшін мектеп, семья және қоғамдық ұйымдар бірлесіп тәрбие жұмысын алып баруы қажет.

Бұл істе оқытушының жеке басының үлгісі көп роль атқарады. Олар өзінің сырт бейнесімен, күнделікті мінез-құлқымен, басқа адамдарға қарым-қатынасымен үлкен тәрбиелік әсер өтеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Жеке адамның руханияты, ұлттық руханият дегеніміз не?
3. Оқушыларда моралдық (адамгершілік) қасиеттерді қалыптастырудың жолдары қандай?
4. Адамгершілікке тәрбиелеуде ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ислам діні қандай роль атқарады?
5. Оқушыларға жыныстық тәрбие беруден мақсат не?
6. Оқушылардың тәртіптілігі және мінез-құлық мәдениетінің ережелері қай жерде белгіленген? Олар туралы түсінік бер.

3.8. Еңбек тәрбиесі.

3.8.1. Еңбек тәрбиесінің мақсаты, міндеттері.

Адамзат пайда болғалы еңбек етеді. Еңбектің арқасында адамның ақыл-ойы, сана-сезімі, денесі дамыды, әлеуметтік тұрмысы жақсарды. Біздің эрамызға дейінгі зороастризм дәуірінде жастарды еңбек етуге дағдыландыру, жас кезінен бір кәсіпке баулу ісі жүргізілгені бізге « Авестодан» мәлім.

Қазақ халқы жастарды еңбекке үйретуге көп көңіл бөлгені халық педагогикасы үлгілерінен көрінеді. Мәселен, халық мақал-мәтелдерінде еңбекке баулу мәселелері кең ашылған. «Бейнетің қатты болса, татқаның тәтті болар». «Еңбекпен ел көгерер, жаңбырмен жер көгерер».

Орта ғасырда өмір сүрген ұлы ғұлама Абу Али Ибн Сино жастарды жан-жақты жетілдіруде еңбек тәрбиесінің ролі үлкен екенін өз еңбектерінде ашып берді.

Данышпан ақын Абай өзінің өлеңдерінде де, қара сөздерінде де еңбек қараңғылықтан, надандықтан алып шығатын бірден бір жол деп көрсетті.

Сонымен, еңбек материалдық және рухани байлықтардың көзі, адам өмірінің бірінші шарты екен.

Мектепте оқушыларға еңбек тәрбиесін беру арқылы олардың еңбекке адамгершілік қатынастарын қалыптастырады.

Еңбек тәрбиесінің **мақсаты** – оқушыларда еңбекке, еңбек адамына құрметті тәрбиелеу; оларды қазіргі заман өндірісімен, ауыл шаруашылығымен, құрылысымен, транспортымен таныстыру.

Еңбек ету дағдысы мен іскерлігін қалыптастыру, мамандық таңдауға бағыттау. **Еңбек тәрбиесінің міндеті:**

– оқушыларды еңбексүйгіш, еңбек адамын құрметтейтін, еңбектің өмірлік қажеттілігін саналы түрде түсінетін етіп қалыптастыру.

– ой еңбегі, дене еңбегі, қоғамдық еңбек белсенділігі мәдениетінің іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру;

– кәсіби қызметтің қажетті және шамаға лайықты түрін орындауға дайындау;

– жалқаулық, жатып ішерлік, тәртіп бұзарлық сияқты жаман індеттерге төзімсіздікті тәрбиелеу.

Еңбек тәрбиесі процесінде әр салалы еңбек ету сапасы қалыптасады. Коллектившіл еңбекке практикалық қана емес, адамгершілік даярлық қалыптасады, адамдарға құрмет, жолдастық өзара көмек, коллективизм қасиеті тәрбиеленеді. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай еңбек бірте-бірте күрделене түседі.

3.8.2. Мектепте еңбек тәрбиесінің жүйесі.

Мектепте оқушыларға еңбек тәрбиесін беруде мынадай еңбек жүйесі қолданылады:

1. Оқу процесіндегі еңбек – оқу еңбегі оқушылардың еңбегінің негізгі түрі. Бұл еңбек ақыл-ой және ерік-жігерді талап етеді. Оқу еңбегінің нәтижесі оқушының өзіне бірден білінбейді.

Еңбек тәрбиесінде еңбек сабағының мәні зор, онда оқушылар еңбек операцияларын меңгереді.

2. Кластан тыс жұмыс процесіндегі еңбек тәрбиесі. Еңбек тәрбиесін жүзеге асыруда кластан тыс жұмыстардың мүмкіншілігі мол. Оқудан тыс уақытта «Шебер қолдар» үйірмесіндегі, натуралистік, тәжірибелік, техникалық т.б. үйірмелердегі жұмыстар еңбек әрекетін қамтиды. Пән үйірмелерінде оқушылардың ақыл-ой жұмыстары дене, қол еңбектерімен ұштасады. Оқушылардың қызығушылығын, қабілетін, творчествосын дамытады.

Оқушылар өндіріс озаттарымен кездесулер өткізеді, «Құстар күні», «Алтын күз» күндеріне қатынасады. Еңбек мейрамдары, жәрмеңкелер өткізіледі.

3. Оқушылардың өзін-өзі күтуіне байланысты еңбегі. Еңбек тәрбиесінің жүйесінде оқушылардың өзін-өзі күтуі кен орындалады. Оқушылар оқу жабдықтарын жөндеуге қатынасады, кластарды ретті және тазалықта ұстайды. Мектеп участогіндегі жұмыстарға араласады.

Өзін-өзі күтуге қатынаса отырып оқушылар еңбек етуді, ересектердің еңбегін бағалауды үйренеді, оларда қоғамдық мүлікті қорғау қамқорлығы дамиды.

Өзін-өзі күту еңбегі үйде де жүргізіледі Мысалы, төсек-орынды жинастыру, киімдерін таза ұстау, бөлмедерді тазалау.

4. Оқушылардың қоғамдық пайдалы еңбегі. Оқушылар өз кластарын көркейтуге, табиғатты қорғауға, мектеп маңайын көгалдандыруға, қағаз бен металл жинауға т.б. қатысады.

Еңбектің бұл түріне қатысу арқылы оқушылар қоғамшыл, коллектившіл болып, жалқаулық, кертартпалықтан арылады.

5. Өнімді еңбек процесіндегі еңбек тәрбиесі. Оқушылардың, әсіресе жоғары класс оқушыларының өнімді еңбекке қатысуы – еңбеккерлерді тәрбиелеудің шарты. Мектеп учасқтарында, шеберханаларында заттар дайындайды. Өндірістік бригадаларда, мал шаруашылығында жұмыс істейді

3.8.3. Оқушыларды еңбекке баулу мен кәсіпке бағдарлаудың методтары.

Оқушылар қатысатын еңбек түрлері олардың жас шамасына лайық болуы талап етіледі

Оқушылар еңбегі дер кезінде бағаланып барылуы керек. Мадақтау яки кемшілігін көрсету методтарын қолдану керек.

Тәрбие жұмысының тәжірибесінде оқушылардың еңбек ісін ұйымдастырудың белгілі методикасы құрылған. Бұл методика еңбекті лайықты түрде жоспарлауды, еңбекті ұйымшылдықпен бастауды, еңбек процесін дұрыс ұйымдастыруды және еңбектің нәтижесін ретті түрде бағалауды қамтиды.

Оқушылардың орындайтын жұмыстары алдымен жоспарланып алынады. Істейтін жұмыстары оқушылардың шамасына лайық болу керек. Класс бойынша істелетін коллективтік тапсырмаларды орындау үшін шағын топтар құрылды. Топтың жауапты ұйымдастырушылары сайланады.

Еңбек процесін рет-ретімен ұйымдастыру қажет. Жұмыстың ұйымдастырылу әдісіне қарай сол жұмысқа оқушылардың көзқарасы да, оны орындауы да әртүрлі болады. Оқушылардың еңбек әрекеттерінің нәтижелі болуы үшін жарыс

ұйымдастырған тиімді. Жарыстың қорытындылары хабарланып, оқушылар марапатталып тұрса, оларда еңбек етуге қызығу арта түседі.

Кәсіптік бағдар беру (профорентация) дегеніміз – өсіп келе жатқан жас ұрпаққа өз еркімен мамандық таңдауға дайындау. Оқытушының міндеті оқушыларға таңдаған мамандығы бойынша элементар білім беру. Кәсіптік бағдар беру бойынша төмендегі шараларды ұйымдастыру мүмкін.

5-6 кластарда «Кім болам?» деген тақырыпта класс сағатын, әңгіме өткізу, альбом дайындау.

7-8 кластарда кәсіп таңдау бойынша әңгіме өткізу, стенд дайындау, конкурс ұйымдастыру.

9-класта ата-аналармен оқушылардың мамандық таңдауы бойынша жиналыс өткізу, мамандық таңдау бойынша кеш өткізу, академиялық лицей және кәсіптік коллеждермен танысу, өндіріс орындарына саяхатқа шығу, шығарма жаздыру.

Бақылау сұрақтары:

1. Еңбек тәрбиесінің мәнін түсіндір.
2. Ақыл-ой еңбегі мен дене еңбегіне сипаттама бер.
3. Еңбек тәрбиесінің мақсаты мен міндеттері қандай?
4. Мектепте еңбек тәрбиесінің жүйесі туралы айт.
5. Еңбекке баулудың методтары қандай?
6. Кәсіптік бағдар беру дегеніміз не?

Дене тәрбиесі.

3.9.1. Дене тәрбиесінің мақсаты, міндеттері.

Дене тәрбиесі ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, еңбек тәрбиелерімен бірлесе отырып, баланың жан-жақты дамуының негізін қалайды.

Дене тәрбиесі – организмді шынықтырып, баланың жан-дақты жетілуіне игі ықпал ететін педагогикалық іс-әрекет.

Дене тәрбиесі оқыту процесі үшін үлкен мәнге ие. Егер оқушының дені сау болмаса яки денесінде кемістігі болса, онда оның үлгерімі төмендеп кетеді. Оқушының есте сақтауы, ықыластылығы, қайсарлығы жалпы денсаулығы мен дене күштеріне байланысты. Денсаулықты нығайту ақыл-ой еңбегінің қарқындылығын күшейтеді.

Дене тәрбиесі адамның еңбек операцияларын орындауын жеңілдетеді, себебі денешынықтыру жаттығулары арқылы кимыл-әрекетінде дәлдік, бағытталғандық қалыптасады.

Дене тәрбиесі арқылы адамның мүсіні сұлуланады. Ол тік жүретін, ширақ қимылдайтын, жылдам әрекет ететін болады.

Дені сау адам ержүрек, тапқыр, табанды, жігерлі, ұйымшыл, бастамашыл, тәртінті, алғыр болады.

Мектепте жас ұрпаққа дене тәрбиесін берудің **мақсаты** – балалардың денсаулығын нығайту, денесінің дұрыс дамуын қамтамасыз ету, дене жағынан шыныққан, ержүрек, Отанын қорғауға дайын азаматты тәрбиелеу.

Дене тәрбиесін берудің мынадай **міндеттері** бар:

1. Денсаулықты нығайту, организмді шынықтыру, дене жағынан дұрыс өсу және жұмыс істеу қабілетін арттыру.
2. Оқушыларда жаңа әрекеттер түрлеріне дағды және іскерліктер қалыптастыру, оларды арнайы білімдермен қаруландыру.
3. Оқушылардың жасына, жынысына лайық келетін негізгі әрекет сипаттарын дамыту.
4. Оқушыларды өз денсаулығына саналы қатынасты тәрбиелеу.

3.9.2. Дене тәрбиесін берудің жолдары.

Дене тәрбиесін беру тәсілдерінің ішінде гимнастика, әрекетті ойындар, спорт негізгілерден есептеледі. Мектепте оқушыларға дене тәрбиесін беру бойынша арнайы денешынықтыру сабақтары өткізіледі.

Кластан тыс жұмыстарда да дене тәрбиесін беру бойынша әртүрлі шараларды өткізуге болады. Мысалы: спорт үйірмелеріне, спорт жарыстарына қатыстыру, дем аруды ұйымдастыру, экскурсия, туристік походтарға шығу т.б.

Оқушылардың сымбатты болып, дұрыс жүріп-тұруына қамқорлық жасау — барлық оқытушылардың ісі. Мұғалімдердің бәрі де оқушылардың партада дұрыс отыруын, жауап беруге қалай шығатынын, тақтаның алдында қалай тұратынын қадағалап жүруі керек. Үнемі ескертіп отыру оқушылардың бойындағы кем-кедіктерді түзеуге немесе олардың болуына жол бермеуге көмектеседі.

Барлық мектептерде денешынықтыру сабақтарымен қатар күн режимінде денешынықтыру-сауықтыру шараларының тұтас бір комплексі жүргізіледі.

Мәселен, сабақ басталғанға дейін денешынықтыруға шығады, ал төменгі кластарды сабақ үстінде денешынықтыру минуттары өткізіледі. Еңбек сабақтарында профилактикалық гимнастика жасалады.

Үзіліс кездерінде төменгі класс оқушыларымен қимыл ойындары ұйымдастырылады. Көктемде, күзде үзілісті аулада, таза ауада өткізу ұсынылады.

Ал денсаулығы нашар балалардың бәріне шамасы келетін жаттығулар жасату керек.

Біздің елімізде спорт пен денешынықтыруға аса қатты көңіл бөлініп отыр. Жастардың бос уақытында спортпен шұғылдануы үшін мейлі қалада болсын, мейлі ауылда болсын спорт алаңдары көптеп құрылуда. Әртүрлі жарыстар өткізілуде. Балалардың түгелдей спортпен шұғылдануына және ден-саулықтарын нығайтуға жағдай жасау мемлекеттік саясат дәрежесіне жетті.

Бақылау сұрақтары:

1. Дене тәрбиесінің мәні неде?
2. Дене тәрбиесінің мақсаты мен міндеттерін айт.
3. Мектептегі денешынықтыру бойынша жүргізілетін жұмыстардың түрлері қандай?
4. Елімізде жастардың дене тәрбиесімен айналысуына қандай жағдайлар жаратылған?

3.10. Эстетикалық тәрбие.

3.10.1. Эстетикалық тәрбиенің мәні, мақсаты, міндеттері.

Жас ұрпақты жан-жақты жетілдіруде эстетикалық тәрбиенің орны айрықша. Өйткені эстетикалық тәрбие табиғаттағы, өмірдегі, өнердегі әсемдікті дұрыс қабылдауға, түсінуге тәрбиелейді, эстетикалық талғамын, қиялын дамытады.

Эстетика («эстетиз» - түйсік, сезімдік қабылдау) грек тілінен алынған болып, әсемдікті сезінемін деген мағынаны білдіреді. Бұл терминді алғаш рет ғылымға 1750 жылы «Эстетика» деген шығарма жазған неміс өнер зерттеушісі Баумгартен енгізді.

Эстетикалық тәрбиенің **мақсаты** – жеке адамда эстетикалық талғам мен шындыққа эстетикалық қатынаста болуды қалыптастыру.

Эстетикалық тәрбиенің негізгі **міндеттері** мыналар:

1. Жеке адамның табиғаттағы, өнердегі әсемдікті эстетикалық қабылдауын, эстетикалық санасын дамыту. Оқушыларда сұлулықты сезу қабілетін дамыту үшін оларға эстетикалық білім беру керек. Эстетикалық білімді балалар өте жас кезінен ала бастайды. Балалардың әдемі ойыншықтарға қызығуы, түрлі-түсті суреттерді, кітаптарды зейін қойып тамашалауы – бұл бастапқы эстетикалық мағлұматтарды ала бастауын көрсетеді. Мектеп кезеңінде балалардың эстетикалық мағлұмат дәрежесі өседі. Бейнелеу өнері, музыка, әдебиет, дене шынықтыру, еңбек сабақтары оқушыларға эстетикалық білім беріп, оларды әдеміліктің объективтік критерийлерімен қаруландырады.

Оқушыларға эстетикалық білім беруде табиғаттану, география сияқты пәндердің орны да салмақты. Бұл пәндерден табиғат туралы алған білімдерін кеңейту үшін экскурсияларға шыққан оқушылар сұлулықты өз көздерімен көріп, сезінеді. Сөйтіп, эстетикалық білімдер оқушылардың санасы мен ойлауын дамытады, эстетикалық түсініктерін қалыптастырады, оларды көркем-өнер салаларын ажыратуға үйретеді.

Оқу орындарындағы түрлі тәрбиелік шаралар – конкурстар, жарыстар, көрмелер, фестивалдар, концерттер т.с.с. оқушыларға эстетикалық тұрғыдан мағлұ-

мат береді, олардың эмоциясына, сезімдеріне әсер етіп, эстетикалық дағдылары мен әдеттерін қалыптастырады.

2. Оқушыларда эстетикалық талғамды, әсемдікті бағалау қабілетін тәрбиелеу. Бұл міндеттің орындалуы үшін оқушыларда бейнелеу өнері мен музыкадан білім болуы керек. Әр адамның эстетикалық талғамы әртүрлі екеніне қарамастан эстетикалық таным оларды шын сұлулықты танып білуге үйретеді.

Мелекеттік білім беру стандарттарында эстетикалық білім беретін пәндерге аса назар аударылуы - өсіп келе жатқан жас ұрпақтың эстетикалық талғамын әрі қарай дамытуға жағдай жасайды. Бұл пәндерді терең үйрену арқылы оқушылардың эстетикалық белсенділігі артады, соның нәтижесінде олар өмірдегі әдемілікті, сұлулықты бағалап, оны дамытуға өз үлестерін қосады.

3. Сұлулықты сақтауға және қорғауға бағытталған шындыққа эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу. Бұл міндет әсемдіктен ләззәт алған адамды сұлулыққа өз үлесін қосуға шақырады. Эстетикалық білім, дағды, іскерліктерді меңгерген оқушы оны өз қызметінде көрсетіп беруі де керек. Әйтпесе, айналадағы сұлулыққа сұқтанып, одан пайдаланып, соңында оны жойып жіберуі мүмкін. Мектепте оқушылардың өз қолдарымен жасаған өнерлерін көрсетуге жағдай жасалынады. Олар ән-би, музыка, бейнелеу өнері, сөз өнері және көркем өнерден алған білімдері мен іскерліктерін көрсетіп, айналасына шама-шарқынша әдемілікті, әсемдікті таратады.

Сонымен бірге, оқушыларды сөйлеу, жүру-тұру, киіну мәдениетіне қойылатын талаптармен таныстырып бару керек. Жеке гигиенаны сақтау, айналаны таза ұстау, үйін, жұмыс орнын тәртіпке келтіру – адамның өмір сүру тәрізі екенін ұқтырып бару керек.

Осылайша эстетикалық білім мен тәрбие дұрыс берілсе, оқушының айналадағы болмысқа эстетикалық көзқарасы қалыптасады. Эстетикалық көзқарастағы оқушы жағымды мінез көрсетеді; сымбатты болуға әрекет етеді; айналасындағылармен қарым-қатынаста жылы шырай танытады; барлық нәрсеге талғаммен қарайды; өнерді, әдебиетті, табиғатты сүйеді, бағалайды, қорғайды; әдемілікті

жаратады. Осылайша әсем табиғат тіршіліктің ең тамаша жаратылысы арқылы одан да сұлулана түседі. Ал «сұлулық әлемді құтқарады».

3.10.2.Эстетикалық тәрбиенің құралдары.

Эстетикалық тәрбие беруде эстетикалық тәрбие құралдары үлкен мәнге ие. **Эстетикалық тәрбие құралдарына** табиғат, көркемөнер түрлері кіреді.

Табиғат – сұлулықтың қайнар көзі. Ол эстетикалық сезім, бақылампаздық және қиялдың дамуына мол материал береді. Табиғатқа эстетикалық қатынаста болу арқылы баланың адамгершілік мінез-құлқы да дамиды. Табиғат туралы ақын-жазушылардың, композиторлардың, суретшілердің шығармаларын оқып үйрену оқушының эстетикалық мәдениетін қалыптастырады.

Көркемөнер – эстетикалық тәрбиенің негізгі құралдарынан бірі. Көркем-өнердің түрлері: әдебиет, музыка, бейнелеу өнері, театр, кино. Бұл өнер түрлерінің әрқайсысы баланың сана-сезіміне ерекше әсер етеді. Мысалы, балалар өте жас кезінен халық ертегілерімен, өлеңдерімен танысып, әдемілікке талпына бастайды. Мектепте өтілетін әдебиет сабақтарында, өз беттерінше әдеби шығармалар оқу барысында қуану мен қорқу, мақтаныш пен жек көру сияқты сезімдері күшейеді. Бұл олардың эстетикалық талғамын биіктетеді.

Оқушының сезімдеріне музыканың, ән-бидің әсері өте күшті. Баланың келешектегі әлеуметтік беделін қалыптастыруда да музыка белді орында болады. Мысалы, патриоттық, лирикалық, ұлттық нақыштағы әндерді есітіп өскен ұрпақ ұлтжанды болып келеді.

Бейнелеу өнері оқушыларға образдарды көре білуге үйретеді.

Театр, кино өнері оқушылардың рухани дүниесін байытуға қызмет етеді. Бірақ зорлық-зомбылық пен адамдық болмысқа жат қылықтарды насихаттайтын яки мағынасыз жеңіл-желпі фильмдер, спектакльдер кері әсер етіп, баланың сана-сезімін улайды. Ата-аналар мен педагогтар оқушы-жастардың қандай фильмдерді көруін, дискотекалардағы музыкалар оларға қалай әсер етуін бақылап баруы керек. Жалпы, қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып, таза, эстетикалық нәр беретін өнердің түрлерін балаларға ұсыну керек болады.

Көркемөнер шығармалары арқылы эстетикалық тәрбие беруді кейде «көркемдікке тәрбиелеу» деп те атайды.

Адамдардың *қарым-қатынас мәдениеті* де эстетикалық тәрбие берудің тәсілі ретінде үлкен мәнге ие. Диалект сөздерді, паразит сөздерді, былапыт сөздерді қолданбай таза әдеби тілде сөйлеу; ортада өзін ұстай білу, басқалармен қарым-қатынаста әдептілік сақтау; таза, ұқыпты жүру; өзіне жарасатын, ұлттық болмысқа лайық сәнмен киіну – бұлар адамның эстетикалық мәдениетін көрсетеді. Сондықтан оқушылар арасындағы қарым-қатынасқа аса мән беріп, оларда мәдениетті мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру керек.

Бақылау сұрақтары:

1. Эстетикалық тәрбиенің мазмұны мен мақсаты қандай?
2. Эстетикалық тәрбиенің міндеттерін айтып бер.
3. Эстетикалық тәрбиенің негізгі құралдары туралы айт.
4. Қарым-қатынас эстетикасын қалай түсіндіресің?

3.11. Экономикалық тәрбие.

3.11.1. Экономикалық тәрбиенің мазмұны, мақсаты мен міндеттері.

Әлемде экономикалық проблемалар жеткілікті. Күннен-күнге адамзаттын тұтынушы ретінде талап-тілегі өсіп бара жатыр. Ал оны қанағаттандыру үшін шикізат ресурстары тапшы. Кедей мемлекеттерде адамдардың күнделікті өміріне қажет нәрселер де жетіспейді. Тағы бір мемлекеттер инфляция зардабын шегіп отыр. Бағаның өсуі, жұмыссыздық адамдардың тұрмысын нашарлатып жіберді.

Өзбекстан Республикасы экономикалық жағынан өркендеп келе жатқан мемлекет. Жер үсті, жер асты байлығымыз жеткілікті болуына қарамастан, оны дұрыс пайдалана алмасақ, келешек үшін қолайсыз жағдай тудыруымыз мүмкін. Сондықтан өсіп келе жатқан жас ұрпаққа экономикалық тәрбие беру, олардың экономикалық санасы мен мәдениетін қалыптастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр.

Экономикалық тәрбие деп оқушыларға экономикалық білім беруге; қоғамның экономикалық саясатын ұғындыруға; өндіріс, айырбастау, бөлісу, тұтыну сияқты негізгі экономикалық қатынастарды меңгертуге бағытталған арнайы педагогикалық қызмет түсініледі. Экономикалық тәрбие оқушыларда экономикалық білім мен іскерліктерін дамытуды, тәртіптілік, коллектившілдік, ықыластылық, іс-керлік, құнттылық, үнемшілдік сияқты қасиеттерді қалыптастыруды, еңбекке творчестволық саналы қатынаста болуды, жұмысқа ыждағаттылықты, еңбек адамына құрметті тәрбиелеуді өз ішіне алады.

Сонымен, мектепте экономикалық тәрбие берудің **мақсаты** оқушылардың экономикалық ойлауын дамыту, экономикалық қызмет барысындағы адамгершілік және іскерлік қасиеттерін қалыптастыру,

Міне, осыған байланысты, мектептегі экономикалық білім мен тәрбиенің негізгі **міндеттері** мыналар:

- оқушыларды қоғамның экономикалық даму заңдарымен, үкіметтің саяси экономикасымен қаруландыру;
- ортақтасып басқаруға қажетті қасиеттерге – құнттылыққа, іскерлікке, ықыластылыққа, тәртіптілікке т.б. дағдыландыру;
- оқушыларды қоғам мен коллектив проблемаларын өз проблемасы ретінде қарауға, еңбекте білгенімен шектеліп қалмай, әрі қарай ізденуге үйрету;
- экономикалық есеп пен талдау жасау дағдыларын үйрету, еңбекті ғылым негіздерімен байланыстыра білуге көмектесу.

3.11.2. Экономикалық тәрбие берудің жолдары.

Мектепте алғашқы экономикалық білім экономикалық пәндер арқылы беріледі. Оған математика, физика, химия, биология т.б. жатады. Тарих, қоғамтану, экономикалық география пәндері арқылы оқушылар өндіргіш күш пен өндірістік қатынастың даму заңдылығын, үкіметтің экономикалық саясатын түсінеді. Еңбек оқуы мен өнімді еңбек процесінде оқушылар экономикалық дайындық алады. «Экономика негіздері» пәнін үйрену процесінде экономикалық түсініктерді, категорияларды және өндірісті дамыту заңдылықтарын меңгереді.

Мектепте *экономикалық тәрбие берудің формалары* мынадай:

- экономикалық проблемалар туралы әңгімелесу, лекция, пікірталас, конференция;
- экономикалық білім саласынан лекторийлер, семинарлар, үйірмелер, клубтар;
- еңбек ардагерлерімен, өндіріс озаттарымен кездесу ұйымдастыру;
- оқушылардың өзін-өзі қызмет ету еңбектері, қоғамдық пайдалы жұмыстары.

Экономикалық тәрбиеге арналған «Еңбек өнімділігі неге байланысты?», «Экономика біздің өмірімізде», «Бос уақытыңды үнемді пайдаланасың ба?», «Үнемшілдік деген не?», «Байлықты бағалайсың ба?», «Абайдың экономикалық тәрбиеге байланысты ойлары» атты тәрбиелік сағаттар өткізу оқушыларға ой тастайды, сана-сезіміне әсер етеді.

Жастарды үнемшілдікке тәрбиелеу мәселелері халық педагогикасында да кең көрініс тапқан.

Мысалы мақал-мәтелдерде: Теңге тиыннан өсер, жылқы құлыннан өсер. Есепсіз дүние жоқ. Судың да сұрауы бар. Қасықтап жинағанды шөміштеп төкпе.

Халық дәстүрлерінен мысал: қалған-құтқан қикым маталардан құрақ құрау, жыртылған-қысқарған көйлектерден балаларға көйлек тігу т.б.

Халық педагогикасы үлгілерін пайдалана отырып, сабақтан тыс уақыттарда экономикалық тәрбие беруді жолға қоюға болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Экономикалық тәрбие дегеніміз не?
2. Экономикалық тәрбиенің міндетері.
3. Экономикалық тәрбиені ұйымдастыру формалары.
4. Экономикалық тәрбие және білім берудің жолдары.

3.12. Экологиялық тәрбие.

3.12.1. Экология туралы түсінік.

Адамның табиғатқа қатынасында терең гуманистік мән жатыр. Себебі ол табиғаттың бір бөлігі. Адам табиғатсыз өмір сүре алмайды.

Табиғаттағы тірі организмдердің тіршілік ортасымен арақатынасын зерттейтін биологиялық ғылым **экология** деп аталады. Экология сөзі гректің «**ойкос**» - үй, «**логос**» - ғылым деген сөздерінен алынған болып, бұл терминді бірінші рет 1866 жылы неміс ғалымы Эрнест Геккель пайдаланған.

Техника ғасыры деп аталатын ХХ ғасырда табиғат көп зардап шекті. Адамзат ақыл-ойының тамаша жетістігі болған техника бір жағынан адамдардың тұрмыс-тіршілігін жеңілдетсе, екінші жағынан олар жасайтын ортаға теріс ықпал етуде. Техникамен байланысты болған өндірістің зиянды қалдықтары табиғаттағы тіршілікті әлсіретіп барады.

Соңғы 30-40 жыл көлемінде адамдар өз қажеттіліктеріне жарату үшін табиғат байлықтарын шектен тыс пайдаланды. Бұл табиғи ресурстардың жойылып кетуіне, табиғаттағы тепе-теңдіктің бұзылуына әкеп соқтыруда.

Планетамызда адамдар санының тез өсуі де экологиялық қиындықтарға әкелді. Олардың жақсы өмір сүру үшін табиғат байлықтарын керегінен артық пайдалануы, қолайлы жерлерге қоныс аударып, үй-жай салуы, өндіріс орындарын ашуы – табиғаттағы ара қатынастың бұзылуына себепші болуда.

Жауыз ниетті кейбір адамдардың ядролық, химиялық, бактериологиялық қарулармен соғыс ашуы тек адамдарды, мемлекетерді емес табиғатты да қырып-жоюда.

Міне, осылардың салдарынан ХХІ ғасыр экологиялық апаттармен басталды. Экологиялық жағдайдың бұзылуы, табиғат апаттары енді адамның өзіне қауіп төндіріп отыр.

Табиғат және қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ, экологиялық проблемалардың әлеуметтік қауіпі туралы Өзбекстан Республикасының Президенті И.А.Каримов былай деген еді: “Экологиялық қауіпсіздік проблемалары әлдеқай

шан ұлттық және аймақтық шеңберден шығып, бүкіл адамзаттың ортақ проблемасына айналған. Экология – қазіргі заманның кең көлемдегі ең көкейтесті әлеуметтік проблемаларынан бірі. Оны шешу барлық халықтардың мүддесіне сай болып, цивилизацияның бүгінгі мен ертеңі міне осы проблеманың шешілуіне байланысты.”¹

3.12.2. Экологиялық тәрбиенің мәні, мақсаты, міндеттері.

Экологиялық проблемалар адамзат қызметінің нәтижесінде пайда болғандықтан, бұл проблемаларды шешу педагогика ғылымының да міндетіне кіреді. Өсіп келе жатқан жас ұрпақтың табиғат байлықтарын – су ресурстары және өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғауын; олардан ғылыми негізде пайдалануын; табиғат байлықтарының көбейуіне үлес қосуын; айналаны таза ұстауын қамтамасыз ету экологиялық проблемаларды шешуде маңызды қадам болып саналады.

Демек, табиғаттың сиын кейінгі ұрпаққа қалдыру үшін оқушылардың бойында экологиялық сананы, экологиялық мәдениетті қалыптастыру қажет.

Экологиялық сана – экологиялық білімдерді, эстетикалық сезім мен экологиялық жауапкершілікті өз ішінде қамтиды. Экологиялық сана адамда табиғатқа сақтықпен қатынаста болу сезімін оятады.

Экологиялық мәдениет – бұл табиғатты қорғау, табиғат байлықтарын орынды пайдалану, экологиялық сана-сезімнің қалыптасуы, экологиялық білімге ие болу .

Ғылыми дүниетанымның құрамдас бөлігі болған экологиялық сана мән мәдениет оқушыларда мектепте берілетін экологиялық тәрбие процесінде қалыптасады. **Экологиялық тәрбие** қоғамдық тәрбиенің ажыралмас бөлімдерінің бірі болып, ол адамның қоршаған ортаға қатынасын тәрбиелейді.

Мектепте экологиялық тәрбиенің негізгі **мақсаты** оқушыларда табиғат туралы тура көзқарасын қалыптастыру, табиғатқа саналы және тәртінті қатынаста

¹ Каримов И.А. Ўзбекистон XXI аср бусағасида: хавфсизликка тахдид, барқарорлик шартлари ва тараққийт кафолатлари. - Т.: Ўзбекистон, 1997. - 137-бет.

болуды тәрбиелеу, оларды табиғат байлықтарынан тиімді де ұтымды пайдалануға үйрету және келешек ұрпақ үшін өмір сүруге ыңғайлы жағдайды қалдыру рухында тәрбиелеу болып табылады.

Экологиялық тәрбиенің міндеттері мыналар:

1. Табиғат – адам өмір сүретін орта және эстетикалық құндылық екенін оқушыларға саналы түрде ұғындыру.

2. Оқушыларда оқу процесінде алған экологиялық білімдерін табиғатты қорғауға, экологиялық тепе-теңдікті сақтауға пайдалану пікірін қалыптастыру.

3. Оқушылардың табиғатпен адамилық және эстетикалық қатынаста болуын тәрбиелеу.

4. Оқушылардың қоршаған ортаны қорғауға бағытталған белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру.

3.12.3. Экологиялық тәрбие берудің формалары мен методтары.

Экологиялық тәрбие, ең алдымен, экологиялық білім беру процесінде амалға асырылады.

Экологиялық білім – табиғат пен қоршаған орта туралы теориялық және практикалық білімдерге ие болу.

Экологиялық білім география, биология, химия, еңбек, физика, әдебиет сияқты пәндерді оқыту арқылы беріледі. Бұл пәндерді үйрену арқылы оқушылар өсімдіктер, жануарлар, қоршаған орта туралы мағлұмат алады. Экологиялық тепе-теңдікті сақтау не үшін қажет екенін білуі, табиғаттағы өзара байланыстылықты үйренуі олардың табиғат туралы көзқарастарын қалыптастырады.

Оқушылардың экологиялық санасын қалыптастыруда табиғатты қорғауға арналған қоғамдық пайдалы еңбектің маңызы зор. Мысалы, 5-7 класс оқушыларымен «Құстар күнін», «Табиғатқа саяхат», «Орман күнін» өткізу. Жоғары класс оқушыларын көгалдандыру жұмысына қатыстыру, экологиялық экскурсиялар ұйымдастыру, «Қызыл кітап»қа енген өсімдіктер, жануарлар, аңдар туралы мәлімет жинап, оларды қорғау, айналаны таза ұстауға дағдыландыру.

Оқушыларға экологиялық тәрбие беруде ақпарат құралдарының да орны маңызды. Балалар әдебиетінде, газет-журналдарда табиғатты қорғау, әлемдегі экологиялық проблемалар туралы материалдар жарық көреді. Радио-телевидение табиғатты қорғау бойынша танымдық хабарлар береді. Бұлар, әрине, оқушыларды табиғатты аялауға үндейді.

Экологиялық тақырыпқа байланысты тәрбиелік сабақтар өткізу, онда «Құран» және хадистерден, мақал-мәтелдерден пайдалану, кластарын таза ұстау бойынша жарыстар өткізу т.б. оқушылардың бойында экологиялық сана мен мәдениетті қалыптастыруға көмектеседі.

Бақылау сұрақтары:

1. Экология деген не?
2. Экологиялық апат дегеніміз не?
3. Экологиялық тәрбиенің мәнін түсіндір.
4. Оқушыларға экологиялық тәрбие және білім берудің мақсаттары жай-лы пікіріңіз.
5. Мектептегі экологиялық тәрбиенің негізгі міндеттері.
6. Экологиялық тәрбие беру жолдары.

4-тарау. ОҚУ ОРНЫ МЕНЕДЖМЕНТІ.

4.1. Оқу орнының педагогикалық менеджменті.

4.1.1. Оқу орнын басқарудың педагогикалық-психологиялық негіздері.

Басқару тек өндіріске тән болған процесс емес. Басқарудың әлеуметтік салаларда, соның ішінде білім беру системасында дұрыс ұйымдастырылуы өте маңызды.

Қазіргі дәуірде біртұтас педагогикалық процесті ғылыми тұрғыдан басқаруға әрекеттер күшейді. Бұл интеллектуал потенциалы жоғары кадрларды қалыптастыру үшін өте қажет деп есептеледі.

Алдымен, басқарудың әлеуметтік мәнін айқындап алайық. **Басқару** – бұл белгілі бір объектке ұйымдасқан түрде, жоспарлы, системалы әсер ету.

Оқу орындарының педагогикалық қызметін басқару деп педагогикалық процесті жоспарлау, ұйымдастыру, марапаттау, нәтижелерді бақылау және талдауға айтылады.

Бүгінгі күнде педагогика пәніне оқу орындарын басқару бойынша жаңа ұғымдар енгізілуде. Олардың мәні алдыңғыларынан да тереңірек. Мысалы, «әсер ету» түсінігінің орнына «өзара әрекет», «ынтымақтастық», «рефлексивтік басқару» сияқты ұғымдар қолданылуда.

Оқу орындарын басқару теориясы оқу орындарының менеджменті теориясымен толықтырылды. Менеджмент теориясы қызметкерлерге деген сенім, олардың өнімді еңбек етуі үшін жағдай жасау және өзара құрметпен сипатталады.

«Менеджмент» және «менеджер» атаулары қазіргі талдануында өндіріс және мекеме иелері өз мүліктері мен қызметкерлерін өздері басқарғанша таңдаған бағыты бойынша арнаулы дайындықтан өткен мамандарды жұмылдырғанды абзал деп есептегеннен кейін пайда болды. Бүгінгі күнде менеджер өркендеген мемлекеттерде абыройлы кәсіптерден бірі болып саналады.

Менеджмент дегенде, әдетте жетекшілік лауазымына тағайындалған тұлғалардың жұмысы түсініледі. Басқаруға, сондай-ақ, тәрбиешілік жұмысы да кіреді. **Менеджмент (яки басқару)** – бұл бар минимал мүмкіндіктерден максимал нәтижелерге жету мақсатында белгілі бір қызметкерге немесе топқа әсер ету, олармен ынтымақтасып әрекетте болу процесі.

Педагогикалық менеджмент дегенде арнайы мақсатқа жету үшін адам, материалдық және қаржы ресурстарын оптималдандыру процесі түсініледі. Педагогикада менеджмент – бұл педагогикалық өндірісті басқару, оған жетекшілік ету және оны ұйымдастыру.

Білім беру менеджментінің ерекшелігін ғалымдар былайшы көрсетеді:

- білім беру менеджменті «мақсатқа сай» деген сөзбен анықталатын рухани өлшемге ие;

- білім беру менеджменті – бұл ғылым және өнер, мұнда адамдар арасында өзара қатынастар маңызды роль ойнайды;

- менеджмент мазмұнында көрініс тапқан жеке адам, мемлекет және қоғам мүдделерінің диалектикалық бірлігі;

- білім беруді басқаруда жұртшылықтың қатысуы.

Жоғарыда айтылғандардан көрініп тұр, бұдан былай білім беру системасын мемлекеттік басқарудан мемлекеттік-қоғамдық басқаруға өтіледі. **Мемлекеттік-қоғамдық басқарудың мақсаты** – білім беру мекемелерінің актуал мәселелерін мемлекет және қоғам ынтымақтастығында шешу, оқушылар, оқытушылар және ата-аналарға оқу программаларын, түрлерін, оқу орындарын тандауда құқық және еркіндік беруді кеңейту.

«Білім беру туралы» Заңда Өзбекстанда білім беру саласын (мектеп) басқару Өзбекстан Республикасының карамағындағы жоғары үкімет және басқару кеңселері жағынан, жергілікті үкімет және басқару кеңселері жағынан жүзеге асырылатыны көрсетілген.

Халыққа білім беру уәзірлігі, Жоғары және орта арнаулы білім беру уәзірлігі Өзбекстан Республикасында білім беруді басқарудың жоғары органы есептеледі. Уәзірліктер өз өкілеттіктері шеңберінде:

- білім беру саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты амалға асырады;
- оқу орындарының қызметін үйлестіреді және методикалық мәселелерде оларға жетекшілік етеді;

- мемлекеттік білім беру стандарттары, мамандардың білім дәрежесі мен кәсіптік даярлығына болған талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді;

- оқытудың озат формалары мен жаңа педагогикалық технологияларды, оқытудың техникалық және ақпарат тәсілдерін оқу процесіне енгізеді; оқу және оқу-методикалық әдебиеттерді жасайды және оны баспадан шығаруды ұйымдас-тырады;

- білім алушылардың қорытынды мемлекеттік аттестациясы мен мемлекет-тік білім беру мекемелерінде экстернат туралы Низамды бекітеді;

- мемлекеттік білім беру мекемесінің ректорын тағайындау туралы Өзбек-стан Республикасы Уәзірлер Мекемесіне ұсыныс кіргізеді;

- педагог кадрларды даярлау, олардың біліктілігін жетілдіру және қайта даярлауды ұйымдастырады.

Халыққа білім беру уәзірлігінің жергілікті органдарына **халыққа білім беру облыстық басқармалары, қала, аудан бөлімдері** кіреді. Халыққа білім беру бөлімдері жергілікті әкімшіліктің құрамына кіреді және оған бағынады. Олар мектеп жұмысына мемлекеттік бақылау жасауды жүзеге асырады және күнделікті көмек көрсетеді. Олардың міндетіне (компетенциясына) мектеп директорларын және олардың орынбасарларын таңдау да кіреді.

Мектепті басқару ісіне **мектеп инспекциясы, яғни уәзірліктің, халыққа білім беру бөлімдерінің мектеп инспекторлар қызметі** үлкен көмек көрсетеді. Олардың міндеті: мектеп қызметін мұқият үйрену, оқу-тәрбие процесінің нәти-желерін талдау, озат тәжірибелерді анықтау және жариялау, кемшіліктерді ашу және оны жоюдың шараларын қабылдау, мектеп директоры мен оқытушыла-рына нақты көмек көрсету.

Академиялық лицей және кәсіптік коллеждерге ұйымдастырушылық, оқу-методикалық және ғылыми жетекшілік ету, мемлекеттік білім беру стандартта-рын істеп шығу және оны өндіріске енгізу, оқу және кәсіптік программарды

бірлестіру, педагог кадрлармен қамтамасыз ету, оларды даярлау және қайта даярлау Жоғары және орта арнаулы білім беру уәзірлігі (Орта арнаулы кәсіптік білім беру Орталығы), оның жергілікті басқармалары жағынан сала уәзірліктері, кеңселер және өндіріс орындарымен бірлесе жүзеге асырылады¹.

Білім беру системасын қоғамдық басқару деп оқытушылар, оқушылар, ата-аналар және жұртшылық уәкілдерінен түзілген **мектеп кеңесінің** мектепте қоғамдық басқаруды жүргізу қызметін айтады.

Бір жылда бір рет шақырылатын **мектеп конференциясы** да қоғамдық басқаруға кіреді. Конференцияда мектеп кеңесі, оның төрағасы сайланады, мектептің Уставы қабылданады.

Мемлекеттік білім беру мекемелерімен бірдей мемлекеттік болмаған білім беру мекемелерінің қызмет көрсетуі де білім беру мекемелерін басқарудың қоғамдық сипатын белгілейді.

4.1.2. Жалпы орта білім беру мектебі, академиялық лицей және кәсіптік колледж туралы Низам, білім беру мекемелерінің Уставы – білім беру мекемелерін басқару және оған жетекшілік етудің негізгі құжаты.

Өзбекстан Республикасының «Жалпы орта білім беру туралы» Низамы Өзбекстан Республикасы Уәзірлер Мекемесінің 1998 жылғы 13-майдағы 203-санды қаулысына орай қабылданған.

Низамға сәйкес, **жалпы орта білім берудің мақсаты** оқушыларды мемлекеттік білім беру стандарттары негізінде оқыту және тәрбиелеу, сондай-ақ жеке адамның білім алу құқығын амалға асыру болып саналады. Осыған орай жалпы орта білім берудің міндеттері де көрсетіледі.

Сонымен бірге, Низамда жалпы орта білім беруді ұйымдастыру және оның мазмұны, жалпы орта білім беруді басқару және қаржыландыру мен материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етілуі мәселелері де баяндалған.

Низамда жалпы орта білім берудің мазмұны міндетті және қосымша компоненттерден тұратыны көрсетілген.

¹ «Урта махсус касб-хунар таълими тўғрисида»ғи Низом, 1998.

Міндетті компонент мемлекеттік білім беру стандартымен белгіленеді және оқушыларды даярлаудың орта арнаулы кәсіптік білім беру мекемелерінде білімдер негізін тағы да терең үйрену және кәсіп менгеру үшін болған қажетті дәрежесін белгілейді.

Қосымша компонент оқушының қажеттіліктері мен қабілеттерінен, мектептің материалдық-техникалық және кадрлармен қамтамасыз етілуінен келіп шығып белгіленеді. Қосымша оқу көлемі Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру уәзірлігінің Денсаулық сақтау уәзірлігімен келісілген нормативтеріне сай белгіленеді.

«Академиялық лицей және кәсіптік коллеж туралы» Низам Өзбекстан Республикасы Уәзірлер Мекемесінің 1998 жылғы 13-майдағы 204-санды қаулысына орай қабылданған. Бұл Низамда төмендегі мәселелер көрініс тапқан:

1. Жалпы ережелер.
2. Орта арнаулы, кәсіптік білім берудің мақсаты, міндеттері және оны ұйымдастыру.
3. Академиялық лицей мен кәсіптік коллеждерге оқушыларды қабылдау. Тәлім-тәрбие процесін ұйымдастыру және оның мазмұны.
4. Педагог кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін жетілдіру.
5. Орта арнаулы, кәсіптік білім беруді басқару.
6. Орта арнаулы, кәсіптік білім беруді қаржыландыру және оның материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етілуі.
7. Халықаралық ынтымақтастық.

Республикамызда жалпы орта білім беру мекемелері (мектебі)нің Уставы Халыққа білім беру уәзірлігінің 1998 жылы 17-декабрдегі 221-санды қаулысымен бекітілген. Орта арнаулы, кәсіптік білім беру мекемелерінің Уставы Өзбекстан Республикасы Уәзірлер Мекемесінің 1998 жылғы 5-январдағы 5-санды қаулысымен бекітілген.

Білім беру мекемелерінің Уставы – білім беру мекемесі қызметіне жетекшілік ету және басқару жүйесін анықтайтын құжат. Уставта білім беру мекеме-

лерінің орналасқан жері, түрі, қай тілде оқытуы; мақсаты мен міндеттері; оқу орындарын басқару; оқу-тәрбие және ғылыми-методикалық жұмыстарды ұйымдастыру; топ жетекшілерінің, оқытушылардың құқықтары мен борыштары; оқушылар және олардың ата-аналарының құқықтары, жауапкершілігі мен міндеттері, сондай-ақ оқу орындарының материалдық және қаржылық жағынан қамтамасыз етілуі белгілеп берілген.

4.1.3. Білім беру мекемелерін басқару принциптері.

Педагогикалық әдебиеттерде білім беру жүйесін басқаруға негіз болатын принциптерді орындайтын міндеттеріне қарай (жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау) топтастырып беру үрдісі болған. Бұл кітапта басқарудың барлық міндеттеріне қатысты болған принциптерді орыс ғалымы В.А.Сластениннің (Общая педагогика. Под ред. В.А.Сластенина. В 2 ч. – Москва, ВЛАДОС, 2003. Ч.1.) пікірлеріне сүйеніп жеке-жеке сипаттауға әрекет етеміз.

Педагогикалық системаны басқаруды демократияландыру және гуманизациялау принципті. Педагог кадрларды таңдау және контракт негізінде жұмысқа қабылдау, қабылданатын қаулыларды ашық талқылау, ақпараттардың барлығы үшін ашық түсінікті болуы, оқу орындары әкімшілігінің коллектив алдында әрдайым есеп беруі, оқытушы мен оқушыларға оқу орындарының өмірі туралы өз пікірлерін білдіруге мүмкіндік жасауы оқу орындарында демократияның орнауына негіз болады.

Білім беру мекемелерін басқаруда жеке адамға ерекше құрмет көрсету, оған сенім білдіру, педагогикалық қызметте субъекттің субъектке қатынасы дәрежесіне дейін жету гуманизациялау принципіне негізделген басқаруды білдіреді.

Басқарудың жүйелілігі мен біртұтастығы принципті. Білім беру мекемелерін басқаруға жүйелі қатынаста болу арқылы жетекші оқу мекемесін тұтас жүйе ретінде және оның белгілері туралы анық түсінікке ие болады. «Жүйе» түсінігі тұтастықтың болуын және оны бөлшектерге ажырату мүмкіндігін көрсетеді – бұл жүйенің бірінші белгісі. Екінші белгісі – системаның ішкі құрылымы болуы. Үшінші белгісі – жүйенің интеграциялана алуы. Төртінші белгісі

ретінде білім беру мекемелерінің сыртқы мұхитпен тығыз байланыста болуын айтамыз. Білім беру мекемелері сыртқы мұхитқа бейімделіп, өзінің процестерін қайта құрады және өзінің мақсаттарына жету үшін сыртқы мұхитты бағындырады.

Басқаруда орталықтандыру және орталықсыздандыруды ұтымды үйлестіру принципі. Басқаруды артықша орталықтандыру әкімшілік басқаруын күшейтеді. Бұл жағдай оқытушылар мен оқушылардың талап-тілектерін есепке алмауға, олардың босқа еңбек етуіне әкеп соғады.

Ал басқаруды орталықсыздандыру педагогикалық жүйенің қызметін босаңсытып жібереді.

Білім беру мекемелерінде ішкі басқаруды орталықтандыру және орталықсыздандыруды үйлестіру әкімшілік және қоғамдық басқару жетекшілерінің қызметін коллектив мүддесіне бағыттайды және кәсіптік біліктілік деңгейінде қаулылар қабылдауға жағдай жасайды.

Жеке билік пен алқалы (коллегиалды) басқарудың бірлігі принципі. Бұл принцип педагогикалық процесті басқаруда жеке билікке жол бермеуге бағытталады. Басқаруда оқытушылардың тәжірибесі мен біліміне сүйеніп, түрлі пікірлерді, көзқарастарды салыстырып, байыппен шешім қабылдау өте қажет. Мәселелерді алқамен бірге шешу коллектив мүшелерінің жауапкерлігін жоққа шығармайды.

Жеке биліктің де өзіндік ерекшеліктері бар. Ол педагогикалық процесте тәртіптің болуын, мүшелерінің өкілеттік шеңберін және оны сақтауды қамтамасыз етеді.

Қаулыны талқылауда және қабылдауда коллегиалды шешім мақұл болса, оның орындалуын қамтамасыз етуде жеке билікке бағынған жөн болады.

Білім беруді басқарудың мемлекеттік-қоғамдық сипаты осы принципті іске асыруға жағдай жасайды.

Білім беру жүйесін басқаруда ақпараттардың объективтілігі мен толықтылығы принципі. Білім беру жүйесін басқарудың тиімділігі ақпараттардың көп және толық болуына байланысты. Егер ақпараттар анық, толық жинал-

маса яки шектен тыс көп болса, онда қаулы қабылдауда қиындықтар туындайды.

Біз оқу-тәрбие процесінде оқушылардың үлгерімі туралы ақпараттарды жинаймыз, бірақ олардың қызығулары, мінез-құлқы, бағыты, оқу және оқудан тыс уақытта қалыптасуы туралы мағлұматтарды топтауға көңіл бөлмейміз. Осының салдарынан тәрбие процесінде ауытқушылықтар кездеседі.

Оқу орындарының жетекшісі өзінің қызметі барысында менеджер міндетінде орындайды. Сондықтан ол қызмет дәуірінде бақылау, анкета, тест, инструкторлық және методикалық материалдардан пайдалана алуы да керек. Оқу орындарының әкімшілігі мектеп ішіндегі ақпаратты басқару технологиясын істеп шығып, оны оқыту процесінде пайдалануға көп көңіл бөлуі керек.

Басқару процесінде ақпараттардан тиімді пайдалану оқу орындары қызметінің сапасын жоғарылатады. Басқару ақпараттары белгілеріне қарай әртүрлі болады: уақыты бойынша – күнделікті, айлық, ширектік, жылдық; басқару функциясы бойынша – аналитикалық, баға берушілік, конструктивтік, ұйымдастырушылық; деректің келген жері бойынша – мектепшілік, басқармадан, басқармадан тыс; қай мақсатта пайдалануы бойынша – директивтік, таныстырушылық, ұсынушылық.

Ақпараттық банкті қалыптастыру, одан жедел пайдалана алу технологиясы басқару ісін ғылыми ұйымдастыруды жеделдіреді.

4.1.4. Білім беру мекемелерінде ішкі басқарудың міндеттері.

Білім беру мекемелерінде ішкі басқарудың өзіне тән ерекшеліктері мына міндеттерде анық көрінеді:

1. Оқу-тәрбие процесін басқаруда педагогикалық талдау.
2. Мақсатты белгілеу және жоспарлау.
3. Басқаруда ұйымдастырушылық міндеттері.
4. Басқаруда ішкі бақылау және тәртіпке салу.

Оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуы мен дамуына талдау жасамастан тұрып, алдыңғы нәтижелерді қазіргілерімен салыстырмастан тұрып, оны басқаруға болмайды.

Оқу орындарын басқарудың нәтижелі болуы жетекшінің де, оқытушылардың да педагогикалық талдау методикасын білуіне байланысты. Қазіргі кезде педагогикалық талдаудың үш түрі бар: параметрлік, тақырыптық, қорытынды.

Параметрлік талдау оқу процесінің барысы және нәтижесі туралы әр күні мағлұмат жинап, ондағы кемшіліктерді анықтауға бағытталады. Параметрлік талдау нәтижесінде педагогикалық процеске өзгертулер мен түзетулер енгізу мүмкін. Параметрлік талдаудың предметіне оқушылардың күнделікті үлгерім және тәртібінің дәрежесі, оқу орны жетекшісінің сабаққа және сабақтан тыс шараларғы қатысуы, мектептің санитариялық жағдайы, сабақ кестесінің сақталуы жатады

Тақырыптық талдау сабақтар және кластан тыс оқулар жүйесін үйренуге бағытталған. Тақырыптық талдау мазмұнына оқыту методтарын оптималды үйлестіру, оқушыларда сапалы білім жүйесін қалыптастыру, оқытушылардың тәрбиелік жұмыстарды алып бару жүйесі, оқытушылардың педагогикалық мәдениетін көтеру бойынша жұмыстар жүйесі, оқу орнында инновациялық ортаны қалыптастыру бойынша педагогикалық коллективтің қызметі кіреді.

Қорытынды талдау оқу ширегі, жарты жылдық пен оқу жылы аяқталғанда іске асырылады және жетістіктерге жету жолдарын үйренуге бағытталады. Қорытынды талдау үшін ақпараттар параметрлік және тақырыптық талдаулардан, күнделікті, аралық бақылау нәтижелерінен, оқытушылар мен класс жетекшілерінің есептерінен алынады.

Кез келген педагогикалық жүйені басқару мақсатты белгілеу және жоспарлаудан тұрады.

Басқару қызметінің мақсаты – жұмыстың бағыты, мазмұны, формасы және методтарын айқындау. Демек, мақсат – жоспардың негізі. Басқаруда басты мақсат айқындалғаннан кейін, оған жету үшін қосымша мақсат қойылады. Оқу

орнын басқару тәжірибесінде жоспарлаудың үш түрлі формасы пайдаланылады: *перспективалық, жылдық, ағымдағы.*

Перспективалық жоспар оқу орнының соңғы жылдардығы алып барған жұмыстарын терең талдау негізінде бес жылға түзіледі. Жоспардың құрылымы төмендегідей болуы мүмкін:

1. Жоспарланған мерзімдегі мектептің міндеттері.

2. Жылдар бойынша оқушылар контингентінің даму перспективасы, класстар санының мөлшері.

3. Білім беру процесін жаңарту, педагогикалық инновацияларды енгізу перспективалары.

4. Оқу орнының педагог кадрларға сұранымы.

5. Педагог кадрлар біліктілігін түрлі формалар (курстар, семинарлар, тренингдер, т.б.) арқылы жетілдіру.

6. Оқу орындарының материалдық-техникалық базасын нығайту және оқу-методикалық әдебиеттермен жабдықтауды дамыту.

7. Педагогтар мен оқушыларды әлеуметтік қорғау.

Жылдық жоспар бүкіл оқу жылын жазғы каникулдарымен қоса қамтиды. Жылдық жоспар оқу жылы барысында дайындалып, оқу процесін ұйымдастыруға қарай бірнеше кезеңді өз ішіне алады.

Ағымдағы жоспар оқу ширектері (жарты жылы) үшін түзіледі, ол жылдық жоспарды нақтылайды. Осы көріністегі жоспарлардың болуы оқытушылар, оқушылар және ата-аналар коллективінің жұмысын үйлестіреді. Бұл жоспарлар оқытушылардың және класс жетекшілерінің жоспарлары үшін стратегиялық мәнге ие.

Қабылданған шешімдерді толығымен амалға асыру үшін жүйені әрекетке келтіретін **ұйымдастыру кезеңі** қажет. «Ұйымдастыру» ұғымы бірнеше мағынада қолданылады. Біріншіден, өтілетін сабақ және кластан тыс шаралардың сапасы туралы айтқанда, оқу-тәрбие процесінің немесе оның бөлімдерінің бағасы ретінде қолданылады. Екіншіден, ұйымдастыру дегенде жетекшілердің, оқытушылардың, оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының белгіленген

жоспарды орындауға, алға қойған мақсатқа қол жеткізуге бағытталған қызметтеріне айтылады.

Басқару қызметін ұйымдастырудың негізгі формаларына оқу орнының кеңесі, педагогикалық кеңес, директор жанындағы мәжіліс, директор орынбасарлары жанындағы мәжіліс, шұғыл шақырылған мәжілістер, методикалық семинарлар және комиссия мәжілістерін жатқызуға болады.

Ішкі бақылау мен тәртіпке салу білім беру мекемелерін басқаруда айрықша мәнге ие. Ішкі бақылауды ұйымдастырудың өзіне тән қиыншылықтары бар. Атап айтсақ, білім беру процесін бақылау жүйесінің жоқтығы, бақылауды ұйымдастыруда формализмге жол беру, бақылаудың біржақтама жүргізілуі, бақылауға тек лауазымды адамдардың катыстырылуы. Ішкі бақылауды ұйымдастыруда осы аталған кемшіліктерді болдырмау үшін бірқатар талаптарды білу керек. Бұл талаптар: *жүйелілік* – бұл талап оқу орнындағы педагогикалық процестің барлық бағытын басқаруға мүмкіндік беретін бақылау жүйесін құруға бағытталады; *әділдік (объективтілік)* – бұл талап бойынша оқытушының яки педагогикалық коллективтің қызметін тексеру мемлекеттік білім беру стандарттары және оқу бағдарламалары талаптарына сай жасалынған және келісілген критерийлер негізінде жүргізілуі керек; *ықпалдылық* – жүргізілген бақылау нәтижелері онтайлы өзгерістерге, көрсетілген кемшіліктерді жоюға алып келуі керектігін талап етеді; *тексерушінің жетік білушілігі* – бақылау праметін білуі, бақылау методикасын білуі; жұмыстың жетістіктері мен кемшіліктерін көре білу біліктілігі; бақылау нәтижелерінің дамуын болжай алуы.

Педагогикалық басқаруға байланысты әдебиеттерде оқу орындары ішкі басқаруының мазмұны төмендегі бағыттарды қамтитыны көрсетілген:

1. Жалпыға бірдей білім берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық мәселелерінің орындалуы.
2. Оқу программалары мен мемлекеттік білім беру стандарттарының сапасы мен орындалу барысы.
3. Оқушылардың білім, дағды, іскерліктерінің сапасы.
4. Оқушылардың тәрбиеленгендік деңгейі.

5. Оқытудың білім берушілік, тәрбиелеушілік және дамытушылық функцияларын іске асыратын оқу пәндерінің оқытылу жағдайы.

6. Кластан тыс тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылу жағдайы және сапасы.

7. Педагог кадрлармен жұмыс алып бару.

8. Оқушыларды тәрбиелеу бойынша мектеп, семья және жұртшылықтың ынтымақтастық істерінің тиімділігі.

9. Нормативті құжаттар мен қабылданған қаулылардың орындалуы.

Оқу орындарындағы ішкі бақылаудың түрлері, формалары және методтарын классификациялау әлі күнге дейін ғалымдар арасында проблемалы мәселе болып тұр. Әйткенмен, И.Шамова¹ ұсынған классификация ең дұрысы деп танылады. Ғалымның көрсетуінше, бақылаудың екі түрі бар: **тақырыптық бақылау және фронтал бақылау**.

Тақырыптық бақылау педагогтар коллективі, оқытушылар тобы яки жеке оқытушы қызметі жүйесіндегі; мектеп оқуының төменгі және жоғары басқыштарындағы; оқушылардың адамгершілік және эстетикалық тәрбиесі жүйесіндегі анық бір мәселені терең үйренуге бағытталған.

Фронтал бақылау педагогтыр коллективінің, методикалық бірлестіктердің яки жеке оқытушының қызметін жан-жақты үйренуге бағытталған. Оқытушының қызметін фронтал бақылауда, мысалы аттестациядан өткізуде оның жұмысының барлық бағыты – оқу-тәрбиелік, қоғамдық-педагогикалық, басқарушылық жұмыстары үйреніледі. Ал оқу орындарын фронтал бақылауда осы оқу орны қызметінің барлық аспектері: жалпыға білім беруі, білім беру процесін ұйымдастыруы, ата-аналармен жұмыс алып баруы, қаржылық-шаруашылық қызметі үйреніледі.

Бақылау жеке оқытушының, оқытушылар тобының, бүкіл педагогикалық коллективтің қызметіне яки әкімшілік қызметке жүргізілетін болғандықтан, онын бірнеше формасын атауға болады: арнайы бақылау, кластық-жинақтаушы-

¹ Внутришкольное управление: Вопросы теории и практики / Под ред. Т.И.Шаповой. – М., 1991.

лық бақылау, пәндік-жинақтаушылық бақылау, тақырыптық-жинақтаушылық бақылау, комплекстік-жинақтаушылық бақылау.

Тәртіпке салудың негізгі мақсаты оқу-тәрбие процесін педагогикалық талдау барысында оқу орнының алдына қойылған мақсат және міндеттерді іске асыру, басқару жұмысын ұйымдастыру және бақылауда көрсетілген кемшіліктерді түзету болып табылады.

Тәртіпке салу басқару қызметінде аса маңызды. Ол алдыңғы оқу жылындағы жетістіктерді, жіберілген кемшіліктерді есептейді, осының негізінде жаңа оқу жылы үшін оқу орындарының мақсат-міндеттерін белгілейді.

4.1.5. Мектепті басқару және оған жетекшілік ету.

Мектепті басқарудың жоғары органы - **мектеп педагогикалық кеңесі**. Мектеп директоры өз лауазымы бойынша кеңестің төрағасы болып есептеледі.

Мектеп педагогикалық кеңесі:

– мемлекет және қоғамдық ұйымдарда мектеп мүддесін көздейді, ата-аналармен бірге мемлекет және қоғамдық ұйымдарда оқушылардың мүддесіне байланысты болған мәселелер талқыланып жатқанда олардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді;

– мектептегі тәлім-тәрбиеге байланысты барлық мәселелерді өз өкілеттіктері шеңберінде талқылайды және тиісті қаулы қабылдайды, алдын қабылданған қаулылардың атқарылуын есітеді және бақылайды.

Мектептің педагогикалық кеңесі қабылдаған қаулылар әкімшілік пен мектеп коллективінің барлық мүшелері үшін міндетті болып саналады.

Мектептің оқу-тәрбие процесіне және күнделікті қызметіне **жетекшілікті** мектеп директоры алып барады.

Мектеп директорының міндеттері:

– мемлекет және қоғамдық ұйымдарда мектеп мүддесін көздейді;
– оқу программаларының орындалуын бақылайды; тәлім-тәрбие жұмыстарының сапалы және нәтижелі болуы, балалықты және еңбекті қорғау талапта-

рының орындалуы, мектептен тыс және тәрбиелік жұмыстардың ұйымдастырылуы үшін қажетті жағдайды жаратады;

– мектептің педагог және жетекші кадрларын таңдап, орын-орнына қояды, олардың міндеттерін белгідейді, класс жетекшілерін тағайындайды, педагог және қызметкер кадрларды жұмысқа қабылдайды және босатады;

– мектеп педагог кадрларының аттестация комиссиясына басшылық жасайды;

– мектеп педагог кадрларының творчестволық жұмыстарын, тәлім-тәрбиенің озат форма және методтарын қуаттау үшін жағдай жасайды;

– мектепке бөлінген қаржының есебін жүргізеді;

– мектептің норматив құжаттарының тура жүргізілуін қамтамасыз етеді;

– мектеп (педагогикалық) кеңесі және жергілікті әкімшілік алдында өз қызметі туралы есеп беріп тұрады.

Мектеп директорының оқу-тәрбие жұмыстары бойынша орынбасарының міндеттері:

– оқу аптасы және оқу жұмыстарының ұзақтығын қамтамасыз етеді;

– сабақ кестесін түзеді, кесте бойынша сабақтың өз уақытында және нәтижелі өтуін қамтамасыз етеді;

– әр ширектің соңында директор және мектеп педагогикалық кеңесінің мүшелеріне оқу процесінің баруы туралы ақпарат және мәлімет береді;

– жас мамандарға практикалық және методикалық көмек ұйымдастырады;

– класс журналының тура жүргізілуі мен сақталуына жауап береді;

– оқушылардың білім дәрежесіне жоспар негізінде талдау жасайды;

– оқушылар жағынан мемлекеттік программаның орындалуын қамтамасыз етеді және бақылайды.

Руханият және ағарту жұмыстары бойынша директор орынбасары:

– мектеп оқушыларының өзін-өзі басқаратын қоғамдық ұйымдарын ұйымдастырады;

– қоғамдық ұйымдар, махалла және ата-аналармен байланысты қамтамасыз етеді;

– мектептен және кластан тыс тәрбие жұмыстарын жоспарлайды және оны жүзеге асырады;

– оқушылардың кластан және мектептен тыс тәрбиелік шараларын бақылап отырады және оған ғылыми, практикалық және методикалық көмек ұйымдастырады.

4.1.6. Мектепте методикалық жұмыстар, педагог кадрларды аттестациядан өткізу.

Методикалық жұмыс мектепте өте жауапты жұмыс болып есептеледі. Мектептегі оқу-тәрбие процесінің сапасы тек мұғалімнің білміне, іс-әрекетіне ғана емес, методикалық жұмыстың ұйымдастырылуына, дәрежесіне де байланысты болады.

Методикалық жұмыстың дербес және ұжымдық түрлері бар.

I. Дербес түрі:

1. Ғылыми-методикалық, педагогикалық, психологиялық әдебиеттерді, мерзімдік баспасөзді оқып үйрену.

2. Творчестволық жұмыспен шұғылдану, яғни методикалық ұсыныстар, баяндамалар жасау, ғылыми-практикалық конференцияларға, «педагогикалық оқуларға» белсенді қатысу.

3. Пән бойынша оқулықтар жазып, конкурстарға қатысу.

4. Тәжірибелерді қорытып диссертация жазу.

II. Ұжымдық түрі:

1. **Мектептің педагогикалық кеңесі.** Мұнда оқыту, тәрбиелеу және білім беру мәселелері қаралады. Оқытушылардың іс-әрекетін үйлестіру және оқу-тәрбие процесін қазіргі талапқа сәйкес басқаруды қамтамасыз етумен айналысады.

2. **Мектептің методикалық кеңесі** екі айда бір өткізіледі. Онда ең қажетті методикалық проблемалар, ашық сабақтар, озат тәжірибелер, мұғалімдердің өз бетімен білім алулары талқыланады. Ғылыми-практикалық конференцияларға, «педагогикалық оқуларға» мұғалімдерді әзірлейді.

3. **Мұғалімдердің методикалық пән бірлестігі** кемінде үш мұғалімнен түзіледі. Бірлестіктің мынадай түрлері бар: пән мұғалімдерінің методикалық бірлестігі, бастауыш класс мұғалімдерінің бірлестігі, мұғалімдердің пән аралық бірлестіктері, мұғалімдердің аралық методикалық бірлестігі.

Методикалық бірлестіктерде сабақ өткізу әдістері, жазба бақылау жұмыстарының мәтінін жасау, оларды өткізу тәсілдері, сабақта көрнекі құралдар қолдану, жаңашыл мұғалімдердің іс-тәжірибесі талқыланды және методикалық мәслихаттар беріледі.

4. **Класс жетекшілерінің методикалық бірлестігін** мектеп директоры басқарады. Бірлестікте тәрбиені комплексті жүргізу, балалардың творчествосын дамыту, класс сағаттарын, конкурстар өткізу, ата-аналармен жұмыс алып бару т.б. қаралады.

Педагог кадрларды аттестациядан өткізудің мақсаты: олардың кәсіптік шеберлігі жетілуін ынталандыру; тәлім-тәрбиеде озат педагогикалық технологияларды істеп шығу және одан пайдалану; рухани-ағартушылық бағыттағы нәтижелерін әділетті бағалау; оқытушының педагогтық мамандық дәрежесіне және иелеп тұрған лауазымына сай болуын анықтау.

Педагог кадрлар аттестациясы 5 жылда бір рет өткізіледі. Педагог кадрлар аттестациясы Өзбекстан Республикасы Уәзірлер Мекемесі жанындағы мемлекеттік тест Орталығы құрамындағы Кадрлар даярлау сапасын бақылау, педагог кадрлар және білім беру мекемелері аттестациясы басқармасы және Халыққа білім беру уәзірлігімен бірлесіп жасалынған кесте негізінде ұйымдастырылады және өткізіледі. Халыққа білім беру жүйесінің педагог кадрлар құрамына профессор-оқытушы, оқытушы, методист, тәрбиеші, психолог, дефектолог, логопед, спорт инструкторы, мзыка және үйірме жетекшілері кіреді.

Бақылау сұрақтары:

1. Білім беру мекемелерінің педагогикалық қызметін басқаруға сипаттама бер.
2. Менеджмент, білім беру мекемелерінің менеджменті дегеніміз не?

3. Білім беру саласын басқару қайсы субъекттер жағынан амалға асырылады? Олардың өкілеттіктеріне нелер кіреді?
4. Білім беру мекемелерінде қоғамдық басқару қалай амалға асырылады?
5. «Жалпы орта білім беру туралы» Низамға сипаттама бер.
6. «Орта арнаулы, кәсіптік білім беру туралы» Низамға сипаттама бер.
7. Білім беру мекемелерінің Уставына сипаттама бер.
8. Білім беру мекемелерін басқару принциптерін айтып бер.
9. Білім беру мекемелерінде ішкі басқарудың міндеттерін айтып бер.
10. Педагогикалық кеңестің міндеттері қандай?
11. Директор және оның орынбасарлары функцияларын айтып бер.
12. Методикалық жұмыстар қалай жүзеге асырылады?
13. Методикалық Кеңес және методикалық бірлестіктер қызметін айт.
14. Педагог кадрлардың біліктілігін жетілдіру жолдары қандай?
15. Педагог кадрларды аттестациядан өткізу мақсатын айт.

5-тарау. КОРРЕКЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКА.

5.1.Коррекциялық педагогика негіздері.

5.1.1. Коррекциялық педагогиканың предметі, міндеттері және мәні.

Дамуы мен мінез-құлқында әртүрлі ауытқуы бар балаларды коррекциялық оқыту және тәрбиелеу мәселелерімен **коррекциялық педагогика** ғылымы шұғылданады. Коррекциялық педагогиканың (дефектология грек сөзінен алынған болып, defectus – кемістік, logos – ғылым деген мағынаны береді) **предметі** дене және психикалық дамуында яки мінез-құлқында ауытқуы бар бала, оны диагностикалау ерекшеліктері мен коррекциялық оқыту технологиясы болып саналады.

Педагогика ғылымында коррекциялық педагогиканың ғылыми түсінік ретінде айтыла бастағанына онша көп уақыт бола қойған жоқ. Ұзақ уақыт «дефектология» түсінігі қолданылып келген.

Коррекциялық педагогика мынадай салаларға бөлінеді:

1) *сурдопедагогика* – саңырау-мылқау және саңырау балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін зерттейді;

2) *тифлопедагогика* – соқыр және нашар көретін балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін зерттейді;

3) *олигофренопедагогика* - ақыл-ой дамуы жағынан артта қалған балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін зерттейді;

4) *логопедия* – тілінің мүкістігі, кемістігі бар балалармен шұғылданады.

Коррекциялық педагогика – денсаулығының мүмкіндігі шектелген, дене және психикалық кемістігі болғандықтан тәрбиелеу мен оқытудың арнаулы индивидуал методтарына мұқтаж баланың жеке басын дамыту процесін басқарудың мәнін, заңдылықтарын, тенденцияларын үйренетін ғылым.

Коррекциялық педагогиканың негізгі **мақсаты**: белгіленген және шынайы (реал) қызмет арасындағы үйлеспешілікті жою яки кемейту.

Коррекциялық-педагогикалық қызмет – бұл күрделі, психологиялық-физиологиялық, әлеуметтік-педагогикалық құбылыс болып, тұтас педагогикалық система ретінде көрінетін білім беру процесінің барлығын қамтиды. Сондықтан диагностикалық-коррекциялық, коррекциялық-дамытушылық, коррекциялық-профилактикалық қызметтермен қатар коррекциялық-тәрбиелік, коррекциялық-оқыту, психикалық-коррекциялық қызметтер де бар. Бұдан шықты, коррекциялық-педагогикалық жұмысты оқыту, тәрбиелеу, дамыту процесінен тұратын тұтас білім беру процесі деп атауға болады. Аномал (кемтар) оқушылармен жүргізілетін коррекциялық жұмыстың мәні де осыда.

Коррекциялық педагогиканың міндеттері:

1) дамуында әртүрлі ауытқулары бар баладағы кемістіктің мәнін, құрылымын және коррекциялық-компенсаторлық мүмкіндіктерін анықтау;

2) дифференциал оқуы мен тәрбиесін ұйымдастыру мақсатында аномал балалардың педагогикалық классификациясы проблемаларын шешу;

3) аномал балаларды анықтау және есепке алу;

4) ауытқушылықтың дамуын ертерек диагностикалау методтарын ғылыми істеп шығу;

5) балаларда дефектердің дамуын түзету, болдырмау, тегістеу бойынша комплекс шараларды істеп шығу;

6) аномалды балалықтың алдын алу бойынша профилактикалық шаралар системасын істеп шығу;

7) дамудың түрлі этаптарында аномал индивидуумның әлеуметтену процесінің тиімділігін арттыру.

Коррекциялық педагогиканың категориялары: аномал балаларды оқыту және дамыту, аномал балаларды тәрбиелеу, коррекция, коррекциялық-тәрбиелік жұмыс, компенсация, әлеуметтік реабилитациялау, әлеуметтік адаптациялау, жанұялық тәрбие.

1. **Аномал балаларды оқыту және дамыту** – бұл білімдер, дағдылар, іскерліктер және өмір мен еңбекке даярлаудың негізгі тәсілдерін беру мен меңгертудің мақсатқа бағытталған процесі. Оқыту барысында білім беру мен тәр-

биелеудің мақсаты амалаға асырылады. Әрбір арнаулы оқу мекемесінде дефектің тереңдігі мен сипатына қарай оқыту процесінің міндеттері, мазмұны принциптері, ұйымдастырылуы істелініп шығылады. Оқыту системасы мен методтарын таңдауда аномал баланың жас ерекшелігі, дефектің пайда болу уақыты да ескеріледі.

Аномал баланың дамуы оқытуға тәуелді. Сондықтан аномал балаларды оқытпаса яки оқытуды өз уақытында бастамаса, оның дамуына түзетіп болмайтын зиян жеткізіледі, психикалық функцияларының қалыптасуы тежеледі, нормадағы теңдестерінен артта қалуы тереңдейді, күрделі дефектері болса, онда ақыл-ой дамуының мүмкіндіктері іске аспай қаладаы.

Арнаулы мектептерде еңбекке тәрбиелеу үлкен мәнге ие. Еңбек аномал оқушыларды тек өмірге, өздеріне лайық кәсіби қызметке даярлап қана қоймайды, олардың кеселдігі арқылы бұзылған функцияларын қалпына келтіруге, ақыл-ой және дене жағынан дамуындағы дефектерді кемітуге тәсір етеді.

2. Аномал балаларды тәрбиелеу – дефектің дәрежесі мен құрылымына қарай қолайлы методар мен тәсілдерді пайдаланып, оларды белсенді қоғамдық пайдалы өмірге даярлау, азаматтық сапаларын қалыптастыру процесі. Аномал балаларды тәрбиелеу өзара түсіністік, өзара көмек, талап пен қорғау режимінің орынды үйлесімі жағдайында жанұя және мектеппен тығыз байланыс орнату арқылы алып барылады.

3. Коррекция – аномал балалардың психикалық және дене жағынан дамуындағы кемшіліктерді түзету, жоғату және тегістеуге бағытталған арнаулы педагогикалық және емдік шаралар системасы.

4. Коррекциялық-тәрбиелік жұмыс – аномал балалардың психикалық және дене жағынан дамуындағы кемшіліктерді түзету, жоғату және тегістеуге бағытталған арнаулы педагогикалық шаралар системасы.

5. Компенсация (латынша *compensatio* – орнына төлеу, теңелту) – организмнің бұзылған немесе жетілмей қалған функцияларының орнын толтыру, қайта құру. Компенсация процесі жоғары нерв қызметінің резервтегі мүмкіндіктеріне сүйенеді.

6. **Әлеуметтік реабилитациялау** (латынша *rehabilitas* – жарамдылықты, қабілетті қалпына келтіру) – медициналық-педагогикалық мағынада бұл аномал балаларды әлеуметтік ортаға қосу, психикалық және дене мүмкіндіктері дәрежесінде қоғамдық өмір мен еңбекке араластыру. Бұл коррекциялық педагогика теориясы мен практикасында басты міндет болып саналады.

7. **Әлеуметтік адаптациялау** - (латынша *adapto* - бейімделу) аномал балалардың индивидуал және топтық мінез-құлқын қоғамдық норма мен құндылықтарға сай тәртіпке салу.

8. **Жанұялық тәрбие** – реабилитацияның белсенді факторы. Жанұя мен мектептің біргеліктегі әрекеті аномал балаларды белсенді қоғамдық пайдалы қызметке араласуын, оның еңбек ету мүмкіндіктері мен онтайлы мамандықты таңдауын анықтауды қамтиды.

5.1.2. Аномалды (кемтар) балалар және оларға жалпы сипаттама.

Шет елдік және отандық зерттеушілердің жүргізген зерттеу жұмыстарының көрсетуінше, дамуында кемістігі бар балалардың саны әлемде көп болып, қазіргі күнде одан да көбейіп баруда. Мұның бірқанша себептері бар: кейбір жанұялардағы тұрақсыздық, қалыпты экологиялық және экономикалық жағдайдың жоқтығы, мектеп және жанұялық тәрбиенің жетіспеуі, сенсор және эмоционал контакттар мен қажеттіліктерді қанағаттандырудың жеткіліксіздігі, т.б. Мұндай патологиялық факторлар әртүрлі ауруларға және дамуының ауытқуына соқтырады.

Дамуында ауытқу туралы мәселелер тек жеке адам дамуының нормал параметрлері туралы білімдер контекстінде зерттеледі.

«**Норма**» түсінігінің негізгі мәні – бұл белгіленген мөлшер, бір нәрсенің орта шамасы.

«**Аномалия**» түсінігі грек тілінен аударғанда нормадан, жалпы заңдылықтардан ауытқу, дамуының дұрыс еместігін білдіреді.

Дамуында проблемалары болған балаларда дене немесе психикалық кемшіліктер болып, олар балалардың жалпы дамуында ауытқулардың пайда болуы-

на себеп болады. Дефектің сипатына, оның пайда болу ерекшеліктеріне қарай кейбір кемшіліктерді толық жою, кейбірін түзету, үшінші түрлерінің орнын толтыру мүмкін. Аномалды баланың дамуында оны оқыту және тәрбиелеу негізгі проблема саналады.

Қазіргі күнде дамуындағы ауытқулардың классификациясы бойынша тұтас принцип бар деп айтуға болмайды. **М.А.Власова және М.С.Певзнер** аномалды балалардың мынадай топтарын көрсетеді:

1) сенсорлық қасиеті толық емес балалар, (есту, көру, сөйлеу, тірек-қимыл аппаратының функциясы және сенотрикасы бұзылған);

2) психикалық дамуы артта қалған балалар;

3) астеникалық яки реактивтік жағдайдағы және конфликті әсерленушілікке ие балалар;

4) психопатикалық мінез-құлықты балалар (құлықтық-эмоционалдық бұзылу);

5) ақыл-ойы кеміс балалар (дебилдік, имбецилдік, идиоттық дәрежесіндегі олигофрендер);

6) психикалық кеселдіктің бастапқы көрінісі бар балалар (шизофрения, эпилепсия, истерия, т.б.).

О.Н.Усанова аномалды балалардың мынадай классификациясын ұсынады:

1) органикалық бұзылулар нәтижесінде дамуында кемістігі болған балалар;

2) функционалдық жақтан жетілмеудің нәтижесінде дамуында кемістігі болған балалар;

3) психикалық депривациялар себебімен дамуында кемістігі болған балалар.

Өзбекстандық дефектолог **В.С.Рахманова** дамуында кемістігі бар балалардың мынадай классификациясын ұсынады:

1) интеллектуалдық жағынан бұзылған балалар (ақыл-ойы кеміс және психикалық дамудан артта қалған балалар);

2) сөйлеуі бұзылған балалар;

3) сенсорлық жағынан бұзылған балалар (көру және есту қабілеттері бұзылған).

4) тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар;

5) дамуында комплекс дефектері болған балалар.

5.1.3. Аномалды оқушылармен жүргізілетін коррекциялық жұмыстардың негізгі бағыттары.

Психологиялық-физиологиялық дамуы және құлқында кемістігі болған балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту күрделі әлеуметтік педагогикалық проблема болып есептелінеді. Дамуында кемістігі болған балалармен коррекциялық жұмыстар төмендегі *бағыттарда* жүргізіледі:

– балалардың дамуы мен құлқындағы кемістіктердің табиғаты мен мәнін анықтау, олардың пайда болуы себептері мен жағдайын үйрену;

– дамуы мен мінез-құлқында кемістігі болған балалармен коррекциялық-педагогикалық қызметтің пайда болу және даму тарихын үйрену;

– балалардың дамуы мен құлқындағы ауытқулардың алдын алудағы жетекші тенденцияларды, баланың психологиялық-физиологиялық дамуы мен өмір сүруіндегі әлеуметтік-педагогикалық жағдайлар этиологиясын (себеп-салдарын) айқындау;

– дамуында кемшіліктер болған және мінез-құлқында ауытқушылықтар болған баланың жеке басына коррекциялық-педагогикалық әсер ету технологиясын, формасын, әдіс-тәсілдерін істеп шығу;

– жаппай жалпы орта білім беру жағдайында дамуы мен құлқында кемістігі болған балалардың жалпы және арнаулы білім алуын талдауды жүргізу;

– арнаулы мекемелер мен балаларды реабилитациялау және әлеуметтік қорғау орталықтары қызметінің мақсаты, міндеттері және негізгі бағыттарын анықтау;

– аномалды оқушылармен коррекциялық-педагогикалық жұмыстарға мұғалімдерді даярлауда қажет болатын оқу-методикалық базаны құру.

5.1.4. Бала дамуындағы ауытқушылықты диагностикалауда коррекциялық жұмыстардың принциптері мен методтары.

Дамуында кемістіктері болған балалар арнайы коррекциялық-дамытушы оқыту және тәрбиеге қажеттілік сезінеді. Сонымен бірге оларға емдеу-сауықтыру көмегі де қажет. Мұндай балаларға берілетін көмектің нәтижелі болуы олардың жағдайын ерте диагностикалауға байланысты. Баланың қандайда бір дефектін анықтау ғана емес, баланы тиісті мекемеге орналастыруға және кейінгі коррекциялық жұмыстарды жүзеге асыруға негіз болатын оның өзіндік ерекшеліктерін, құрылымын, сан және сапалық көрсеткіштерінің технологиясын анықтау да қажет.

Аномалды балаларға арнаулы мекемелерді, сондай-ақ жалпы орта білім беретін мектептер жағдайында коррекциялық-дамытушы сыныптарды ұйымдастыру мәселесімен психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссиялар (ІМПК) шұғылданады. Бұл мәселеде мамандар мына **принциптерді** басшылыққа алады:

1. **Гуманистік принцип.** Бұл әрбір бала үшін өз қабілеттерін максимал дәрежеде дамыта алатын жағдайларды өз уақытында жасаудан құралып, ол баланы бірізді және жан-жақты үйрену, оның жолында ұшырайтын қиыншылықтарды жою жолдары және құралдарын іздеуді талап етеді.

2. **Балаларды кешенді үйрену принципі.** Ол балаға диагноз қоюда қажетті мамандықтар (медициналық, дефектологиялық, психологиялық және педагогикалық) бойынша алынған мәліметтерге сүйенуді талап етеді. Егер дәрігер, дефектолог, психолог және педагогтардың пікірлері әртүрлі болса, бала қайта тексеруден өткізіледі.

3. **Баланы жан-жақты және тұтас үйрену принципі.** Бұл баланың танымдық, эмоционалды-ерікті жақтары мен әдебін, денесінің жағдайын тексеруді көздейді. Мұнда баланың дамуына сезілерлі әсер етуі мүмкін болған дене мүмкіндіктері де есепке алынады. Тұтас үйрену дегенде бала туралы алынған барлық мәліметтерді міндетті түрде салыстыру түсініледі. Баланы оқу, ойын

және еңбек процесінде үйренсе, онда оны жан-жақты және тұтас үйрену нәтижелі болады.

4. **Баланы динамикалық үйрену принципі.** Осы принцип бойынша баланы тексеру барысында оның білетін және орындай алатындарын ғана ескеру керек емес, оның оқудағы мүмкіндіктерін де есепке алу керек. Бұл принциптің негізінде Л.С.Выготскийдің баланың «жақыннан даму зонасы», олардың оқудағы потенциал мүмкіндіктері туралы ілімі жатады.

5. **Сапалық және сан жағынан қатынаста болу принципі.** Бұл принцип бала орындаған тапсырманы бағалауда қорытынды нәтижені ғана емес, тапсырманы орындау үшін таңдаған жолының ұтымдылығын, әрекеттердің қисынды тізбектелгендігін, мақсатқа жетудегі жігерлілігі пен қайраттылығын да есепке алу керектігін көрсетеді.

6. **Белгілі бір патологиядағы балаларды басқа балалар тобынан ажырату принципі.** Бұл принцип әрбір арнаулы мекемелерге қабылдаудың өзіндік ерекше ережесі болуын талап етеді.

7. **Дамуындағы ауытқулардың қиындық дәрежесі бойынша дифференцияланған оқыту принципі.** Бұл принципке сай дамуында біртүрлі ауытқулары бар, бірақ қиындық дәрежесі әртүрлі болса, онда олар бөлек оқытылады. Өйткені оларды оқыту методикасында өзгешеліктер бар. Мысалы, соқыр балалар Брайль методымен оқытылады, нашар көретін балалар көру негізінде оқытылады.

8. **Жас ерекшеліктері принципі.** Бұл принцип әрбір топ немесе сыныпқа белгілі бір жастағы балаларды қабылдауды белгілейді. Балалармен өз уақытында коррекциялық жұмыстарды жүргізу мақсатында олардың дамуындағы ауытқуларды ертерек диагностикалау қажет. Сондықтан балалар туылғанынан бастап 18 жасқа дейін өзі жасайтын жерде психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия (ПМПК) тарапынан тексеріліп тұрылады. ПМПК-ның құрамында әлеуметтік педагог, психолог, дәрігерлер (*психиатр, невропатолог, отоларинголог, ортопед, офтальмолог, терапевт, педиатр*) дефектологтар (*олигофре-*

нопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, логопед) сияқты мамандар тұрақты штатта болуы керек.

Психологиялық-педагогикалық тексерулер төмендегі **методтар** көмегінде ұйымдастырылады:

1. **Сұхбат методы.** Сұхбат баламен байланыс орнату құралы болып, аномалды баланың тұлғасы, ерік-жігелі, мінез-құлқы, сонымен қатар дамуындағы ауытқулардың себептері туралы мәліметтерді жинауға мүмкіндік береді. Егер баланың сөйлеуінде, естуінде кемістіктер болса немесе қарым-қатынасқа кірісуі қиын болса, сұхбатты өткізбеген абзал. Мұндай жағдайларда баланы қызықтыратын көрнекі материалдарды пайдаланған дұрыс.

2. **Бақылау методы.** Бақылау баланың консультацияға келуінен бастап, барлық тексеру барысында жалғастырылады. Бақылау әрдайым анық мақсат негізінде жүргізіледі, оның материалдары белгіленіп барылуы керек.

3. **Салған суреттерін үйрену методы.** Суреттер баланы үйренуде негізгі дифференциалдық-диагностикалық көрсеткіш саналады. Баланың педагогикалық документациясында тұрған суреттері сұрақ тудырса, балаға өз қалауымен бір тақырыпта сурет салуды ұсыну арқылы арнаулы зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатқа сай болады.

4. **Эксперименталдық-психологиялық зерттеулер методтары.** Олар арнайы үйренуге тиіс болған психикалық процестерді қозғатушы белгілі ситуациялар тудыруды қамтиды. Эксперименталды методика көмегімен ол немесе бұл жағдайдың себептері және механизмдерін ашып көрсету мүмкін болады.

5. **Тест методы.** Бұл метод балаларды психологиялық-диагностикалық мақсаттарда тексеруде қолданылады. Д.Векслер тарапынан ұсынылған тесттің балаларға бейімделген варианты кең таралған. Одан пайдалану арқылы индивидуал психологиялық тексеру барысында бала туралы қажетті қосымша мәліметтер алынады.

5.1.5. Психикалық даму деңгейі тежелген және ақыл-ой дамуы жағынан артта қалған балаларды коррекциялық оқыту.

«Психикалық даму деңгейі тежелген» түсінігі орталық нерв системасы минимал органикалық зақымдалған яки орталық нерв жүйесінің функционал жетіспеушілігі болған, сондай-ақ ұзақ уақыт элеуметтік депривацияға түскен балаларға айтылады.

Психикалық дамудың тежелуі балалар дамуы психологиялық патологиясының ең көп тараған формасы деуге болады. Бұл жағдай, әсіресе, бала оқуды бақшада дайындық тобында не болмаса бастауыш сыныптарда бастаған кезде жиі анықталады.

Ғалымдар (өзбекстандық Г.Б.Шоумаров; россиялық К.С.Лебединская) психикалық даму деңгейі тежелуінің 4 вариантын көрсетеді:

- конституционал келіп шығуы;
- соматогенді келіп шығуы;
- психогенді келіп шығуы;
- церебралдық-органикалық келіп шығуы.

Мектепке баратын психикалық дамуы тежелген балалардың өзіндік ерекшеліктері бар. Олар мектепте оқуға толық дайын емес, мектепте оқуы үшін қажет болатын дағды және іскерліктер қалыптаспаған, программа материалдарын меңгеруге бейімділігі төмен. Олар арнайы жәрдемсіз есептеу, оқу және жазуды үйрене алмайды, мектептің тәртібін сақтауға қиналады. Оларда жүйкенің әлсіреуі, тез шаршау, жұмыс орындау қабілетінің төмендігі байқалады.

Психикалық дамуы тежелген балаларды ақыл-ойы кеміс деп есептеуге болмайды. Мұндай балалардың өлеңдерді, ертегілерді есте сақтау қабілеті және танымдық белсенділігі жоғары дәрежеде дамыған. Егер бұл балалардың әрекеттерін ынталандырып, оларға дер кезінде педагогикалық көмек көрсетіліп отырылса, олардың потенциалды мүмкіндіктері артады.

Психикалық дамуы тежелген балалар жалпы орта білім беретін мектептерде оқуға қиналады. Өйткені олармен индивидуал коррекциялық жұмыстар жүргізілмейді. Мұның салдарынан олар үлгермеуші оқушыларға айналады. Бұл ба-

лалар үшін арнаулы жалпы білім беретін мектептерде немесе жалпы орта білім беретін мектептердің коррекциялық-дамытушы сыныптарында арнайы коррекциялық-дамытушы оқуды ұйымдастыру керек.

Бұл категориядағы оқушыларды коррекциялық оқыту емдеу-сауықтыру шараларымен қоса жүргізілуі керек. Оқу материалын үйрену темпі мен оқыту методтарын оқытушы психикалық дамуы тежелген балалардың даму дәрежесіне сай етіп таңдауы керек. Сонда ғана бұлар өз бетінше оқып-үйренетін құрбы-құрдастарының қатарына жетуі мүмкін.

Ақыл-ой кемістігін үйренумен байланысты мәселелер коррекциялық педагогикада (дефектологияда) ең негізгі мәселелер қатарына кіреді. Статистикалық мәліметтер әлемде мұндай типтегі аномал балалардың көбейіп бара жатқанын көрсетеді.

Ақыл-ой дамуы жағынан артта қалған балаларды оқыту, тәрбиелеу әлеуметтік адаптациялау мәселелерімен коррекциялық педагогиканың бір саласы – **олигофренопедагогика** шұғылданады. «Олигофрения» (грекше *olygos* - аз және *rhnen* - ақыл) терминін ғылымға XIX ғасырда атакты неміс психиатры Эмиль Крепелин енгізген.

«Ақыл-ой жағынан артта қалған» деген түсінікпен бірге «кемақыл» деген түсінік те қолданылады. Шет елдерде бұлардың орнына «интеллектуал дамуында артта қалушылық» деген термин қолданылады.

Баланың ана құрсағында, не туылу процесінде, не өмірге келген алғашқы дәуірінде орталық нерв жүйесінің зақымдалуы нәтижесінде ақыл-ой және психикасының жетілмей қалу формасын **олигофрения** деп атайды.

Олигофрендікке алып келетін себептер көп. Мысалы, екікабат кезде ананың инфекциялық аурулармен ауруы, ана құрсағына енген паразиттердің іштегі нәрестеге жұғуы, ананың кейбір созылмалы аурулармен ауруы, екікабат кезде тиым салынған дәрілерді пайдалануы, темекі шегу, маскүнемдік, нашақорлық, дене және психикалық жаракат алуы, қолайсыз жағдайда жұмыс істеу, т.б.

Ақыл-ой жағынан артта қалғандар өзінің тобына қарай әртүрлі болады.

Ең саны азы - 3 жастан кейін мидың жарақаттануы (менингит, энцефалит) салдарынан пайда болған ақыл-ой жағынан артта қалушылық. Бұл жағдайды деменция деп атайды. **Деменция** – бұл танымдық қабілеттердің әлсіреуі, сезімдердің азаюы, құлықтың өзгеруі, бұрынғы тәжірибелерді пайдалануда қатты қиыншылыққа ұшырауы нәтижесінде тапқан кемақылдылық.

Олигофрендік жағдайда ақыл-ой жағынанан артта қалушылық дефектін тереңдігіне қарай отандық дефектологияда үшке бөлінеді: дебилдік, имбецилдік және идиотттық.

Дебилдік – ақыл-ой жағынанан артта қалушылықтың ең жеңіл дәрежесі. Дебилдік саны жағынан көпшілікті құрайды. Интеллекті және эмоционалдық-еріктік саласы төмен болғандықтан дебил балалардың жалпы орта білім беретін мектептің программасын меңгеруі қиын. Олар даму жағынан өздерінің қатарлас құрбы-құрдастарынан едәуір атта қалады, аурушаң болады және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын кеш меңгереді. Мектеп жасына келгенде олардың сөздік қоры өте аз болады, айналасын танып білуге әрекет етпейді, ойнауды білмейді.

Мұндай балалар жалпы орта білім беретін мектепке келісімен математика, ана тілі, оқу сияқты пәндерді игере алмайды. Көбінесе екінші жыл оқуға қалдырылады. Бірақ олар еңбек ету процесіне қуана-қуана қатысады.

Дебил балаларда конкрет ойлау сақталған болады, сондықтан оларды коррекциялық-дамытушы мектептерде немесе жалпы орта білім беретін мектептердің коррекциялық-дамытушы сыныптарында арнайы коррекциялап және дамыта оқытса, мектепті бітірер кезде дені сау теңдестерінен онша айырмашылық жасамайды.

Имбецилдік – ақыл-ой жағынанан артта қалушылықтың орташа дәрежесі. Ақыл-ой жағынанан артта қалушылықтың бұл формасында мидың үлкен жарты шарының қабы зақымдалады. Мұндай бұзылу бала дамуының алғашқы дәуірінде анықталады. Бұл балалардың басын тік ұстауы, өздігінше аударылуы және отыруы өте кеш қалыптасады. Үш жастан кейін ғана жүре бастайды. Мектеп

жасына жеткенде енді сөйлеуді бастаған болады. Моторлы әрекеттері кеш дамиды, сондықтан өзіне-өзі қызмет көрсете алмайды.

Бұл балалардың танымдық мүмкіндіктері өте төмен болады, олар өз бетінше түсінікті ойлай алмайды. Бірақ оларды элеуметтік-тұрмыстық дағдыларға, қарым-қатынас, оқу, санау дағдыларына, қандай да бір кәсіпке үйрету мүмкін.

Имбецилді балалар балалықтан мүгедек болып есептеледі. Олар өз бетінше өмір сүре алмайды, қамқорлыққа мұқтаж болады. Оларды интеллекті бұзылған балаларға арналған мектептерде оқыту керек. Мектепті бітіргеннен кейін мұндай ұл-қыздар үй жағдайында біліктілікті талап етпейтін жұмыстармен шұғылданыуы мүмкін. Мысалы, конверттерді клейлеу, т.б.

Идиоттық – ақыл-ой жағынанан артта қалушылықтың ең ауыр және терең дәрежесі. Идиот балалар айналаны түсінуге қабілетсіз болады, олардың сөйлеу функциясы шектелген, кейбір дыбыстарды мүлде айта алмайды. Қозғалыс әрекеттері, қимылдарының үйлесімі, кеңістіктік бағыт алуы қатты бұзылған болады. Мұндай патологиядағы балалар жатқан қалыпта өмір сүреді. Өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының элементтері өте қиыншылықпен қалыптасады.

Идиот болса да, бұл балалар дамуға қабілеті бар. Олар өзіне қызмет етуді үйренуі, қарым-қатынас дағдыларын игеруі, айнала туралы өзінің түсініктерін кеңейтуі мүмкін. Бұл категориядағы балалар негізінен Әлеуметтік қамсыздандыру уәзірлігі системасына қарайтын арнаулы мекемелерде 18 жасқа дейін болады. Одан кейін хрониктер (созылмалы аурулар) үшін ашылған арнаулы интернаттарға өткізіледі.

Ақыл-ой дамуы жағынанан артта қалушылық өзгертуге болмайтын құбылыс деп саналғанымен, оны коррекциялауға болады. Көптеген зерттеушілер арнаулы мекемелер жағдайында дұрыс ұйымдастырыған дәрігерлік-педагогикалық әрекет арқылы ақыл-ойы кеміс балалардың дамуында оң өзгерістер байқалатынын айтып жүр.

Ақыл-ой дамуы жағынанан артта қалған балалармен коррекциялық жұмысты қанша ерте бастаса, соншалықты максимал дәрежеде дефекті түзетуге және

қосымша ауытқуларды болдырмауға болады. Ақыл-ой жағынан артта қалушылықты дер кезінде психологиялық-педагогикалық диагностикалау өте қажет.

Ақыл-ой дамуы жағынан артта қалған балалар жас кезінен жанұяда яки денсаулық сақтау системасына қарайтын арнаулы яслилерде тәрбиеленеді. Мектепке дейінгі жастағы мұндай балалармен коррекциялық жұмыстар арнаулы балалар бақшаларында алып барылады. Егер бұл балалар жалпыға бірдей балабақшаларға барса, онда арнаулы программамен оқытылуы тиіс.

Мектеп жасындағы ақыл-ой дамуы жағынан артта қалған балалар арнаулы мектептерде оқытылады. Ол жерде оқыту мемлекеттік білім беру стандарты негізінде түзілген арнаулы программа бойынша алып барылады. Мұндай мектептерде жалпы орта білім пәндерімен (ана тілі, оқу, математика, география, тарих т.б) бірге арнаулы пәндер де оқытылады. Арнаулы мектептерде еңбек сабағына айрықша көңіл бөледі. Еңбек пәні 4-сыныптан бастап профессионалдык сипат алады. Бұл сабақта оқушылар өздеріне лайық кәсіпті менгереді. Мұндай мектептің штатында оқытушы-олигофренопедагог, кәсіптік еңбек оқытушысы, логопед, тәрбиешілер, медицина қызметкерлері, жәрдемші қызметшілер болады.

Кейде ақыл-ой дамуы бұзылған балалар жаппай жалпы орта білім беретін мектептерге келеді. Бұл мектептер ақыл-ойы кеміс балаларды оқытуға дайын болуы керек. Оларға айрықша көңіл бөлін, балалардың келемеждеуіне жол бермеуі керек. Оқуы үшін жағдай жаратып, бұл балаларға ата-анасының, олигофренопедагогтардың тұрақты көмек беруін қадағалап отыруы керек.

5.1.6. Саңырау, саңырау-мылқау балаларды коррекциялық оқыту.

Аномал балалар арасында есту қабілетінде түрлі дәрежедегі кемістік болған балалар көпшілікті құрайды. Есту – айналадағы болмыстың дыбыстық құбылыстар қалпында сипатталуы. Адам есту органы немесе дыбыстық анализаторлары арқылы қабылдау және оны ажырата алу қабілетіне ие.

Естудің бұзылуы түрлі дәрежеде үлкендерде де, жас балаларда да көп кездеседі. Орта құлаққа суық тию, құлықтың тығылуы, сыртқы және орта құлақ-

тың қалыпты түзілмеуі, құлақтың қабынуы сияқты жағдайларда құлақтың есту функциясы бұзылады. Мұндай жағдайдағы естудің бұзылуын кондуктивті деп атайды. Мұны қазіргі заман медицинасы консерватиті жолмен де, оперативті жолмен де түзете алады. Емнің нәтижесінде есту қалпына келеді.

Ішкі құлақтың зақымдалуына байланысты есту қабілетінің бұзылуын керендік және саңыраулық деп атайды. Керен және саңырау адамдардың есту қабілетін қалпына келтіруге медицинаның пәрмені жетпейді.

Саңыраулық – бұл есту қабілетінің мүлде жоқтығы яки төмендеп кетуінің жоғары дәрежесі болып, сөйлеуге байланысты нерв орталықтар сау болғанымен, мұндайда сөзді түсіну мүмкін емес. Осындай жағдайда бала өз бетінше тілді, сөйледуді игере алмайды және құлағына өте жақыннан сөйлегенде де сөзді түсінбейді. Дегенмен, өте жоғары сөзсіз дыбыстарды, жақын қашықтықтан сөйлегенде кейбір дыбыстарды қабылдауға мүмкіндік беретін есту қабілетінің қалдықтары сақталынып қалады.

Керендік (құлағы мүкестік) – бұл есту қабілетінің төмендеп кетуі (80 децибелден төмен), болып, сөзді түсінуде қиыншылық туады. Керен бала есту қабілетінің қалдықтары негізінде құлағына жақыннан тұрып сөйлеген сөзді түсіне алады.

Саңыру-мылқаулық – туылғанынан немесе балалықтың ерте кезінде артырылған сөз сөйледуді меңгере алмайтын саңыраулық яки есту қабілеті жоғалу барысында сөйлеуінің де жоғалуы.

Естудің бұзылуына жұқпалы аурулар, улану, механикалық, акустикалық, контузиялық жарақаттар себеп болады. Жас баладағы естудің бұзылуына құрсақ көтерген әйелдің жүктіліктің бастапқы кезінде жұқпалы аурулармен ауруы, спиртті және наркотикалық заттарды пайдалануы, антибиотиктерді шектен тыс қолдануы; баланың шала туылуы; нәсілдік аурулар себеп болуы мүмкін.

Отандық сурдопедагогикада құлағы естімейтін балаларды екі негізгі топқа бөледі: **саңырау және нашар естушілер.**

Саңыраулар категориясына туылғанынан не жас шағынан саңыраулыққа шалынған, соның нәтижесінде өз бетінше сөйледуді меңгере алмаған балалар

жатады. **Нашар естушілер** категориясына есіту қабілеті төмендеген, сонда да болса дербес сөйлеуі дамыған балалар жатады.

Саңырау, саңырау-мылқау және нашар естушілерді сөзді қабылдауына қарай ажыратуға болады. Саңырау-мылқаулар арнаулы оқыту процесінде көру (ерінді және бетті оқу) және есітіп көру (дыбыс күшейткіш аппаратуралар) арқылы сөзді түсінеді. Ал нашар естушілер айналасындағылармен табиғи қарым-қатынас процесінде қатты дауыспен сөйлеген сөзді өз бетінше қабылдауы мүмкін.

Есту қабілеті бұзылған балаларды оқыту және тәрбиелеу ерекшеліктерін сурдопедагогика қарастырады. **Сурдопедагогика** (грекше “surdus”- керек,) – есту мүшелері бұзылған балаларды оқыту және тәрбиелеу процесін үйренетін коррекциялық педагогиканың құрамдас бөлімі.

Есту анализаторының қалыпты істеу функциясы баланың жалпы дамуында ерекше мәнге ие. Есту анализаторы бұзылған жағдайда баланың сөйлеуіне, психологиялық дамуына зиян тиеді; танымдық қызметі толық жетілмей қалады. Әлемдік статистикалық мәліметтерге қарағанда, соңғы кезде балалардың есту мүшелері функцияларының жоғалуы немесе төмендеуі үздіксіз көбейіп бара жатыр. Оған техниканың өркендеуі, техникадан (телефон, дыбыс аппаратуралары) пайдалану ережелерін балалардың өрескіл бұзуы да себеп болуда.

Саңырау, саңырау-мылқау және нашар естуші балалар үшін арнаулы мектеп-интернаттар бар. Онда оларға тілдің табиғи қимылы немесе ымдап сөйлесу, методикалық белгілер немесе шартты әліппе үйретіледі. Ол диктилогия деп аталып, қолдың және саусақтың қимылы арқылы іске асады, оны ауада жазу деп те атайды. Қазіргі күнде бұл мектептердің білім беру методикасын қайта құру қолға алынды. Ым-ишарамен сөйлесудің орнына бірден ауызша сөйлесуге үйрету тиімді екенін ғылым дәлелдеді.

Жаппай жалпы орта білім беретін мектептерде естуі шамалы төмендеген балалар оқуы мүмкін. Мұндай жағдайда оқытушы баланы алдыңғы партаға отырғызуы керек, оның сабақта берілген тапсырмаларды дұрыс түсінгенін

қадағалап отыру керек. Кейде нашар еститін балалар өзімен қатарлас жақсы еститін оқушылардан да табысты оқуы мүмкін.

5.1.7. Тілі мүкіс балаларды коррекциялық оқыту.

Сөйлеу – тек адамға ғана тән маңызды психикалық функция. Сөздік қарым-қатынас арқылы адамның санасында әлемнің көрінісі туралы түсініктер толып, байып барады. Сонымен, сөйлеу адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасында маңызды орын иелейді.

Сөйлеудің бұзылуын үйрену, оның алдын алу және оны коррекциялау мәселесімен коррекциялық педагогиканың логопедия саласы айналысады. **Логопедия** (грекше *logos* – сөз және *paideia* – тәрбие) – бұл балалардың сөйлеу кемістіктерін түзететін ғылым. Сөйлеу қабілеті бұзылған балаларды арнайы ұйымдастырылған коррекциялық-логопедтік қызмет арқылы түзету мүмкін.

Баланың сөйлеу қабілетінің бұзылуына сыртқы және ішкі факторлар әсер етеді. Инфекция, жарақат, интоксикация, т.б. баланың орталық нерв жүйесіне жағымсыз әсер етін, оның сөйлеуі бұзылады. Сондай-ақ бала дүниеге келер кезде акушерлік жәрдемнің дұрыс болмауы; шала туылу; ана мен баланың қан резурстарының сыйыспауы; маскүнемдік; нашақорлық; кіндіктің мойынға оралып қалуы сияқты жағдайлар баланың сөйлеу органдарының бұзылуына әкеледі. Тілі мүкістік балаға нәсіл арқылы да өтуі мүмкін. Бала организмнің түрлі ауруларға шалдығуы оның жан-жақты жетілуіне, әсіресе, сөйлеуінің дамуына кері әсер етеді. Жанұяда екі немесе көп тілде сөйлесу, педагогикалық қараусыз қалу, айналасындағылардың дефектпен сөйлеуі де баланың сөйлеуінің дамуына кедергі келтіреді.

Қазіргі заманда логопедияда сөйлеудің бұзылуы екі топқа бөлінеді:

- 1) клиникалық-психологиялық;
- 2) психологиялық-педагогикалық.

Клиникалық-психологиялық топқа кіретін сөйлеудің бұзылу түрлерін үлкен екі топқа бөліп қарастырады: *ауызша сөйлеудің бұзылуы және жазбаша сөйлеудің бұзылуы.*

Ауызша сөйлеудің бұзылуы екі түрге бөлінеді:

1) *сөйлеудің фонационалық көрінісінің бұзылуы* – дисфония, брадиламия, тахиламия, тұтығу, дислалия, ринолалия, дизартия;

2) *сөйлеудің құрылымдық-семантикалық көрінісінің бұзылуы* – алалия, афазия.

Жазбаша сөйлеудің бұзылуы да екі түрге бөлінеді.

1) *баланың құрсақта жатқанында немесе туылғаннан кейінгі алғашқы даму кезінде ми қабығындағы сөйлеу зонасының органикалық зақымдануы нәтижесінде сөйлеудің болмауы* яки *дамымауы* – дислексия;

2) *бала миының қандайда бір себептермен зақымдалуы (суық тию, тамырлардың бұзылуы, бас сүйек пен мидың жарақат алуы) нәтижесінде алдын болған сөйлеуінің толық немес жартылай жоғалуы* – дисграфия.

Психологиялық-педагогикалық топқа кіретін сөйлеудің бұзылу түрлері де екі топқа бөлінеді: *қарым-қатынас тәсілдерінің бұзылуы және қарым-қатынас тәсілдерін қолданудың бұзылуы.*

Қарым-қатынас тәсілдерінің бұзылуы (сөйлеудің фонетикалық-фонематикалық жетілмеуі және сөйлеудің жалпы дамымауы):

1) *сөйлеудің фонетикалық-фонематикалық жетілмеуі* – бұл балаларда ана тілінің сөйлеу системасын қалыптастыру процесінің бұзылуы;

2) *сөйлеудің жалпы дамымауы* – сөйлеу системасының дыбыстық және мағыналық жағына қатысты барлық компоненттері қалыптасуының бұзылуы.

Қарым-қатынас тәсілдерін қолданудың бұзылуы.

Бұған сөйлеудің коммуникатив функциясының бұзылуы ретінде қарастырылатын *тұтығу* кіреді.

Сөйлеу қабілеті бұзылған балалардың орталық нерв жүйесінде функционалдық не органикалық ауытқушылық болады. Миы зақымдалған балалар әлсіз келеді, тез шаршайды, транспортта, ыстықта қиналады, басы айналады. Мұндай балалардың сабақта жұмыс істеуге зауқы соқпайды, ойын жинақтай алмайды, сөздерді аңғармай қалады, айтқан сөз есінен шығып кетеді.

Сөйлеу қабілетінің бұзылу деңгейіне қарай мектеп жасындағы балаларға түрлі логопедтік көмек көрсетіледі. Дыбыстарды анық айта алмайтын, сөздердің орын тәртібін ауыстырып жіберетін оқушылардың сөйлеуін жалпы орта білім беретін мектеп жағдайында логопедтік кабинеттерде коррекциялық-дамытушылық сабақтар арқылы түзетуге болады.

Жалпы орта білім беретін мектептердің логопедтік пункттерінің міндеттері:

- оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеуіндегі кемістіктерді түзету;

- педагогтар, ата-аналар арасында коррекциялық-логопедтік білімдерді тарату;

- балалардың сөйлеуі бұзылуын өз уақытанда анықтау және сөйлеуіндегі кемістіктер нәтижесінде пайда болуы мүмкін болған қосымша дефектердің алдын алу.

Логопедтік пункттерде оқушылармен коррекциялық жұмыстар оқу жылы барысында индивидуал немесе топтық формада жүргізіледі. Егер жалпы білім беретін мектеп жағдайында баланың сөйлеуіндегі кемістіктер түзелмесе, онда оны сөйлеуінде күрделі кемістіктері болған балалар үшін ашылған арнаулы мектептерге ауыстырылады. Мұндай оқушыларды түзету жұмыстары емдеу-сауықтыру және психологиялық-педагогикалық жұмыстармен қоса алып барылуы шарт.

5.1.8. Соқыр, нашар көретін балаларды коррекциялық оқыту.

Көру анализаторлары арқылы айнала болмысты сезу, қабылдау көру деп аталады. Ми сыртқы әлем туралы ең көп мәліметті көру арқылы алады.

Баланың көру қабілетінің бұзылуы оның білім алуында, тәрбиеленуінде және дамуында аса қиындықтар туғызады.

Көру баланың тек көріп қабылдауының дамуында ғана емес, кеңістікті сезінуінің дамуында да үлкен роль ойнайды. Өйткені баланың қимыл-әрекеттері көріп бақылауының барысында дамиды. Бала мектепте оқу процесінде әріптер-

ді, сандарды, географиялық карталарды меңгеруі үшін көру-кеңістіктік елестері дамуының белгілі бір деңгейін та етеді.

Балаларда көру қабілеті бұзылуының себептері әртүрлі. Баланың көру мүшесінің зақымдалуына нәсілдік аурулар, баланың ана құрсағында көру мүшелері патологиясының болуы, жүктілік кезінде, әсіресе, іштегі нәрестенің көру мүшелері қалыптаса бастағанда ананың ауыр кеселдікке шалынуы т.б. себеп болады. Көру қабілетінің бұзылуы туа біткен немесе арттырылған болады.

Туа соқыр болу ана құрсағындағы нәрестенің зақымдалуы не ауруға шалдығуы салдарынан пайда болады. Нәсілден өтетін көрудің кейбір мүкістіктері де туа соқырлыққа алып келеді.

Арттырылған соқырлық, әдетте, көру мүшелерінің – көз торының, көздің мөлдір қабығының ауруға шалдығуы, орталық нерв жүйесінің ауруы, мидың жарақаттануы негізінде пайда болуы мүмкін.

Көру қабілеті бұзылған балаларды мынадай топтарға бөледі: 1) туа соқырлар, 2) ерте соқыр болғандар, 3) үш жастан кейін көз жанарынан айрылғандар (соқыр болғандар).

Балалардағы көру қабілетінің бұзылу дәрежесі әртүрлі болады. Соған орай олар үш категорияға бөлінеді.

Бірінші категориядағы балаларға көру мүшелерінің туа өзгеруі нәтижесінде **толық соқырлық** пайда болғандар жатады.

Соқырлар – бұлар көру сезімдері жоқ, тек жарықты сезетін яки көру қалдықтары бар көру қабілеті бұзылған жандар. Бұл балалар соқыр балаларға арналған мектепте сипап сезу (Брайль системасы) арқылы оқуы керек. Сонда ғана көру қалдықтарын сақтап қалу мүмкін.

Екінші категорияға нашар көретін балалар жатады.

Нашар көретіндер – бұлар көру қабілеті бұзылған, арнаулы көзілдіріктермен коррекциялау нәтижесінде көздің көргіштігі 0,005-тен 0,2-ге дейін көретін жандар. Нашар көретін балалар үшін арнаулы мектептер бар. Бұл мектепте нашар көретін балаларды түрлі техникалық, оптикалық-үлкейткіш тәсілдер,

үлкен әріптермен жазылған оқулықтар және арнаулы жарытқыштарды пайдаланып көру негізінде оқытады.

Нашар көретін балалар жаппай орта білім беретін мектептерде оқуға қиналады. Мұндай балаларды тез анықтап, арнаулы мектепте оқуы үшін жергілікті психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияға жіберу керек.

Үшінші топқа рефракциялық ауытқушылықтағы көру қабілеті бұзылған, бірақ жалпы білім беретін мектептерде оқи алатын балалар жатады.

Көруі бұзылған балалар – *бұлар алыстан көрмеушілік, алыстан көрушілік, астигматизм* (сәуле жарығы көздің қарашығы мен ағына бірдей түспегендіктен болатын көру кемшілігі) ауруына шалдыққан жандар. Бұл балалардағы көрудің ауытқушылығы көзілдірікпен теңгеріледі, сондықтан олар жаппай білім беретін жалпы орта мектептерде оқи алады.

Көру қабілеті бұзылған балаларды оқыту және тәрбиелеумен коррекциялық педагогиканың арнайы саласы **тифлопедагогика** (грекше «typhlos» - көр) шұғылданады.

Көру қабілеті бұзылған балаларды оқытатын оқытушы олармен жүргізілетін коррекциялық жұмыстардың спецификалық ерекшеліктерін білуі қажет. Көруінде кемшіліктері бар балалар үшін оқыту және тәрбиелеу процесі тиімді ұйымдастырылса ғана, олар жеке адам ретінде жан-жақты жетіледі.

Жаппай жалпы орта білім беретін мектептерге көру қабілеті бұзылған балалардың ішіндегі рефракциялық ауытқушылығы бар балалар келіп оқиды. Рефракциялық ауытқушылығы бар (алыстан көрмеушілік, алыстан көрушілік, астигматизм) бала көздің кемшілігін түзететін көзілдірік тағуы қажет. Бұл балалар сабақта педагогтың қамқорлығына, мектепте және үйде оқу жұмыстары үшін дұрыс санитариялық-гигиеналық жағдайдың орнатылуына мұқтаж.

Баланың көруіндегі ауытқушылыққа қарай сыныпта оның оқуына жағдай жарату керек. Мысалы, алысты көрмейтін баланы терезе қасындағы бірінші не екінші қатарға, ал алысты көретін баланы, керісінше, тақтадан алыстау партаға отырғызу қажет.

Оқытушы оқушының тақтадағы, таблицадағы, картадағы оқу материалдарды дұрыс қабылдауын және түсінуін қадағалап отыруы қажет. Рефракциялық ауытқушылығы бар балалар тынымсыз 10-15 минут оқу жұмыстарымен шұғылданғанда, көзі тез талығады. Сол үшін сабақ барысында көру жұмыстарын басқа да түрдегі жұмыстарымен алмастырып отыру керек.

Негізі, соқырлар мен нашар көретін балалар соқыр балалар үшін ашылған мектеп-интернатта оқуы керек. Бұл мектепте нашар көретін балалар үшін арнаулы сыныптар бар. Егер нашар көретін балалардың мұндай мектептерге барып оқуына мүмкіндігі болмаса, онда жаппай жалпы орта білім беретін мектептерде оқиды. Мұндайда бұл оқушыларға дифференциялық қатынас талап етіледі.

5.1.9. Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды коррекциялық оқыту.

Тірек-қимыл аппараты бұзылуы туа біткен яки кейіннен арттырылған болады. Тірек-қимыл патологиясы төмендегі түрлерге бөлінеді:

- жүйке системасының ауруы (балалар церебралдық параличі), полиомиелит;

- тірек-қимыл аппаратының туа біткен патологиясы: *санның туа шығуы; мойын қисықтығы, қисық аяқ және табанның басқа да деформациялары; омыртқа дамуындағы ауытқушылық (сколиоз), аяқ-қол, саусақ, бармақ бастарының жетілмеі немес кемістіктері, артрогрипоз;*

- тірек-қимыл аппаратының арттырылған ауруы және зақымдалуы: *артқы ми, бас ми және қол-аяқтардың зақымдалуы; полиартрит; скелет аурулары; скелеттің жүйелі ауруы.*

Тірек-қимыл аппаратының патологиясы болған балаларда негізгі бұзылу болып қозғалыстық кемшілік есептеледі. Мұндай балалардың көпшілігін (89%) церебралдық паралич (мидың сал болуы) балалар құрайды. Бұл балаларда қимылдың бұзылуы психикасының және сөйлеуінің бұзылуымен байланысты бо-

лады. Сондықтан олар емді және әлеуметтік көмекке ғама емес, психологиялық-педагогикалық көмекке де мұқтаж болады.

Паралич (сал) орталық немесе шеткері жатқан нерв системасының ауруға шалдығуы нәтижесінде пайда болады. **Балалар церебралдық параличі** – бас ми қимыл системасының зақымдалуы. Балалар церебралдық параличінде адам үшін ең маңызды функциялар: *қимыл, психика және сөйлеу* істен шығады.

Балалар церебралдық параличіне (БЦП) алып келетін қолайсыз жағдайлар көп. Әсіресе, БЦП болуына нәрестенің ана құрсағында жатқан кезде, туылу кезінде, туылғаннан кейінгі кезеңде миының зақымдалуы себеп болады.

Церебралдық паралич болған балаларда барлық қимыл-әрекет функцияларының қалыптасуы тежеледі және бұзылады. Егер қимыл-әрекеттерінің бұзылуын түзетпесе, онда баланың психикалық функциялары мен сөйлеуіне кері әсер етеді. **БЦП-ның ауыр дәрежесінде** бала жүру дағдыларын меңгермейді, өзіне-өзі қызмет көрсете алмайды.

БЦП-ның орташа дәрежесінде бала жүре алады, бірақ өзіне сенімсіз болады, арнаулы аспатар арқылы жүретіндері де бар. Ал **БЦП-ның жеңіл дәрежесінде** балалар өз бетінше ғимараттың ішінде, көшеде, транспортта сенімді жүреді.

БЦП жағдайында баланың психикалық дамуындағы ауытқушылық танымдық қызметінің, ерік-жігерінің, тұтас жеке басының қалыптасуы бұзылуына әкеледі. Церебралдық параличке ұшыраған балалардың интеллектуалдық жағдайы әртүрлі болады: біреулерінің интеллекті қалыпты жағдайда, екіншілерінде психикалық дамуы тежелген, үшінші біреулерінде – олигофрения.

Соңғы жылдарда жаппай жалпы орта білім беретін мектептерге қимыл-әрекеті бұзылған балалар көптеп келуде. Церебралдық параличке ұшыраған балалармен оқу процесін тиімді ұйымдастыру үшін оқытушы олардың психологиялық және дене жағынан ерекшеліктерін, оқу материалдарын меңгеруге кедергі болатын жағдайларды, ауруының сипатын білуі керек. Оқу жылы басталмастан алдын мұндай балалардың ата-аналарымен олардың қызығуы, бейімділігі, қабілеті, жақсы көретін ойындары туралы әңгімелесіп алуы керек. Олардың жағым-

ды және жағымсыз іс-әрекеттері туралы да мәліметтерді топтауы керек. Мұндай балалармен оқитын сыныптағы дені сау балалармен алдын-ала түсінік жұмыстарын жүргізіп, олардың әрдайым достық көмек көрсетуін ұқтыру керек.

Церебралдық параличке ұшыраған балалардың оқуын ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл балаларды, ең алдымен, партадан өзі тұрып-отыра алатындай етіп отырғызу керек. Оқу құралдарын пайдалануға, сабақта жазба жұмыстарды немесе ауызша тапсырмаларды орындауына қолайлы жағдай туғызу керек.

Церебралдық параличке ұшыраған балалар мектепте оқуымен бірге поли-клиникада арнаулы сауықтыру-қалпына келтіру шараларын алады, арнаулы ауруханаларда емделеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Дамуында және мінез-құлқында ауытқушылығы болған балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелерімен қандай ғылым шұғылданады?
2. Коррекциялық педагогиканың предметі мен міндеттерін айтып бер.
3. «Коррекция» және «коррекциялық-педагогикалық қызмет» түсінігіне сипаттама бер.
4. Аномал оқушылармен жүргізілетін коррекциялық жұмыстың мәнін және оның негізгі бағыттарын анықтап бер.
5. Коррекциялық педагогиканың категориялары мәнін ашып бер.
6. «Аномалия» түсінігіне сипаттама бер.
7. Дамуындағы ауытқулардың классификацияларын ғалымдар қалай көрсетіп жүр?
8. Дамудағы ауытқулардың пайда болу себептерін түсіндір.
9. Бала дамуындағы ауытқушылықты диагностикалауда коррекциялық жұмыстардың принциптерін айт.
10. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның мамандары өз жұмыстарында қандай психологиялық-педагогикалық зерттеу методтарын пайдаланады?
11. «Психикалық дамуы тежелген» деген түсінікке сипаттама бер.
12. Психикалық дамудың тежелуі пайда болуының себептерін көрсет.
13. Психикалық дамуы тежелген балаларға психологиялық-педагогикалық мінездеме бер.
14. «Ақыл-ой жағынан артта қалу», «олигофрения», «деменция» түсініктеріне сипаттама бер.
15. Ақыл-ой жағынан артта қалудың себептерін түсіндір.
16. Отандық дефектологияда ақыл-ой жағынан артта қалғандарды классификациялаудың түрлерін көрсет.

17. Ақыл-ой жағынан артта қалған балалармен коррекциялық жұмыстардың ерекшеліктерін көрсетіп бер.

18. Сөйлеудің бұзылу себептерін түсіндір.

19. Логопедия дегеніміз не?

20. Сөйлеуі бұзылған оқушыларды психологиялық-педагогикалық коррекциялаудың ерекшеліктерін ашып бер.

21. Естудің бұзылу себептерін айт.

22. «Саңырау», «нашар естуші» деген түсініктерге сипаттама бер.

23. Жалпы білім беретін мектептер жағдайында есту мүшелері бұзылған балалармен жүргізілетін коррекциялық-педагогикалық жұмыстың ерекшеліктерін ашып бер.

24. Көрудің бұзылу түрлерін айт және олардың пайда болу себептерін көрсет.

25. «Соқыр», «нашар көретін» деген түсініктерге сипаттама бер.

26. Жалпы білім беретін мектептер жағдайында көру мүшелері бұзылған балалармен жүргізілетін коррекциялық-педагогикалық жұмыстың ерекшеліктерін ашып бер.

27. Балаларда тірек-қимыл әрекеттері аппараттарының бұзылу түрлері қандай?

28. «Сал», «балалар миының салы» түсініктеріне сипаттама бер.

29. Жалпы білім беретін мектептер жағдайында сал балалармен жүргізілетін коррекциялық-педагогикалық жұмыстың ерекшеліктерін ашып бер.

Пайдаланылган адабиёттер:

1. Ўзбекистон Республикаси Конституцияси. –Т.: «Ўзбекистон», 1993.
2. Каримов И.А. Узбекистан на пороге XXI века: угроза безопасности, условия и гарантии прогресса. – Т.: Узбекистон, 1997.
3. Баркамол авлод – Ўзбекистон тараққиётининг пойдевори. –Т.: «Шарқ», 1997.
4. Каримов И.А. Миллий истиқлол, иқтисод, сиёсат, мафқура. –Т.: «Ўзбекистон», 1993.
5. Миллий истиқлол ғояси: асосий тушунча ва тамойиллар. –Т., «Ўзбекистон», 2001.
6. Каримов И.А. Ўзбекистоннинг ўз истиқлол ва тараққиёт йўли. –Т.: «Ўзбекистон», 1992.
7. Каримов И.А.Жамиятимиз мафқураси халқни-халқ, миллатни-миллат қилишга хизмат этсин. –Т., «Ўзбекистон». 1998.
8. Каримов И.А. Озод ва обод Ватан, эркин ва фаровон ҳаёт пировард мақсадимиз. -Т.: “Ўзбекистон”, 2000.
9. Каримов И.А. Юксак маънавият – энгилмас куч. –Т.: «Маънавият», 2008. -176 б.
10. Умумий ўрта таълим муассасаси (мактаби)нинг муваққат намунавий Устави // Халқ таълими ж., № 1. 1999.
11. «Ўрта махсус касб-хунар таълими тўғрисида»ги Низом // Халқ таълими ж., № 6. 1999.
12. «Умумий ўрта таълим мактаби Педагогика Кенгаши тўғрисида»ги Низом. //Таълим тараққиёти ж., № 3, 2002.
13. «Умумий ўрта таълим мактаби Методика Кенгаши тўғрисида»ги Низом. //Таълим тараққиёти ж., № 3, 2002.
14. Умумий ўрта таълим мактаби фан Методика бирлашмалари тўғрисида»ги Низом//. Таълим тараққиёти ж., № 3, 2002.

15. Абай. Шығармаларының 2 томдық жинағы. – Алматы: «Жазушы», Т. 2. 2004.
16. Pedagogika nazariyasi. (Prof. M. X. Toxtaxodjaevaning umumiu tahriri ostida). – Т., «O'zbekiston faulasuflar milliu jamiyati». 2010 йил
17. Беспалько В. П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. – М., 1995.
18. Бородулина С. Ю. Коррекционная педагогика. – Ростов на Дону, «Феникс», 2004.
19. Внутришкольное управление: Вопросы теории и практики / Под ред. Т. И. Шамовой. – М., 1991.
20. Давыдов В. В. Теория развивающего обучения. – М., 1996.
21. Қалдыбекова А. С. Педагогика теориясы. – Т., 2007.
22. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазак тәлім-тәрбиесі. – А., 1995.
23. Ғозиев Э. Психология (Ёш даврлари психологияси) – Т.: «Ўқитувчи», 1994.
24. Лихачев Б. Т. Педагогика – М.: «Юрайт», 1999.
25. Минавваров А. К. Педагогика. – Т., «Ўқитувчи», 1996.
26. Общая педагогика. Под ред. В. А. Слостенина. В 2 ч. Ч. 2. – Москва, «ВЛАДОС», 2003.
27. Педагогика /Под ред. П. И. Пидкасистого/ – М., 2003.
28. Подласый И. И. Педагогика: учебник для бакалавров – М.: Изд. Юрайт: 2012 – 574 с. Серия: Бакалавр.
29. Рахманова С. Дефектология ва логопедия асослари – Т., 1991
30. Реан А. А. и др. Педагогика и психология – СПб: Питер, 2009. – 432 с. (Серия «Учебное пособие»).
31. Титов В. А. Общая педагогика. – М., 2003.
32. Туленов Ж. Миллий мафкура: максад ва йўналишлари, ҳаётга татбиқ этиш йўллари. – Т., Ўзбекистон. 1999.
33. Сағындықұлы Е. Педагогика. – Алматы, 1999.

34. Современный словарь по педагогике /Сост.Рапацевич Е.С. – Мн.: «Современное слово», 2001. – 928 с.
35. Харламов И.Ф. Педагогика – М., Гардарики, 2003.
36. Хошимов.К, Нишонова С. ва бошқалар. Педагогика тарихи.– Т: Ўқитувчи, 1996
37. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. – Алматы, 2000. – 384 б.
38. Эбенбаев С., Эбиева Ж. т.б. Педагогика. –Астана, «Фолиант», 2009. – 336 б.
39. Қалдибекова А.С., Ходжаев Б. Ўқувчиларнинг билиш фаоллигини ошириш йўллари. –Тошкент, 2006.
40. Ўзбек педагогикаси антологияси. –Тошкент. «Ўқитувчи», 1995 й.

Электрондык оқыту ресурстары

<http://www.tdpu.uz>
<http://www.pedagog.uz>
<http://www.edu.uz>
<http://www.zivo.edu.uz>
<http://www.gov.uz>
<http://www.zivonet.uz>
<http://www.istedod.uz>
<http://www.cer.uz>
<http://tdpu-INTRANET.Ped>
<http://www.rae.ru/monographs>
<http://ru.wikipedia.org>
<http://www.moluch.ru>
<http://www.nauteh-journal.ru>
http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pedagog
<http://www.moluch.ru>
<http://nsportal.ru/shkola/psikhologiya>
<http://libsib.ru/pedagogika/shpargalki-teoriya-obucheniva>
<http://www.libsib.ru>
<http://vestnik.osu.ru>
<http://www.sia.spbu.ru>
<http://www.hse.ru>
<http://www.academy.edu>
<http://www.keu.kz>
<http://www.turan-astana.kz>

НЕГІЗГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕР СӨЗДІГІ

- Абстракты ойлау** – маңызды емес екінші дәрежелі белгілерден аулақтанып, жалпы және маңыздыларын бөліп алу, сөйтіп осы негізде абстракты ұғымдарды тұжырымдау іскерлігі.
- Адамгершілік тәрбиесі** – жас ұрпақта адамгершілік мінез-құлық нормаларын қалыптастыруға; семьяға, Отанға адал болуды тәрбиелеуге; халықтар достығын құрметтеуге, адамгершілік парызын сезінуге бағытталған арнайы педагогикалық қызмет.
- Адамның дамуы** – оның дене күші мен психикасының сан және сапалық жағынан өзгерістерге ұшырауы.
- Адамның мұраты** – адамның өмірге ұмтылуы, талаптануы, мақсаты.
- Азаматтық тәрбие** – әлемнің бірлігі мен өзара байланыстылығы, бейбітшілікті сақтау және қарусыздандыру, экологиялық мәселелерді шешу, әлемдік өнер мәдениетін сақтау, экономикалық, ғылыми, мәдени қатынастарды орнату және қоғамдық белсенділік сияқты түсініктерді қалыптастыруға бағытталған арнайы педагогикалық қызмет.
- Академиялық лицей** – білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес оқушылардың қызығулары мен қабілеттері есепке алынған түрде олардың жедел интеллектуал дамуын, тереңдетілген, дифференцияланған, мамандыққа бағытталған білім алуын қамтамасыз ететін орта арнаулы оқу орны.
- Алгоритмдік ойлау** – белгіленген нәтижені қамтамасыз ететін нақты әрекеттерді қатаң орындауға нұсқау беру арқылы жұмысты орындау іскерлігі.
- Анализ** – бүтінді бөлшектерге бөліп, жеке-жеке талдау.
- Аномал балаларды оқыту және дамыту** – бұл білімдер, дағдылар, іскерліктер және өмір мен еңбекке даярлаудың негізгі тәсілдерін беру мен меңгертудің мақсатқа бағытталған процесі.
- Аномал балаларды тәрбиелеу** – дефектің дәрежесі мен құрылымына қарай қолайлы методтар мен тәсілдерді пайдаланып, оларды белсенді қоғамдық пайдалы өмірге даярлау, азаматтық сапаларын қалыптастыру процесі.

«Ақыл-ой күші» – адамды білім қорын жасауға, негізгі ойлау операцияларын жүзеге асыруға, нақты интеллектуалдық іскерліктерін меңгеруге көмектесетін ақыл-ойының даму дәрежесі.

Ақыл-ой тәрбиесі – оқушылардың ойлау қабілетін, дүниеге ғылыми көзқарасын жетілдіру мен қалыптастыру және ғылыми біліммен қаруландыруға бағытталған арнайы педагогикалық қызмет.

Әлеуметтік реабилитациялау (латынша *rehabilitas* – жарамдылықты, қабілетті қалпына келтіру) – медициналық-педагогикалық мағынада бұл аномал балаларды әлеуметтік ортаға қосу, психикалық және дене мүмкіндіктері дәрежесінде қоғамдық өмір мен еңбекке араластыру.

Әлеуметтік адаптациялау - (латынша *adapto* - бейімделу) аномал балалардың индивидуал және топтық мінез-құлқын қоғамдық норма мен құндылықтарға сай тәртіпке салу.

Баға – бағалаудың балл формасында көрініс тапқан сан жағынан өлшемі.

Бағалау – білім, іскерлік және дағдыларды оқу программасында көрсетілген эталондармен (өлшеуіш) салыстыру.

Бакалавриат – мамандықтар бағыты бойынша фундаментал және практикалық білім беретін оқу мерзімі кемінде 4 жыл болған тірек жоғары білім.

Бақылау – оқушының білім, дағды және іскерліктерін анықтау, өлшеу және бағалау.

Басқару – бұл белгілі бір объектке ұйымдасқан түрде, жоспарлы, системалы әсер ету.

Бастауыш білім беру – оқу, жазу, есеп бойынша бастапқы білім мен іскерліктерді, теориялық ойлаудың элементтерін, сөйлеу, мінез-құлық мәдениеті негіздерін қалыптастыру, жеке гигиена және салауатты өмір сүруді қамтамасыз етуге негіз жарату басқышы.

Білім – бұл оқушылардың санасында белгілі бір системада берік сақталынған, олардың жеке меншігіне айналған және бұдан қажетіне қарай пайдалана алатын фактілер, мәліметтер, ғылыми теориялар, заңдар және түсініктер.

- Білім беру мекемелерінің Уставы** – білім беру мекемесі қызметіне жетекшілік ету және басқару жүйесін анықтайтын құжат.
- Білім беру системасы** – жас ұрпақты оқытып, білім беріп, өмірге, еңбекке даярлайтын оқу-тәрбие мекемелерінің жиынтығы.
- Білім берудің мазмұны** – белгілі бір оқу орнындағы үйренілетін білімдер мен іскерліктердің жүйесі.
- Білім мазмұны** – ғылыми білім, іскерлік және дағдының жүйесі.
- Білім қоры** – фактілер, терминдер, символдар, атаулар, түсініктер, заңдар, заңдылықтар, формулалар, даталар (атаулы күндер) сияқты оқу материалдары.
- Болжау** – процесс басталмастан алдын белгілі бір жағдайда оның беретін нәтижелерін бағалау.
- Гносеология** – ғылыми дүниетануды тексеретін философияның бір тарауы, танымдық теориясы, диалектика заңдылықтары.
- Дағды** – автоматтандырылған әрекеттер, яғни іс-әрекетті орындаудың қалыптасқан тәсілі.
- Дара ерекшеліктер** – жеке адамның түйсік, қабылдау, ойлау өзгешеліктері мен мінез-құлық, темперамент, қабілет сияқты қасиеттері.
- Дедуктивтік ойлау** – жалпыдан жекеге өтетін ойлау процесімен байланысты болған іскерлік.
- Дене тәрбиесі** – балалардың денсаулығын нығайту, денесінің дұрыс дамуын қамтамасыз ету, дене жағынан шыныққан, ержүрек, Отанын қорғауға дайын азаматты тәрбиелеуге бағытталған арнайы педагогикалық қызмет.
- Диагностика** – бұл дидактикалық процесте болатын барлық жағдайларды айқындау, оның нәтижелерін анық белгілеу.
- Дидактика** – оқыту мен білім беру, олардың мақсаты, мазмұны, методтары, тәсілдері, ұйымдастырылуы, нәтижелері туралы ғылым.
- Дидактикалық диагностикалаудың мақсаты** - оқу процесінде болатын барлық жағдайларды оның өнімімен байланыста өз уақытында анықтау, бағалау және талдау.

Дидактикалық система – белгілі бір критерийлермен бөлінген тұтас білім беру.

Дүниетаным – адам санасының арнайы түрі, оның өзін қоршаған дүниеге, яғни қоғамдық өмірге, табиғатқа, өзіне көзқарасы және сенімі.

Дүниетанымдық тәрбие – оқушылардың табиғат пен қоғамды танып білуде ғылыми көзқарасын қалыптастыруға, ақыл-ой күштері мен ойлауын, ерік-жігері мен сезімдерін дамытуға бағытталған арнайы педагогикалық қызмет.

Коллектив – адамдарды белгілі бір мақсатты іс-әрекет негізінде біріктірудің ұйымдық формасы.

Жалпы орта білім беру – оқушылардың жүйелі білім алуын, оларда білімді меңгеру қажеттіліктерін, негізгі оқу-ғылыми және жалпы мәдени білімдерді, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-моралдық қасиеттерді, еңбек дағдыларын, творчестволық пікірлеу мен айнала-мұхитқа саналы қатынаста болуды және мамандық таңдауды қалыптастыру басқышы.

Жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты – оқушы білімінің, іскерлігінің және дағдысының сапасына болған талаптың ең төменгі (минимум) дәрежесі.

Жас ерекшеліктері – белгілі бір жас дәуіріне байланысты болатын анатомиялық, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктер.

Жеке адамның дамуы – бұл ішкі және сыртқы, басқарылатын және басқарылмайтын факторлардың ықпалымен жеке адамның қалыптасып жетілу процесі.

Жинақтай ойлау – түсініктерді классификациялау нәтижесінде пайда болған іскерлік.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру – жоғары білікті кадрлар: ғылым кандидаттары мен докторларын, доценттер мен профессорларды даярлайды және қоғамның ғылыми, ғылыми-педагогикалық кадрларға деген қажеттілігін қанағаттандырады.

Есепке алу – бұл оқытудың белгілі бір кезеңінде оқушылар мен мұғалімнің жұмысын жинақтап қорыту.

Еңбек тәрбиесі – оқушыларда еңбекке, еңбек адамына құрметті тәрбиелеуге; оларды қазіргі заман өндірісімен, ауыл шаруашылығымен, құрылысымен, транспортымен таныстыруға; еңбек дағдысына, іскерлікке үйретуге, мамандық таңдауға тәрбиелеуге бағытталған арнайы педагогикалық қызмет.

Иллюстрация және демонстрация методы – оқыту процесінде көрнекі құралдарды пайдалану, нақтылы заттарды, құбылыстарды, процестерді табиғи жағдайда көрсету.

Индуктивтік ойлау – жеке пікірлерден жалпы қорытындыға, деректерден жинақтауға келуден пайда болған іскерлік.

Интерактивті методтар – бұл оқытушы мен оқушының оқу ойыны формасындағы өзара әрекетін ұйымдастыру ережелерінің системасы.

Интернационализм – барлық мемлекет халықтарымен ынтымақтастық, ұлттар арасындағы достық қарым-қатынас, тату көршілік, өзара көмек, басқа халықтардың тарихын, мәдениетін құрметтеу.

Кадрларды даярлаудың ұлттық моделі – жеке адам, мемлекет және қоғам, үздіксіз білім, ғылым мен өндіріс сияқты негізгі компоненттердің өзара ынтымақтастығы, олар арасындағы өзара байланыс негізінде «жоғары рухани және моралдық нормаларға жауап беретін білікті кадрларды даярлау ұлттық системасы» мәнін көрсететін үлгі. Оның құрамдас бөлігі мыналар:

жеке адам – кадрлар даярлау системасының бас субъекті мен объекті, білім саласындағы қызметтердің тұтынушысы және оны істеп шығарушы.

мемлекет және қоғам – білім беру және кадрлар даярлау системасының қызметін тәртіпке салу және бақылауды жүзеге асырушы кадрлар даярлау және оларды қабылдап алудың кепілі.

үздіксіз білім – жоғары білікті кадрлар даярлаудың негізі болып, білімнің барлық түрлерін, мемлекеттік білім стандарттарын, кадрлар даярлау системасының құрылымы мен оның қызмет етуін өз ішіне алады.

ғылым – табиғат және қоғам дамуы туралы және фундаментал және қолданбалы ғылымдарды қалыптастырушы, жоғары білікті кадрлар даярлаушы және олардан пайдаланушы, озат педагогикалық және ақпарат технологияларын істеп шығарушы.

- өндіріс** – кадрларға болған сұранысты, сондай-ақ олардың дайындық, сапасы мен дәрежесіне қойылатын талаптарды белгілейтін негізгі заказ беруші, кадрлар даярлау системасын финанс және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ететін процестің қатысушысы.
- Классификациялау** – нәрселер және құбылыстарды арасындағы ұқсастықтары немесе айырмашылықтары бойынша топтау.
- Кәсіптік бағдар беру (профорентация)** – өсіп келе жатқан жас ұрпақты өз еркімен мамандық таңдауға дайындау.
- Кәсіптік коллеж** – тиісті мемлекеттік білім беру стандарты шеңберінде орта арнаулы, кәсіптік білім беретін; оқушылардың кәсіпке бейімділігі, білім мен дағдыларын дамытуға, таңдаған кәсібі бойынша бір яки бірнеше мамандықты игеріп алуға мүмкіндік беретін орта арнаулы оқу орны.
- Көзқарас** – қоғамдағы және табиғаттағы құбылыстарға өз қатынасын білдіретін адамның қорытынды ойы, тұжырымы.
- Компенсация** (латынша *compensatio* – орнына төлеу, теңелту) – организмнің бұзылған немесе жетілмей қалған функцияларының орнын толтыру, қайта құру.
- Коррекция** – аномал балалардың психикалық және дене жағынан дамуындағы кемшіліктерді түзету, жоғату және тегістеуге бағытталған арнаулы педагогикалық және емдік шаралар системасы.
- Коррекциялық педагогика** – денсаулығының мүмкіндігі шектелген, дене және психикалық кемістігі болғандықтан тәрбиелеу мен оқытудың арнаулы индивидуал методтарына мұқтаж баланың жеке басын дамыту процесін басқарудың мәнін, заңдылықтарын, тенденцияларын үйренетін ғылым. Оның салалары мыналар:
- сурдопедагогика** – саңырау-мылқау және саңырау балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін зерттейді;
- тифлопедагогика** – соқыр және нашар көретін балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін зерттейді;
- олигофренопедагогика** - ақыл-ой дамуы жағынан мешеу қалған балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін зерттейді;

логопедия – тілінің мүкістігі, кемістігі бар балалармен шұғылданады.

Коррекциялық-тәрбиелік жұмыс - аномал балалардың психикалық және дене жағынан дамуындағы кемшіліктерді түзету, жоғату және тегістеуге бағытталған арнаулы педагогикалық шаралар системасы.

Құқықтық тәрбие – Конституция, мемлекет туралы тағлымды үйретуге, үкімет заңдарын құрметтеуді үйретуге, баланың құқықтары мен міндеттерін, жауапкершілігін үйретуге бағытталған арнайы педагогикалық қызмет.

Құрылым – бұл тұтас бір заттың бөлімдерінің (элементтердің) өзара орналасуы.

Логикалық ойлау – меңгерген білімдер мен жаңа білімдер арасындағы өзара байланыс нәтижесінде пайда болған іскерлік.

Магистратура – анық мамандық бойынша фундаментал және практикалық білім беретін, бакалавриат негізінде оқу мерзімі кемінде 2 жыл болған жоғары білім.

Мағлұмат – оқушылардың оқыту процесінде алған білімдер, дағдылар, іскерліктер және ойлау қабілеттерінің системасы.

Мазмұн (оқыту, білім беру) – оқыту процесінде оқушылардың меңгеруі керек болған ғылыми білімдер, дағдылар мен іскерліктер, қызмет және ойлау тәсілдерінің системасы.

Мақсат (оқу, білімділік) – бірдемеге ұмтылу, оқытудың оған келешекте өзін жетілдіре отырып ұмтылуы.

Мақсатты белгілеу – бұл педагогикалық процестің белгіленген бөлігінде және нақты бір жағдайында жетістікке жету үшін білім беру системасының алдында тұрған жалпы педагогикалық мақсатты анық міндеттерге айналдыру.

Мектеп – оқушыларға 1-9 кластар көлемінде білім берудің мемлекеттік стандарты шеңберінде пән негіздерінен жалпы орта білім беретін күндізгі міндетті оқу орны.

Мектепке дейінгі білім беру – баланың жеке басын сау-саламат, жан-жақты жетілген етіп қалыптастыруды қамтамасыз ету, оның оқуға қызығуын ояту, оны білім алуға дайындау басқышы.

- Менеджмент (яки басқару)** – бұл бар минимал мүмкіндіктерден максимал нәтижелерге жету мақсатында белгілі бір қызметкерге немесе топқа әсер ету, олармен ынтымақтасып әрекетте болу процесі.
- Мемлекеттік білім беру стандарты** – білім беру мазмұны мен сапасына қойылатын талаптарды белгілейтін нормативті құжат.
- Мемлекеттік-қоғамдық басқарудың мақсаты** – білім беру мекемелерінің актуал мәселелерін мемлекет және қоғам ынтымақтастығында шешу, оқушылар, оқытушылар және ата-аналарға оқу программаларын, түрлерін, оқу орындарын таңдауда құқық және еркіндік беруді кеңейту.
- Мораль** – адамдардың бір-біріне және қоғамға деген міндеттері мен қатынастарын айқындайтын ортақ тұрмысы мен мінез-құлқының нормалары және ережелерінің жиынтығы.
- Мотив** – адамның объективті мұқтаждығы мен ынтасын бейнелейтін әрекетіне ішкі талаптануы.
- Мұғалім (педагог, тәрбиеші, оқытушы)** – бұл мектептегі (оқу орындарындағы) оқу-тәрбие процесін ұйымдастырушы және оны іске асырушы тұлға, арнаулы дайындығы бар және педагогикалық қызметпен кәсіби шұғылданатын адам.
- Нәтиже** (оқытудың жемісі) – оқытудың жетіп келу межесі, оқу процесінің соңғы нәтижесі, қойылған мақсатты іске асырудың дәрежесі.
- Іскерлік** – шәкірт алған білімдерін саналы түрде іс жүзінде қолдана алатын әрекеттері.
- Ойлау** – заттар мен құбылыстардың арасындағы табиғи байланыстар мен қатынастарды бейнелейтін психикалық процесс.
- Орта** – стихиялы түрде балаға ықпал өтетін әр қилы сыртқы құбылыстардың жиынтығы.
- Оқу** – бұл тәлім-тәрбие мәселелерін шешуге бағытталған оқушылардың танымдық қызметінің системасы.
- Оқу бағдарламасы** – оқу пәні бойынша білім, дағды және іскерліктер мазмұны, оқу жылдары бойынша программа материалдарының өтілуі, тақырыптардың сағаттары белгіленген нормативті құжат.

- Оқу жоспары** – Өзбекстан Республикасы халыққа білім беру уәзірлігі немесе Өзбекстан Республикасы Жоғары және орта арнаулы білім беру уәзірлігі бекіткен оқу орнының сертификаты.
- Оқу процесі** – білім, дағды және іскерліктерді меңгеру процесі болып, оқушылардың мінез-құлқына, сана-сезіміне, қызметіне әсер етеді және олардың дамуын қамтамасыз етеді.
- Оқу орындарының педагогикалық қызметін басқару** – педагогикалық процесі жоспарлау, ұйымдастыру, марапаттау, нәтижелерді бақылау және талдау.
- Оқулық** – программа мен дидактиканың талаптарына сай ғылыми-теориялық жағынан ұстамды құрылған, оқу пәнінің мазмұнын бірізді баяндайтын кітап.
- Оқу экскурсиясы** – оқушыларды нақтылы заттармен және құбылыстармен табиғи ортада таныстыруды қамтамасыз ететін оқыту формасы.
- Оқыту** – оқушыларды біліммен, іскерлікпен, дағдымен қаруландыратын, олардың таным және творчестволық қабілеттерін дамытатын мұғалімнің қызметі.
- Оқыту методы** (латын сөзі «*metodos*» – жол, тәсіл) – оқытудың мақсаты мен міндетін іске асырудың жолы.
- Оқыту процесі** – оқытушы мен оқушының бір мақсатқа бағытталған өзара әрекеттесуінің нәтижесі арқылы оқушыға білім беру міндетін шешу процесі.
- Оқытуды ұйымдастыру формасы** – мұғалім мен оқушылардың арнайы ұйымдастырылып, белгіленген тәртіп пен режимде өтетін жұмысы.
- Өздігінен білім алу** – бұл адамның мақсатқа бағытталған арнайы міндет көздеген жұмысы. Өздігінен білім алу адамның өзі қызығатын мәселеге байланысты ізденіп, қажетті білімді меңгеруі, сонымен қатар, арнайы радио, телехабарды тыңдау арқылы білімін жетілдіру.
- Патриотизм** – жас ұрпақтың Отанға, туған жерге махаббаты, халқына деген мақтаныш сезім, бойындағы күш-қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау.

- Педагог кадрлар** – профессор-оқытушы, оқытушы, методист, тәрбиеші, психолог, дефектолог, логопед, спорт инструкторы, музыка және үйірме жетекшілері.
- Педагог кадрларды аттестациялау** – олардың кәсіптік шеберлігі жетілуін ынталандыру; тәлім-тәрбиеде озат педагогикалық технологияларды істеп шығу және одан пайдалану; рухани-ағартушылық бағыттағы нәтижелерін әділетті бағалау; оқытушының педагогтық мамандық дәрежесіне және иелеп тұрған лауазымына сай болуын анықтау.
- Педагогика** – жас ұрпақ пен ересектерге жан-жақты тәрбие беру, білім беру, оқыту заңдылықтарын айқындайтын ғылым.
- Педагогикалық диагностика** – бұл педагогикалық процесс жүретін жағдай мен шарттарды анықтауға бағытталған зерттеушілік процедурасы.
- Педагогикалық парадигма** (грекше «paradeigma» - мысал, үлгі) – педагогика ғылымы дамуының белгілі бір басқышында тәлім-тәрбиеік мәселелерді шешу үлгісі ретінде ғылыми орта мақұлдаған теориялық және методологиялық нұсқаулар жинағы болып, ол оқытудың концептуал моделі ретінде қолданылады.
- Педагогикалық процесс** – үлкендердің педагогикалық қызметі мен тәрбиешілердің жетекшілік және бағыттаушылық ролі арқылы баланың белсенді тіршілік әрекеті нәтижесінде өзін-өзі өзгертудің мақсатқа бағытталған, мазмұнды және ұйымдастырылған өзара әрекеті.
- Педагогикалық система** – мектептерде, орта және жоғары оқу орындарында, мектептен тыс мекемелерде тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара әрекеті.
- Рейтинг**(ағылшын тілінде бағалау, жетістік өлшемі) дегеніміз – бағалау, тәртіпке келтіру, классификациялау, белгілі бір оқиғаны алдын-ала белгіленген шкала бойынша бағалау.
- Сабак жүргізу** – оқытудың мақсатын іске асыратын оқытушының қызметі.
- Салыстыру** – нәрселер және құбылыстар арасындағы ұқсастықтарын немесе айырмашылықтарын анықтау.

- Сенім** – бұл адамның терең ұғынуы және өз басынан өткізгендерінің жиынтығы.
- Синтез** – заттың жеке бөлшектерін белгілеріне және қасиеттеріне қарай біріктіру.
- Тексеру** – бақылаудың құрамдас бөлігі ретінде оқытушы мен оқушының арасында кері байланыс орнатуды, оқу материалын меңгеру дәрежесі туралы оқытушының анық хабар алуын, білімдегі кемшіліктер мен қателіктерді дер кезінде анықтау
- Теориялық ойлау** – білімдерді жоғары дәрежеде жинақтап меңгеруге қабілеттілік және білім салалары дамуының принциптері мен ғылыми негіздерін түсіну іскерлігі.
- Тест** – анық мақсат негізінде белгілі бір жағдайдың дәрежесін сапа және санды көрсеткіштерінен белгілеуге мүмкіндік беруші сынақ тәсілі.
- Тәрбие** – бұл жас өспірімдерді белгілі бір мақсат жолында жан-жақты дамыту, оның санасы мен мінез-құлқын қалыптастыру.
- Тәрбие коллективі** – балалар өмірін тәрбиелеу үшін ғылыми ұйымдастырылған система.
- Тәрбие методтары** – тәрбиеші мен тәрбиеленушінің бірлесе отырып тәрбиелік міндеттерді шешуге арналған іс-әрекетінің тәсілі.
- Тәрбие құралдары** – арнайы тәрбиелік міндетті шешуге арналған, мақсат көзделіп ұйымдастырылған методикалық жолдар.
- Тәрбие принциптері** – тәрбие процесінің мазмұнын, ұйымдастырылуы мен әдістерін айқындайтын ережелер, алғы шарттар, талаптар және бағыттаушы қағидалар жиынтығы.
- Тәрбие процесі** – бұл жас өспірімдерді белгілі бір мақсат жолында жан-жақты дамыту, оның санасы мен мінез-құлқын қалыптастыру процесі.
- Тәрбие процесінің заңдылығы** – педагогикалық құбылыстар мен процестердің бір-бірімен объективті түрде байланысуы.
- Тәрбие тәсілдері** – тәрбие методтарының жеке бір бөлігі. Ол тәрбие методтарының әрекетін, қажеттілігін, тәрбиелік мәнін айқындайды.

- Тұқым қуалаушылық** – ұрпақ бойында ата-анаға биологиялық ұқсастықтың мол болуы.
- Ұйымдастыру** – белгілі бір критерийлер негізінде оқыту немесе тәрбиелеу процесін тәртіпке келтіру, оған қойылған мақсатты іске асыру үшін қажетті форманы беру.
- Ұлттық мақтаныш** – өз халқының тарихын, рухани байлықтарын, бүгінгі күні мен келешегін білу және қадірлеу, оларды мақтаныш ету, ұлттың мүддесі үшін қызмет ету, басқа халықтармен достату өмір сүру, олардың да ұлттық қадір-қасиетін, тарихын, мәдениетін құрметтеу.
- Ұлттық сана** – ұлттық мәдениеттің ұлт мүддесімен, ұлт келешегімен, өркениетпен байланысты болған мәселелерінің адам санасындағы көрінісі.
- Форма** (латын сөзі «*forma*» дан алынған сыртқы бейне) – оқу процесінің сыртқы жағын, оқушылардың санын, өтетін уақыты мен жерін көрсетеді
- Шкалалау** – нақты жағдайды цифрлар (сан) арқылы моделдестіру.
- Экологиялық тәрбие** – жас ұрпақтың табиғатқа саналы және тәртіпті қатынаста болуын тәрбиелеуге, оларды табиғат байлықтарынан тиімді де ұтымды пайдалануға үйретуге бағытталған арнайы педагогикалық қызмет.
- Экологиялық сана** – экологиялық білімдерді, эстетикалық сезім мен экологиялық жауапкершілікті өз ішінде қамтиды..
- Экологиялық мәдениет** – табиғатты қорғау, табиғат байлықтарын орынды пайдалану, экологиялық сана-сезімнің қалыптасуы, экологиялық білімге ие болу.
- Экономикалық тәрбие** – оқушыларға экономикалық білім беруге; қоғамның экономикалық саясатын ұғындыруға; өндіріс, айырбастау, бөлісу, тұтыну сияқты негізгі экономикалық қатынастарды меңгертуге бағытталған арнайы педагогикалық қызмет.
- Эстетикалық тәрбие** – жас ұрпақтың эстетикалық талғамы мен шындыққа эстетикалық қатынаста болуын қалыптастыруға бағытталған арнайы педагогикалық қызмет.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.

I ТАРАУ. ПЕДАГОГИКАНЫҢ ЖАЛПЫ НЕГІЗДЕРІ.....

- I.1. Өзбекстан Республикасында білім беру системасы. Кадрларды даярлаудың ұлттық моделі.....
- I.2. Қазіргі заманда педагогтық мамандық және оның қоғамдағы орны.....
- I.3. Педагогика ғылым ретінде. Педагогиканың ғылыми-зерттеу методтары.....
- I.4. Оқушының дамуы, тәрбиесі және әлеуметтенуі.....
- I.5. Біртұтас педагогикалық процесс.....

II ТАРАУ. ОҚЫТУ ТЕОРИЯСЫ.....

- II.1. Дидактика педагогикалық теория ретінде. Оқыту процесі.....
- II.2. Жалпы орта, орта арнаулы кәсіптік білім берудің мазмұны.....
- II.3. Оқыту методтары мен тәсілдері.....
- II.4. Оқыту процесін ұйымдастыру формалары.....
- II.5. Оқушылардың білім алғанын диагностикалау.....

III ТАРАУ. ТӘРБИЕ ТЕОРИЯСЫ.....

- III.1. Тәрбиенің мәні, мазмұны, заңдылықтары, принциптері
- III.2. Балалар тәрбие коллективі – тұтас педагогикалық процестің негізгі формасы.....
- III.3. Оқу орындары, семья және жұртшылықтың бірлескен тәрбие жұмысы.....
- III.4. Тәрбиенің жалпы методтары.....
- III.5. Оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру. Ақыл-ой тәрбиесі.....
- III.6. Азаматтық тәрбие.....
- III.7. Рухани-адамгершілік тәрбие. Саналы тәртіпті тәрбиелеу.....
- III.8. Еңбек тәрбиесі.....
- III.9. Дене тәрбиесі.....
- III.10. Эстетикалық тәрбие.....
- III.11. Экономикалық тәрбие.....
- III.12. Экологиялық тәрбие.....

IV ТАРАУ. ОҚУ ОРНЫ МЕНЕДЖМЕНТІ.....

- IV.1. Оқу орнының педагогикалық менеджменті.....

V ТАРАУ. КОРРЕКЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКА НЕГІЗДЕРІ.....

- V.1. Коррекциялық педагогика негіздері.....

ӘДЕБИЕТТЕР.....

ГЛОССАРИЙ.....

МУНДАРИЖА

КИРИШ.

I ҚИСМ. ПЕДАГОГИКАНИНГ УМУМИЙ АСОСЛАРИ.....

- I.1. Ўзбекистон Республикасида таълим тизими. Кадрлар тайёрлаш миллий модели.....
- I.2. Ҳозирги даврда педагоглик касби ва унинг жамиятдаги ўрни.....
- I.3. Педагогика фан сифатида. Педагогиканинг илмий-тадқиқот методлари.....
- I.4. Шахснинг ривожланиши, тарбияси ва ижтимоийлашуви.....
- I.5. Ягона педагогик жараён.....

II ҚИСМ. ТАЪЛИМ НАЗАРИЯСИ.....

- II.1. Дидактика таълим назарияси сифатида. Таълим жараёни.....
- II.2. Умумий ўрта, ўрта махсус ва касб-хунар таълими мазмуни.....
- II.3. Таълим методлари ва воситалари.....
- II.4. Таълимни ташкил этиш турлари ва шакллари.....
- II.5. Таълим олганликни ташхис этиш.....

III ҚИСМ. ТАРБИЯ НАЗАРИЯСИ.....

- III.1. Тарбиянинг моҳияти, мазмуни, қонуниятлари, тамойиллари.....
- III.2. Болалар тарбиявий жамоаси – ягона педагогик жараённинг асосий шакли.....
- III.3. Таълим муассасалари, оила ва жамоатчиликнинг биргаликдаги тарбиявий ишлари.....
- III.4. Тарбиянинг умумий методлари.....
- III.5. Ўқувчиларнинг илмий дунёкарашни шакллантириш. Ақлий тарбия.....
- III.6. Фуқаролик тарбия.....
- III.7. Маънавий-ахлоқий тарбия. Онгли интизомни тарбиялаш.....
- III.8. Меҳнат тарбияси.....
- III.9. Жисмоний тарбия.....
- III.10 Эстетик тарбия.....
- III.11. Иқтисодий тарбия.....
- III.12. Экологик тарбия.....

IV ҚИСМ. ТАЪЛИМ МУАССАСАСИ МЕНЕДЖМЕНТИ.....

- IV.1. Таълим муассасасининг педагогик менежменти.....

V ҚИСМ. КОРРЕКЦИОН ПЕДАГОГИКА АСОСЛАРИ.....

- V.1. Коррекцион педагогика асослари.....

АДАБИЁТЛАР.....

ГЛОССАРИЙ.....

СОДЕРЖАНИЕ

ВВЕДЕНИЕ.....

ГЛАВА I. ОБЩИЕ ОСНОВЫ ПЕДАГОГИКИ.....

- I.1. Система образования в Республике Узбекистан. Национальная модель подготовки кадров.....
- I.2. Педагогическая профессия в современном обществе и её место в обществе.....
- I.3. Педагогика как наука. Методы научно-педагогического исследования.....
- I.4. Развитие, воспитание и социализация личности.....
- I.5. Целостный педагогический процесс.....

ГЛАВА II. ТЕОРИЯ ОБУЧЕНИЯ.....

- II.1. Дидактика как наука. Процесс обучения.....
- II.2. Содержание общего среднего, среднего специального и профессионального образования.....
- II.3. Методы и средства обучения.....
- II.4. Формы организации учебного процесса.....
- II.5. Диагностика обучения обучаемых.....

ГЛАВА III. ТЕОРИЯ ВОСПИТАНИЯ.....

- III 1. Сущность, содержание, закономерности и принципы воспитания.....
- III 2. Ученический воспитательный коллектив – форма основы целостного педагогического процесса.....
- III 3. Взаимодействие учебного заведения, семьи и общественности в воспитании.....
- III 4. Общие методы воспитания.....
- III 5. Формирование научного мировоззрения. Умственное воспитание.....
- III 6. Гражданское воспитание.....
- III 7. Духовно-нравственное воспитание. Воспитание сознательной дисциплины.....
- III 8. Трудовое воспитание.....
- III 9. Физическое воспитание.....
- III 10. Эстетическое воспитание.....
- III 11. Экономическое воспитание.....
- III 12. Экологическое воспитание.....

ГЛАВА IV. МЕНЕДЖМЕНТ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО УЧРЕЖДЕНИЯ.....

- IV.1. Педагогический менеджмент образовательного учреждения.....

ГЛАВА V. ОСНОВЫ КОРРЕКЦИОННОЙ ПЕДАГОГИКИ.....

- V.I. Основы коррекционной педагогики.....

ЛИТЕРАТУРЫ.....

ГЛОССАРИЙ.....

CONTENTS

INTRODUCTION.

THE CHAPTER I. THE GENERAL BASES OF PEDAGOGICS.....

- I.1. The System of the education in Republic Uzbekistan. The National model of preparing the personnel (frames).....
- I.2. The Pedagogical profession in modern society and her(its) place in society
- I.3. Pedagogies as science. The Methods scientifically-pedagogical study.....
- I.4. The Development, education and socialization to personalities
- I.5. The Holistic pedagogical process.....

THE CHAPTER II. THE THEORY of the EDUCATION.....

- II.1. The Didactics as science. The Process of the education.....
- II.2. The Contents general average, average special and professional education.....
- II.3. The Methods and facility of the education.....
- II.4. The Forms to organizations of the scholastic process.....
- II.5. The Diagnostics of the education trained.....

THE CHAPTER III. THE THEORY of the EDUCATION.....

- III. 1. Essence, contents, regularities and principles of the education.....
- III. 2. Pupil educational group - a form of the base of the holistic pedagogical process.....
- III. 3. The Interaction of the educational institution, seeds and public in education.....
- III. 4. The General methods of the education.....
- III. 5. Shaping the scientific world outlook. Cognitional education.....
- III. 6. Civil education.....
- III. 7. Spiritual-moral education. Education of conscious discipline.....
- III. 8. Labor education.....
- III. 9. Physical education.....
- III. 10. Aesthetic education.....
- III. 11. Economic education.....
- III. 12. Ecological education.....

THE CHAPTER IV. MANAGEMENT of the EDUCATIONAL INSTITUTION.....

- IV.1. Pedagogical management of the educational institution.....

THE CHAPTER V. THE BASES OF CORRECTIONAL PEDAGOGICS...

- V.1. The Bases of correctional pedagogic.....

LITERATURE.....

THE GLOSSARY.....

**Буюртма 114. Адади 6 нусха. Ҳажми 14,25 б.т.
Низомий номидаги ТДПУ Ризографида нашр қилинди.**